



812.9
214

ҚАЗАҚСТАН
РЕПУБЛИКАСЫ



ҚАЗІРГІ ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМІ



К.М. АБИШЕВА

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ МЕН
ПРАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ


КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Туран-Астана» университеті

Қазіргі лингвистикалық білім

Әбішева К.М., Рахымжанов Қ.Х.

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Оқулық



Астана 2011

УДК 80/81-(675)

ББК 81.2-7я7

Ә21

Пікір берушілер:

Қ. Сағидолла – ф.ғ.д., профессор

Ж.Н. Жүнісова – ф.ғ.д., профессор

А.Қ. Қайыржанов – ф.ғ.д., профессор

Ә 21

Әбішева К.М., Рахимжанов Қ.Х. Аударма теориясы мен практикасының негіздері: Оқулық. - Астана: «Тұран-Астана», 2011. – 243б.

ISBN 987-601-214-053-8

Оқу құралы 050207 «Аударма ісі» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған. Бұл оқу құралын ізденушілер, магистранттар да пайдалана алады, себебі бұл жұмыста аударма теориясының жалпы мәселелері танытылып, жаңа тұғырлардан зерттелінген. Оқулықта аударманың когнитивтік-әрекеттік моделі сипатталған, оның басқа модельдерден айырмашылығы көрсетіліп, ұтымды белгілеріне назар аударылған. Кітапта теориялық мәселелермен қатар практикалық сұрақтар да қарастырылған (аударма тәсілдері, аударма түрлері).

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің ғылыми кеңесі ұсынған.

© Әбішева К.М., Рахимжанов Қ.Х.

© «Тұран-Астана» университеті, 2011

Мазмұны

Алғысөз.....	5
1 тарау. Аударма теориясы жаңа ғылыми пән ретінде және теориясының жалпы проблемалары.	
1.1 «Аударма теориясы» ғылымының категориялық құрылысының негізгі құрушылары.....	8
1.1.1 Аударма теориясы пәнінің объектісі.....	8
1.1.2 Пәннің тақырыбы мен субъектісі.....	17
1.2 «Аударма теориясы» ғылымының әдістемесі мен әдістері.....	22
1.2.1 «Аударма теориясының» әдістемесі мен оны зерттеудің жалпы ғылыми ұстанымдары.....	22
1.2.2 «Аударма теориясын» зерттеудің жалпы ғылыми әдістері.....	24
1.2.3 «Аударма теориясын» зерттеудің нақты (мамандандырылған) әдістері.....	27
1.3 Аударманың мәні.....	38
1.3.1 Аударма қызмет ретінде.....	38
1.3.2 Аударма мәдениетаралық коммуникация ретінде.....	44
1.3.3 Аударма мәтіндік қызмет ретінде.....	47
1.4 Аударманың тілдік тұлғасы аудармашылық қызметтің субъектісі ретінде.....	56
1.4.1 Аудармашының тілдік тұлғасының ерекшеліктері: билингвалдық тұлға және тіларалық коммуникациядағы дәнекер ретіндегі қасиеттері.....	57
1.4.2 Аудармашының тілдік тұлғасының құрылымы.....	61
1.4.3 Аудармашының тілдік қабілеттілігі мен тәржімәлілік құзыреттілігі, олардың, олардың құрамалары.....	65
1.5 Тілдік және мәдени-тарихи айырмашылықтар «аударма теориясының» негізі ретінде.....	71
1.5.1 Мәдениеттер мен тілдердің ұлттық-айырықшылық шарттарының мәселелері.....	71
1.5.2 Лексикалық бірліктердің ұлттық-мәдени айырықшылығы.....	77
1.5.3 Аударма қызметінің үдерісінде туындайтын кедергілер.....	84
1.6. Аударманың түрлері мен амалдарын анықтау проблемасы.....	91
1.6.1. «Аударма» ұғымының анықтамасы.....	91
1.6.2. Аударманың түрлерін жіктеу.....	95
1.6.3. Аударманың негізгі амалдары.....	97
1.7 Аударма үдерісін модельдендіру.....	108
1.7.1. Аударманың негізгі модельдері.....	108
1.7.2 Аударма үдерісінің когнитивтік – қызметтік моделі.....	117
2 тарау. Аударманың лингвистикалық мәселелері.....	123
2.1. Аударматанудағы реалиялар мен оларды басқа тілде жеткізу проблемасы.....	123
2.1.1. Реалияларды анықтау проблемасы жеке реалиялар түрлері.....	124
2.1.2. Аударматануда реалияларды жіктеу.....	131
2.1.3 Реалияларды аудару амалдары.....	135

2.2 Көп мағыналы сөздерді аудару	139
2.2.1 «Көп мәнді сөз» ұғымының анықтамасы.....	139
2.2.2 Бастапқы және аударма тілдерінің көп мәнді сөздерін контрастивті-салғастырмалы талдаудан өткізу және олардың құрылымындағы айырықшылықтарды табу.....	143
2.2.3. Көп мағыналы сөздерді аудару амалдары.....	147
2.3 Фразеологизмдерді аудару.....	152
2.3.1 Лингвистика мен аударматануда фразеологизмдердің жалпы сарапталуы	152
2.3.2. Фразеологизмдердің ұлттық айырықшылығы.....	155
2.3.3. Фразеологизмдерді аудару амалдары.....	157
2.4. Синонимдерді аудару проблемасы.....	163
2.4.1 Синонимдерді жіктеу.....	163
2.4.2 Синонимдердің байланыстарының, функцияларының типтері және синонимдерді аударма тілінде дәлме-дәл жеткізу мәселелері.....	166
2.4.3. Синонимдерді аудару амалдары.....	169
2.5 Терминдер және оларды аудару мәселелері.....	172
2.5.1. Терминдерді біріздендіру және аудару мәселелері.....	172
2.5.2. Терминологиялық концепт: негізгі нышандары.....	176
2.5.3 Терминдерді аудару тәсілдері.....	180
3 тарау. Аударманың стилистикалық проблемалары.	
3.1. Метафораны аудару мәселелері	185
3.1.1. Метафораның лингвистикалық теориясы.....	185
3.1.2 Метафоралардың негізгі типтері және метафоризациялау тәсілдері	188
3.1.3 Метафораларды аудару амалдары.....	190
3.2.1 Метонимия сөйлеу-ойлау қызметінің лингвокогнитивтік тетігі ретінде.....	194
3.2.2 Ментальды метонимиялық модельдер.....	197
3.2.3 Метонимияны аудару амалдары	199
3.3 Теңеулер мен оларды аудару тәсілдері.....	204
3.3.1. Теңеулердің лингвокогнитивтік табиғаты.....	204
3.3.2.Бейнелі теңеулердің ұлттық айырықшылығы.....	206
3.3.3 Теңеулерді аудару амалдары.....	210
Қорытынды.....	212
Тестік тапсырмалар (№1 вариант)	218
Тестік тапсырмалар (№2 вариант).....	223
Тестік тапсырмалар (№3 вариант).....	229
Глоссарий.....	236

Бүкіл әлемде жаһандану, тілдік және мәдени экспансия, диффузия, интеграция үдерістері этносаралық қатынастарды белсендендіріп, түрлі лингвомәдени қауымдастықтардың өкілдерінің ақпаратпен алмасу әрекеттестіктерін өзектендіруге ықпал етеді. Бірақ мәдени аралық коммуникацияның өкілдері – көп тілді коммуниканттар ортақ тілі болмағандықтан бір-бірін түсінбеуі мүмкін. Бұл жағдайда дәнекерлер маңызды рөлді атқарады, себебі, серіктестер арасындағы коммуникативтік әрекеттестікке қажет екінші тілдік кодты білмеу аудармашының дәнекерлік қызметіне мұқтаждықты тудырады, себебі екі тілді коммуникация жағдайында өзге тіл мен мәдениет ұстанымдарын білмейтін адамдар арасындағы қатынасқа сұранысты аударма ғана қанағаттандыра алады. Осыған байланысты аударма мәселелеріне, оның теориясына қызығушылық артуда.

Соңғы он жылдықтарда аударма теориясы мен практикасының жалпы және жекелеген аспектілеріне арналған көптеген жарияланымдар жарық көрді. Алайда аудармашылық қызмет мәселелерін зерттейтін арнайы әдебиетте аударманың негізгі проблемалары осы кезге шейін толық шешілген жоқ. Аударма теориясы ғылыми пән ретінде жаңа қалыптасып келеді, институттары жоқ, аудару қызметті бағыттайтын және белсендендіретін, оның түрлерін, амалдарын, әдістерін - бәрін жүйелендіретін, аударма үдерісінің мәнін айқындайтын, аударма теориясының мәселелерін көрсететін ғылым әлі мәртебесін алған жоқ. Осы уақытқа шейін жалпы аударма теориясы қалыптаспағандықтан аударманың аса бай тәжірибесі, заманауи гуманитарлық тіл білімі тұрғысынан теориялық пайымдауға жеткілікті дәрежеде ие болмады. А.Д.Швейцердің көрсетуінше, бұл салада аударма үдерісінің табиғаты мен негізгі заңдылықтарын тануда алғашқы, дегенмен, көп үміт күттіретін қадамдар жасалды. Бұл алғашқы қадамдарға теориялық шешім боларлықтай проблемалардың екі шеңбері жатады: 1) аударма теориясының мәртебесі, аударманың мәні, аударма шекарасын анықтау, аударушылық, бара-барлық тәрізді іргелі проблемалар; 2) аударманың процессуалдық аспектісінен туындайтын проблемалар: атап айтқанда аударма технологиясы (аударма процедуралары мен стратегиясы, аударма коммуникативтік акт ретінде және басқалары) [Швейцер, 1988,4].

Аударманың процессуалдық аспектісінен туатын проблемаларға эквиваленттілік типтерін анықтауды, сол сияқты аудармашылық трансформациялар мен оның түрлері туралы мәселені жатқызуға болады. Сондай-ақ аударма қызметінің объектісін, тақырыбын, субъектісін, әдістерін, осы ғылымның категориялық құрылысын анықтауға байланысты мәселелерді пайымдап, теориялық өңдеу қажет. Сол сияқты екінші қайта өнім қызметі ретінде аударманың коммуникативтік-қызметтік мәнін табу, аудармашының құзыретін құрайтын тілдік тұлғасын суреттеу, лингвоэтностық кедергілердің тууына, лингвомәдениеттанымдық интерференцияның пайда болуына ықпал ететін тілдік және мәдени-тарихи айрықшылықтарға назар аудару керек.

Аударма-кешенді жолмен шешілетін адамзат қызметінің күрделі

аспектісі. Сондықтан, бұл оқулықта аудармашылық қызметті зерттеудің пәнаралық жолына негізделген аударманың теориялық тұжырымдамасы ұсынылып отыр. Аудармашылық қызметті талдау үдерісінде пайдаланылған аралас ғылымдардың (лингвистика, мәдениеттану, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация, мәтін лингвистикасы мен тілдік қатынастар теориясы) ұстанымдары мен негізгі қағидалары енетін күрделі әдістемелік парадигма аударманың категориялық құрылысын аудармашының тұлғасын қос тілді тұлға ретінде зерделейтін, аудару үдерісін бағыттайтын және реттейтін факторларды зерттейтін пәндер ретінде сипаттау үдерісінде пәрменді де нәтижелі болмақ.

Осы оқулық ішінара болса да, жалпы аударма теориясындағы кемшіліктердің орнын толтыруға ықпал етеді. Айтылған проблемалар мен қағидалардың толықтылығы мен іргелілігін мақсат тұтпағанмен, соларды жалпы көлемде шолады. Еңбек авторлары аударматану нәтижелерінде айтылғандарға сүйене отырып, аударманың жалпы теориясының кейбір проблемаларына өз көзқарастарын білдірді. Ондағы мақсат – студенттерді, магистранттарды аударманың жалпы теориясы мен практикасының теориялық проблемаларымен таныстыру.

Оқулыққа аударманың жалпы, лексикалық және стилистикалық проблемаларына арналған үш бөлім енеді. Бірінші бөлім 7, екінші 5, үшінші 3 тараудан тұрады. Бөлімдерде материалды баяндау құрылымы мынадай:

1.1 тарауда «Аударма теориясы» ғылымының категориялық құрылысының құрамдары қарастырылады: объектісі, тақырыбы, субъектісі сипатталады. «Аудармашылық қызмет объектісі» ұғымын нақтылауға, оны аударма үдерісінің тақырыбынан шектеуге ерекше назар аударылған, осыған байланысты аударма объектісінің табиғатына негізгі көзқарастар сын тұрғысынан қайта қаралды, анықтамасы берілді;

1.2 тарауда аударма теориясының әдістемесі туралы түсінік беріліп, жалпы ғылыми және ішінара ғылыми әдістер сипатталды;

1.3 тарау аударманың мәнін зерттеуге арналған. Бұл тарауда аударма қайта өнімді екінші қызмет, мәдениетаралық коммуникацияның бір түрі, мәтіндік қызмет ретінде қарастырылады;

1.4 тарауда аудармашының тілдік тұлғасына аудармашылық қызметтің субъектісі ретінде сипаттама беріліп, құрылымының параметрлері, аудармашылық біліктілік пен тілдік қабілеті қарастырылады.

1.5 тарауда аудармада «аударылмайтынды» басқа тілде жеткізу проблемасы талқыланады. Мәдениеттер мен тілдердің ұлттық-айрықша шарттылығы мәселелері қарастырылады, мәдениеттің, этностық стереотиптердің, лингвоэтностық кедергілердің өзіндік құрамдарына назар аударылады.

1.6 тарауда «аударма» ұғымына анықтама беріліп, негізгі түрлері мен типтері қарастырылады;

1.7 тарау аударма модельдерін зерделеуге арналған. Жаңа «аударма үдерісінің когнитивтік-әдістемелік моделі» ұсынылады.

2.1 тарау реалиялардың мәнін табуға, анықтамаларын нақтылауға, оларды

жіктеуге, олардың аудару амалдарын суреттеуге арналған;

2.2 тарауда көп мағыналы сөздерді аудару проблемалары талқыланады, семантикалық құрылымының сипаттамасы беріледі, оларды аудару амалдары суреттеледі;

2.3 тарауда лингвистика мен аударматанудағы фразеологизмдердің салыстырмалы сипаттамасы берілді, ұлттық-мәдени айырықшылығы анықталды, фразеологизмдерді бастапқы тілден аударма тіліне аударудың негізгі амалдары қарастырылды.

2.4 тарауда синонимдерді анықтау мен жіктеу проблемалары талқыланады, синонимдік қатар мен доминанта, синонимдік қатар мүшелері арасындағы байланыс типтері туралы түсінік беріледі, синонимдердің функциялары мен оларды аудару амалдары суреттеледі;

2.5 тарауда терминдерді аудару кезінде жіберілетін негізгі қателер талқыланады, «терминологиялық концепт» ұғымының мәні ашылады, негізгі айырықшылықтары мен терминдерді аудару амалдары сипатталады;

3.1 тарау метафораның лингвокогнитивтік мәнін табуға, негізгі типтерін суреттеуге, метафораны бір тілден екінші тілге аудару амалдары талқылауға арналған;

3.2 тарауда метафораның лингвокогнитивтік мәні қарастырылып, ментальды метонимиялық модельдер, оларды аудару амалдары туралы түсінік беріледі;

3.3 тарау салыстырулардың сипаттамасына, бейнелеу құралы және субъектілердің лингвокогнитивтік қызметінде таным аспабы ретінде оларды қолданып, сипаттауға, мәнін анықтауға арналып, олардың құрылымындағы ұлттық айырықшылық көрсетілген, аудару амалдары суреттелген.

Ұсынылып отырған оқулықта 050207-аударма ісі бакалавриаты мамандығының типтік бағдарламасына енген «Аударма теориясы» курсы бойынша міндетті түрде зерделенетін негізгі тақырыптар көрініс тапқан.

Бұл еңбекте қарастырылған аударма теориясының проблемалары мен оларды іс жүзінде шешу тәсілдерді аудармашылық қызмет үдерісінде туындаған қиыншылықтарды толық көрсетпейді: аударманың мәніне, түрлеріне, модельдеріне, аудармашының жеке басына, «аударылмайтынға», лексикалық бейнелеу құралдарына қатысты бірқатар мәселелерді көтереді, аудармашының іс-әрекеті мәселелерін жоюға, аударма қиыншылықтарын шешуге бағытталған әдеттегі қиын жағдайлар көрініс тапқан.

Қиын жағдайларды анықтай білуді меңгеру, аударма кезіндегі қиыншылық себептері туралы өз білімін толықтыру, мәдени-тілдік және стилистикалық элементтер құрылымында ұлттық айырықшылыққа назар аудару, өз шеберлігі мен білімін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру осы еңбектің басты мақсаты болып отырғаны сондықтан. Оқулықтың құрылымы оқу үдерісіне аударма проблемаларын талдауға арналған теориялық дерек-көздерді қосуға, сондай-ақ дербес жұмыс, тестерге арналған тапсырмаларды орындау барысында білімді толықтыруға мүмкіндік береді.

1 тарау. Аударма теориясы ғылымының категориялық құрылысының негізгі құрушылары

1.1 «Аударма теориясы» ғылымның категориялық құрылысының негізгі құрушылары.

1.1.1 «Аударма теориясы» пәнінің объектісі

Пәннің теориялық проблемаларын барынша нақты шеңберін анықтау үшін жалпы пән теориясын құруға мүмкіндік беретін сол ғылымның категориялық құрылысын сипаттайтын негізгі құрушыларды табу қажет. О.Ж. Әлиев оған пән парадигмасына енетін, ғылыми пәннің интегралды пәндік моделінің компоненттері болып табылатын, абстрақтылы мәртебесін шамалауға мүмкіндік беретін ғылымның объектісі, тақырыбы, субъектісі, әдісі, функциялары, қызмет нәтижесі сияқты құрушыларды жатқызады. Осы абстрақтылы мәртебені қалыптасқан бағалаулармен және әлдебір ғылымның қабылдауымен толтырған және оны ғылыми саласы ретінде институттандырылған жағдайда: «ғылыми – пәннің диалектикалық бірігейлігін сақтайтын, әр жағы жүйелі түрде берілген, осы ғылымның тұтас категориялық сабын құрайтын ұғымдар жүйесі (ғылыми пәннің интегралдық пәндік моделінің элементтерінің) арқылы мазмұнды түрде сипаттау ғылыми пәннің жалпаы абстрактілік мәртебесін құрастырады. Осы ғылым және басқа ғылымдардың, ұйымдардың өкілдерінің қалыптасқан пікірлері мен бағаларымен ғана толтырылғанда абстрактілік мәртебе дерек ғылыми пәннің мәртебесіне ие болады» [Әлиев, 1996, 36].

«Аударма теориясы» пәнінің категориялық құрылысының элементтерін табу мәртебесі институттандырылуын анықтауға ықпал етеді. Солай бола тұрса да, осы кезге шейін қолданыстағы тұжырымдардың ешқайсысы аударманы өз объектісі, тақырыбы мен зерделу әдісі қалыптасқан білім саласы ретінде көрсете алмады. Көптеген жағдайларда практикалық қызмет ретіндегі «аударма» мен ғылым мәртебесіне ұсынылатын ұғым ретіндегі аударманың ара жігі ажыратылмады. Сондықтан объектісін, тақырыбын нақтылап, аударма теориясының субъектісін анықтау қажет.

Тұжырымдамалардың көпшілігінде бұл пәннің объектісі жеткілігінше нақты анықталмаған: объектінің анықтаушына «үдеріс», «шығармашылық үдеріс», «тілдік қызмет» және басқа да осы терминнің мазмұнын нақтылайтын ұғымдар енгізілген. Белгілі бір тұжырымдамаға (лингвистикалық немесе әдебиеттану) қарай, зерттеу объектісі әр түрлі лингвистика немесе әдебиеттану шеңберінде анықталады. Мәселен, аударманың лингвистикалық тұжырымдамасында аударманың жүйелі-тілдік, функциялық-сөйлеу, семантикалық қырлары, бастапқы және аударма мәтіндерін салғастыруға негізделген аудармашылық талдау, түпнұсқа мен аударманың ара қатысын, түсінік пен толықтыруды қажет ететін әр қилы жағдайларда қабылдайтын формаларының айырмашылығын зерделеу – аударматану объектісі болып табылады. А.И. Федоровтың пікірінше, «аударма теориясы өзінің лингвистикалық тұғырынан тәржімашылық тәжірибесі талдау, түсіндіру, топшылдау барысында екі тілдің арасындағы айырмашылық пен ұқсастықтарды белгілейді» [Федоров, 2002, 263].

Аударманың лингвистикалық теорияларында (Я.И. Рецкердің заңды сәйкестіктер теориясы, аударманың денотативтік теориясы (Дж. Кэтфорд, В.Г. Гак), аударманың трансформациялық теориясы (О. Каде, Ю Найда және т.б.), семантикалық теорияда (Д.Ж.Кэтфорд) эквиваленттілік теориясында (В.Н. Комиссаров, Л.К. Латышев) назар, біріншіден, тіл мен сөйлеу деңгейінде түпнұсқа мен аударма бірліктерінің арасындағы заңды сәйкестіктерді табуға; екіншіден, денотаттарды немесе аударылатын сөздің астарындағы жағдайларды және солардың екі тілде қарапайым күрделі трансформацияға түскен түпнұсқаның бастапқы бірліктерінің түрлену мүмкіншіліктеріне; үшіншіден, түпнұсқа мазмұны мен аударма мәтіні деңгейінде эквиваленттілікті қамтамасыз етуге аударылады.

Аударманың әдебиеттану тұжырымдамаларында (функционалдық, семантикалық, эстетикалық) аударма объектісі талдаудың бағытына қарай әр түрлі бөлінеді. Мәселен, функционалдық жолдың өкілдері басты орынға автордың ойын дәлме-дәл жеткізуді қояды. Мұндағы басты міндет – функционалдық ұқсастыққа қол жеткізуді В.Матезиус функционалдық аударманың мәні түпнұсқадағыдан өзге жолдармен болса да бастапқыда қандай әсер қалдырса, сондай әсерді қалдырылу мүмкіншілік екенін дәлелдейді. И. Левыйдың пікірінше, функционалдық ұқсастық тұжырымдамасы аударма теориясында барынша шығармашыл болып есептеледі, бұған сәйкес түпнұсқаның әлдебір тілдік элементтерінің ақпараттық функциясы зерделеніп, тілдік құралдардың қайсысының аудармада сол қызметті алып шығатыны анықталады (Левый, 1974).

Әдебиеттанушылар түпнұсқа мен аудармада ақпараттық функциясын барабарлығын анықтаумен қоса «теориялық дайындық» ұғымын қарастырады. Авторлардың ойынша, түпнұсқа мен аудармада функционалдық ұқсастық сақталу керек. Солардың ішінде, С.М. Алтыбаева мен М.Х. Маданованың пікірінше, ең маңыздылары: «1) аударманың тілдік шеберлігі; 2) аудармада түпнұсқаның мәдени - ұлттық ерекшеліктерін сақтау, халықтың тарихын, этнографиясын, эстетикалық талғамын білу, мінез – сипат өзгешеліктерін еске алу; 3) әр ұлттық автордың поэтикасының іргетасын қалайтын көркем әдебиеттің заңдылықтарын, көзқарастың ерекшеліктерін ескеру» [Алтыбаева, Маданова, 2000, 8].

Семантикалық бағыт көркем аудармада форма мен мазмұнның бірлігінің сақталғанын жөн көреді. Эстетикалық бағыт аудармашының шығармашылық қызметімен байланыстырылатын эстетикалық және әдебиеттанушылық факторларға көңіл аударады.

А. Лилованың «Введение в общую теорию перевода» еңбегінде аударманың жалпы объектісін анықтауға барынша сабақтасты жол көрсетілген, онда автор аударма теориясы мүлде лингвистикалық, не әдебиеттанушылық емес, өзінің зерттеу объектісі мен тақырыбы бар дербес ғылыми пән деген пікір айтады. Алайда, бұл жұмысты жеке объект ретінде қарастырмай, өзара аударманың идеясымен бірігуге тиіс дүниелердің конгломераты ретінде беріледі. Автордың ойынша, факторлар номенклатурасы аударманың жалпы теориясының тақырыбын құрайды. Оларға жататындар: 1) аударманың барлық

түрлерінде тән жалпы заңдылықтар; 2) аударманың табиғатын, мәнін, принциптерін, мақсатын, шығу тегі мен мағынасын жүйелі зерделеу; 3) шығармашылық аудармашылық үдерісті зерттеу; 4) аударманың барабарлығының проблемасы, жекелеген халықтар мен бүкіл адамзаттың дамуындағы аударманың тарихи рөлін зерттеу; 5) оның рухани қызметінің басқа түрлерімен өзара қатынасы; 6) адамзат қызметіне тән функциялар кешені; 7) тілдік (қос тілді коммуникацияны талдау); 8) аударма формаларының түрлері мен жанрларының бірыңғай жүйесі (Лилова, 1985, 40).

А. Лилованың тұжырымдамасын зерделеу автордың, біріншіден, аударманың объектісі мен тақырыбын шектемегенін; екіншіден, өзара нашар байланысқан көптеген зерттеу тақырыптарын көрсеткенін; үшіншіден, аудармаға «түпнұсқаның мазмұны мен формасын басқа тіл бірліктері арқылы шығарту үдерісі» ретінде дұрыс та сәтті анықтама бергеніне қарамастан, «жаңғырту» проблемасын аударманың объектісі ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Қарастырылған тұжырымдамаларды талдау көптеген зерттеушілердің аударманың «объектісі» мен «тақырыбын» шектемейтінін, көптеген жұмыстарда аударманың «объектісінің» көбіне көрсетілмейтінін атап айтуға мүмкіндік береді. Тек соңғы жылдардағы зерттеулерде аударманың объектісі мен тақырыбының ара жігін ажыратуға талпыныс жасалуда. Мәселен, В.В. Сдобников пен О.В. Петров объект ретінде әлемнің материалдық құбылыстарының шеңберіне кіретіндерді қарастыра келіп, аударманың лингвистикалық теориясының объектісін былай түсіндіреді: «тіларалық коммуникация шеңберінде өткерілетін дәнекерлік аудармашылық іс - әрекет, ол тікелей (үдеріс) және аудармашылық үдеріс нәтижесінде көрініс береді». Авторлардың ойынша, аудармашылық үдеріс заңдылықтары, аударма үдерісінің жүруіне ықпал ететін және аударма нәтижесін анықтайтын факторларды, зерделеу аударма теориясының тақырыбы болып табылады. (Сдобников, Петров, 70).

Аудармашылық қызметті аударма объектісі ретінде талдау үшін жаңа білім қажет, осы үдерістің жүруінің жалпы заңдылықтары – тақырыбы болып табылатындықтан, тұтасынан алғанда аударма теориясының объектісі мен тақырыбы дұрыс көрсетілген. Алайда жұмыста пәннің категориялық құрылысы, құрушылардың қалғандары қарастырылмаған, онсыз аударманың мәртебесін белгілеу мүмкін емес.

С.В. Тюленев пәннің концептуальдық аппаратын, атап айтқанда объект, пән мен әдістерін барынша толық қарастырған, оның ішінде аударма теориясының объектісі мен тақырыбы жеке-жеке сипатталған. Автордың ойынша, «аударматанудың нысаны – табиғи, вербалдық (жасанды сигнал, нышандар тілінде емес) өткерілетін қауышу болып табылады» [Тюленев, 2004, 28]. Аударма туралы пәннің тақырыбы зерттеушінің пікірінше, «тікелей аудармашылық іс - әрекет және осы үдерістің нәтижелері – аударма мәтіндері» [Тюленев, 2004, 28].

Аударманың бұл тұжырымдамасында автор тіларалық қатынасты аударматану объектісі ретінде сипаттап, аудармашының (немесе аударманың)

көмегімен жүзеге асырылады дегеніне карамастан, объект аударманың табиғатын танытпайды және оның мәнін сипаттамайды, - дейді. Себебі аударма-қатынас емес, коммуникациямен байланысты қызмет, оның үстіне қайталама сипаттағы қызмет. Пәннің тақырыбы мен объект түрлі критерийлер негізінде ажыратылғанның орнына, оларды араластырып жіберген. Автордың аударматануда түпнұсқаны аудармамен немесе аудармалармен салғастыра талдау, мақсаты сөйлеу (parole) деңгейінде екі тілдің айырмашылығын немесе ұқсастығын анықтау болып табылатын контрастивтік талдау сияқты зерттеу әдістерін қарастыруға ұмтылысы құптарлық.

Алайда, С.В. Тюленевтің жұмысында теорияның әдістемелік концепциясы концепті зерттеу объектісінің, тақырыбы мен әдістерінің сипаттамасымен ғана шектеледі, ал аударманың пәндік теориясы категориялық құрылысының барлық элементтерінің сипаттамасын қажет етеді, себебі, біздіңше, объектің, тақырып пен әдістің сипаттамасы ғана емес, субъектісі мен сол ғылым функцияларының анықтамасы керек.

Объект – аударманың категориялық құрылысының логикасында негізгі ұғым. О.Ж. Әлиевтің ойынша, «ғылыми пәннің нысана субъектілері танымдық, зерттеушілік үдерісінде өзара әрекеттесетін заттарды, құбылыстарды, ақиқаттың үдерістерін жатқызуға болады. Сондықтан объект, субъект пен ақиқаттың өзара әрекеттесу үдерісінің өнімі болып табылады, ол субъектісіз жүзеге асырылмайды» [Әлиев, 1996, 39]. «Тіршілік – тіршілік ету» критерийіне сәйкес, О.Ж. Әлиев зерттеу объектісі мен білім объектісін нақты ажыратқан. Зерттеу объектісі – сол ғылым субъектісінің танымдық-зерттеушілік қызметінің бағытталғаны (тіршілік ету). Білім объектісі (тіршілік) – «соған осы теоретикалық – экономикалық білімді жатқызуға болады. Бұндай «білім осы ғылымның пәні болып табылады» [Әлиев, 1996, 117].

Объектің жалпы анықтамасы мен «тіршілік-тіршілік ету» критерийінің негізінде аудармадағы теориялық білім объектісіне аудармашылық қызметте имманенттік, алайда аудармашының қайталама репродукциялық сөйлеу-мәтіндік және делдалдық қызметінің үдерісінде өзекті болатын аудармашылық қабілет ретінде анықтама береміз. Бұл анықтамада зерттеу субъектісінің танымдық қызметінің неге бағытталғаны, атап айтқанда, түпнұсқаның мазмұны мен формасын аударма тілінде жеткізе білуде танылатын аудармашылық қабілет сипатталады. Ю.Н. Карауловтың ойынша, тілдік қабілеттің ұғымын «тілді толық түсініп, сол тілде белгілі шығармаларды дайындау дағдыларын, еңгіліктерін білу қабілеті деп түсінуге болады» [Караулов, 1987]. Аудармашылық қабілет екі тілді меңгерумен, бастапқы мәтінді түсініп, соны аударма тілінде жеткізе білумен, мәтінді басқа тілде автордың ойына сәйкес түсіндіре алуымен, аударма технологиясын білумен, мәдениетаралық коммуникативтік – мәтін құрастырушы қызметке қатысумен, автордың көркем ойы мен шығарманың көркемдік бейнесін жеткізе алуымен өткеріледі.

Аудармашылық қабілет аудармашылық қызмет үдерісінде танылатындықтан екі тіл мен олардың нормативтік – құндылық арақатынасын пайдалану барысында тіларалық коммуникативтік акт үдерісінде жүзеге асатын екінші, репродукциялық қызмет ретінде сипатталуы мүмкін. Аудармашылық қызметтің

өзі таным объектісі болуы ықтимал. Мұндай екінші түрлендірілген қызметтің нәтижесі аударма тілінде мәтін түрінде ресімделеді. Осы аудармашылық қызмет нәтижесінде аударылған мәтін жасалады. Оны қалыптастыру мен жасау үдерісінде аудармашылық қабілет пен шеберлік өзекті.

Пәндік нышаны жағынан аударма объектісі көптеген ғылымдардың тоғысында қалыптасатын көп пәнді немесе кешенді пән ретінде сипатталады, себебі аударма – көптеген алуан текті факторлар негізінде құрылатын құратын күрделі үдеріс. «Аударма теориясы» пәнінің мәндік табиғатын зерделеу, оның объектісінің табиғатының шынында күрделі және кешенді сипатта екенін көрсетеді. Аударма теориясының онтологиясы, ең алдымен, оның бірінші құрастырушысының табиғатымен, «тіл мен сөйлеудің қызметтік тұжырымдамасының табиғатымен байланысты. Коммуникативтік үдеріс пен байланысты аудармашылық қызмет шеңберінде аудармашылық қабілет пен шеберліктің көрінісін байқауға болады. Аудармашылық қызметке барынша жалпылама түрінде қызмет категориясының бүкіл нышандары тән. Аударма сөз қызметінің ерекше түрі болып табылатындықтан, аударма теориясының объектісін сипаттағанда психоллингвистика деректеріне, біріншіден Л.С. Леонтьевтің, Л.В. Щербаны еңбектерінде жасалған сөйлеу қызметі теориясына (сөйлеу қызметінің үш аспектісі туралы ілім), әлеуметтік философияда (К.Маркс, Ф.Энгельс, Д.Е. Нысанбаева және т.б.) жасалған тілдің қызметтік тұжырымдамасына назар аудару керек. Аударма теориясы үшін сөйлеу қызметі туралы, үш аспектісі туралы, сөйлеу қызметінің құрылымы туралы қағидалар, сол сияқты процессуалды – кинетикалық белсенділік (тілдің сөз функциясы), статикалық ұйымдасқан қызмет (тіл субстанциялық – динамикалық құбылыс ретінде), қатынас құралдары (қатынас атрибуттары) сияқты бірнеше варианттағы тілдің қызметтік көрінісі туралы тілдің процессуалдық – динамикалық тұжырымдамасының қағидалары мейлінше маңызды болмақ. Тілдің сөйлеу қызметі мен қызметтік тұжырымдамасының барлық қағидалары сөйлеу қызметінің үш аспектісі (тілдік жүйе, айту мен түсіну үдерістері), тілдік материалы (мәтін) бар екінші репродукциялаушы аудармашылық қызмет теориясын жасауға негіз болады (ол қызметтік тұжырымдамада тілді түрлі инварианттарда көрсетеді, себебі тілді сөйлеу қызметінде, сол сияқты тілдік код (қатынас пен түсінудің атрибуты) түрінде пайдаланады. Сондай-ақ тіл аудармашылық қызметте статикалық ұйымдасқан қызмет (бастапқы тілдің мәтіндері мен аударма тілінің мәтіндері) ретінде де қолданылады. Бастапқы және аударма мәтіндерді зерделеу мәтін проблемасының аударма теориясында басты проблемалардың бірі екенін көрсетті, себебі аудармашы түпнұсқаны түсіндіргенде (интерпретация) де, оны аударма тілінде синтездегенде де мәтінмен жұмыс істейді. Сондықтан, Р. Штольценің ойынша, аударманың негізінде тұтастай мәтінді герменевтикалық талдау мен ұтымды лингвистикалық критерийлер негізінде жүйелі талдаудың органикалық қосылуының мүмкіндігі жатқандықтан аударма үдерісін мәтіннің герменевтикасы мен лингвистикасының тығыз байланысын ескеріп, теориялық пайымдау керек (Stolze, 1987).

Аударма теориясының онтологиясын анықтағанда аударма теориясы мен контрастивтік лингвистиканың ара қатынасын анықтау маңызды, себебі тілдердің өзара айырмашылықтарын анықтайтын осы ғылымның деректері аударма теориясын жасауға ықпал етеді. А.Д. Швейцер контрастивтік лингвистиканың (А тіл мен В тілдің функциялық бірліктерінің ара қатынасын зерттей келіп), аударма теориясын жасауға қажетті іргетас болатынын ескереді. Шынында, аударма технологиясын құрайтын көптеген аудармашылық трансформациялар түптеп келгенде аударма үдерісінде «бір-бірімен тоғысатын» тілдердің функциялық-құрылымдық айырмашылықтарына апарды. Контрастивтік лингвистика бірқатар жағдайларда аудармада қандай операция жүзеге асырылды деген сұраққа жауап береді (Швейцер, 1988).

Адамның өзіне тән мәдениеті мен тілі бар белгілі бір этносқа жатуы да онтологиялық маңызды факторларға кіреді. Н.Ж. Шаймерденова мен Р.А. Авакова мәдениеттің дифференциялық ролін айта келіп, былай деп жазады: «этностар бір-бірінен кең мағынада түсіндірілетін мәдениетімен айырықшаланады. Осы ұғым өз құрамына әдебиетті, өнерді, дінді, ұлттық тамақты, үйдің кеңістігін ұйымдастыру (ыдыс, жиһаз, оларды ретімен орналастыру), мінез-сипат нормаларын (сәлемдесу формулаларын, сыпайылық ережелерін, проксемиканы, яғни әңгімелесушілердің отыратын, не тұратын аралығын, т.б.) кірістіреді» [Шаймерденова, Авакова, 2004, 6-7]. Этностың ішкі дүниесі, тілмен көрінетін ұлттық формадағы және ұлттық бейнесі бар төл мәдениеті болады. Тіл мәдениетке енеді, себебі әр тілде сөйлеуші сонымен қатар өз қоғамның шеңберінде меңгерген мәдениеттің сақтаушысы да болып табылады. Сондықтан тілдік белгілер мәдениет белгілерінің негізгі ұстанымдарының, нормалары мен қондырғыларының құралы болуына мүмкіндік береді.

Тіл өз құрылымында мәдениеттің әмбебапты және этносұлттық компоненттерін танытады. Ұлттық формасы мен ерекшелігіне байланысты мәдениеттер айырықшылығы түрлі тілдерде де айырықшылықтардың пайда болуына ықпал етеді. Эквивалентсіз лексика, лакуналар, лексикалық сәйкестіктердің денотативтік айырмашылықтары, олардың коннотативтік ерекшелігі – осының бәрі аударма кезінде қиындық тудырады, сондықтан басқа халықтың ділі мен мәдени құндылықтарын аудармашы білуге тиіс.

Аударма теориясының онтологиялық құрылысына әр түрлі халықтар өлемің тілдік бейнесін түсіну, қабылдау, білу, тілдік сана мен когнитивтік лингвистиканың, тағы басқа ғылым салаларының проблемалары кіреді. Түсіну мен қабылдау когнитивтік ғылымның бөлімі – когнитивтік психологияда тыңғылықты зерделенеді, дегенмен аударма теориясында түсіну бір тілден екіншісіне аударғанда барабарлыққа жеткізуде өзекті ететін бастапқы категория ретінде қарастырылатындықтан бұл проблема – пәнаралық. Басқа тілді меңгеріп, мәтін авторы мен адресат арасында делдал аудармашы автордың ойын түсінуге тиіс, сондықтан ол үшін бастапқы мәтінді түсіну және түсіндіру маңызды. Тек қана мәтіннің қиын тұстарын ғана емес, мәтіннің астарын тереңнен түсіне білуі керек. Эуеской емес маман аудармашыны дайындау сезімдік-эмпиризмдік және түйсік-психологиялық таным деңгейінде түсінумен

шектеліп қалмайды. Ол толық түсінуге, яғни мәтінге терең бойлауға итермелейді (Брандес 1988,20).

«Өзінің» және «өзгенің» қабылдау ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі аударма кезінде өз мәдениеті «өзінің» қабылдауы қалыптасқан адресаттан өзге лингвомәдени қауымдастыққа жататын «автордың қабылдауы» тоғысқанда туындайтын қабылдау кедергілерінің пайда болуымен байланысты. Мұндай жағдайда аудармашының міндеті – мәтін немесе хабар авторының эквивалентті қабылдауына барабар қабылдау тудыру, ол үшін «өзінің» және «өзгенің» қабылдау категорияларын білуі, әр түрлі мәдениеттердің рәсімдері туралы түсінігі болуы керек. Адресат бастапқы мәтінді түсіну үшін аудармашы халықтық, тілдік, социомәдени, прагматикалық, яғни аудармашының мәдениетаралық біліктілігінің негізін құрайтын білімдерді меңгеруге тиіс.

Сондай-ақ аудармашының әр халықта әр қилы болып келетін тіл әлемі суретінің ерекшеліктері туралы түсінігі болуға тиіс. Тіл әлемі суреті дегеніміз адамның таным арқылы біліп, тіліне енген әлем туралы білімдерінің жиынтығы. Әр тіл ұлттық концепциясына сәйкес әлемді өзінше бөлшектейтіндіктен әлемнің логикалық көрінісі барлық этностарда әмбебап, ал тілдік суреті айырқыша және ерекше. Аудармашылық қызметтің субъектісі оны түсініп, меңгеру үшін басқа мәдениетке үңіліп, басқа мәдениет пен қоғам шеңберінде әлеуметтік тәжірибе жинақтауы қажет. Тіл әлемі суретінің ұғымы адамның әлем туралы түсініктерінен құралады. Егер сол адамның әлемі - қоршаған ортасы болса, онда әлем көрінісі – орта мен адам туралы ақпараттық өңделу нәтижесі, себебі, когнитологтар дәлелдегендей, тілдік әлем суреті түрінде көрінетін концептуальдық жүйе физикалық және мәдени тәжірибеге қатысты және сонымен тікелей байланысты (Арутюнова, 1998,123).

Аударма теориясы онтологиясының келесі құрастырушысы – тілдің әлеуметтік құрылымдары, солар арқылы көрініс табатын қоғамның әлеуметтік-тілдік құрылымдары. Аударманың социолингвистикалық проблемаларының ішінен «аударма және қоғамның әлеуметтік құрылымдары», «аударма әлеуметті детерминацияланған коммуникативтік үдеріс сияқты», «аударманың әлеуметтік нормалары» тәрізділерін бөлуге болады. Аудармада әлеуметтік құрылымдарды көрсету елеулі қиындықтар тудырады, себебі, біріншіден, қоғамның әлеуметтік стратификациясы әр түрлі социумдарда әртүрлі, тілдің әлеуметтік варианттылығы да эквивалентті емес. Ал А. Нойберт былай дейді: «аударма теориясы үшін түпнұсқалы тіл мен аударма тіліндегі вариативтіктің екі түрін салғастыру маңызды болып табылады» (Noubert, 1977). Әлеуметтік вариативтік, мысалы, бастапқы тіл мен сөзде екі – стратификациялық варианттылық қоғамның әлеуметтік құрылымымен тікелей байланысты және әр түрлі әлеуметтік жіктер мен топтар өкілдерінде байқаланатын тілдік және сөйлеу айырмашылықтарында көрініс табады. Ал жағдайлық варианттылық әлеуметтік жағдайға қарай көбіне әлеуметтік-маркерлік тілдік құралдарды – жекелеген бірліктерді немесе тұтас жүйелер мен шағын жүйелерді қолданғанда байқалады. Позияциялық және рөльдік өлшемдерге ие әлеуметтік мәртебе, стратификациялық өзгерісінің бірлігі болып табылады. Өз мәртебесіне, белгілі бір әлеуметтік қатынастардың (иерархиялық, көшбасшы – соңына

еруші, адвокат – клиент) атқаралатын әлеуметтік рөлден туындайтын позициясына қарай бастапқы мәтін субъектілері авторитарлық немесе авторитарлық емес тіл құралдарын, тілге қызмет ететін әлдебір формаларды қолдануы мүмкін. Әлеуметтік таңбаланған құралдарды пайдалануы да әлеуметтік рөлмен және жағдайдағы позициямен байланысты.

Әр түрлі қоғамдарда әлеуметтік ақиқаттың әр түрлі мүшеленуі де аудармада қиындықтардың тууына ықпал етеді, себебі стратификациялық өзгермелілер - әр түрлі қоғамдардағы әр қилы страттарды бөледі. Сондай-ақ барлық тілдерге белгілі бір елдегі әлеуметтік құрылыстың, мемлекеттік институттардың ерекшеліктеріне байланысты ұғымды білдіретін сөздер болады. Мәселен, *жұмысшылар*, *колхозшылар* сияқты советизмдер кеңестік қоғамда топтарға бөлінушілікті білдірсе, аударма тілінде жай, - сияқты қабылданады, «буржуазный» сөзіне, ағылшынша «bourgeois», сәйкеседі. Алайда бұл сөз арнайы әдебиетте ғана қолданылады, ал әдеттегі сөйлескенде «petty bourgeois mentality» - «мещанство» немесе « you're so bourgeois » - « предрассудки» - «болжам, жорамал» сияқты ғана қолданылады.

Аударма мәдениетаралық коммуникация әктісі ретінде қоғамның әлеуметтік құрылымдарынан (стратификациялық және жағдайлық өзгермелілер) жасалады. Мәселен, коммуникант белгілі бір әлеуметтік қатынасқа түседі, белгілі бір әлеуметтік роль атқарады, белгілі бір жағдайларда (жағдайлық өзгермелі) бірінші және екінші тілді (әлеуметтік кодтар) қолданады.

Аударма кезінде аудармашыға тән коммуникативтік интенция (коммуникацияның мақсаты), диалог сөзді коммуникативтік прагматикалық тұғырынан құру және реттеу принциптері (ынтымақтастық, кооперация, ақиқат, тіл құралдарын үнемдеу, релеванттылық, сыпайыгершілік, әсер ету, өзара әрекеттестік, бағыныштылық және басқа ұстанымдар), бастапқы және аударма мәтіндерінің функционалдық параметрлері, коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар, тіл элементтерінің функциялары, мәтін (бастапқы және аударма) субъектілерінің сөйлеу мәнері, олардың барабар келу-келмеуі, тіл құралдарының бағалылығы мен коннотативтілігі, жағдайдың дейтикалық компоненттері, референция сияқты прагматикалық білімдерді, қатынастарды, шеберлік пен дағдыларды меңгеру қажет болатындықтан аударма теориясы сондай-ақ прагматика тәрізді аралас ғылымның деректерін ескереді. Аудармашылық қызмет мәдениетаралық коммуникация ретінде де қарастырылатындықтан аудармашы аударма кезінде локуция (мәтінді жіберушінің сөйлеу бірлігін айту сәті), иллюкуция (таңдаған бірлігін айтқанда мәтін жіберушінің көздеген мақсаты) сияқты элементтерді қамтып, бастапқы тілдегі сөйлеу әктісінің ерекшеліктеріне аударма тілінде дәлме-дәл жеткізілуіне назар аударады. Перлокуция (мақсатқа жету, ықпал ету фактісі), зерттеушілердің репрезентативтері, директивалар, экспрессивалар, декларациялар, комиссивтер ретінде сипаталатын сөйлеу әктілері типтерінің эквиваленттілігі және басқалар түпнұсқадағы сөздік әктінің ойын жеткізуге бағдарланады. Сонымен қоса, аудармашы хабар-мәтінді жіберушінің сөйлеу мәнерінің ерекшеліктерін де барабар жеткізуге тырысады. Мәтін жіберушінің

ой-астарын білдіруде сөйлеу дыбыстарын автоматты түрде ойланбастан, түйсікпен таңдауының жаттанды да дара көрінісін сөйлеу мәнері деп түсінеміз.

Аудармада «сөздің прагматикалық мәні» де маңызды роль атқарады. «Семантикадағы сөздің мәні» мен «прагматикалық мән» терминдерін ажырату керек, себебі семантика әлемге таным мен суреттеу объектісі ретінде, ал прагматика әлемді тану, суреттеу, сол туралы ақпарат алмасу субъектісі ретінде адам қызметімен байланысты сол әлемнің элементтеріне көңіл аударады. Сондықтан семантика сөздің объективтік-заттық мәнін аша отырып, субъективтік сипатқа иеленеді. Прагматикаға субъективтік бағыт тән, сондықтан мәтінді жіберушінің интенциясының, ой тақырыбына субъективтік қатысының арқасында контекстегі сөз субъективтік-бағалық мағынаға ие болады. Аудармашы адресатқа осы мағынаның ерекшеліктерін, яғни прагматикалық мәнін жеткізуге тиіс.

Көріп отырғанымыздай, аударма теориясында зерттеу субъектісінің танымдық қызметінің онтологиялық табиғаты күрделі, аударматануға негізделген, басқа аралас ғылымдардың да деректерін қамтыған объектіні жан-жақты сипаттауға бағытталған.

Сондықтан аударма теориясының объектісін социолингвистика, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, когнитология, контрастивтік лингвистика, мәдениетаралық коммуникация, прагматика және басқа аралас ғылымдардың деректері енген полисинтетикалық нысан деп білеміз.

№1 нобайда аударма теориясының осы көп пәнді, күрделі объектісінің ерекшеліктерін қарастырайық:



1 сурет – Аударма теориясының объектісі

1.1.2 Пәннің тақырыбы мен субъектісі

«Аударма теориясы» ғылымының тақырыбы да даулы, себебі оған әр түрлі тұжырымдамаларда әр түрлі анықтама беріледі, оның себебі, біріншіден, «объект» пен «тақырып» бірдей үдеріс пен құбылыстарды білдіретіндіктен аударманың тақырыбы мен объектісі дифференциалды емес. Мұндай жағдайда аударма үдерісі мен нәтижесі объект ретінде де, тақырып ретіндегі де түсінікте. Мысалы, С.В.Тюленев аударма тақырыбына аударма қызметінің үдерісін де, сол қызметтің нәтижесін де жатқызады [Тюленев, 2004, 28].

Екіншіден, аударма қызметін талдау үдерісіне аралас ғылымдардың деректері пайдаланылғанда, аударма теориясының тақырыбы кең ауқымда түсіндіріледі, себебі аударма жасайтын идеалды конструктор емес, бағалық және психологиялық бағдарды сөзсіз түпкі нәтижеге бағыттайтын адам екенін ескермей, аударма үдерісін барабар суреттеуге болмайды. «сондықтан, - деп жазады А.Д.Швейцер,- осы кітапта дамытатын аударма теориясының пәні ретінде кең әлеуметтік – мәдени контексте жүзеге асырылатын аударма үдерісін қарастыруға болады. Сол үдерісті өткеру барысында әртүрлі тілден тыс факторлардың (әлеуметтік мәдени, психологиялық детерминанттардың:) ықпалын ескеру қажет. Соңғыларсыз аударманы барабар сипаттап, оның мәнін ашу мүмкін емес» [Швейцер, 1988] Ю.В.Пиввуева мен Е.В.Двойнина аударманы көп қырлы үдеріс ретінде қарастыра келіп, аударма тақырыбына түрлі аспектілерде ашылатын мағынасын анықтау үдерісі ретінде анықтама беруді қажет деп есептейді; «Сондықтан да аударманың қай жағы деректі жағдайда ғылыми ізденіске ұшырағанына байланысты аударманың пәні ретінде аударманың мәнін қарастыру, аудармаға қатысы бар, соған ықпалын тигізетін факторлардың да өзара ірекеттесуі аударма теориясының пәні бола алады. Сол факторлар аударманың нәтижесіне тікелей немесе жанама түрде ықпалын тигізеді» (Пиввуева, Двойнина 2004,7). В.Н.Комиссаров та тақырып ретінде тек бастапқы және аударма мәтіндер емес, аудармамен танысатын адамдардың білімдері, тәжірибесі, қабылдау ерекшеліктері де қарастырылатындықтан аударма пәні кешенді сипатта деп есептейді. В.Н.Комиссаровтың ойынша, аударма теориясының тақырыбы аударма үдерісімен және нәтижесімен ғана шектелмейді, тақырып ретінде тілалық коммуникация сияқты аударма аспектілерін, сол сияқты аударма кезінде тілдік бірліктерді таңдауға тікелей немесе жанама әсер ететін тілдің төл, сондай-ақ тілге қатысты сыртқы факторларды қарастыру кіреді. (Комиссаров, 1990,40-47).

Біздіңше, аударма теориясының тақырыбын дәнекерлік аудармашылық қызметтің (яғни аударма мәтіні нәтиже болып табылады), аударылатын мәтіннің ерекшеліктерін сипаттауға қажет білімдердің жиынтығының нәтижесі деп түсінген жөн. Аударма тақырыбының ұғымына мәдениетаралық білімдердің барлық түрлері, аудармашының шеберліктері мен дағдылары туралы түсінік беретін аудармашылық қабілет енеді. Тек осындай жағдайда ғана аударма пәнін ғылым нысаны, субъект пен объектінің әрекеттесуінің нәтижесі деп түсінеміз. «Зерттеудің пәнін білімнің объектісі – ғылымның пәні және ғылыми пәннің субъектісі мен объектісінің өзара әрекеттесуде пайда

болатын өнімнің нәтижесі деп тұжырымдауға болады. Ғылымның пәні және субъект пен объектінің әрекеттесуінің өнімі диалектикалық бірігейлікке ие болады» [Әлиев, 1996, 41]. Ғылым субъектісін екі түрлі түсінуге болады: біріншіден, аудармашы - мәдениетаралық коммуникативтік қызмет ретінде түсінетін аударманың коммуниканты, екіншіден, «ғылыми қызметкер» ретінде (Әлиев, 1996).

Аударматану проблемаларымен айналысатын, ресми ғылыми құрылымда жұмыс істейтін немесе істемейтін зерттеуші, ғалым, яғни формальды немесе формальды емес типтегі ғылыми қызметкер аударма субъектісі болуы мүмкін. Формальды типті ғылыми қызметкерлерге академиялық мекемелерде, оқу орындарында, Ғ.З.И. мен басқа ғылыми құрылымдарда (уақытша ғылыми ұжымдар, ВАК (ГАК), ғылыми редакциялар және басқалары) жұмыс істейтін адамдар жатады. Формальды емес типті ғылыми қызметкерлерге ресми мәртебесі жоқ формальды емес құрылымдарда (ғылыми мектептерде, клубтарда, семинарларда және басқа бастамашы құрылымдарда) аударматанумен айналысатын адамдар жатады.

«Аударма теориясы» пәнінің объектісі мен тақырыбын бір-бірімен ажырату керек. Объект - субъектінің танымдық қызметі бағытталған нәрсе, яғни екінші репродуктивтік қызмет, сондай-ақ осы қызмет үдерісінде танылатын аудармашылық қабілет. Аударма теориясының тақырыбы- аудармашылық қызметтің нәтижесі. Аударма теориясының субъектісі - екі қырынан көрінетін аудармаға қатысушы аудармашы, біріншіден, коммуникант ретінде мәдениетаралық коммуникацияға қатысушы және субъект ретінде аудармашылық қызметке белсене қатысатын делдал. Екіншіден, аударма теориясын зерттеумен айналысатын ғылыми қызметкер.

Аударма теориясының субъектісі - бірінші және екінші тілдік кодтарды меңгерген және оларды репродуктивтік мәтіндік-тілдік қызметте белсенді қолданатын қос тілді тұлға. М.Р. Кондубаева қос тілді тұлғаны екі тілді «тілдік кодты білетін, екі қауышу тәсілдерін игерген, екі ойлау құралын» [Кондубаева, 17] меңгеруге қабілетті тұлға ретінде түсіндіреді. Сонымен қоса, аудармашыны басқа социумның мәдениетін меңгеру үдерісінде, екінші, тілдік сананы қалыптастыру барысында екінші тілді меңгеретін екінші тілдік тұлға ретінде де сипаттауға болады [Кунанбаев, 2005]. Аудармашылық қызметтің субъектісі – екінші тілді ғана емес, өзге мәдениет жүйесінің принциптерін, құндылықтары мен нормаларын білуімен, соларды мәтінде түсіндіру және оны мәтінді алушының нормаларына бейімдеу үдерісінде мәдени білімге, сұранысқа сәйкес басқа лингвомәдени қауымдастықта әлеуметтену барысында меңгеруімен сипатталатын тұлға. Аудармашы екінші тілдік тұлға ретінде өзінің репродуктивтік қызметінің барысында бастапқы мәтінді қабылдау, пайымдау және түсіну үдерісіне қосылып, когнитивтік қызметті жүзеге асырады, бастапқы мәтінді шығармашылықпен түрлендіре және түсіндіре отырып, белгілі бір мәдениетаралық біліктілікті талап ететін лингвокреативтік қызметті де өткереді.

Сонымен қатар, аударма үдерісінің субъектісі төл және жай мәдениет шоңберінде бірінші және екінші әлеуметтену үдерісінде социомәдени тұлға

болғандықтан әлеуметтік қатынастарға түсіп, белгілі бір мәртебелік позицияны ұстанады, әлдебір рольдер атқарады. Аудармашы мәтінді жіберуші мен алушының арасында интеракция үдерісінде белсенді коммуникацияның бірінші деңгейінде коммуникант ретінде көрініп, сол сияқты өзі түрлендірген мәтінді жіберуші ретінде сөйлеу қызметін өткере отырып, «коммуниканттың әлеуметтік тарихына» (мәртебе, роль), сай әлеуметтік жағдайға сай аудармашылық қызметтің жүзеге асырылуына ықпал етеді. Сондықтан аудармашыны бірнеше қатынас кодтарын меңгерген, басқа мәдениетке тозiмдiлiкпен қарайтын және басқа мәдениеттердiң өкiлi мәтiндi алушының мәдениетiнiң құндылық принциптерiн, нормалары мен қондырғыларын бiлуге, тырысатын, кәсiби сұранысына сәйкес оларды игерген, өзiнiң және екiншi тiлдегi қауымдастықтардың сәйкестiгiн сақтайтын, өзiн белгiлi бiр социумның мүшесi ретiнде танытуының арқасында этностық және әлеуметтiк мәдени нормалармен қоса түрлi қоғамдардағы сыпайылық ережелерiн бiлетiн, мәдениетаралық, тiлдiк және кәсiби тұрғыда бiлiктiлiгiн таныта бiлетiн билингвальды әлеуметтiк-мәдени тұлға ретiнде сипаттауға болады.

Қорытынды

1. Аударма теориясы - XX ғасырдың соңғы он жылдықтары - XXI ғасырдың басында қалыптасқан филология ғылымының негiзгi салаларының бiрi. Ол институттану кезеңiн бастан өткеруде, себебi осы уақытқа шейiн бұл ғылымның категориялық құрылысы жеткiлiктi деңгейде нақты анықталмаған, сол ғылымның проблемаларының шеңберiн анықтауға қажеттi зерттеу объектiсi мен тақырыбы нақтыланбаған.

2. «Тiршiлiк ету- тiршiлiк» критерийi бойынша анықталатын «аударма теориясы» ғылымының объектiсi ретiнде, бiрiншiден, екiншi репродуктивтiк аудармашылық қызметтi; екiншiден, түпнұсқаның мазмұны мен формасын басқа тiлде жеткiзе бiлу шеберлiгiнде танылатын аудармашылық қабiлеттi көрсетедi. Бұл ғылымның объектiсi көп пәндi, кешендi сипатты, оған сөйлеу қызметiнiң, мәтiндiк қызметтiң табиғатын, контрастивтiк зерттеу негiздерiн, этнос мәдениетiнiң принциптерiн, олардың әлемдi қабылдау мен түсiну айырықшылықтарын, тiл әлемi сүреттерiнiң ерекшелiктерiн, түрлi социумдардың әлеуметтiк құрылымын тану, қатынас постулаттарын, қатынас стратегиялары мен тактикаларын зерделеу және тағы басқалары енедi.

3. Аударма теориясының тақырыбы – делдалдық аудармашылық қызметтiң нәтижесi (яғни аударма тiлiндегi мәтiн) және түпнұсқа мәтiнiн, мәтiн авторының дүниетанымы мен қабылдау ерекшелiктерi мен ниетiн өзге тiлде дәлме-дәл жеткiзуге мүмкiндiк беретiн қажеттi бiлiмдер (лингвистикалық, әлеуметтiк-мәдени, психоллингвистикалық, прагматикалық, концептуалдық) енетiн аудармашылық бiлiктiлiк.

4. Аударма теориясы ғылымының субъектiсi екi қырынан көрiнедi, бiрiншiден, – аудармашылық қызмет пен мәдениетаралық коммуникация актiлерiнде делдал ретiнде қатысқан адамның өзi, екiншiден – «аударма теориясы» ғылымының проблемаларын зерделеумен айналысатын зерттеушi.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сіздің ойыңызша, осы ғылымның қандай проблемалары теориялық шешімін күтуде?
2. «Ғылымның категориялық құрылысы» терминін қалай түсінесіз?
3. О. Ж. Әлиев «ғылымның категориялық құрылысы» ұғымында қандай құрастырушыларды бөліп көрсетеді?
4. Аударма теориясының объектісі дегеніміз не?
5. Аударма теориясының объектісі неге кешенді болып көрінеді?
6. «Аударма теориясы» ғылымын зерттеушілердің танымдық қызметі неге бағытталған?
7. «Аударма теориясы» ғылымының тақырыбы деген ұғымды қалай түсінесіз?
8. «Аудармашылық қабілет» пен «аудармашылық біліктілік» ұғымдарын ажыратасыз ба?
9. Аудармашылық қызмет субъектісі қандай қырынан көрінеді?
10. «Аударма теориясы» ғылымының субъектісі терминін қалай түсінесіз?

Негізгі әдебиет:

1. Алиев У.Ж. Общая дисциплинарная теория науки. – Алматы: Ғылым, 1996.
2. Алтыбаева С.М., Маданова М.Х. Художественный перевод и сравнительное литературоведение. – Алматы: Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им.И.Алтынсарина, 2000.
3. Лилова А. Введение в общую теорию перевода. – М., 1985.
4. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. – М., АСТ: Восток-Запад, 2007.
5. Швейцер А.Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – М.: Наука, 1988.

Қосымша әдебиет:

1. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека – М.: Языки русской культуры, 1998.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987.
3. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высшая школа, 1990.
4. Кондубаева М.Р. Культура русской речи (в условиях двуязычия). – Алматы: Ана тілі, 1993.
5. Кунабаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005.
6. Левый К. Искусство перевода. – М., 1974.
7. Пиввуева Ю.В., Двойнина Е.В. Сопособие по теории перевода (на английском материале). – М.: Филоматис, 2004.
8. Тюленев С.В. Теория перевода. – М.: Гардарика, 2004.
9. Федоров А.Н. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). 5-е изд. СПб: Филологический факультет СПбГУ. – М.: ООО «Издательский Филология три», 2001.

10. Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А. Язык и этнос: учебное пособие – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
11. Neubert A. Text and translation //Uber-setzungswissenschaftliche Beitrage 8. – Beirate. 1985.
12. Stolze K. Grundlagen der Textüber setzung. – Heidelberg. 1982.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. В.В. Сдобников, О.В.Петрованың «Теория перевода» (М.,2007). кітабындағы «Предмет, объект и задачи лингвистической теории перевода» параграфын конспектілеу, 62-72 бб.
2. А.Д. Швейцердің «Теория перевода: статус, проблемы, аспекты» (М.,1998) кітабындағы «Статус теории перевода» /тарауының бөлімін қысқаша конспектілеу, 6-36 бб.

Оқытушының бақылауымен студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Өз дәптерінде «Аударма теориясының объектісі» нобайын сызыңыз.
2. Аударма теориясының тақырыбын анықтай, «аудармашылық қызметтің нәтижесі», «аудармашылық қызметтің өнімі» терминдерін түсініп алу.
3. «Аудармашылық қызметтің субъектісі» терминінің мәнін түсіндіру.
4. «Введение в общую теорию перевода» (М.,1985) кітабында баяндалатын А.Лилованың тұжырымдамасында аударма теориясының жалпы объектісінің не екенін анықтау.
5. О.Ж. Әлиевтің «Общая дисциплинарная теория науки» монографиясынан «тіршілік – тіршілік ету» критерийі бойынша объектінің анықтамасын көшіріп алыңыз.
6. Аударма үдерісінің табиғатын аралас пәндермен арақатынасын тауып, соларды атаңыз.
7. Аударманың қызметтік мәнін белгілеңіз. Ол үшін Л.В. Щербаның «Языковая система и речевая деятельность» (Л.,1974) кітабындағы «О трех аспектах речевой деятельности и об эксперименте в языкознании» мақаласын конспектілеңіз.
8. Культурологияның аударма үдерісіне қандай қатысы бар екенін табыңыз. Мәдениеттің дифференциалдық функциясының неден көрінетінін анықтаңыз. Н.Ж. Шаймерденова мен Р.А. Авакованың «Язык и этнос» (Алматы, 2004) кітабын оқыңыз.
9. «Әлемнің тілдік суреті» ұғымына анықтама беріңіз, Н.Д. Арутюнова өзінің «Язык мир человека» (М., 1998) кітабында берген әлемнің тілдік суреті анықтамасын талдаңыз.
10. Аударма тақырыбының кешенді сипатының бар-жоғын анықтаңыз. В.Н. Комиссаровтың «Теория перевода (лингвистические аспекты), (М., 1990)» кітабында аударма тақырыбына берілген анықтамасын талдаңыз.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сіздің ойыңызша, осы ғылымның қандай проблемалары теориялық шешімін күтуде?
2. «Ғылымның категориялық құрылысы» терминін қалай түсінесіз?
3. О. Ж. Әлиев «ғылымның категориялық құрылысы» ұғымында қандай құрастырушыларды бөліп көрсетеді?
4. Аударма теориясының объектісі дегеніміз не?
5. Аударма теориясының объектісі неге кешенді болып көрінеді?
6. «Аударма теориясы» ғылымын зерттеушілердің танымдық қызметі неге бағытталған?
7. «Аударма теориясы» ғылымының тақырыбы деген ұғымды қалай түсінесіз?
8. «Аудармашылық қабілет» пен «аудармашылық біліктілік» ұғымдарын ажыратасыз ба?
9. Аудармашылық қызмет субъектісі қандай қырынан көрінеді?
10. «Аударма теориясы» ғылымының субъектісі терминін қалай түсінесіз?

Негізгі әдебиет:

1. Алиев У.Ж. Общая дисциплинарная теория науки. – Алматы: Ғылым, 1996.
2. Алтыбаева С.М., Маданова М.Х. Художественный перевод и сравнительное литературоведение. – Алматы: Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им.И.Алтынсарина, 2000.
3. Лилова А. Введение в общую теорию перевода. – М., 1985.
4. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. – М., АСТ: Восток-Запад, 2007.
5. Швейцер А.Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – М.: Наука, 1988.

Қосымша әдебиет:

1. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека – М.: Языки русской культуры, 1998.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987.
3. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высшая школа, 1990.
4. Кондубаева М.Р. Культура русской речи (в условиях двуязычия). – Алматы: Ана тілі, 1993.
5. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005.
6. Левый К. Искусство перевода. – М., 1974.
7. Пиввуева Ю.В., Двойнина Е.В. Пособие по теории перевода (на английском материале). – М.: Филоматис, 2004.
8. Тюленев С.В. Теория перевода. – М.: Гардарика, 2004.
9. Федоров А.Н. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). 5-е изд. СПб: Филологический факультет СПбГУ. – М.: ООО «Издательский дом «Филология три», 2001.

10. Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А. Язык и этнос: учебное пособие – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
11. Neubert A. Text and translation //Uber-setzungswissenschaftliche Beitrage 8. – Beitrage. 1985.
12. Stolze K. Grundlagen der Textüber setzung. – Heidelberg. 1982.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. В.В. Сдобников, О.В.Петрованың «Теория перевода» (М.,2007). кітабындағы «Предмет, объект и задачи лингвистической теории перевода» параграфын конспектілеу, 62-72 бб.
2. А.Д. Швейцердің «Теория перевода: статус, проблемы, аспекты» (М.,1998) кітабындағы «Статус теории перевода» /тарауының бөлімін қысқаша конспектілеу, 6-36 бб.

Оқытушының бақылауымен студенттердің өздік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Өз дәптерінде «Аударма теориясының объектісі» нобайын сызыңыз.
2. Аударма теориясының тақырыбын анықтай, «аудармашылық қызметтің нәтижесі», «аудармашылық қызметтің өнімі» терминдерін түсініп алу.
3. «Аудармашылық қызметтің субъектісі» терминінің мәнін түсіндіру.
4. «Введение в общую теорию перевода» (М.,1985) кітабында баяндалатын А.Лилованың тұжырымдамасында аударма теориясының жалпы объектісінің не екенін анықтау.
5. О.Ж. Әлиевтің «Общая дисциплинарная теория науки» монографиясынан «тіршілік – тіршілік ету» критерийі бойынша объектінің анықтамасын көшіріп алыңыз.
6. Аударма үдерісінің табиғатын аралас пәндермен арақатынасын тауып, соларды атаңыз.
7. Аударманың қызметтік мәнін белгілеңіз. Ол үшін Л.В. Щербаның «Языковая система и речевая деятельность» (Л.,1974) кітабындағы «О трех аспектах речевой деятельности и об эксперименте в языкознании» мақаласын конспектілеңіз.
8. Культурологияның аударма үдерісіне қандай қатысы бар екенін табыңыз. Мәдениеттің дифференциалдық функциясының неден көрінетінін анықтаңыз. Н.Ж. Шаймерденова мен Р.А. Авакованың «Язык и этнос» (Алматы, 2004) кітабын оқыңыз.
9. «Әлемнің тілдік суреті» ұғымына анықтама беріңіз, Н.Д. Арутюнова өзінің «Язык мир человека» (М., 1998) кітабында берген әлемнің тілдік суреті анықтамасын талдаңыз.
10. Аударма тақырыбының кешенді сипатының бар-жоғын анықтаңыз. В.Н. Комиссаровтың «Теория перевода (лингвистические аспекты), (М., 1990)» кітабында аударма тақырыбына берілген анықтамасын талдаңыз.

1.2 «Аударма теориясы» ғылымының әдістемесі мен әдістері

1.2.1 «Аударма теориясы» әдістемесі және оны зерттеудің жалпы ғылыми ұстанымдары

Әдістемелік – зерттеу қызметінің принциптерінің, формалары мен тәсілдерінің жүйесі туралы ілім. Әдістемеліктің жалпы ұғымы оны қызметтің құрылымы, логикалық ұйымы, әдістері мен құралдары туралы ілім ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Тар мағынасында әдістемелік жоспарланған қызметке барлық кезеңдерінде белгілі бір жол немесе жолдар жүйесі ретінде түсіндіріледі. Ғылым саласында әдістемелікті «ғылыми зерттеудің әр деңгейінде (мақсатты белгілеп, тұжырыдама жасауға дейін) басшылыққа алып, соған сүйенетін ұстанымдарының жиынтығын құрайтын, осындай бастапқы ұстанымдардың іргетасы ретінде ақиқаттың маңызды қасиеттері туралы кең көлемде қалыптасқан философиялық топшылдамаларды алуға болады» [Мельничук, 198, 21]

«Аударма теориясы» ғылымының әдістемелігі үш деңгейлі құрылымнан тұрады. Бірінші деңгейінде іргелі сипатқа ие және әдістемеліктің өзін құрайтын жалпы ғылыми принциптері қарастырылады. Оған антропоцентристік, когнитивтік, қызметтік тәрізді принциптері жатады. Әдістемелік құрылымның екінші деңгейінде аударма практикасында қолданылатын зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қарастырылады. Үшінші деңгейде аударма проблемаларымен байланысты арнайы зерттеушілік міндеттерді шешу үшін қолданылатын нақты әдістер жүйесі қарастырылады.

Объективті ақиқат пен адамның саналы қызметі үдерісінде жинақтаған тәжірибесін ескере отырып, санасының барынша елеулі ерекшеліктерін танытатын қорытынды, философиялық қағидаларға негізделгендіктен іргелі принциптер жалпы ғылыми сипатқа ие. Мысалы, тіл табиғатын тануда маңызды роль атқаратын қызметтік және антропоцентристік принциптер сондай. Мысалы, Е.С. Кубрякова сөйлесу қызметінің әдістемелік ролін ашады (Кубрякова, 1986, 19-20). Тіл мен аударманың қызметтік тұжырымдамасының негізі – адамның өзінің қызметтік тұжырымдамасы. Оның мәні адамның өзін өзі, қызметін, қадыр-қасиетін дамытуы адамның тіршілігі болып табылуында (Нысанбаева, 1991). Тілдегідей түпнұсқа мен аударма мәтінде адамзат қызметінің жалпы формаларымен қоса кісінің сол адамзат қызметін менгеруінің, шындықты танып, білуінің ізі тұрады.

Аудару кезінде аударма адамның тіршілік қызметінің формасы ретінде қарастырылуы мүмкін (функция); 2) тілдік кодтар (тіл – түпнұсқа және аударма тілі) - мәдениетаралық коммуникация сияқты аударма кезінде (қатынас пен ақпарат алмасу атрибуттары) қатынас пен аударма коммуникациясы атрибуттары ретінде сипатталады. 3) аударма (мәтін-түпнұсқа мен аударма мәтін) адамзат тәжірибесінің сөйлету тәсілдері, нәтижесі сияқты. Функциональдық ретіндегі аударманың анықтамасында көрсетілген қызметтік принциптің мәні деп түсінуге болады: «функциональдық ұстанымның, В.С.Лидің пайымдауымен, негізгі қағидалары тілді іс-әрекет ретінде қарастырып, оның қызметін анықтауда көрініс береді» [Ли, 2003, 19].

Функцияның социум мүшесі – адамның мақсатты қызметі ретіндегі кең түсінігі негізінде қызметтің жалпы психологиялық теориясы (А.Н.Леонтьев), әлеуметтік философияның қызметтік принципі, тілдің қызметтік тұжырымдамасы сөйлеу қызметінің теориясымен (А.А.Леонтьев) сәйкеседі. Аударма үдерісінде бұл принциптің өзектілігі мәтінде заттанған тіл таңбаларының жанды ақиқатқа айналу, аудармашының оларды бөлшектей дамытуы және кейін өзінің анықтап, түсінуі барысында өтеді. Мәтінді түрлендіріп, түсіндіру кезеңінде аудармашы бөлшектенген таңбаларды басқа тілдегі субстанциялыққа айналдырады. Мұндайда тілдік белгілер субстанциальдық жағдайдан жанды шындыққа өтіп, одан соң басқа тілде мәтінде заттануының нәтижесінде қайтадан қатып қалған таңбаға айналып, сөйлесу қызметінде функциясын атқарады.

Антропоцентристік принцип Тіл адамзат қызметінде қарастырылғанда адам факторына ерекше көңіл бөледі. Мұндайда тілге адамның өзін-өзі тану көзі ретінде назар аударылады. Сонымен қатар тіл «адам тілде не айтады», «өз тіліне әлем туралы қандай білімдерді қосады», «тіл адамның әлем туралы осы білімдерін қалай байланыстырады», «адам тіл туралы білімдерін қалай өз қажетіне орай қолданады» аспектілерінде зерттеледі. Адамның сөйлеу және когнитивтік қызметінде, тілді жан -жақты зерттеу үдерісінде, сол сияқты оның сөйлесу мәнерін зерделеу тарапына сай, адамның өзін тілдік тұлға, коммуникант, аудармашы (шығармашыл тұлға), жазушы, кәсіби маман, ойлы және білімге құштар жан және басқа барлық қырынан тануға болады. Бұл принцип аударма теориясы саласында аудармашы тұлғасының аудармашылық қызметін, екінші репродуктивтік қызметін зерттегенде байқалады, тіл сондай-ақ аудармашының тұлғасын, оның аудармашылық біліктілігі мен қабілетін танудың көзі ретінде зерттеледі. Аудармашылық қызмет барасында тілді аудармашы түрлі кодтардың тілдік бірліктерінің мәнін, мағынасын қалай түсінеді», «адам тілге әлем туралы қандай білімдерді енгізеді», «әлем туралы білімдер әлемнің түрлі тілдік суреттерінде қалай көрінеді», «екі кодты қолдану үдерісінде аудармашы тілдік білімдермен қалай манипуляция жасайды» сияқты түрлі аспектілерде жан – жақты зерделеу аудармашының тілдік тұлғасын жақсырақ түсінуге ықпал етіп, қабілеті мен шеберлігі туралы түсінік береді.

Когнитивтік ұстаным танымның жалпы философиялық теориясымен байланысты. Ол когнитивтік парадигманың негізі болып табылады, соған сәйкес тіл сана мен ойлаудың ретінде қарастырылады бұл парадигмада, онда «осы немесе басқа тілде сөйлеп, ойланатын адамның әлем туралы жинақталған білім жүйесі өткеріледі» [Ли, 2003, 14] Аударма теориясында когнитивтік жолдың ерекшелігі келесіде: аудармашы тілді сана мен ойлаудың формасы ретінде қарастыра келіп, біріншіден, «тіл-сана, сөйлеу – ойлауды» адамның коммуникативтік-когнитивтік жүйесінде тығыз байланыстыра отырып, олар адам санасының лингвокогнитивтік базасының компоненттері болғандықтан әлемнің тілдік көрінісі әрқилы деген болжамға келеді. Ментальдік құрылымдар – этностардың ұлттық ойлау ерекшеліктерінің нәтижесі сияқты қарастырылады. Олардың әлемнің әр түрлі тілдерінде экспликациялау тәсілі де бірдей емес. Әр түрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдерінің (бастапқы мәтін субъектісі

мен аударма мәтін адресатының) әлемнің тілдік көріністерінің ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, аудармашы әлемнің тілдік көріністеріндегідей мәтінді жөнелтуші мен алушының мәдениеттері мен тілдеріндегі де айырмашылықтар мен лақундарды тауып, оларды қабыстырып, аударма тілінде функциональдық ұқсастықтар мен эквиваленттер табуға шеберлігі мен қабілетін жұмсайды. Мұндайда оған түрлі білімдер – бастапқы мәтінді түсініп, оны репродукциялауға қажетті әлдебір саладағы мәліметтердің жиынтығы керек.

1.2.2 «Аударма теориясын» зерттеудің жалпы ғылыми әдістері

Түрлі тілдерде қолданылатын лингвистика, лингводидактика, салғастырмалы типология, жалпы тіл білімі сияқты әдістерге контрастивтік - салғастырмалы және компоненттік талдау жатады. Контрастивтік - салғастырмалы талдау – тілдер жүйелеріндегі ортақ, әмбебап элементтер мен айырмашылықтарды табу мақсатында бірінші және екінші тілдердің тілдік жүйелерін қосарлы және жүйелі салғастыру әдісі. Талдаудың әдістемелік құралы ретінде типологиялық синхронды салыстыру (салғастыру) әдісі қолданылады. Алайда типология мен характерологиядан өзгешелігі бар контрастивтік лингвистика тілдің құрылымдық және функциональдық ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын (контрастар) анықтау мақсатында салғастырылатын тілдердің генетикалық немесе типологиялық бастауына қарамастан, барлық деңгейлерде тілдік жүйелерді (құрылымдарды) қосарлы салғастырумен айналысады.

Тілдік контраст немесе контрастивтілік категориясының ұғымы контрастивтік лингвистиканың негізі ұғымы болып табылады [Сүлейменова, 1996]. Тілдік контраст, А. тілінің айырықша ерекшелігі кез келген В. тілімен салғастырғанда ғана білінеді. Бір тілді басқасымен салыстырғанда бір құбылыстың арнайы контрастивтік және ұқсас категориялын табуға болады. Тілдік контраст – тілдік қосарлардың таңдалуына қарай өзгертін лингвистикалық өзгермелі құбылыс. Контрастивтік зерттеуге түрлі тілдерде әмбебапты тәсіл мен қоса тілдің ұлттық жүйелерінен туындайтын арнайы ұғымдары болатындығы жөніндегі қағидаға сәйкес салғастырмалы тілдер құрылымының формалары мен бірліктерінің мәнін жүйелі түрде салғастыру кіруге тиіс.

Контрастивтік– салғастырмалы талдау үдерісінде түпнұсқа мен аударма мәтінінің тілдік құралдарының құрылымдық – жүйелік ұқсастығына назар аударылады. Салғастыру кезінде табылған ұқсас мәндер, функциялар мен формалар тіларалық эквиваленттерді құрайды. Семантика мен құрылым жағынан ұқсамайтын формаларды пайдаланылуы бойынша контрасты немесе эквивалентсіз болып табылады. Олар түрлі деңгейлерге жатуы мүмкін. Түпнұсқа мен аударманың тілдік құралдарын қосарлы салғастыру мен салыстыру негізінде тілдердің құрылымдық типтерінің, жүйелері мен нормаларының арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайтын бұл талдау өзіндік аудармашылық талдауға мәліметтер береді.

Контрастивтік – салғастырмалы талдаудың әдістемесіне мынадай кезеңдер кіреді: 1) түпнұсқа тіл мен аударма тілінде тілдік құралдар мүлкін

өлеу; 2) олардың түрлі тілдердегі ұқсастықтарын анықтау; 3) олардың тілдер бойынша абсолюттік және салыстырмалы айырмашылықтарын анықтау.

Мәселен, тіларалық фразеологиялық эквиваленттер мен контрастық, яғни эквивалентсіз, фразеологиялық бірліктерді табу үшін алдымен М.Т. Сабитованың анықтамасын еске түсірген жөн, онда былай делінеді: «тіларалық фразеологиялық эквиваленттілік жалпы мағынаға, стилистикалық сипатқа ие, лексикалық құрамы бойынша сәйкес келетін фразеологизмдерде тән. Бұл жағдайда фразеологизмдерде бірен – саранданған сәйкеспеушіліктер бар, тепе – теңдік грамматикалық рәсімдеу бірдей болмауы мүмкін» [Сабитова, 2007, 79].

№1 кесте. Фразеологизмдерді контрастивтік – салғастырмалы тәсіл арқылы талдау

Салғастырғыштың фразеологиялық бірліктер	Фразеологиялық эквиваленттілік	Фразеологиялық эквивалентсіздік		Тіл		
				қазақша	орысша	ағылшынша
2	3	4	5	6	7	8
Подливать масло в огонь	1. Формальдық, семантикалық және стилистикалық ұқсастық. Дәлмәдел эквиваленттілік		+	Отқа май құю (киелі мағынада)	Подливать масло в огонь (разжигать ссору)	Had oil to the tire
Между двух огней	2.Тікелей эквиваленттілік (форманың ұқсастығы, мәндер мен функциялардың ортақтығы)		+	Екі оттың арасында (киелі мағынада: газару, күнәдан құтылу)	Между двух огней (негативная ценностная ориентация)	Between the devil and the deep
Синий чулок	3.Синонимдік эквиваленттілік (мазмұнды функциялық тендік)			-	Синий чулок	Blue stocken
Делать из мухи слона				Түймені түйедей ету	Делать из мухи слона	To make a moun – tain out of a molehill
		Өз мәнінде реалияларды көрсет	Бес биенің саба-сындай	-	+	Dark horse, the +

			етін фразо логизм дер				
			Фразео логизм дердің ішкі форма- сының сәйкес келмей тіндігі	Темная лошад- ка	Қара байыр -	Темная лошадка +	

Компоненттік талдау аударма теориясында сөздің семантикалық құрылымына енген компоненттердің мағынасын айқындау негізінде көп мәнді сөздердің мәнін басқа тілге жеткізгенде қолданылады. Компоненттік талдау бұрын кейбір бастапқы сөз немесе тілдік субъектілерді сипаттау үшін қолданылған процедуралар сабақтастығын, әрбір объектіге тән семантикалық нышандардың немесе компоненттердің көптеген жиынтығын басқа объектіге сәйкестендіріп қою деп түсіндіріледі. Мұндай жиынтық компоненттік тәсіл деп аталады [Зевахина, 1987, 27].

Компоненттік талдаудың ұсынылған әдістерінің ішінде аудармада Д.Н. Шмелев пен А.М. Кузнецов ұсынған әдістеме қолайлы болып табылады. А.М. Кузнецов компоненттік талдау барысында семантикалық құрылымда сөздің аз мағынасын ажыратуға немесе біріктіруге қызмет ететін сөздің дифференциалды және интегралдық нышандарын бөліп алады. Лексикалық мәндердің минималды бірліктері бірнеше қатынастарда әр текті және абстракцияның қай деңгейіне (инвариантты немесе вариантты деңгейіне) жатуына қарай ажырайды. Алғашқылары семантикалық нышандар, екіншілері семантикалық компоненттер деп аталады. Мысалы, *ұл-қыз, аға-қарындас* туыстық сөздерінде туысқанның жыныстық нышаны семантикалық нышан болып тұр. Осы семантикалық нышанның семантикалық компоненттері ретінде оның нақты мәндері шығады: «ер адам жынысы», «әйел адам жынысы». Семантикалық нышан өзара байланысты мәндерді қалыптастырғанда қандай роль атқаратынына, яғни семантикалық топтағы сөздердің мәнін ажыратуына (дифференциалдық нышан) немесе сөзді біріктіруіне (интегралдық) қарай екі типті болуы мүмкін [Кузнецов, 1980, 14].

Д.Н. Шмелев дифференциалдық және интегралдық нышандарға қоса лексиканың семантикалық ұйымында ерекше роль атқаратын категориялық нышандарды да бөледі. Автордың ойынша, тілдің бүкіл сөздік құрамы сол категориялық нышандардың қиылысуымен түзелетін белгілі бір кластарға бөлініп көрсетілуі мүмкін. Онда интегралдық нышандар лексикалық кластардың жекелеген бірліктеріне жіктелетін қабат болады, ал дифференциалдық нышандар белгілі бір түрде сөздер класының ішінде сол бірліктерді ұйымдастырумен байланыстыру бастауы болады [Шмелев, 1968].

Аударма үдерісінде бірінші кезекте түрлі тілдердегі көп мәнді сөздерді айыру үшін қажет дифференциалды нышандарды бөліп алу керек. Бөлінген интегралдық нышандар екі тілдің бірліктеріндегі ортақтастықты табуға ықпал етеді, ал категориялық нышандар (нақтылық-абстрактылық, моральдық немесе зияткерлік баға, жанды-жансыз және т.б.) лексиканың семантикалық ұйымында ерекше роль атқарады [Шмелев, 1973].

Түпнұсқа тілдің сөздерін басқа тілге аудару кезінде компоненттік талдаудың келесі процедурасын пайдалану керек: 1) бастапқы тілдің сөзі мен аударма тілдің сөзін параллель бағандарға жазу; 2) түрлі тілдердегі семалардың компоненттік құрамын анықтау; 3) сөз құрамындағы лексикалық-семантикалық варианттарды біріктіретін интегралдық нышандарды табу; 4) сөз құрамындағы дифференциалдық варианттарды табу; 5) түпнұсқа сөздің семаларын аударылған сөзде бөлінген семаларға сабақтастығын сатылы тауып ұқсастығын байқау; 6) түрлі тілдердегі семалардың компоненттік құрамындағы ұқсастық пен айырмашылықты табу (түпнұсқа сөз бен оның аудармасы); 7) дистрибутивтік талдау әдісінің көмегімен түрлі тілдердегі лексемалардың үйлесімдігін табу; 8) түпнұсқа мен аударма тілде сөздің семалық құрамының кестесін салу.

1.2.3. «Аударма теориясын» зерттеу барысында қолданылатын нақты (мамандырылған) әдістері

Осы пәннің шеңберінде қолданылатын арнайы әдістерге аудармашылар қолданатын мәтінді сегментациялау және трансформациялық жазу әдісін, сол сияқты дискурс- талдау сияқты зерттеу әдісін жатқызуға болады.

Аудармашылар жиірек қолданатын мәтінді сегментациялау әдісін ұсынған Р.К. Миньяр-Белоручев. Бұл әдістің мәні мәтіннің сегментациясында және белгілі нобай бойынша бірқатар іс-әрекеттер жасауда: 1) қайта өңделуге тиіс мәтін үзіндісін анықтау; 2) әр сөйлеу мәтнінде басты жалғыз ақпаратты боліп алуға мүмкіндік беретін мәтін сегментациясын жасау; Мәтін сегменттерін бөлу бағыныңқы сөздің басыңқы сөзге ілесуіне сөйлеу желісінің үзілмеуін сақтау принципіне негізделеді; 3) әрбір сөйлеу сегментте басты ақпаратты бөлу. Сөйлесу сегменттері әр мәнді болуы мүмкін. Кейбір сегменттерде ақпараттың екі бірлігін бөлуге болады. 4) әрбір сегментте басты ақпаратты бөлген соң, оны жазып алу қажет. Онда белгілі бір символдарды, таңбаларды қолдануға болады. 5) белгі-символдардан дамытылған мәтінге көшу. Аудармашы символикалық таңбаларда жасырылған ақпаратқа сүйене отырып, мәтінді жаңадан құрастыруға тиіс. Мұндайда аударма тіліне тән тілдік нормаларға арқа сүйегені жөн; 6) мәтіннің жобасы дайын болған соң қорытынды кезеңге, яғни дайын мәтін құрастыруға көшуге болады. Ол үшін мәтіннің жобасын түпнұсқамен салыстырып (салғастыру әдісі), одан кейін мәтінге бұған дейін көрсетілмеген ақпаратты қосу керек [Миньяр-Белоручев, 1996].

Трансформациялық талдау әдісі семантикалық өрістің мейілінше бірдей ортадағы (рас, дамымаған), ішінара ұқсас ортада тұрған, әр түрлі ортадағы, алайда бірдей дистрибутивтік формулалары бар жекеленген сөздерінің мәндерін ажырату үшін қолданылады, яғни трансформациялық

талдаудың көмегімен дистрибутивтік деңгейде айтылмаған семантикалық айырмашылықтарды анықтауға болады.

Трансформациялық талдау З.Харрис пен Н. Хомскийдің тілдегі трансформациялар туралы ілімінің негізінде туған. Трансформация деп кең мағынасында белгілі бір ережелер бойынша жүргізілетін сөйлемдердің түрлендірілуі түсіндіріледі, соның барысында жаңа сөйлем бастапқы сөйлеммен лексикалық құрамы жағынын бірдей, алайда жалпы құрамы жағынан бөлекше болады, мысалы: *актив-пассив, хабарлы сөйлем-сұраулы сөйлем, т.б.*

Грамматикалық трансформациялар түрлі тілдерде сәйкес келетін және логико-синтаксистік байланыстары мен лексикалық құрылымының ортақтастығымен сипатталатын «ядролық синтаксистік құрылымдар» аталатындарды түрлендіру операциясын өткізу үдерісінде жүзеге асырылады. Бастапқы мәтін ядролық құрылымдардың – тікелей құрастырушылардың жиынтығына минималдандырылады. Құрылымы басқа сөйлемдердің құрылымын түсіндіретін сөйлемдер ядролық трансформациялар болып есептеледі. Мұндайда бір немесе бірнеше ядролық сөйлемдерден трансформациялаудың көмегімен тілдің барлық сөйлемдерін құрастыру мүмкін. З. Харрис трансформациялардың тұтас тізімін жасады: 1) пассивтік трансформация; 2) кіріспе трансформациясы; 3) сөздер ретінің трансформациясы; 4) номиналандыру трансформациясы; 5) адъективтендіру трансформациясы; 6) есімдік трансформациясы; 7) игеру трансформациясы; 8) элиминдендіру трансформациясы [Хельбиг, 1966]. Бұл тізімге субстанциялау трансформациясын, сұраулы сабақтастық трансформациясын, салыстырушылық трансформациясын және басқаларын қосуға болады. Аударма тілінде 24 және одан көп трансформацияны санауға болады, онда ядролық сөйлемдер жайылмалы болып, ядролық құрылымдар жиынтығы аударма тілінің эквивалентті құрылымдарымен араласады, мысалы, бастапқы тілдегі ядролық сөйлем аударма тілінде келесі трансформацияға түрленуі мүмкін: 1) пассивтік трансформациясына: *сәулеткер үйдің жобасын дайындады*; 2) кіріспе трансформациясына: *сәулеткер, сөзсіз, үйдің жобасын тез дайындады; бақытына қарай, сәулеткер үйдің жобасын қысқа мерзімде дайындады*; 3) сөздер ретінің трансформациясына инверсия трансформациясы жатады: *сәулеткер үйдің жобасын дайын етті*; 4) номиналандыру трансформациясы: *сәулеткердің жобаны дайындауы - оңай шаруа емес*; 5) салыстыру трансформациясына: *үйдің жобасын, прорабқа қарағанда, сәулеткер тәуірірек дайындайды*; 6) элиминдендіру трансформациясына: *үйдің жобасы*; 7) сұраулы сабақтастық трансформациясына: *үйдің жобасын сәулеткер жасап па еді? Үйдің жобасын сәулеткер жасады ма?* 8) күрделендіру трансформациясына: *үйдің жобасын бір ай жұмыс істеп, сәулеткер дайындады; сәулеткер үйдің жобасын дайындап, құрылыс бөлімінің бастығы жобаны мақтады*; 9) жайылмалы трансформацияға: *жас сәулеткер тоғыз қабатты үйдің жобасын мейілінше қысқа мерзімде дайындап, оны конструкторлық бюроның қарауына ұсынды*; 10) бекерге шығару трансформациясына: *сәулеткер үйдің жобасын бекітілген мерзімге дейін дайындамады және басқалары.*

Дистрибутивтік талдау әдісі бір элемент кездеспейтін ортада өзгешелігі бір басқа элемент кездесетін орталардың жиынтығын зерделеуге негізделген. Сөздердің бірдей дистрибуциясы олардың мәндерінің жақындығын көрсетеді. Бұл семантикалық өріс сөздерді туыстас мәндермен шынында біріктіреді деп өсетуге негіз береді. Екінші жағынан, дистрибутивтік әдістің көмегімен өрістің жекеленген сөздерінің семантикалық көлемін анықтауға болады. Дистрибутивтік талдаудың негізінде сөздердің тіркесімін де талдауға болады, себебі стилистикалық және эмоционалдық сипаттамасын қоса алғанда сөздің мәнінің негізгі элементтері дистрибуциясында, тіркесінің құрылымдық модельдерінде көрінеді. Шет тілдің сөзін (элементі) кездесетін барлық дистрибуцияларын талдап, сөздердің мәндеріндегі жақындық немесе айырмашылықтар туралы қорытынды жасауға болады. Шет тіл сөздерінің семантикалық көлемін анықтау үшін түрлі формаларды көрінетін семантикалық өріс конституенттері дистрибуциясының ерекшеліктерін ескерген жөн. Әдетте семантикалық өріс конституенттері дистрибуциясы төрт типті болуы мүмкін: 1) сәй келетін дистрибуция, онда екі конституенттің өзіндік, арнайы болмай тек ортқ болады; 2) қосымша дистрибуция, онда талданылатын сөздердің орталарында ортақ мүшелер, қиылуылар жоқ. 3) аралас дистрибуция, онда өрістің бір сөзінде ортақтастарға бірінші ортамен ғана ортақтасатын басқаларында жоқ өз орталары бар; 4) ішінара дистрибуция, онда орталар қатынасады, себебі екі конституентте ортақ та, өзіндік те орталар бар.

Дистрибутивтік талдау екі кезеңде атқарылады. Алдымен шет тілдік сөздің бүтін ортасы белгіленіп, дистрибуция типтері анықталады. Одан соң құрастырылып отырған сөздің мәндері мен орталары ұқсастырылады – ұқсастық пен айырмашылықтар негізінде дистрибуциялардың көптеген мәтіндік бірліктері біріктіріледі. Мұнда сөздің бірдей дистрибуциясы мәндерінің жақындығын көрсетеді, ал қосымша дистрибуциялар жағдайында жазық сөздің түрлі мәндері кездеседі (көпмәнді сөздің лексикалық – семантикалық варианттары - ЛСВ).

Көп мәнді сөздің мәндерінің жиынтығы оның семантикалық құрылымы мен сөз үшін ықтималды мәндерінің құрылымдық көптілігін және қолданғанда түрлі контексте байқалатын және өзара қосымша дистрибуция қатынасында тұратын мәндер нышандарын құрайды.

Аудармашылық қызмет үдерісінде мәтінді түсіну мен түсіндіру әдісі

Аудармашылық қызметтің әдістерінде түсіну туралы мәселе мәтінді түсіну үшін жекелеген элементтерінің мәні көрсетілетін (метафоралар, кезеңдер, өрнек) Аристотель шешендігі пайда болған заманнан бері қарастырылуда. Кейін түсіну проблемасын түсінудің герменевтикалық дәстүріне сәйкес мәтіндер мен мәдениет құбылыстарын тұтас контексте түсіндіру процедурасына бағдарланған герменевтикалық бағыт өкілдері (Ф.К. Савиньы, Д. Вико, Ф.Шлейермахер, М.Хайдеггер, Х.Г. Гадамер, В.Дильтей және т.б.) зерттеді. Философиялық герменевтика шеңберінде герменевтикалық шеңбер нышандарын ескеру түсінудің аса маңызды ерекшелігі болып табылады, соған сәйкес тұтастай түсіну үшін құрамдас бөліктерін түсіну қажет, алайда жекеленген бөліктерін түсіну үшін тұтастың ойы туралы түсінік болу керек.

Мәтін – интерпретацияның төрт деңгейінде интерпретацияланатын тұтастық: 1) грамматикалық (сөздерді, мәндерін, этимологиясын талдау); 2) стилистикалық (автор қолданған бейнелеу құралдарын талдау); 3) тарихи (шығарманың тууының нақты жағдайларын табу); 4) жеке адамның ойлау деңгейінде түсіну (айтылғанның объективтік-заттық және субъективтік ойын ұғуға ықпал ететін факторларды талдау) [Cadamer, 1967, 113].

Ф.Шлейермахер герменевтиканы лингвистикалық түсінудің жалпы теориясы ретінде қарастыра бастады. Бұл теорияда интерпретация сөз бен ойдың, ұсыныс пен пайымның ішкі бірлігі ретінде түсінікпен байланыстырылады. Ф. Шлейермахер бойынша, түсініктің өзі мәтіндерге де, адамдардың диалогына да қатысты. Диалог үдерісінде бір мезгілде ақыл-ойдың екі операциясы атқарылады. Бірінші операцияның мақсаты – белгілі бір ойды сөзбен жеткізу, сөйлегенде айтылғанды түсіну. Дайын мәтінде интерпретанттар мәтінді түсінуден ғана болады, ойды тұжырымдаудың алғашқы үдерісі оған құпия. Сондықтан Шлейермахер түсінуді реконструктивті үдеріс ретінде қарастырады, сол арқылы интерпретанттар мәтіннің сөздері мен сөйлемдерінің құрылымы мен мәнін ашады.

Түсіну автордың мәтінге айналдырған ойының реконструкциясы ретінде қарастырылғанда оны түйсіктік таным сияқты қарапайымдандыруы. Ф. Шлейермахердің осы түсіну тұжырымдамасын кемшілігі болып табылды.

3. Дильтей де түсіну үдерісінде түйсікпен танудың мәнін айтып көрсетеді. Оның ойынша, түсінуге субъектінің рухани қызметінің нәтижелері объективтендірудің арқасында қол жеткізеді. Ондай да қиял мен түсініктің қайта түрленуі түсіну құралдары болып табылады, интерпретанттар автордың рухани әлемін солардың көмегімен түсінеді. Интенциональдылығы да түсінудің маңызды ерекшелігі болып табылады. Мәтіндер авторларының мақсатын, ниетін, себебін түсіндіру үшін оларды түсіну үшін қажет. Мұндай жағдайда элеуметтік-психологиялық және тарихи факторлары маңызды роль атқарады [Dilthey, 1968, 322-345] В. Дильтейдің бұл психологиялық тұжырымдамасының да елеулі кемшіліктері бар, олардың ең басты – психологиялық және субъективтік түсіндіру шеңберімен ғана шектелді.

Қазіргі кезеңде түсіну кешенді әдістемелік проблема ретінде зерделенеді, сондықтан оны тек герменевтикалық жол тұрғысынан зерделеу жеткіліксіз. Сондықтан оны семантикалық, психологиялық аксиологиялық, логикалық аспектілерде зерттеу қажет. Аудару жағдайда ойға түйсікпен ғана жетісумен шектелуге болмайды, себебі барабар аудару мәтінді терең деңгейде түсінуді қажет етеді. Мұндайда мәтінді жан-жақты, ыждаһатты түсіну керек, бұл мәтінге толық та терең байлауды білдіреді және объективті – тарихи материалды (нақты және ғылыми) белгілі бір дәуір мәдениетінің өкілі ретінде түпнұсқа авторының білумен, сол сияқты мәтінді логикалық талдаумен және теориялық пайымдаумен байланысты.

Мәтінді толық түсіну бірнеше деңгей бойында жүзеге асырылады. Бірінші деңгейде аудармашының назары үш негізгі логикалық координатта (рухани – практикалық мәні, коммуникация және құндылық) болады, себебі түсіну адам өмірінің құндылық өлшемімен оның коммуникацияда туатын және

сонда өткерілетін практикалық қызмет өлшемімен байланысты [Брандес, 1988, 23]. Түсіну үдерісі үшін – ойды ажырату қызметі елеулі аспектісі болып табылады, сондықтан ол сол ойды таңбаға немесе заттанған білім әлеміне айналдырушы мен сол ойды ажырата білушінің қызмет тәсіліне белгілі бір сәйкестік болған жағдайда ғана түсінікті болмақ және соған қол жеткізеді. Ақпарат алмасқан жандардың қызмет тәсіліндегі белгілі ортақастық немесе ұқсастық түсіну деңгейі болып табылады. Мәтін авторы мен аудармашының тапбалық сөйлеу-ойлау қызметінің ортақастығы аудармашының автордың мәтінде айтпақ ойын түсінуіне көмектеседі. Алайда ойды бұлайша түсіну коммуникация барысында ақпарат алмасу үдерісінде ғана мүмкін болмақ. Мәтін авторы мен аудармашының арасында ақпарат алмасу автордың рухани-практикалық қызметінің ой мазмұнына белгілі бір түрде білдіретін артефакты-мәтіндер арқылы жүзеге асырылады. Аудармашы бетпе-бет қатынас түрінде, сондай-ақ авторларынан бөлек мәдени артефактар түріндегі мәтіндердің ойын түсіндіру арқылы мәтіннің немесе айтылған сөздің авторымен ақпарат алмаса алады.

Коммуникативтік аспектіде «ой» термині «құндылық» терминімен синонимдес. Түсіну дегеніміз бағалау, әлдебір құндылыққа лайықтау. Әдетте құндылықты адамның мақсатын қанағаттандыратын объектінің белгілі бір қасиеттің түрі ретінде тар мағынада түсінеді. Бірінші жағдайда шындық шығу орны болып табылады, ал ой оны ақиқаттық түсінік терминінде сипаттау сияқты көрінеді. Шындықтың сипатталып отырған үзіндісіне сәйкессе, ойдың ақиқаттылығы бар, жеткілікті болады. Құндылық қатынас жағдайында, керісінше, жоба, жоспар, қалып ретінде қызмет ететін ой бастапқы нүкте болып табылады. Шындықтың әлдебір ойға (жобаға, жоспарға) сәйкестігі құндылық ұғымдарында қарастырылады. Айтылған ойға, қойылған талапқа сай объект позитивті құндылық болып есептеледі [Ивин, 1968, 49]. Құндылық аспектісінде мәтінді түсіну оның пайымдалғанын білдіреді. Пайымдау мен түсіну нысанды қызмет контекстінде ғана орын алады және адам көздеген мақсат пен соған байланысты құндылықтардың саналуандығымен байланысты.

Құндылық аспектісінде түпнұсқа мәтінді түсіну оны автор өмір сүрген қоғам мәдениетінің құндылық нормалары тұрғысынан пайымдауды білдіреді. Аудармашы мәтіннің мазмұнындағы ақпаратты, мәтін авторының интенциясын, автордың мәтінде айтпақ болған жеке ойын сол қоғамның мәдениетінің құндылықтары контекстінде айқындауға тиіс. Құндылық контекстінде түсіну тілдік феномен – тілдің өзі, әдебиет пен мәдени дәстүрде, істің мәніне лингвистикадан тыс пәндік және мағыналық астары қатыстыларда көрініс беретін интерсубъективті құралдар мен шарттарды да қамтиды. Аударма жағдайында диалогтағыдай жеке ойларды диалогтық контексте түсіну мүмкіндігі жоқ, сондықтан автордың айтқан сөзінің астарындағы ниетті ғана емес, айтылған сөздің мазмұнын, жекелеген бірліктерінің мәнін түсіну, лингвистикадан тыс қызметте референттерін ұқсастыру принципіальды болып көрінеді.

Түсірудің екінші деңгейінде аудармашы өзінің мәдени болжау үдерісін терсидетеді. Ол бастапқы және аударылатын тілдердің тілдік жүйелерін

салыстырады, тілдердің номенклатуралық суретін табады, табиғи тілдерде элементтері референттер жүйесі сияқты нақты объектілермен байланысты бола бермейтіндіктен, оның барабар болмайтынын белгілейді. Номенклатуралық суреттің барабар болмауы – сол тіл иелерінің тіршілік қарекеті түрінің, мәдениетінің құндылық принциптерінің, әр түрлі болуының, түрлі тіл иелерінің қоғам мәдениетін меңгеруі тәсілінің нәтижесі. Сондықтан аудармашы сол тілдің иесі болғанмен, автор өмір сүрген социумға қатысы болмаса, сол қоғамның мәдениетін меңгеруге, сол қоғамның мәдениетінің шеңберінде мәдениеттену мен әлеуметтену үдерісінен өтуге тиіс. Тек сонда ғана ол мәтін авторының ойы мен ниетіне сәйкес мәтінде дәл мағынасында түсіндіре алады.

Алайда бастапқы мәтін басқа тілге аударылады, сондықтан аудармашы өзге мәдениет, өзге нормативтік құндылықтар шеңберінде адресаттың қабылдауына дайындау керек. Басқа тіл иесі, басқа лингвомәдени қауымдастық мәдениеті құндылықтарын меңгерген адресаттың өзінің этноцентристік қондырғысын еңсеріп, бастапқы мәтіннің ойы мен мазмұнын саналы түсінуі үшін аудармашы мәтінді басқа мәдениет нормаларына бейімдеуге тиіс. Мұндай жағдайда мәтін өзге мәдениет талаптарына бейімделеді, сондықтан аудармашының басқа мәдениет шеңберінде әлеуметтік тәжірибені өзектендіру, мәдениетаралық біліктілік деңгейінде білімді болуы қажет.

Ол үшін аудармашы мәтінді бейімдеудің түрлі стратегиясын пайдаланады: түсіндіру, түрлі тілдер мен түрлі қауымдастықтардың мәдени құндылықтар арасындағы айырмашылықтар салдарын жою, қабылдау кедергілерін еңсеру. Бұл операциялар аудармашылық қызметтің үшінші кезеңінде жүзеге асырылады, онда аудармашы репродуктивтік қызмет үдерісінде аударма мәтініне айналатын бастапқы тіл түсіндіреді, аударма тілінде ұсынудың репрезентативтік функциясын өзектендіреді. Репрезентативтік функцияны өткеру үшін аудармашы бастапқы логикалық-мәдени талдау үдерісінде мәтінді өзге тілді адресатқа лайықтайды, адресаттың фондық білімдеріндегі пробел-лақундарды бөледі, екі тілдегі тілдік элементтерді салғастырады, айырмашылығын табады. Аударма мәтінін дайындау үдерісінде мәтінді жөнелтуші ретінде көрінетін аудармашы тілдердің ерекшеліктерімен қоса нормаларды, қағидаларды, құндылықтарды, адресаттың фондық білімін, әлеуметтік-психологиялық мінездemesін, мәтіннің функциялық ерекшеліктерін де ескеруге тиіс. Аударма стратегиясын таңдау мен оның өзге тілде тілдік жүзеге асырылуы аудармашыдан түпнұсқаның ойының, автордың ниетінің, ерекшеліктерін, тілдік және тілдік емес детерминанттар есебін өзге тілде өткерудің нақты тәсілдерін табуды талап етеді. Аударма жағдайда түсіну мен түсіндіру үдерісін № 2 нобайдан көруге болады.

Бірінші деңгейде
түсіну мен пайымдау
үдерісі

Логикалық-гносеологиялық операциялар
2) рухани-практикалық қызметті сәйкестендіру (түсіну қызметі);
3) субъект-субъект қатынастары барысында жүзеге асырылған артефакттар (мәтіндер) арқылы үдерісті өткеру (коммуникация);
4) халықтың ұлттық құндылықтарын мәдени контексте сезіну арқылы, интер-субъективтік құралдарды менгеру, мәдениет стандарттарына, нормаларына, стереотиптеріне сәйкестендіріп, мәтін-артефактты сипаттау;
5) аудармашының сол қоғамның құндылық бағдарлары жүйесімен арақатынасы арқылы автордың мақсаты мен ойын, ниетін түсіну;
6) бастапқы мәтіннің ақпаратын пайымдау;
7) түсіну қызметінде, ойды сөзбен жеткізу, құндылық аспектісінде пайымдаудың басымдылығын арттыру

Екінші деңгейде
түсіну мен пайымдау
үдерісі

Культурологиялық жобалау
1) мәдениетаралық біліктіліктің қажеттілігін сезіну;
2) тілдік жүйелерді салғастыру және ашық тұстарын табу;
3) әр түрлі қоғамдардың мәдениет ұстанымдарын сезініп, салғастыру;
4) «өзіміздікі - бөтен» қабылдауды, оның кедергілерін еңсеру;
5) мәтінді бейімдеу, түсіндіру және адресаттың тіл мен мәдениет нормаларына икемдеу;
6) аудармашылық стратегияны таңдау;
7) бастапқы мәтінді аударма тіліне тәржімалау үшін аударма амалдарын таңдау, оларды қолдану үдерісінде басқа елдің құндылықтарына мәтінді сәйкестендіру.

Үшінші деңгейде
түсіну мен
түсіндіру үдерісі

Аударма мәтіннің нормаларын білу;
1) Аударма тілінің нормаларын білу;
2) аудармашылық нормаларды білу;
3) мәтіннің жанры мен стиль нормаларын білу;
4) фондық білімдерді менгеру;
5) бастапқы мәтінді аударма тілінде ұсыну;
6) репрезенттік қызметті жандандыру;
7) басқа тіл иесінің тіліне көшірілген мәтінді өткеру.

2 сурет – Аудармашылық қызмет үдерісінде түсіну мен түсіндіру үдерісі
Зерттеушілер бұл әдісті аудармашының екінші репродуктивтік қызметінің нәтижелерін бағалау, аудармашылық біліктілігінің деңгейін және аудармашылық қабілетін анықтау, аудармашылық кәсіптерді талдау үшін қолданады.

Интерпретацияның бұл түрін жүзеге асыру үшін герменевтикалық интерпретация тәсілдерін, сондай-ақ зерттеу қызметінің объектісі ретінде мәтінді интерпретациялау әдісін пайдалануға болады. Аудармашының аудармашылық қабілеті мен біліктілігін анықтау үшін герменевтикалық интерпретация тәсілдерін пайдалану қажет, біріншіден, сөздердің мағынасын, реалия түсіндірудегі қателерді, жалған ұқсастықтарды, аударма тілінде сөз тұлғасының, фразеологизмнің қате таңдалғанын анықтауға грамматикалық тілдік интерпретация қажет.

Стилистикалық интерпретация автор ойының аударма мәтінде қаншалықты дәрежеде жүзеге асқанын табуға ықпал етеді. Зерттеуші сол сияқты бейнелеу құралдарын пайдалану айырықшылығын, қатыстылығы мен барабарлығын, бастапқы мәтін колоритінің ішкі мазмұнын аударма тілінде жеткізетін айырықша тілдік құралдар мен троптарды, ұлттық колоритті жеткізу эквиваленттілігінің деңгейін қарастырады. Аударылған мәтіннің субъективтік интерпретациясы аудармашының бастапқы мәтінді қаншалықты түсініп, пайымдағанын, мәтінді қаншалықты сезінгенін, бастапқы мәтіннің ойын ашып, аударма тілде жеткізу үшін жеке басының әлеуметтік тәжірибесін қалай пайдаланғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Субъективтік интерпретация үдерісінде аудармашының мәтіннің астарына, сөздің мағынасына қаншалық байлағанына, айтылымның құндылығын қаншалықты қабылдағанына назар аударылады.

Аударылған мәтінді интерпретация модульдері контекстінде түсіндіруге болады. Бірінші модуль – аудармашының тілдік біліктілігі. Бұл аудармашының тілдік жүйенің бірліктерін ғана емес, оларды сөйлеу қызметінде пайдалану ережелерін, коммуникативтік нормалармен постулаттарды, белгілі бір жағдайда тіл құралдарын пайдалану максимдерінде де біледі деген сөз, сондықтан ол бастапқы тілдің, «дар-сырын» дәлме-дәл жеткізуді, эквивалентті құралдары таңдауды біледі, яғни бастапқы және аударма тілдерінде тілдік заңдылықтар сәйкестігінің деңгейіне жете алады.

Басқа тілде әлеуметтік-мәдени әлемді, авторды актуальдендіру деңгейінде бастапқы мәтіннің сөздерінің, сөз тіркестерінің, айтылымдарының мәнін түсіну үшін оларды автордың, аудармашы мен адресаттың әлемнің тілдік суреттері контекстінде сезіну қажет. Мұндай жағдайда сөз бен айтылымдар қоғам мәдениетінің контекстінде ұғынылып, сөздердің туыстас қана емес, алыс мағыналарын да өткереді. Осындай интерпретация барысында аудармашы сөздің лексикалық фонын ашуға ықпал ететін, оның фондық білімін актуальдендіретін қоғамның ұстанымдары мен құндылық бағдарларын меңгереді. Мәтінді түсіну аудармашыдан қоғамның әлеуметтік құрылымын, әлеуметтік нормаларды, қарым-қатынас конвенцияларын білуді талап етеді. Бұл жағдайда түсінік аудармашының білімі мен әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуді қалайды, түрлі социумдардың әлеуметтік ортасын білу мен арақатысы игеру-түсінудің бастапқы шарты: «түсіну тіл сияқты іргетасты әлеуметтік институт. Түсіндіру жағдайлары әлеуметтік факторлармен белгіленеді» [Звегинцев, 1970, 176].

Аударма теориясы зерттеуші мұндайда аудармашының бастапқы мәтінді қаншалықты түсінгенін, оның мәтіннің ойын интерпретациялауы қоғамның

элеуметтік-мәдени факторлары контекстінде барабар лайықтап түсіндіруге элеуметтік тәжірибесінің қаншалықты жеткіліктілігін анықтайды.

Осылайша аудармашы қолданған нақты, арнайы әдістерді (сегменттеу әдісі, трансформациялық талдау, аудармашылық қызмет үдерісінде түсіну мен интерпретация әдісі) пайдалану аударманы жемісті қылады. Аударма мәтінін интерпретациялау әдісі аударманың жекелеген әдістерінің әдістемесі мен процедурасын жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

1. «Аударма теориясы» ғылымының әдістемелігі бастапқы жалпы ғылыми принциптердің, жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің жиынтығы деп түсіндіріледі. Үш деңгейлі құрылымы бар. Бірінші деңгейінде осы ғылым арқа сүйейтін жалпы ғылыми принциптер туралы түсінік беріледі. Оған жататындар антропоцентристік (аудармашылық қызмет ерекшеліктерін зерттегенде назар осы қызмет субъектісін зерделеуге, аудармашыға, аудармашы қызметінде тілдік кодтардың қалай қолданылғанына аударылады), когнитивтік принцип (тіл аудармашылық қызмет үдерісінде адамның когнитивтік-коммуникативтік жүйесіндегі сезім мен ойдың формасы ретінде қарастырылады), қызметтік (аударманың қызметтік тұжырымдамасы). Аударылған мәтін-аудармашының өмірлік қызметінің формасы, еңбегінің көзге көрінетін ізі).

2. Аударматану мен білімнің басқа бірқатар салаларында қолданылатын жалпы ғылыми әдістерге компоненттік талдау, контрастивтік салыстырмалы талдау әдісі, дистрибуциялық талдау жатады. Эквиваленттік, сол сияқты тілдер жүйесіндегі айырмашылықтардан туатын контрастық элементтерді табу мақсатында бастапқы тіл мен аударма тілін қосарлы және жүйелі салғастыру контрастивтік-салғастырмалық әдістің мақсаты болып табылады. Компоненттік талдау-интегралдық, дифференциалдық және категориялық нышандарын ескеру негізінде бастапқы тіл сөздері семаларын аударма тілінде компонентті көрсету әдісі. Дистрибуциялық талдау түрлі тілдерде сөз тіркелімдерін қарастырып, салыстыруға мүмкіндік береді.

3. Аударма теориясының нақты және ғылыми әдістеріне жататындар: мәтінді сегментациялау әдісі (басты ақпаратты бөлу мақсатында мәтінді сегментациялау, оны шартты белгілердің, таңбалардың көмегімен жазу, осы белгілерді, таңбаларды аударма тілінде ядролық конструкцияларды кеңейту-грамматикалық трансформация).

Өздік бақылауға арналған сұрақтар:

- 1) «Әдістемелік» терминін қалай түсінесіз?
- 2) «Аударма теориясы» ғылымының әдістемелігін не құрайды?
- 3) Қандай жалпы ғылыми принциптер осы пән үшін бастапқы болып табылады?
- 4) Аударма теориясында қандай жалпы ғылыми әдістер қолданылады?
- 5) Контрастивтік-салғастырмалы талдаудың мәні неде?
- 6) Компоненттік талдау процедурасы қалай жүзеге асырылады?

7) Бастапқы сөздердің лексикалық трансформациясының қандай амалдарын ағар едіңіз?

8) Р.К. Миньяр-Белоручев мәтін сегментациясының қандай амалдарын сипаттайды?

9) Аудармашылық қызмет үдерісіндегі түсіну мен интерпретация әдісінің мәні неде?

Негізгі әдебиет:

1. Брандес. Стилль и перевод (на материале немецкого языка. – М.: Высшая школа, 1988.

2. Ли В.С. Парадигмы знания в современной лингвистике. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

3. Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности человека. – М., 1986.

4. Мельничук А.С. О методологии лингвистических исследований //Соотношение частнонаучных методов и методологии в филологической науке. – М., 1986.

5. Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М., 1996.

Қосымша әдебиет:

1. Ивин А.А. Понимание и ценности – логическая структура понимания //Вопросы философии, 1986, №9.

2. Зевахина Т.С. К типологии методик компонентного анализа //Прикладные аспекты лингвистики. – М., 1989.

3. Кузнецов А.М. Проблемы компонентного анализа в лексике. – М., 1980.

4. Нысанбаева Д.А. Предметно-деятельностный генезис языка //Известия АН КазССР, 1991, №10.

5. Сабитова М.Т. К вопросу о межъязыковой соотнесенности фразеологизмов в разноструктурных языках //Вестник КазГУМО и МЯ, 2000, №1.

6. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки. Основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996.

7. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М., 1973.

8. Gadamer H. Kleine schriften. – Tubingen, 1967.

9. Dilthey W. Gesummelte schriften. Bd.VII. – Stuttgart – Gottingen, 1968.

Студенттердің оздік жұмысына (СӨЖ) тапсырма

1) Тілдің коммуникативтік-қызметтік ролін сипаттаңыз. Ол үшін Д.А. Нысанбаеваның «Известия АН. КазССР» (1991, №10) журналында жарияланған «Предметно-деятельностный генезис языка» мақаласын зер салып оқыңыз.

2) Э.Д. Сулейменованың «Казахский и русский языки. Основы контрастивной лингвистики» (-Алматы; 1996) кітабынан когнитивтік лингвистика анықтамасын жазып алыңыз.

Оқытушының басшылығымен өтетін студенттердің өзіндік жұмысына тапсырмалар (СОӨЖ)

1. Ой қызметіне қатысты аудармашының сөйлеу-ойлау, екінші репродукциялық қызметінің үш қыры: 1) аудармашының қызмет формасы түсініп, ретінде коммуникацияның (функция); 2) бастапқы тілден аударма тіліне түсініп, аудару құралдары (бірінші және екінші тілдер түсіну, интерпретация мен трансляция құралдары ретінде); 3) адамзат тәжірибесін вербализациялау тәсілдерінің бар екені жөніндегі қағиданы басшылыққа ала отырып, аудармашылық қызмет үдерісіндегі қызметтік және антропоцентристік ұстанымдардың пәрменін қалай түсіндіресіз? Аудармадағы қызметтік, антропоцентристік және когнитивтік принциптердің өзара қатынасының нобайын жасаңыз.

2. Контрастивтік-салғастырмалық талдау әдісін пайдалана отырып, қазақ пен орыс, орыс пен ағылшын тілдерінде әмбебап элементтер мен контраст категорияларын анықтаңыз.

3. Орыс және ағылшын тілдерінде фразеологиялық эквиваленттерді салғастырыңыз, типтерін, эквиваленттілік дәрежесін анықтаңыз.

4. Компоненттік талдау әдістемесін пайдалана отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде *ақ*, *белый*, *white* сөздерінің компоненттік құрамын салыстырыңыз.

5. Бастапқы қазақ тіліндегі мәтіндегі ядролық сөйлемдерді трансформациялап, оларды аударма тілінде (орыс және ағылшын тілдерінде) *пассивизация трансформациясына*, *салыстыру трансформациясына* және басқаларына айналдырыңыз.

6. Р.К. Миньяр-Белоручев ұсынған әдістемені пайдалана отырып, бастапқы мәтінді сегментациялаңыз. Таңбалар мен шартты белгілерді ажырата отырып, оны орыс және ағылшын тілдеріне аударыңыз. Бастапқы мәтін мен аударма мәтінін салғастырыңыз:

Бастапқы мәтін:

Ауылдар қалың шозғыр көштерімен қатар көшіп, қатар жеткен болу керек. Барлық ауылда да керегелер бір шамаға жсайылып, шаңырақтар бір уақыттарда көтеріліп, уықтар қатар шанышылады. Қызыл жосамен боялған ағаш үйлердің сүйегін жиілеп шанышылған уықтар айқындап көрсетеді. Тағы біраздан соң созылған туырлық үзіктер басып, шаңырақтарына төрткүлді түңліктер қонады. Енді теп-тегіс көк жазықта, жасыл дария жүзінде даяр үйлер орнап жатыр. Әне тамам қалың ауыл ортасында Ұлжан отыратын үлкен үй тігілді. Бұл ауылда сол үй тігіліп болған шақта, қатардағы өзге ауылдардың бәрінде де сондай үлкен үйлер ең алдымен тігіліп жатыр.

Ақиоқыдан осы ауылдар қонып жатқан қоныс құнан шаптырымдай жер еді. Жолаушылар шыққан жақ биік төскей болатын. Содан қорыққа жеткенше, ауылдардың қонысын, үй тігісін біртіндеп санағандай, түгел көріп келген жолаушылар, Ұлжан ауылына келіп жеткенше, барлық үйлер тігіліп болды. Он бес ауыл елсіз өлкеге, көшпелі жәрмеңкедей жанды қызу тірлік орнатты. Әр ауылдың бір шеті байлық, бір шеті жоқшылық, қайыршылық боп

орнады. Шеткі қара лашықтар, қос, күркелер де, ең соңынан болса да енді бас қалқытқан еді (М.Әуезов. Абай жолы, 127-128 бб.).

Аударма тіліндегі мәтін

Скоро среди пестроты стад стали видны отдельные юрты. Было понятно, что кочевья двигались ровными рядами и прибыли к месту одновременно: все аулы уже установили кереге и теперь наводили купола юрт из длинных уыкдв, окрашенных в яркий красный цвет и видных издалека. Потом на них стали накидывать кошмы, и все спокойное зеленое море стало покрываться белыми куполами. Вскоре в самом центре аулов поднялась восьмистворчатая Большая юрта Улжан. Едва закончилась ее установка, как во всех остальных аулах стали появляться свои Большие юрты.

Все эти стоянки расположились от Акиоки не дальше, чем на расстояние бега стригуна. Пока Оспан и его спутники, спускавшиеся к аулам с возвышенности, доехали до стоянки Улжан, установка юрт закончилась всюду. Пятнадцать аулов, выросшие в безлюдной долине, сразу оживили ее, наполнили шумом и движением [М. Ауезов. Путь Абая, ...].

7. Д. Остеннің «Мэнсфилдпарк» шығармасының үзіндісіне герменевтикалық интерпретацияның төрт деңгейін қолданып (грамматикалық, стилистикалық, тарихи, субъективтік-лингвистикалық), мәтінге осы деңгейлерде талдау жасаңыз.

8. Аудармашылық қызмет үдерісіндегі мәтінді түсініп, интерпретациялау тәсілінің әдістемесін пайдалана отырып, орыс тілінде бастапқы мәтіннің ойын беруге және интерпретациялауға талпыныс жасаңыз.

9. «Текст как явление культуры» (Новосибирск, 1989) кітабын оқу негізінде мәдениеттің қандай ұлттық-айырықша компоненттерінің мәдени болжамды анықтайтының табыңыз.

10. «Кочевники» кітабындағы аударылған мәтіннің үзіндісін зерделеп, оны түпнұсқа мәтінмен салыстырыңыз, тілдік және әлеуметтік-мәдени интерпретация модульдерінің контекстінде мәтінді аударма тілінде түсіндіріңіз.

1.3 Аударманың мәні

1.3.1 Аударма қызмет ретінде

Аударманың қызметтік бағыты аударма үдерісін коммуникациямен және процессуальдық-динамикалық табиғаты бар тілмен байланысты екенін көрсетеді, оны рухани-практикалық сипаттағы қызмет ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Аударманың қызметтік туралы ілімі мәнін сипаттау үшін біз Л.В. Щербаның сөйлеу қызметі туралы ілімін еске алуымыз керек, сонымен қоса диалектиканың заттану және қайта заттану туралы қағидасына сүйенуге болады. Л.В. Щерба сөйлеу қызметінің үш аспектісін зерделей келіп, оларға мынадай анықтама береді.


Бірінші аспект - сөз мен түсіну үдерісі кіретін сөйлеу қызметі; екінші аспект – тілдік жүйе; үшінші аспект – тілдік материал, яғни сол қоғамдық топ

өмірінің белгілі бір дәуірінде белгілі бір нақты жағдайда айтылатындар мен ұғынылатындардың барлығының жиынтығы (Щерба, 1974).

Аудармашылық екінші сөйлеу-ойлау қызметінде айту мен ұғыну үдерісі ауызша ілеспе аударма жағдайында орын алады, ал жазбаша аудармада аудармашының назары бірінші тілдік код (бірінші тілдік жүйе) негізінде бастапқы мәтінді түсінуге аударылады. Бастапқы мәтін-коммуниканттың немесе шығарма авторының қызметінің ізі, оның қасиеттері қызмет субъектісі ретін өзгерген формаға – қызмет объектісінің қасиеттеріне айналған. Диалектика заңына сәйкес, барша адамзат қызметіне ең алдымен қызмет субъектісінің іс-әрекет тәсілінің, қозғалысы мен өмірінің сипаты түрінде көрінетін қасиеттерін қызмет объектісінің қасиетіне айналдырады. Сол адамнан затқа жүгіп, не-заттан бөлінбейтін қасиеттер жаңа тіршілік формасына айналады. К. Маркс бұл үдерісті заттану деп атаған: «Үдеріс өнімі сөнеді... Еңбек өнімге сіңіп, еңбектің пәнімен қосылды. Еңбек пәнде, ал зат іс-әрекет [Угuhe] формасында заттандырылған, ол енді өнім түрінде қимылсыз түрде көрініс береді [ruhende Eigenschaft], болмыс түрінде» [Маркс, Энгельс, 1963].

Еңбек өнімділігінің иемденілуі, тұтыну зағының адам еңбегінің нәтижесі болып табылатынына мүлдем мән бермей әлдебір табиғат сыйы сияқты тұтынылуы мүмкін. Алайда еңбек өнімі затқа айналған еңбек ретінде, адамның қызмет қабілетінің заттық формасы ретінде көрінгенде де иемделінеді. Өнімге сіңіп, қалыпты жағдайға айналған бұрынғы еңбек жаңа өмірге қарай қайта жаңғырып, адам қызметінің формасына көшеді. Бұл қайта заттану үдерісі. Аудармашылық қызмет барысында заттану және қайта заттану диалектикасы аудармашы тупнұсқа мәтінді түсіну үдерісінде заттанып, объектінің қасиетіне айналған, субъект қызметінің ізі қалған мәтінмен жұмыс істегенде байқалады. Бұл – мәтін авторының қызмет қабілетінің заттық формасы. Аудармашы сол мәтінді түсініп, интерпретациялау барысында оны қайта заттандырып, жаңа өмірге жаңғыртады. Мұндайда тілдік материал-өнім түрінде, заттанған күйде жатқан алғашқы тілдік кодтың біріктері аудармашының сөйлеу-ойлау тілдік-мәтіндік қызметінде қайтадан жанданады.

Аудармашы бастапқы мәтінді түсініп, ой-елегінен өткізген соң, ашылған мәтінді аударма тіліндегі кодқа түсіріп, өзі интерпретациялаған екінші қызметінің заттанған өніміне қайтадан айналдырады. Бұл аударма мәтіні-заттанған түрінде аудармашының шығармашылық репродукциялық қызметінің нәтижесі, алайда тәржімашы ол тіл белгілерін динамикалық түрінде пайдалана отырып, жаңадан заттандырып, адресатқа басқа тілде жетеді. № 3 нобайда заттану және қайта заттану үдерісін көреміз.



3 сурет – Аудармашылық қызметте заттану және қайта заттану үдерістерінің диалектикасы.

Көріп отырғанымыздай, аударманың қызметтік табиғаты, біріншіден, заттанған бастапқы мәтіннің қайта заттану үдерісінде айтылу және түсіну үдерістерін актуальдендіруде; екіншіден, бірінші және екінші кодтардың тілдік жүйелерінің бірліктерін пайдалануда; үшіншіден, бастапқы мәтінді екінші тілде және екінші кодтардың тілдік жүйелерінің бірліктерін пайдалануда; төртіншіден, бастапқы мәтінді екінші тілде және екінші кодтың негізінде қайта заттанған аудармашылық еңбектің жемісіне айналдыруда; бесіншіден, алушының тілінде адресаттың аудармашылық қызметтің белгілі бір жемісін қайта заттандыруында танылады.

Аудармашылық қызмет сөйлеу қызметінің бір түрі болғандықтан, ол да қызметтік табиғатқа ие. Ол да кез келген заттық қызмет сияқты барлық нышандарымен сипатталады және қызметтік көрініс парадигмасында кеңеюі мүмкін. Сөйлеу және тілдік-мәтіндік қызметтің түрі ретіндегі нышандары: мотивінің, мақсатының, қондырғысының болуы, нақты операциялардың жүзеге асырылуы. Психологиялық құралдардың пайдаланылуы, нәтижесі болуы, мәселен, аудармашылық сөйлеу-ойлау, және тілдік-мәтіндік қызметте, бірінші кезекте, *сұраныс*, *мотив*, *мақсат*, *жағдай* сияқты қызмет детерминанттары бар. Белгілі бір затқа бағытталған сұраныс (заттанған сұраныс) мотив деп аталады. Аудармашылық қызмет мотиві басқа қызметтер сұраныстарының затынан айырқшаланады. Түрлі қызметтердің түрлі сұраныс заттары бар. Оны А.Н. Леонтьев былай атап береді: «Бір іс-әрекеттесті басқадан айыру үшін олардың пәндерінің айырмашылығын білу қажет» [Леонтьев, 1974]. Ортақ тілді

білмейтін адамдардың қарым-қатынас сұранысын қанағаттандыру аудармашылық қызмет сұранысының заты болып табылады. Аударма қоғамның ортақ тілді меңгермеген екі коммуниканттың арасындағы тілдік делдалдық, ол қоғамның сұранысын қанағаттандырады.

Л.К. Латышевтің сөзімен айтқанда «Аударма қоғамның екі тілдік коммуникациядағы қажеттілігін қанағаттандырады. Бұндай коммуникация бір тілде ететін табиғи коммуникацияға жақын болу керек» [Латышев, 1988].

Аудармашылық қызметтің мотиві-түрлі тілдерде сөйлейтін екі коммуниканттың өзара қатынасын қамтамасыз ету мақсатында тілдік делдалдыққа мұқтаждық. Осы сұраныс нақты немесе ой затына бағытталған аудармашылық қызмет үдерісінде қанағаттандырылуға тиіс. Бұл зат – қос тілді коммуникацияны актуальдендіруге ықпал ететін тілдік делдалдарға бағытталған қоғамдық сұраныс.

Аудармашылық қызметтің мақсаты – «белгілі әлеуметтік тапсырыстың талабына орай сөздік мәтіндерді өнімдеу» [Ширияев, 1986].

Қос тілді коммуникацияда қоғамдық сұранысты қанағаттандыру үшін аудармашы бастапқы мәтінді түсініп, пайымдауына және оны аударма тілінде екінші кодқа түсіруіне қажетті күштердің пәрменін ұйымдастырады. Қондырғы сондай-ақ қайтадан кодқа түсірілетін тілдің тегі мен бастапқы мәтіннің сөйлеу-ойлау аудармашылық қызметінде қайта заттананды, заттандыруды анықтайды.

Аудармашылық қызметте іс-қимыл қол жеткізілген нәтиже туралы түсінікке бағынышты үдерісті білдіреді. Аудармашылық қызметте көптеген іс-қимыл байқалады: олар-бастапқы мәтінді пайымдап, интерпретациялау, оны қайта заттандырып, түсіндіру; одан соң аударма тілінде аудармашылық еңбектің нәтижелерін заттандыру, оны өзге лингвомәдени қауымдастықтың тілдік және мәдени нормасына бейімдеу, мәтінді алушының сөйлеу-ойлау қызметінде аудармашылық қызметтің екінші тілде заттанған өнімін қайта заттандыру.

Бірінші және екінші тілдік жүйелер тілдік-мәтіндік аудармашылық қызметті нақтылайтын арнайы қызмет құралдары. Аудармашылық қызметте психологиялық құралдар – бірінші және екінші тілдердің белгілері қолданылады. Бірінші және екінші тілдік кодтардың вербальдық белгілері аудармашылық қызмет үдерісінде аудармашылық қызметтің бағдар және аралық құралы ретінде қолданылады.

Келесі ұғым—аударма қызметінің нәтижесі. Қызмет субъектісінің қасиетін қызмет объектісінің қасиетіне айналдырған аудармашы қызметінің өзгертуші формасы ретінде көрінетін аудармашы қызметінің өнімі. Аудармашы еңбегі екінші мәтінде көрініс тауып, басқа тілде заттанып, қалыпты заттанған еңбекке айналады.


Аудармашылық қызмет – екінші репродукциялық қызмет, себебі аударма үдерісінде бастапқы мәтін сөзбе сөз жаңғырмайды, трансформацияға ұшырайды. Аудармашылық қызметтің бірінші кезеңінде аудармашы ақпарат алады, қайта кодқа түсіреді, түсіну үдерісінде пайымдайды. Екінші кезеңде аудармашы бастапқы мәтінді аударманың жорамалды вариантымен салғастырады, контрастивтік-салғастыру талдауын пайдалану жолымен тілдік

жүйелер арасындағы ұқсастық пен айырмашылық фактілерін табады, мәтінді алушының тілі мен мәдениеті нормаларына сәйкес интерпретациялайды, аударманың стратегиясы мен амалдарын анықтайды, өзінің аудармашылық қабілетін жинақтайды, аудармашылық біліктілігін арттырады. Үшінші кезеңде назар коммуникаттардың (коммуникаттың, аудармашының) және реципиенттің (мәтінді алушының) фондық білімдерінің арақатынасына аударылады, жетімсіз білімдер толықтырылады, денотативтік ойықтар тегістеледі, мәтінде басқа тілдік жүйенің ережелеріне, нормалары мен заңдылықтарына сәйкес шығармашылық өңдеу жүргізіледі. Ондайда алушының біліктілігі мен элеуметтік тәжірибесіне орай бағдар ұсталынады, сондықтан лакунадарды, денотативтік ойықты тегістеп, мәтінді шығармашылықпен өңдейді, мәтіннің немесе айтылымның мағынасын барабар жеткізу үшін айырмашылық орнын толтырудың түрлі стратегиялық амалдары қолданылады. Осы кезеңде түпнұсқаның, сондай-ақ аударма реципиенттерінің шеңберін жатқызуға болатын тағы бір маңызды өлшем іске қосылады. Бұл өлшем екі мәтіннің арасында ұқсастық қатынастарын анықтау үшін елеулі: мәтін₁ – реципиент₁; мәтін₂ – реципиент₂.

Коммуниканттың, аудармашының және адресат-реципиентінің фондық білімдерінің сәйкестігі мейлінше маңызды, себебі аудармашының міндеті – аударма тілін алмастыру емес, бастапқы тілде жасалған мәтінді басқа тілдің құралдарымен бастапқы мәтін мен аударма тіліндегі мәтінді эквивалентті болатындай етіп жеткізу. Алайда сондай эквиваленттілік орнату үшін коммуникант, реципиент (аудармашы) пен реципиент біліп, өткеретін денотативтік және мәдениет деңгейінде *tertium comparationis* – ортақ өлшем қажет. Бастапқы мәтінде аударма тіліндегі мәтінге трансформациялау кезінде аудармашы мәтін алушының фондық білімінің тұстарын толықтыруға тиіс, себебі реципиенттің өз қоғамының мәдениетін әрбір сәйкес тән ділі, «өзіндік» білім жүйесі «өзіндік» философиясы мен дүниетанымы, «өзіндік» мінез-құдық кодексі болады. Ол өз мәдениетін элеуметтену үдерісінде меңгерген. Сондықтан аудармашы сол халықтың төл менталитетіне орай жеке адамның да менталитеті болатынын еске ала отырып, кемитін білімдерін толықтырады. Сондықтан да, Ю.А. Сорокинның пайымдауынша, «бір ұлтқа, нәсілге, руға, бір кеңістікте тұрған топтардың мүшелеріне, бір әулетке, жынысқа, жас мөлшері бойынша құрдас болатын адамдардың тобына жататын, бір саяси партияға, қызметтік топқа, экономикалық мәртебесі бір адамдарға қатысы бар жеке тұлғалардың қауышуы осы қасиеттер бойынша айырмашылығы бар тұлғалардың қауышынан бөлектенеді» [Сорокин, 1992, 16].

Аудармашылық қызметтің үшінші кезеңінде аудармашы бастапқы мәтінді аударма мәтіннің вариантымен салғастырады, жорамалды аударма құралдарындағы айырмашылықтар мен ұқсастықты табады, мәтінге функциялық интерпретация жүргізеді, бастапқы мәтінді мазмұны, беретін ақпараты мен атқаратын функциясы тұрғысынан талдайды, фондық білімдердің барабар келетін-келмейтігіне назар аударады, аударған кезде оларды толықтырады. № 4 нсб-та репродукциялық аудармашылық қызмет үдерісін қарастырамыз.

Көріп отырғанымыздай, актуализациялау барысында тілдік-мәтіндік қызмет өткерілетін репродукциялық үдеріс ретінде субъектілердің сөйлеу-ойлау қызметінің барысында қайта заттанатын, сондай-ақ бастапқы және аударма мәтіндер түрінде заттанатын бірінші және екінші тілдер материалында жүзеге асырылатын екінші қызметті танытады.



4-сурет – Репродукциялық аудармашылық қызметтің негізгі кезеңдері.

Аудармашылық қызмет өнімін жасауға бағдарланған екінші өнімдік аудармашылық қызмет үш шағын жүйеден тұратын күрделі жүйені сипаттайды. Бірінші шағын жүйе «мәтін иесі реципиент» (бастапқы мәтін, айтушының сөйлеген сөзі – тыңдаушы, мәтінді қабылдаушы, реципиент) түсіну мен мәтінді екінші кодқа айналдыруға дайындалу үдерісін білдіреді. Екінші шағын жүйе «мәтін-интерпретатор». Аудармашы бастапқы мәтінді ой елегінен өткізіп, бірінші және екінші тілдік жүйелердегі тілдік құралдарды салғастырады, аударма мәтіннің вариантын жасау кезінде мәтін кодын жанарту үдерісінде контрастық элементтерді табуға көңіл аударады, мәтінді аударма тілінің нормасына сәйкес интерпретациялайды. Үшінші шағын жүйе «мәтіндік норма – аудармашы – мәтінді алушы». Бұл кезеңде аудармашының қызметі репродукциялық сипатта болады. Ол коммуниканттардың білімінің эквиваленттілігі – эквивалентсіздігіне бағдар ұстай, мәтіндегі олқылықты жояды, бастапқы мәтіннің мазмұнын дәлме-дәл жеткізуге, ақпаратты нақты аударуға, функциялық тегіс-тендікті сақтауға тырысқандықтан осы деңгейде шығармашылық қызметті жүзеге асырады.


1.3.2. Аударма мәдениетаралық коммуникация ретінде.

Аударма үдерісін айтушы мен реципиенттер арасында ақпарат алмасу жүретін мәдениетаралық әлеуметтік коммуникация әктісі ретінде де қарастыруға болады. Аударма үдерісінде бір тілде айтылған ойларды екінші тілдің құралдарымен қайта кодқа түсіру ретінде көрсетуге болады.

Ақпарат алмасу қызметі ретінде аударманы ақпарат теориясы терминдерінде қарастыруға болады, себебі құрамына келесі элементтер – ақпарат көзі (айтушы), коммуникация арнасы (хабар беру, жүзеге асырылатын орта), қабылдағыш (ақпаратты қабылдайтын қондырғы (реципент), код – ақпарат алмасу құралы, сөз туындысы-мәтінді құрайтын барлық коммуникация компоненттері бар. Ақпарат алмасу үдерісі ретінде коммуникация субъектілерінің тілі мен әлеуметтік тәжірибесі ортақ, мәдениет құндылықтары мен бағдарлары жүйесі бір интермәдени ортада жүзеге асырылады.

Аударманың коммуникациядан айырмашылығы - қос тілді коммуникация болуында, онда ақпарат алмасу екітілдік кодтардың көмегімен жүзеге асады. Аудармада коммуникация субъектілері көбірек, себебі онда екі коммуниканттан (хабар жіберуші мен реципент) басқа тағы бір коммуникант бар. Ол алғашқы код арқылы дайындаған мәтінді сол тілде түсініп, соны екінші тілдің таңбаларының көмегімен кодқа түсірумен айналысатын адам. Ол – екі тілді меңгерген аудармашы. Ол ақпарат көзі (мәтін авторы, айтушы) мен адресат-ақпаратты басқа тілде алушының арасын жалғастырушы буын болып табылады. Аударма үдерісінде жөнелтуші (мәтін авторы, айтушы) хабарды заттанған түрінде (ауызша хабар) береді. Бұл хабар алғашқы, бастапқы кодта тұр. Бірінші тілді меңгерген аудармашы осы кодтағы хабарды алып, ажыратып, ой елегінен өткізіп, түсініп алады. Одан соң аудармашы алған хабарын басқа тілдегі ұқсас ақпаратқа трансформациялайды. Аудармашы тұпнұсқа мәтінмен заттанбаған күйінде (бірінші кодтың таңбалары динамикалық сөйлеу-ойлау қызметінің элементтеріне айналады) танысканнан соң сол түсінген ақпаратты ой елегінен өткізіп, заттанған мәтінге – өз қызметінің өзгерген формасында айналдырып, қайта заттандырады. Хабар алушы-реципент аудармашының екінші тілде заттанған еңбек өнімімен танысу кезінде басқа тілдік жүйе таңбаларының негізінде бұл мәтінді қайтадан заттандырады. № 5 нобайда аударма үдерісін мәдениетаралық коммуникация ретінде қарастырамыз.

Аударма коммуникация түрі ретінде қарастырылады, себебі оның құрамалары коммуникацияның құрылымдық компоненттерімен ұқсас: коммуниканттар, өзара әрекеттестік, код, функциялар, нәтиже. Алайда коммуникацияның осы түрінің өз ерекшеліктері бар, біріншіден байқалынатыны – аудармада коммуникация субъектілері көбірек. Бұл жағдайда екі коммуникант (айтушы мен тындаушы) ғана емес, үш коммуникант – бар: коммуникант, аралық коммуникант, реципиент. Екіншіден, айту мен түсіну үдерістері қайталанғандай болады, себебі ең алдымен ақпарат бері бастапқы хабар беруші мен реципиент рөлінде көрінетін аудармашының арасында жүзеге асырылады. Ол – ақпаратты бірінші тілдік кодта алып, сол кодты ажыратушы реципиент.



Екінші тіл таңбаларының көмегімен мәтінді трансформациялау және оны басқа тілде сөйлейтін адресатқа жеткізу кезінде аудармашы басқа тілде хабарды жөнелтуші ретінде көрінеді. Бұл жағдайда аудармашының хабарын алушы - [аудармашы].

Үшіншіден, аудармашылық қызмет үдерісінде екі тіл – бірінші бастапқы тіл (БТ) және екінші тіл – аударма тілі (АТ) қолданылады. Төртіншіден, аудармашылық қызметті актуализациялау барысында коммуникациялық (қатынас және ақпарат алмасу функциялары), репрезентациялық (бастапқы мәтінді екінші тілде көрсету, түпнұсқаның дұрыстығын сақтау), реттеушілік (қатынас нормаларымен, постулаттарымен реттеледі) сияқты белгілі бір функциялар орындалады. Бесіншіден, мәдениетаралық коммуникация аралық коммуникацияның типі ретінде көрінеді. Г.Йегердің пайымдауынша, бұл коммуникация тілдік межелерді сақталмайтын коммуникация (*Sprach-grenzenüben schreitende communication*). Коммуникацияның осы түрі келесі түрде асырылады: а) А партнері және Б партнері α тілінде қауышыды; б) А партнері α тілін пайдаланады, ал β партнері α тілінде сөйлейді; партнерлердің әр қайсысы рецептивтік деңгейде басқаның тілін қабылдай алады; в) А және Б мәтінді түсіну үдерісінде үшінші тілді пайдаланады, сол тілді екі коммуникант қосымша пайдаланады; г) А и Б-ның жалпы тілдері жоқ, олар тек ғана өз тілдерін біледі, сондықтан олар бір-бірімен тығыз қатынаста бола алмайды. Бұл жағдайда коммуниканттардың қауышуы делдал арқылы жүзеге асырылады» [Jager, 1975].

Делдалдық қатысуымен өтетін коммуникацияның айырмашылығы келесіде: бұнда әрбір коммуникацияға тән үдерістен (А партнеры түпнұсқалық мәтінді тудырады, а Б партнері бұл мәтінді қабылдайды) басқа аралық фаза бар (бұл фазада бір тілдің коды басқа тілге ауыстырылады). Бұл фаза тілдік

делдалдық (Sprachmittlung) фазасы деп аталады, ал сол фазаны жүзеге асыратын адам- тілдік делдал (Sprachmittler) деп саналады [Jager, 1975].

Г.Йегердің аралық аудармашылық тұжырмадасында аралық коммуникация ретінде аударманың ерекше орнына дұрыс назар аударылған, алайда бұл нышан аударма үшін дифференциальды белгі болып табылмайды. *Алтыншыдан*, негізгі мәні қоғамның сұранысын қанағаттандыру қабілетінде жатқан, қоғамдық қызметі орындайтын мәдениетаралық коммуникацияның түрі ретінде қаралатын аударма үшін қоғамның сұранысын қанағаттандыру жіктеуші нышаны болып табылады. Л.К. Латышевтың ойынша, барлық аударманың қоғамдық тағайындылығы- оның тұрақты белгісі. Аударманың қоғамдық тағайындылығы- екі тілдік коммуникацияны табиғи, бір тілді коммуникацияға жақындату. Бұл жағдайда аудару үдерісінде аудармалық коммуникацияның қызметі мен аудармада пайдаланатын тілдік бірліктер бір-біріне сәйкестендіріледі [Латышев, 1988, 9-10].

Жетіншіден, мәдениетаралық коммуникация ретінде жүзеге асырылатын аударманың нәтижесі қарапайым мәдениетаралық коммуникация нәтижесінен басқаша, себебі аудармашылық қызмет нәтижесі серіктестер менгерген ортақ тілде емес, басқа үшінші тілде – аударма мәтінін алушының тілінде рәсімделеді. *Сегізіншіден*, мәдениетаралық коммуникация ретінде аударманың айырықшылығы, В.Н. Комиссаровтың сөзімен айтқанда, «әр түрлі тілдерде дайындалған мәтіндерді үш қайтара теңестіруде. Түпнұсқалық мәтін мен екінші тілдегі мәтінді коммуникативтік деңгейде ұқсату. Сол қасиеттері негізінде аударма басқа тілде жүзеге асырылатын тәсілдерден ерекшеленеді [Комиссаров, 1980, 33].

Аударма аудармашының жазбаша немесе ауызша сөзіне жатпайды. Ол түрлі тілдердегі екі сөз шығармасына қатысатын мәдениетаралық коммуникация актісі, осы актіде біріккен бір хабардың түрлі тілдік формалары ретінде көрінеді. Сондықтан аудармада әрдайым екі тілдің болуы және олардың қатынас кезінде біріктірілуі күтіледі. Басқаша айтқанда, бұл жерде үш түрлі сөз актісі душар болып тұр: түпнұсқаны жасаған, Ж (жіберуші) Т (транслятор) көмегімен қатынас актісі; ә) аударма мәтінін жасаған Т.және А (алушы) көмегімен өткерілетін қатынас актісі; б) «а» және «ә» актілеріндегі қатынасты жүзеге асыру арқылы сөз шығармаларын біріктіру «коммуникациялық теңестіру» актісі (Комиссаров, 1980, 34). *Тогызыншыдан*, мәдениетаралық коммуникация түрі ретіндегі аударма үдерісі серіктестерінің әлеуметтік-мәдени сөйлеу, ойлау қызметіне (коммуниканттардың әлеуметтік тарихы, «байланыс арнасы» - ақпарат алмасу жүзеге асатын орта, әлеуметтік тілдік кодтар) енетін социолингвистикалық факторлармен (стратификациялық және жағдайлық өзгермелер) детерминацияланумен қатар, мәдениеттік өзгермелілермен реттеледі, себебі аудармашылық қызметі үдерісінде бастапқы және аударма мәтіндері субъектілерінің нормативтік қондырғыларының, құндылық бағдарларының, құндылық принциптерінің барабарлығы ерекше мәнге ие. Сана стереотиптерінің қатынастар, құндылықтар мен нормалар постулаттарының ұқсастығы аудармашылық қызмет субъектілерінің бір-бірімен түсінісуіне, олардың бастапқы және аударма мәтіндерді дұрыс интерпретациялауына ықпал

өтеді. Аударма жағдайында серіктестердің мәдениет жүйесінің ерекшеліктерін білу – аударма үдерісінің нәтижелігіне шарт, себебі «мәдениет мағыналардың, құндылықтардың нормалары жиынтығы» [Сорокин, 1992, 28]. Мәдениетаралық коммуникация ретінде аударма үдерісінде білімдердің, құндылықтар мен нормалардың осы жиынтығына аудармашы қызметті әлеуметтік реттеу есебінен қол жеткізіледі, ол «біріншіден, әлеуметтік табиғаты бар сөзден тыс әрекет арқылы жүзеге асырылады. Осы әрекеттің құрамында сөздік қауышу маңызды орын алады; екіншіден, сөздік іс-әрекет әлеуметтік жағдаяттар жағынан да бақылауға түседі, яғни сөздік іс-әрекет тұлғалардың әрекеттесуін реттейтін этикалық ережелер арқылы реттеледі» [Тарасов, 1974, 257 б.].

Серіктестердің бір-бірін, сол сияқты бастапқы мәтіннің мазмұнын бірдей түсінуі және оны аударма тілінде интерпретациялау үшін екінші тілдің нормаларын білу жеткіліксіз, құрамына мінез-құлық ережесі, нормалар, стереотиптер енетін бірлескен әлеуметтік-мәдени тәжірибе болу керек. Жидіктерден сыртқы (әлеуметтік) және ішкі (этикалық және құндылық) нормалары, әлеуметтік тәжірибе бастапқы және аударма мәтін субъектілерінде сайма-сай келуі қажет. Егер де аудармашылық қызмет үдерісінде түрлі тілді коммуниканттарда мұндай бірлескен тәжірибе болмаса, бастапқы мәтінді аударғанда өзге оқырманға бағдар ұсталынбаса, онда аудармашы аударма мәтінде заттанған тілдік және әлеуметтік-мәдени тәжірибені заттандыруға тиіс. Ол үшін аудармашы келесі амалдардың көмегімен сөз қызметінің ішкі бағдарламасын сөз қызметінің сондай-ақ сыртқы шарттарымен салмақтайды: а) басқа тілдегі мәдени тәжірибені меңгеру, оны бастапқы тілде сөйлейтін адамның тәжірибесі арқылы толықтыру; б) бастапқы тілдің иегерлерінің қауымында жинақталған тәжірибені аударма тілінің иегері қоғамының тәжірибесіне теңестіру» [Крюков, 1979, 13-14]. Бұл айтылымнан шығатын қорытынды: аудармашы белгілі бір тілде сөз қызметіне лайықты сыртқы жағдайларды жаңғырту және қолдану (заттандыру) ережелерін білуге тиіс.

Оныншыдан, аудармашылық қызмет үдерісінде екінші мәтін құралады, онда бастапқы мәтіндегі негізгі ақпарат көрініс тауып, жеткізілуімен қоса аудармашының шығармашылық қызметінің ізі де жатыр. Сондықтан, А.Д. Швейцердің ойынша, аударманы басқа мәдениетаралық коммуникацияның түрлеріне екі нышаны (мәтіннің екінші рет жасалануы және бастапқы мәтінді басқа тілдік және мәдени ортаға орналастыру (репрезентация) арқылы ерекшелеуге болады.

1.3.3 Аударма мәтіндік қызмет ретінде

Арнайы әдебиетте «мәтін» мен «дискурс» ұғымдарының аралас жүруін көптеген зерттеушілердің бұл ұғымдарды айтушылар мен тыңдаушылардың сөйлеу-ойлау қызметінің желісі ретінде қарастыруымен түсіндіруге болады. М.М. Бахтин мәтінге келесі анықтама береді: мәтін мәтін жасайтын белгілі өндірушінің іс-әрекетінің нәтижесі, ол нақты рецепиентке бағытталған [Бахтин, 1979]. Дискурске де сондай-ақ таңбалық өзара әрекеттестік үдерісінде түзілетін тілдік материал ретінде анықтама беріледі. Когнитивтік ғылымның бірінші

даму кезінде дискурс үдерісі де, нәтижені де үйлестірген коммуникативтік өзара әрекеттестік ретінде кең көлемде зерделенген. Т.А. ван Дейктің ойынша: «дискурс – сөздік лек, ол үнемі қимылда болады, ол өзінің құрамына тарихи дәуірдің сан-алуан белгілерін, коммуниканттардың қасиеттерін, жағдаяттардың белгілерін жинақтайды. Дискурста ұлттық менталитет пен ұлттық мәдениет бейнеленеді» [Дейк, 1989].

Мәтін лингвистика тұрғысынан жалпы ойы мен мазмұны тілдік бірліктер арқылы берілетін қатынастың тұтас бірлігі ретінде қарастырылады. Т.М. Дридзе мәтінге мынадай анықтама береді: «Мәтін – күрделі белгі және қауышудың тұтас бірлігі ретінде мағыналық элементтердің жиынтығы түрінде көрініс береді. Осындай элементтер қауышудың нақты мақсатын орындау үшін бір тұйық, иерархиялық құрылымды коммуникативті-танымды жүйеге жалпы концепция немесе қауышу субъектілерінің коммуникативтік ниеттері арқылы біріктірілген» [Дридзе, 1984, 57]

Психолингвистикалық тұрғыда мәтін нақты коммуникативтік жағдай шеңберінде зерделеніледі; мұнда мәтіндердің формасы мен мазмұны мәтін тудырушы продуценттер ретінде индивидтердің – коммуникацияға қатысушылардың психологиялық ерекшеліктерімен анықталады. Сондықтан сөз қызметінде мәтін вербалдық формада – сөйлеу-ойлау қызметінің тіркелген (ауызша немесе жазбаша формада) өнім ретінде зерделенеді. Мұндай жағдайда Л.В. Щерба берген мәтін анықтамасы да дұрыс көрінеді, онда коммуникация субъектілерінің заттанған енбегі мен сөйлеу және түсіну үдерісінің нәтижесі ретінде мәтіннің лингвистикалық және психолингвистикалық нышандары да ескеріледі: «сөз, немесе грамматикада қолданатын тілдік бірліктер біздің тікелей тәжірибемізде берілмеген, олар тек қана сөйлеу және түсіну үдерістерінің жиынтығы. Лингвистердің тілінде оны мәтін деп атауға болады» [Щерба, 1974, 26].

И.Р. Гальпериннің пайымдауынша мәтін жазбаша түрде нақтыланған, өңделген тақырыптан және фразадан тыс, лексикалық, грамматикалық логикалық, стилистикалық байланыстар арқылы бір тұтастыққа біріктірілген, бір мақсатты көздейтін, прагматикалық ұстанымды жүзеге асыратын сөздік – шығармашылық үдерісіндің өнімі [Гальперин, 1981]. И.Р. Гальперин мәтінге анықтама берумен шектелмей, оның негізгі нышандарын көрсетті. Олар: тақырыптың болуы, мәтінді жүзеге асырылатын әр түрлі байланыстардың болуы, мәтіннің құрылымдық компоненттері. Осы нышандардан басқа белгілер де мәтінді күрделі тұтастық ретінде сипаттайды. Бұндай белгілердің ішінде: тұтастық, бүтіндік, модельділік, ақпараттылық, құрылымдылық функционалды – мәндік сәйкестілік нышандары.

І. Қисындылық – мәтіннің қатарлас сөйлемдерінің арасындағы эксплицитті байқалатын байланыс. Мәтіндегі негізгі байланыс құралдары: 1) лексикалық байланыс құралдары (синонимдік, контекстуалдық қайталаулар, толық қайталаулар, есімдік, субституция); 2) лексико-грамматикалық байланыс құралдары (жалғаулық, жалғаулық үстеулер, қыстырма сөздер мен сөз тіркелімдер); 3) грамматикалық байланыс құралдары (етістіктің іс-қимыл-шақтық формалары, сөздер тәртібі, синтаксистік параллелизм); 4) мәтіндегі

сөйлемдердің сабақтастық байланысы. Параллельдік байланыста бірінші сөйлем ортақ әлденені хабарлайды да, кейінгілерінің әрқайсысы оның мазмұнын ашып, толықтырады. Мұндай сөйлемдерде сөйлемдер құрылысындағы ұқсастық, сөйлемдер мен сөздердің қатарлас немесе қарсы қолданылуы байланыс құралдары болып табылады, мысалы: «Шыдауға болмайтын ыстық шілде күні болды. Күн аспанда жанып тұр, нағыз қызған кез, шыжығын ыстық үздіксіз, күні бойы бір қалыпта тұра берді. Әуенің өзі де тымырсық шаңды сіңіріп алып, демалуға мүмкіншілік бере алмай тұр» (И.С. Тургенев). Сабақтас байланыста болған артқы сөйлемдер, алдыңғы сөйлемдермен тығыз байланыста болады; 5) қайталаулар, есімдіктер, синонимдер де байланыс құралдары болады, мысалы: мен бірінші рет *Астанаға* келдім. Бұл қала маған үлкен әсер етті, өйткені ол осы заманғы мегаполис.

2. Мәтіннің құрылымдық бөліктер. Олар объектінің элементтері, бірліктері) арасында бар қатынастарды көрсетеді. Мәтінде тақырыптық, логикалық-композициялық және мазмұндық (предикативтік) құрылымдар бөлінеді. Мәтіннің тақырыптық құрылымын баяндайтын нәрсе, яғни мәтіндегі хабарды жүзеге асырады. Мәтіннің логикалық-композициялық құрылымынан мәтіндегі ойлар шоғырының орналасу ретін көруге болады, мысалы мақаланың, рецензияның, баяндаманың ерекше композициясы бар.

Мазмұнның құрылымы. Мәтіндердің мазмұны тілдік таңбалар арқылы ақиқаттың фрагменті туралы объективтендірілген білімді танытады. Тілдік құралдардың лексикалық, фонологиялық, грамматикалық және синтаксистік категориялар түрінде формалдық-таңбалық бейнесі бар.

Мәтін кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы болғандықтан құрылымдық тұтастыққа ие. Мәтіннің мазмұнын танытатын атының болуы мәтіннің аяқталғанының көрсеткіші болып табылады. Мәтіннің құрылымдық тұтастығы оның сыртқы және ішкі құрылымдарының ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Мәтіннің ішкі құрылымында бастамасы (басталуы), негізгі бөлім (орта) және аяғы сияқты құрылымдық-ой бөлімдері бөлінеді. Бастамасында әдетте тақырып белгілінеді. Онда сондай-ақ кейіпкерлер, уақиғаның мекені мен уақыты туралы ақпарат беріледі. Негізгі бөлім бастамада белгіленген тақырыпты дамытады. Онда уақиғалар сабақтастығы, сюжет желісі, қатысушы адамдар, кейіпкерлердің сөзі өзгереді. Мәтіннің аяғында сюжет тарқап, уақиғаның аяқталғанын көрсетеді, қорытынды келтіріледі.

3. Мәтіннің тұтастығы терең ой мен тақырыптық бірлікті аңғартатын ой бірлігін білдіреді. В.В. Красныхтың ойынша, терең ой жинақталған түрде мәтіннің ой құрылымы оған кіретін концепт арқылы айтылады. «Концепт, - деп жазады В.В. Красных, - психолингвистикалық категория түрінде көрініс беретін интенцияның іске асырылуы. Мазмұндық жағынан концепті тереңдігі мән, мәтіннің бүктелген мәнді құрылымы деп санауға болады, ол автордың интенциясын жүзеге асыру барысында мәтінді тудыратын іс-әрекеттің желісін анықтауға себін тигізеді» [Красных, 1998,57].

Концепт интенцияның нақтылы көрінісі ретінде авторлық ойды жүзеге асырады. Айтылымның интенциясы, себеп салдары сөз жағдайында өзіне бірқатар сөз актілер сіңірген объективті өмір сүретін объективті ақиқаттың

үзіндісі ретінде көрінеді. Жағдайды актуальдендіру барысында сөйлеуші мен тыңдаушы белгілі бір себеп дәлелді басшылыққа ала отырып, сөзде және автордың ойы енегін ниетін – интенцияны жүзеге асырудың қажеттілігін сезінеді. Интенция негізінде мәтіннің ойлық ядросын құрайтын концепт туады. Ол мәтін ойы элементтерінің жиынтығы болып, тақырыптық бірлігін жүзеге асырады.

Мәтіннің мазмұны, ой-бірлігі концепт арқылы жүзеге асады. Тұтастық рецепиенттің аналитикалық-синтетикалық қызметінің нәтижесі ретінде сезіну мен мәтінді түсіну үдерісінде туады (Леонтьев, 1979). Коммуникация актісінде кейбір мазмұн мәгін арқылы жеткізіледі. Осындай мәтіннің мазмұны басқа тілде оқырманға жеткізілетін мәгінде де болуға тиіс. Адамның психикасында туатын сол мазмұнды тұтастық ретінде анықтауға болады.

4. Сөздің функционалдық-мәндік типтері. Сөздің функционалдық-мәндік типтері – түрлі нышандар (коммуникативтік-прагматикалық, логикалық-ой, құрылымдық-семантикалық) нышандар негізінде бөлінетін мәтіннің әмбебаптық типологиялық бірлігі. Сипаттау, баяндау, ұғымды анықтау, талқылау, дәлелдеу, хабар сияқты сөз типтері бөлінеді. Сипаттау – объект, оның қасиеттері, нышандар, мінез, құрылым туралы ақпарат құрайтын және уақиғалық модальділігімен ерекшеленетін сөздің функционалдық-мәндік типі. *Мәтін-сипаттар* әдетте табиғатты, адамның хал жағдайын, келбетін, жағдайды сипаттау үшін қолданылады. Елеулі нышандарын көрсету негізінде затты сипаттау анықтаудың мақсаты болып табылады. *Баяндау* – сөздің функционалдық-мәндік типі, соның көмегімен бұрынғы кезде болған уақиғалар, іс-әрекеттер туралы мәлімет беріледі. *Талдау* – сөздің ерекше функционалдық-мәндік типі, сол арқылы қисынды қорытынды негізінде объект туралы жаңа білім алу үдерісі көрсетіледі. *Мәтін-талдауда* себеп-салдар байланыстарын көрсетумен бірге әлдебір фактілер, уақиғалар түсіндіріледі. Мұндай мәтіндерді құрастыру үшін үш бөлім қажет: тезис (негізгі ойды білдіреді), тезистің негізгі ойын дәлелдейтін аргументтерді келтіру, қорытынды жасау (жалпы түйін). *Хабар* – әлдебір уақиғалар, жағдайлар туралы ақпарат беру үшін қолданылатын сөздің функционалдық-мәндік типі. Хабардың мақсаты – әлдебір объектілер, уақиғалар, олардың нышандары мен өзгерістері туралы ақпарат беру.

5. Ақпараттылық. Мәтіннің ақпараттылығы мәгінде түрлі хабарлардың іске асырумен көрінеді. Не туралы хабарлайтынына байланысты ақпараттың үш түрі бөлінеді: фактуалдық, концептуалдық және астарлы ақпарат [Юрьев, 2006, 12-13].

Мәтіннің фактуалдық ақпараты – фактілерді, уақиғаларды, уақиға орнын, уақиға болған мерзімді сипаттайды, автордың ой тұжырымын білдіреді. Сюжеттің қозғалысын көрсетеді.

Концептуалдық ақпарат – автордың дүниетанымының, негізгі ойының, шығарма идеясының көрінуі.

Астарлы мәтін ақпараты. Ол тек сезіледі. Бұл ақпарат сөзде айтылмаған астарлы ойдың болуы қабілетінің арқасында туады.


Аударматануда мәтіндерді талдау арқылы аудармашы қолға алған мәтінді бір немесе әр түрлі тіл құралдарының қолданылуына, сол сияқты олардың

белгілі бір стильге жататын функционалдык-стильдік қырларының өткерілуіне және сол стильдің нышандарының мәтінде актуальдануына қарай әр түрлі түрде жіктелетінін көрсетуге болады. Аудармашылық қызметте актуальданатын мәтіндерді ең алдымен мәтіннің бір тілде немесе екі тілдің қатысуымен құрастырылу критерийі бойынша жіктегенде, бастапқы және аударма мәтін бөлінеді. Бастапқысына – айтылым, мәтін авторы мен ауызша не жазбаша формадағы заттанған еңбек түріндегі айтылымды қабылдаған аудармашының арасындағы коммуникацияның бірінші кезеңінде актуальданған түсінік пен айтылым үдерістерінің өнімі – мәтіндер жатады. Аудармашы бастапқы мәтінді қабылдау үдерісінде бірінші тілдің дыбыс сигналдарын танып, оны жадыдағы эталонмен салыстырады. Одан соң мағыналық қабылдау деңгейінде түсінген сөз бен сөйлемді дыбыстық тіркелім ретінде пайымдайды. Мәтінді мағыналық қабылдау кезінде аудармашы автордың идеясы мен ойын білдіретін концептті түсінуге тырысады. Концепт ең басында дыбыстық формасын тану деңгейінде түсініледі, одан соң оның тура және жанама мағынасын, қосымша менталдық ойын, контекстпен салыстыру арқылы астарын, бүкпе мәнін таниды. Аударма мәтін бастапқы мәтіннің проекциясын білдіреді. Мәтіннің проекциясы – реципиенттің мәтінді мәнді түрде қабылдаудың өнімі. Ол автордың мәтініне жақындайтын мәтін проекциясы [Залевская, Каминская, Медведева, Рыжкова, 1998,35]. Мәтіннің проекциясы бастапқы мәтінді интерпретациялау және оны аударма тілінде мәтін кодына түсіру үдерісінде аудармашының делдалдық қызметі арқылы, автордың интенциясын жүзеге асырады. Белгілі бір функционалдык стиль нышандарын өткеру және атқарылған функциялар (хабар, араласу және әсер ету) критерийі бойынша келесі мәтін типтері бөлінеді: 1) ғылыми мәтіндер. Олар әлдебір ғылыми факт туралы хабар береді. Бұндай мәтіндерде ғылыми фактілер туралы ақпаратты жүзеге асыратын хабарлау қызметі орын алады. Осындай мәтіндерде ғылыми болжам баяндалып, белгілі теориялар делелденіп, мәселелер қарастырылады. Мұндай мәтіннің қатал құрылымы және қатал композициясы болады. Ғылыми мәтіндер ауызша немесе жазбаша түрде өткеріледі. Оларда мазмұн логикалық қисынды, нақты, бірізді және дәлелді түрде беріледі, заттардың нақты аталуы сақталады.

Ресми-іскерлік мәтіндер. Олар жазбаша түрде болады. Әрбір мәтін құжат сипатында іске асырылады, сондықтан мұндай мәтіндерде айтылу тәсілдерінің қатаң стандарттары сақталынады. Ондай мәтіндердің басты ерекшелігі – стандарттылығы, сезім нышандарының болмауы. Бұл мәтіндер саяси, мемлекеттік, дипломатиялық, коммерциялық, қаржы, заң құжаттары түрінде болады.

Қоғамдық-ақпараттық мәтіндер. Олардың басты мақсаты – хабарлау және волонтерлік (әсер ету функциясы) қызметтерді жүзеге асыру. Мұндай мәтіндердің мазмұнына БАҚ арналары арқылы өтетін ақпарат енеді. Бұл ақпарат оқырманға әсер етуге арналған. Мұндай мәтіндердің басты қыры – эмоциялық бояуының болуы.

№ 6 нобайда мәтіннің негізгі ерекшеліктерін қарастырамыз:



5 сурет – Аудармашылық қызмет үдерісіндегі мәтін мен оның нысандары, түрлері.

Көркем мәтіндер. Олар екі – әсер ету және эстетикалық функцияны атқарады. Осы мәтіндер суреттеу және әңгімелеу формасында беріледі. Олардағы тіл құралдарының функциясы айқын, суреттелуі бағалы.

Ауыз-екі сөйлесу мәтіндері. Қарым-қатынас функциясын атқарып, тұрмыстық салада қолданылады. Ауызша диалог формасында өткеріледі.

Діни мәтіндер. Хабарлау және әсер ету функциясын атқарады, киелі адамдардың тұрмыс тіршілігін әңгімелейді, уағыз, канондық мәтіндер түрінде ауызша және жазбаша формада өткеріледі.

Осындай мәтіндер К1- мәтінтудыру әрекетінің нәтижесі болып бастапқы мәтін және аударма мәтіні ретінде қалыптасу үдерісінде аударманың қызметтік сипатын, оның мәдениетаралық коммуникациямен ара қатысын көрсетеді.

Қорытынды

1 Аударма үдерісінің қызметтік мағынасы бар. Аударманың қызметтік сипаты, біріншіден, бастапқы және аударма мәтіндер бірде қызмет субъектісінің қасиеттері түрленген форма (адамның тіршілік қызметінің заттанған ізі) түрінде, енді бірде адамдардың тіршілік қызметінің бөлшектене заттану мен заттандыру үдерісінің нәтижесі; екіншіден, мәтіндерді өндіруші продуценттердің (айтушылар мен тындаушылардың) мәтін тудырушы қызметінің өнімі болып табылуымен; үшіншіден, аударма сөз иесінің мағыналық интенциясын жаңғыртушы ретінде де, өзіне шығармаушылық бастауды – аудармашылық қызметті өзекті етудің іздерін сіңіруші ретінде де, репродукциялық қызмет болуымен; төртіншіден, аудармада қызметке тән барлық нышандардың болуымен айқындалады.

2. Аударма сондай-ақ ақпарат алмасу түрлі тілдерге (бірінші және екінші) жүзеге асырылғанда мәдениетаралық коммуникация актілерін білдіреді. Мәдениетаралық коммуникация ретінде жүзеге асырылатын коммуникацияның аудармада барлық компоненттері бар: коммуниканттар, интеракция, тілдік кодтар, функциялар, нәтиже. Сонымен қоса, ол мәдениетаралық коммуникацияда жоқ, аударманың өзіне ғана тән бірқатар нышандармен ерекшеленеді: 1) ақпарат алмасуы екі тілдік кодтың негізінде жүзеге асады; 2) аудармашы бірінші және екінші тілдерді пайдалану негізінде хабарды бір тілден басқа тілге жеткізу үдерісінде аралық коммуникацияның түрі өткеріледі; 3) ақпаратмен мәдениетаралық алмасу үдерісіне екі емес, үш адам (сөйлеуші, реципиент (аудармашы), реципиент (мәтінді алушы) кіреді; 4) аударма мәдениетаралық коммуникация ретінде қоғамдық мәнге ие, қос тілді коммуникацияда қоғамдық сұранысты қанағаттандыратын құрал болып табылады; 5) аударманың нәтижесі әдеттегі мәдениетаралық коммуникацияның нәтижесінен өзгеше, себебі заттанған еңбек коммуникант пен реципиент білетін ортақ тілде емес, мәтінді алушы – реципиент тілінде көрінеді; 6) аударма үдерісінде екі түрлі тілдік мәтін сәйкестендіріледі; 7) мәтінді алушының нормативтік қондырғыларына сай дайындау бағыты ұсталынады; 8) екінші аудармашылық қызметті әлеуметтік ұстанымдар арқылы реттеу байқалады; 9) аудармашылық қызмет үдерісінде екінші мәтінде де аудармашының ізі сақталынады; 10) аударма – қос тілді коммуникация, онда сөйлеу және түсіну үдерістері екі рет – біріншіде сөйлеушілер мен реципиент арасында, екіншіде аудармашы мен мәтінді алушы – реципиент арасында актуальдендіріледі.

3. Мәтін тудырушы қызмет ретінде сипатталған аударманың мәні оны актуальдендіру үдерісінде коммуниканттардың тіршілік қызметінің түрленген формасы түрінде заттанған және өзінде қызмет объектісінің барлық қасиеттерін сақтаған тілдік материал – сөйлеу мен түсіну үдерістерінің ізі қалпында құрылады. Мәтін мен дискурс – барабар құбылыстар емес, себебі дискурс – үдеріс те, өзіне мәтіндермен қоса экстралингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, пікір, қондырғы, адресаттың мақсаттары) сіңірген продуценттердің қызметінің нәтижесі де, яғни онда лингвистикалық та, әлеуметтік-мәдени де ерекшеліктері бар. Ол мәтіннен ауқымрақ. Мәтін –

лингвистика тарапынан тұтас қатынас бірлігі ретінде қарастырылатын психоллингвистикалық құбылыс, автордың ойымен бір тұтастыққа біріктірілген мағыналық элементтердің жүйесі. Негізгі қасиеттері: тақырыптың болуы, байланыстылық, тұтастық, құрылымдық, сөздің түрлі функционалды-мәндік типтерінің формасында өткерілу қабілеті, ақпараттылық. Аудармада пайдаланатын мәтіндерді әр түрлі критерийлер негізінде жіктеуге болады. Екі, үш тілді пайдалану нәтижесінде бастапқы және аударма мәтіндерді сипаттауға болады. Мәтіннің жүзеге асырылатын негізгі қызметтері бойынша бірнеше түрлерін атауға болады: (ауыз екі сөйлесу, ғылыми, қоғамдық-ақпараттық, ресми-іскерлік, діни, көркем мәтіндер).

Өздік бақылау сұрақтары:

1. Аударманың қызметтік маңызы неден көрінеді?
2. Аударманы нәліктен екінші репродукциялық қызмет ретінде қарастырылуы?
3. Репродукциялық аудармашылық қызметтің қандай кезеңдерін атай аласыз?
4. Неге аударма мәдениетаралық коммуникацияның түрі ретінде қарастырылады?
5. Аударманы мәдениетаралық коммуникацияның түрі ретінде және сонымен қоса бір қатар нышандары бойынша одан айрықша тұратын коммуникация ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін ерекше нышандары неде?
6. Аударманы мәтін тудырушы қызмет деп айтылуы неде?
7. Мәтін мен дискурс барабар ма?
8. Психоллингвистикада мәтін қалай сипатталады?
9. Мәтіннің қандай нышандарын атай аласыз?

Негізгі әдебиет:

1. Гальперин П.Я. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981.
2. Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации (Проблемы семиопсихологии). – М.: Наука, 1984.
3. Латышев Л.К. Перевод: Проблемы теории, практики и методики преподавания. – М.: Просвещение, 1988.
4. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974.

Қосымша әдебиет:

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979.
2. Т.А.ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. – М., 1989.
3. Залевская А.А., Каминская Э.Е., Медведева И.Л., Рафикова Н.В. Психоллингвистическое взаимодействие слова и текста. – Тверь, 1998.
4. Красных В.В. От концепта к тексту и обратно//Вестник МГУ. Сер.9. Филология, 1998, №1.

5. Крюков А.Н. Некоторые проблемы психолингвистического моделирования процесса перевода (на материале индонезийско-русского и русско-индонезийского переводов. – М., 1979.
6. Леонтьев А.А. Высказывание как предмет лингвистики, психолингвистики и теории коммуникации //Синтаксис текста. – М., 1979.
7. Сорокин Ю.А. Человек. Цивилизация. Общество. – М.: Изд-во политической литературы, 1992.
8. Тарасов Е.Ф. Социоллингвистические проблемы теории речевой коммуникации //Основы теории речевой деятельности. – М.: Наука, 1974.
9. Юрьев А.Н. Русский язык. Типы и стили речи. – Алматы, 2005.
10. Jäger G. Translation und Translations – linguistics. – Halle (Saale), 1975.

Студенттердің өздік жұмысына арналған тапсырмалар (СӨЖ)

1. Адам қызметінің диалектикасының неден байқалатынын анықтаныз. «Тіл-сөйлеу қызметі» аспектісінде жандандыру мен қайта заттандыру үдерістерінің арақатысының нобайын салыңыз.
2. Тақырыптық және аудармашылық қызмет нобайларын салғастырыңыз. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңыз.

Оқытушының бақылауымен студенттердің жұмысына арналған тапсырмалар (СОӨЖ):

1. Бастапқы мәтінді аударма (ағылшын, орыс) тілдеріне аударып, репродукциялық аудармашылық қызмет кезендерінің актуалденуін қараңыз.

Әтіке тау басында ат шаптырым уақыт саялады. Алыстан мұнартқан Алатауға жыланның түлеп түскен қабығы құсап жылтырап жатқан Іле өзеніне ерекше мұнды сағынышпен қарады. Айсары болысқа беріп келген уәдесін шаншудан тыжырындай тағы есіне алды (Б. Нұржекеев. Екі томдық таңдамалы шығармалар, 54б.).

2. Мәдениетаралық коммуникация ретінде өткерілетін аударманың функцияларын табыңыз, бір-бірінен айырмашылығын анықтаныз.

3. П.Я.Гальперин, Л.В.Щерба мен Т.А.ван Дейк берген мәтін мен дискурс анықтамаларын салыстырып, қандай нышандар арқылы айрықшаланатынын табыңыз.

4. Мәтін нышандарын сипаттап, мәтінде қандай байланыс құралдарының пайдаланылғаны жайлы сұраққа жауап беріңіз.

5. Мына мәтінді сөздің қандай функционалды-мәндік типіне жататынын анықтаңыз. Орысшадан қазақшаға аударыңыз:

Мы вошли в дом. Молодой мальч, в длинном кафтане из синего толстого сукна, встретил нас на крыльце. Из передней, заклеенной разными пестрыми картинками, вошли мы в небольшую комнатку – кабинет Радилова. Я снял свои охотничьи доспехи, поставил ружье в угол (М.Тургенев. Записки охотника).

6. Мына мәтінді қандай сөздік функционалдык типіне жататынын анықтаңыз. Қазақ тіліне аударыңыз.

Вопреки обычной заботливости казаков о чистоте, горница вся была загажена и в величайшем беспорядке. На столе были брошены окровавленный зипун, половина сдобной лепешки и рядом с ней оципанная и разорванная чалка для прикармливания ястреба. На лавках, разбросанные, лежали поршни, ружье, кинжал, мешочек, мокрое платье и тряпки. В углу, в кадушке с грязною, вонючей водой, размокали другие поршни; тут же стояли винтовка и кобылка. На полу была брошена сеть, несколько убитых фазанов, а около стола гуляла, постукивая по грязному полу, привязанная за ногу курочка. (Л.Толстой. Казаки).

7. Төмендегі мәтінді қандай сөздік функционалды-мәндік типке жатқызуға болады. Ағылшын тіліне аударыңыз.

Человек должен быть интеллигентен. А если у него профессия не требует интеллигентности? А если он не смог получить образование: так сложились обстоятельства? А если окружающая среда не позволяет? А если интеллигентность сделает его белой вороной среди его сослуживцев, друзей, родных, будет просто мешать его сближению с другими людьми?

Нет, нет и нет! Интеллигентность нужна при всех обстоятельствах. Она нужна и для окружающих, и для самого человека. Это очень, очень важно, и прежде всего для того, чтобы жить счастливо и долго: да, долго! Ибо интеллигентность равна нравственному здоровью, а здоровье нужно, чтобы жить долго, - не только физическое, но и умственное. (Д.Лихачев. Об интеллигентности).

8. Төмендегі мәтінді қандай сөздік функционалдык типке жатқызуға болады. Қазақ тіліне аударыңыз.

Землетрясения похожи и не похожи одно на другое. Геологи и геофизики, изучающие развитие Земли, давно поняли, что облик ее постоянно меняется. Но происходит это, как правило, очень медленно. Лишь землетрясения и вулканические извержения относятся к быстротекущим - и потому к катастрофическим явлениям, которые словно символизируют эти перемены. На сегодняшний день не существует единой теории, достаточно полно описывающей эволюцию нашей планеты и одновременно объясняющей как движущие силы изменений, так и их результаты, видимые на поверхности Земли. (Журавлев М. Геоэкология: Учебное пособие).-М., 1982

1.4 Аудармашының тілдік тұлғасы аудармашылық қызметтің субъектісі ретінде

1.4.1 Аудармашының тілдік тұлғасының ерекшеліктері: билингвалдық тұлға және тілралалық коммуникациядағы дәнекер ретінде.

Аудармашының тілдік тұлғасын зерделеу гуманитарлық лингвистиканың жеткілікті зерттелмеген мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі тіл білімінде тілдік тұлғаны зерттеуге қызығушылық адамзат қызметіндегі тілдің элементтердің рольдері мен функцияларын зерделеу қажеттілігінен туындап отыр, бұл антропоцентристік жолдың өткерілуін талап етеді. Антропо-

центристік бағыт адамды тілдік және сөйлеу қызметін жүзеге асыратын субъект ретінде сипаттайды.

Ғалымдар «тілдік тұлға» ұғымын түрлі аспектілерде зерттейді: 1) лингводидактикалық (мұнда тілдік тұлғаның екінші тілді меңгеру, екінші тіл бірліктерін икемді және қарқынды пайдалану) тұрғысында зерделенеді; 2) психолингвистикалық (тілдік тұлғаның екінші тілде сөз тудыру және қабылдау ішкітері зерттеледі), 3) Стилистикалық (тілдік тұлға тілдің бірліктерін шығармашылықпен пайдалану, оларды функционалды стильдерге сәйкес айту, көркем мәтінді тудыру барысында, түрлі композициялық амалдарды үйлестіре білу тұрғысында қарастырылады); 4) лингвистикалық (мұнда тілдік тұлғаның қатынас нормаларын қабылдайтынын не қабылдамайтынын көрсетіп, ой тақырыбына өз бағасын білдіре отырып, мақсатына, ниетіне орай қолданады, сөйлеуші өз дискурсын құрастырады, дискурсын әлеуметтік мәртебесіне, әлеуметтік роліне орай пайдаланады. Мәдени шарттылығы мен ұлттық ділі бар белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың өкілі ретінде көрінеді, тілді білетіні және сөйлеу жағдайына сәйкес қодтанатын, түрлі білім салаларында тілдік тұлғаның біліктілік деңгейіне сәйкес дискурсты өткеру конвенциясы мен стратегиясын білетінін таныта отырып, тілдік кодтың бір формасынан басқасына көшеді).

Лингвистикада тілдік тұлғаның болу мәртебесі, олардың өз дискурсын қалай актуалды етуіне, қандай тілдерді, қандай құндылық бағдарларды, ұстанымдарды ұстауына, қандай өнерлік тұжырымдарды өткеруіне, қоғамда қандай страттардың өкілі екендігіне, этностық топтардың мүшесі болу-болмауына және басқаларына қарай әр түрлі тұлға түрі анықталады, сондықтан зертеушілер тілдік тұлғаның әр түрлі типтерін зерделейді: тілдік (Ю.Ю.Караулов), коммуникативтік (В.П.Конецкая), билингвалды тілдік тұлға (К.М.Әбішева), ұлттық тілдік тұлға (В.В.Воровьев), мемлекеттік қызметшінің тұлғасы (Б.Хасанұлы), кәсіби тұлға (А.Г.Баранов), сөйлеу ойлау қызметінде, мінезінде, дискурста, мінез құлқында байқалатын жеке қасиеттерге ие тұлға. Бұл - сөйлеу мәнері басқалардан өзгеше, жеке қасиетке ие тұлға. Лингвистикада осы көзқарас тұрғысынан Ұлы Петрдің (Н.И.Гайнуллина), В.В.Радловтың (К.Ш.Құсайынов), К.И.Бендердің (Т.В.Кочеткова), Катуллдың (Т.Е.Пшенина), Х.Қ.Жұбановтың (А.А.Жұбанова, Ф.Е.Терекова), М.Олбрайттың (Н.Т.Қаратаева), саясаткердің (Б.С.Кәрімова) және басқалардың тұлғасы қарастырылады.

Бір кісінің басқамен қатынасу динамикасында жеке тұлғаның екі негізгі категориясы бөлінеді: 1) сол адамға іштей тән мінез қасиеттерімен байланысты, бір тұлғаға тән; 2) кездейсоқ жағдайды қабылдау мен тұлға аралық қатынас барысында, нақты жағдаймен байланысты категориялар [Raffler-Engel, 1981, 47-56].

Әңгіме кезінде адамның осындай қасиеттерін-бір сәтте басының, енді бірде басынан өткерген немесе басына түскен жағдайдық салдарын байқаймыз. Тәжірибелі интерпретатор басқаның сөзінен, оның ортақ тіл табысуға ұмтылысынан туған ниетін аңғарады.

«Тілдік тұлғаны» Ю.Н. Караулов: а) бір-бірінен тілдік құрылымдық деңгейі бойынша айырмашылығы бар; б) нақты әлемді шынайы бейнелейтін; в)

белгілі бір мақсатты көздеген сөздік шығармаларды өнім ретінде құратын, осындай мәтіндерді дұрыс қабылдауға себін тигізетін адамның қабілеттілігі мен мінез сипатының жиынтығы, - деп түсінеді [Қараулов, 1987,3]. «Тұлға» («личность») пен «тұлғалылық» («личностность») ұғымдарын ажырата білу керек. Дж.Ф.Лайонздың ойынша, «тұлғалылық» дегеніміз нақты адамның қасиеті туралы қорытынды білім, онымен қатынас сәтінде сол адамға танылатын «мінездеме»: тұлға – гипотетикалық құрылым. Осы құрылым негізінде біз адамның тұрақты қасиеттерін түсіндіріп, бір адамды басқа адамнан ерекшелендіретін мінез-сипатын ескереміз. Солар арқылы адамның келешекте көрсете алатын сипаты туралы болжаулар құрамыз» [Leyens, 1983,288].

«Аудармашының тілдік тұлғасы» терминін сипаттау барысында біз тек қана нақты тұлға туралы айтпаймыз, себебі «аудармашының тілдік тұлғасы» ұғымы – жиынтық ұғым, ол аудармашылық қызметпен айналысатын тұлғаға ғана тән бірқатар қасиеттерді сипаттайды. Аудармашы тұлғасының жиынтық бейнесін сипаттайтын мұндай қасиеттерге жататындар: *біріншіден*, екі-үш тілдік кодты меңгеруі; *екіншіден*, белгілі бір тілдік қабілетінің болуы; *үшіншіден*, екінші тілдік санаға ие болуы; *төртіншіден*, әлеуметтік мәдени біліктілігінің деңгейі жоғары болуы; *бесіншіден*, қос тілділіктің мәдени және толық типтерін меңгерген тұлға; *алтыншыдан*, белгілі бір құрылымның болуы; *жетіншіден*, басқа мәдениетті түсініп, төзетін, оны меңгеру кезінде нормалары мен құндылықтарын игеруі; *сегізіншіден*, бірнеше қоғамдардың мүшесі болуы; *тоғызыншыдан*, аудармашылық кәсіби біліктілікті, шеберлік пен білімді меңгеруі; *оныншыдан*, мәтінді ұғып, оны басқа тілде жеткізу; *он біріншіден*, ірі мәтін үзінділеріне байланысты репродукциялық қызметті жүзеге асыра білу.

Ең алдымен аудармашыны бірнеше тілді меңгерген тұлға ретінде қарастырайық, бұл оны билингв алды немесе үш лингвалды тұлға ретінде сипаттайды. К.М.Әбішева билингвалды тілдік тұлғаға мынадай анықтама береді: «Бұл тұлғаның бір көрінісі. Осындай тұлғаның қасиеттері мен мінез-сипаты келесі факторлармен байланысты: а) коммуникативтік-тілдік мұқтажымен; б) мәдени-ұлттық және когнитивтік диапазонымен; в) бірінші, екінші коммуникативтік кодтардан дұрыс, жағдаятқа сай тілдік біліктерді таңдай білу қабілеттілігімен» [Әбішева,2001,47].

Аудармашы билингвалды тұлға ретінде бір-бірінен мүлде бөлек, әрқайсысында өз ұғымдар жиынтығы бар қостілділіктің координатты түрін меңгеруімен сипатталады. Бұл қостілділік түрінде екі тіл бір-бірінен бөлектенеді, әр тілдің өзінің ұғымдарының терімі бар. Екі тілдің грамматикалық категориялары да байланыссыз. Осындай қостілдікті «толық қостілдік» деп атауға болады. Е. Д. Сулейменованың пайымдауынша, «толық қостілділік екі тілді меңгеруді қажет етеді. Бұндай қостілділік өте сирек кездеседі» [Сулейменова, 1996].

Толық қос тілдік кәсіби шеберліктің жоғары деңгейі ретінде белгілі бір адамдар тобына-жазушыларға, аудармашыларға тән, сондықтан С.Талжанов аудармашының толық, координатты қос тілді меңгеруінің қажеттілігіне назар аударады: «Дәлін айтқанда қиындықтың ең зоры-екі халықтың әдет-ғұрыпына, өмір түйген тәжірибесіне, қалыптасқан ұғымына байланысты болады.

Солардың арасын білдірмей біріктіріп, тігісін жаттықтыру – аудармашының шеберлігінен туады. Оны істеу үшін аударушы оригиналды оқығанда өз тілін, ол соны аударуға бастағанда оригинал тілін ұмытып отыру керек» [Талжанов,1962].

Осындай координатты толық қостілдікті меңгеру аудармашының кәсіби біліктілік талаптарына сай, себебі екінші тілді толық білмеу (екінші тілді ана тілінің сүзгісі арқылы қабылданғанда), аралас қостілдікте екі тіл жүйесін араластырғанда (сөзді талдау мен синтездердің бірыңғай тетігі болғанда, екі тілдің тек қана үстіңгі қабаттың құрылымдары ғана бір-бірінен ерекшеленеді), екінші тілді дұрыс, толық білмегендіктен интерференциялық қателер пайда болады.

Аудармашы-билингвтің ерекше қасиеті – қостілділіктің мәдени типін меңгеру. Қостілділіктің бұл типі – тоғыспайтын билингвизмнің нәтижесі, онда қоғамның жекелеген жіктері мәдени қызығушылығының, кәсіби қажеттіліктің, беделі мен қажеттіліктен туатын екінші тілді саналы таңдаудың салдарынан мәтіндермен екінші тілде танысады, екінші тілді меңгереді.

Қостілділіктің осындай типін меңгеру қос тілді коммуникация жағдайында делдалды қажет ететін қоғамның өзекті сұраныстарынан туады, онда жеке адамның қос тілді білуі қоғамның аудармашыларға сұранысын қанағаттандыруға, сол сияқты кітаптарды, ғылыми мақалаларды, басылымдарды, техникалық әдебиетті бір тілден басқасына аудару жолымен басқа халықтардың мәдени жетістіктері жөніндегі қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

Мәдени қостілділік – жазу арналары бойынша жүзеге асырылатын қостілділік. Бұл екі тілдің байланысы арқылы қоғамның мәдени сұраныстарын қанағаттандыратын, перстраттық қатынас жағдайларында өткерілетін қостілділік. Онда перстраттық байланыс екі тілдің әдеби формасының негізінде жүзеге асады. Мұндайда аудармашылар өз қоғамының өкілдерін басқа мәдениеттердің жетістігімен таныстырумен қоса қоғамның жаңа қатынас құралдарына сұранысын қанағаттандырады. Ондай жағдайда олар реинтерпретация тетігін өткереді.

Реинтерпретацияның лингвистикалық тетігі жеке тілдерді тұтас, сонымен бірге объективті ақиқатты мүшеуедің бір-бірін толықтырушы ретінде түсіну мүмкіншілігімен түсіндірілетін тәрізді. В.Ф. Гумбольдт «әрбір тілді ауыспалы мағынада тұтастықтың фрагменті деп сипаттауға болады. Бүтін бір-бірімен әрекеттесетін, біркелкі түрде қалыптасқан бөліктерден құралады. Егерде тілдерді туысқандық тұғырынан қарастырмаса олар бірін-бірі толықтырады деп санауға болады, - дейді» [Гумбольдт, 1984].

Тұтастыққа кіретін осындай әрбір «тіл-үзінді», өзіне тән әлем көрінісімен және техникалық құралдарды ұйымдастыруымен басқа барлық тілдерден «теңгермесіз» шектеліп қана қоймай, сол «толықтырудың» әсерімен басқа тілдермен байланысады.

Жаңа тілдік жүйелермен танысу барысында билингв «инвариантты» грамматикалық және кең тілдік категориялар сияқты функционалдық-семантикалық ұқсастықтарды түрліше, нақты өткерумен ұшырасады. Екі тілдік

жүйені меңгерген кісиде «кемшілікті» сезіну ізденіс пен реинтерпретацияға құлшыныс тудырылады.

Аудармашы бірнеше социумға енуімен сипатталады, себебі түрлі лингвомәдени қауымдастықтардың мүшесі болып табылады, бірнеше тілді меңгеруі оның басқа социумға енуіне, сол немесе басқа лингвомәдени социумның өзге мүшелерімен ұқсас болуына ықпал етеді. Мұндай жағдайда «биллингвизм екі және басқа тілдерді меңгерген ұжымдардың арасын біріктіретін коммуникативтік көпірге тәрізді болады» [Карлинский, 2007].

Басқа лингвомәдени қауымдастыққа аккультурациялану үшін екінші тілдік сананы меңгеруі аудармашыға тән қасиет болып табылады. Ол басқа халықтарға тән әлемнің тілдік суретінде еркін бағдар ұстауға, өзге мәдениеттің құндылық принциптерін, нормаларды, құндылық бағдарларды білуге, бірінші коммуникация бойынша серіктеске (мәтінді жіберуші), сондай-ақ екінші мәдениеттаралық коммуникация бойынша серіктеске (мәтінді алушының тәжірибесіне) өз тәжірибесін сәйкестендіреді. Басқа қоғам мүшелері сіңірген өзге мәдениет жүйесінің шеңберінде инкультурация мен әлеуметтену үдерісінде ол өзінің екінші тілдік санасын қалыптастырады. Осылай болғанда ғана бастапқы мәтінді толықтай ұғады, мәтінді алушының нормаларына бағдар ұстай отырып, оны басқа тілде түсіндіріп, таңбалап, жеткізеді. Мәтіндерді (бастапқы және аударма мәтіндерін) ұғынып, түсіндіруге мұндай жағдайда ортақ қызметін жүзеге асырудағы ұқсастық, коммуникация жағдайларының ортақтығы (ортақ тілдің болуы), мәтінді жөнелтуші, сондай-ақ алушы игерген құндылық контекстерінің фонында мәтіннің мазмұны мен автордың айтпақ ойын пайымдау жағдайларының болуы ықпал етеді.

Аудармашы – екінші репродукциялық аудармашылық қызметті жүзеге асыратын кісі, себебі мәтінді қайта кодтау, ұғыну және түсіндіру барысында соны екінші тілде қайта кодтайды, адресаттың нормативтік қондырғыларына аударма мәтінін бейімдей, шығармашылықпен өңдейді, келіспейтін жерлерін келістіреді. Аудармашының репродукциялық қызметінің мәні түпнұсқа мәтінін аударма тілінде шығару. Түпнұсқа мәтінін жаңғырту үдерісінде аудармашы бастапқы мәтіннің әр сөзін сөзбе-сөз аударуға тырыспайды, алынған ақпараттағы ойды екінші тілдің материалдық бірліктерімен жеткізеді. Алынған ақпараттың ойын айтып болған соң, аудармашы аударма мәтінін бастапқы мәтінге сәйкестендіреді, ақпараттың аударма тілінде толық бермегенін байқаса, олқылықтың орнын толтыру стратегиясын іздестіреді. Бұл жағдайда ол түпнұсқа мәтінді жай ғана жеткізе салмай қажетті сөздерді, сөз тіркестерін іріктеу, лексикалық – синтаксистік, стилистикалық әрін келтіру, бастапқы және аударма мәтіндерге функционалдық-стилистикалық және жанрлық сәйкестікке, автордың ойымен ниетінің барабарлығы жетісу жолымен оны шығармашылықпен өңдейді.

Осылайша аудармашының тілдік тұлғасы өзіне ғана тән белгілі бір қасиеттердің (екі тілді білу, қостілділіктің толық және мәдени типтерін меңгеру, репродукциялық аудармашылық қызметті жүзеге асыру, аудармашылық өтемің шығарғы деңгейіне жету, басқа лингвомәдени

қауымдастықтың мәдениетін білу, өзін түрлі социумдардың өкілі ретінде сезіну) болуымен сипатталады.

1.4.2 Аудармашының тілдік тұлғасының құрылымы

Ю.Н. Караулов өзінің теориялық – гносеологиялық моделінде тілдік тұлғаның сан-алуан сапалық нышандарын, вербальды- семантикалық, когнитивтік және прагматикалық үш түрі сипатында қарастыруға мүмкіндік беретін үш деңгейді бөледі [Караулов, 1987, 3].

Өзіне тән қасиеттерімен мінезі бар тұлға ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін, оны лингвокогнитивтік және мәдени диапазонды, коммуникативтік сұраныс дәрежесін мәдениетаралық біліктілікті, тіл шеберлігі мен қабілетті меңгерген тұлға ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін тілдік тұлғаның анықтаушы параметрлері: себеп-дәлелдік, вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, кәсібилік, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық, функционалдық-стилистикалық. Аудармашының тілдік тұлғасының құрылымының параметрі аудармашылық қызметтің себеп-дәлелін анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамдық сұранысқа сай, қос тілді коммуникацияға қажетті білімдерді қоғамының мүшелерін басқа халықтардың мәдениетінің, жетістігімен таныстыратын кезде қанағаттандырады. Басқа тілдің құралдарымен реинтерпретациялап, өз тілінің сөздік қорын толықтыруға, басқа мәдениеттердің жетістіктерімен, құндылықтарымен танысуға қажеттілік, аударма тілінде қажетті ақпаратты адресатқа жеткізу үдерісінде байқалады.

Аудармашылық коммуникативтік сұраныс ауызба-ауыз сөйлесу қызметінде динамикалық, қайта заттанған түрінде, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникативтік қызметтің бірінші және екінші кезеңдерінің барысында коммуникаттардың қызметтерінің іздері мен қасиеттерін сақтайтын заттанған еңбек түрінде, оймен бағалау ақпаратымен алмасуда мәдениетаралық аудармашылық коммуникацияның коммуниканттары-серіктестерінің мейлінше қажеттілігімен анықталады. Мотивациялық дәрежесі аудармашының коммуникативтік қондырғысында, оның коммуникативтік ойында шоғырландырылған қажеттіліктің күшімен анықталады. Осы тілдік-коммуникативтік қондырғы жалпы ой-ниетін білдіреді, ол сөйлеу қызметінің ішкі бағдарламаландыру кезеңінде өткенде елеулі роль атқарады. Бұндай коммуникативтік сұраныс пен ішкі ақиқат сұранысының бірлігі ретінде хабарды жөнелтушімен бір тілде сөйлеу процесінің басталуына жол ашады да, одан соң субъектіде коммуникацияның екінші кезең бастапқы мәтін кодтарын ажыратуға, оны басқа тілде қайта кодқа түсіру мен трансляцияны жүзеге асыруға қажетті күш пәрменін ұйымдастырады. Коммуникативтік-тілдік қондырғы ұйымдастырушылық, интеграциялық және селекциялық функциялар атқарады, оның маңызды рөлі келесі іс-қимылдарды актуальдендіруден байқалады: бірінші және екінші тілдерде ақпарат алмасуға қажетті күштерді ұйымдастырып, іске қосу; екі тілдік жүйені интеграциялау, ақпарат алмасуға қажетті тіл кодтарын іріктеу: сол сияқты бастапқы мәтіннің мазмұнын беру мен автордың ойын адресатқа жеткізу үшін керек тілдік құрамдарды іріктеу.

Билингв-аудармашының құрылымының вербалды-семантикалық параметріне екі тілді және екі тілдегі тілдік біліктілікті меңгеру, яғни бірінші және екінші тілдің фонетикасын, лексикасын, грамматикасын білу енеді. Оған екі тілдің лексиконы – бір тілден екінші тілге аударғанда аудармашы қолданатын бүкіл сөздер мен сөз тіркелімдерінің қоры жатады. Аудармашы тіл құралдарын жағдаятқа сай, жалпы халықтық тілде бөлінген шағын жүйелері бойынша тілдің элеуметтік дифференциациясына сәйкес қолдана білу шеберлігімен, бірінші және екінші тілдің сөздерінің мағынасын білумен ерекшеленеді. Вербалды-семантикалық параметр аудармашыны өзінің коммуникация бойынша серіктесімен бірдей ментальды бейне қалыптастырып, жалпы мәдени кеңістікте екінші тілдің таңбаларын қолдана алатын тұлға ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Ол үшін екінші қоғамның мәдениетін де меңгеруі керек, онда өзінің психикалық функцияны – сөзді дамытады, тіл екінші сөйлеу-ойлау қызметі барысында сіңеді. Сондықтан Е.Ф. Тарасовтың жалпы ментальдық бейне туралы айтқан пікірін қолдаймыз: «қоғам бір жағынан әрбір жеке тұлғаға өзінің қасиеттерін қалыптастыруға, қоршаған ортаға, басқа мәдениетке бейімделу үшін қажетті мәдениетті игеруге мүмкіншілік тудырады: екінші жағынан, меңгерілген мәдениеттің барлық қоғамның мүшелеріне ортақтығы, жалпылығы келесі жағдайда көрініс береді: коммуниканттар мәдениаралық кеңістікте тіл белгілердің денелерімен күрделі іс-әрекеттер жасау үдерісінде олармен бірге менталдық бейнелерді де ассоциялайды» [Тарасов, 1996, 9-10].

Екінші тілдің таңбаларын, сондай-ақ олардың менталдық бейнелерін меңгеру қажеттілігі-коммуниканттардың өзара түсінісуінің шарты. Сол үшін аудармашы екінші тілдік сананы меңгеруге тиіс, себебі олар бір жағынан әлемді меңгерудің ықтималды нобайларының варианттарының бірін (әр тілде әлемді концептуализациялаудың өзіндік әдісі бар, сондықтан әр тілде әлемнің ерекше тілдік көрінісі бар) білдіреді, екінші жағынан, тілдік сана-тілдік таңбаларды қалыптастыру, сақтау және қайта өңдеу құралы. Демек, тілдік тұлғада бірінші және екінші тілдік сананың болуы оның басқа халықтардың тілдік әлемін білетінін білдіреді, ортақ тіл мен ортақ элеуметтік-мәдени тәжірибенің болуы коммуниканттардың өзара түсінісуіне ықпал етеді.

Лингвокогнитивтік параметрге интеллектуалдық және эмоциялық тұрғыда аудармашының ішкі әлемді тану үдерісінде қалыптасатын көптеген сипаттамалар енеді. Аудармашының тілдік тұлғасы үшін елеулі когнитивтік сипаттардың арасында, біріншіден, ой мен бағалау ақпаратын барабар қабылдау мен түсінуді қамтамасыз ететін екі тілдік жүйені білуді, басқа халық өкілінің мәдениетін, құндылық нормаларын білуді атап көрсеткен жөн, мұндай жағдайда тілді меңгерудің когнитивтік астары туралы айтуға болады: А.А.Леонтьевтің пікірінше, «біз тілді меңгерудің коммуникативті-әрекетті тұғырынан қарастырсақ, онда серіктес коммуникантқа қарай бағдарлануды ұмытпау жөн. Шет ел тілін меңгеру барысында біз осы халыққа тән әлемнің бейнесін игереміз, нақты әлемді ұлттық мәдениеттің аралық әсерімен қараймыз. Осындай мәдениеттің бөлшегі тіл болып табылады. Сондықтан да тілді меңгеру үдерісінде маңызды келесі мәселелерді шешуге назар аудару керек: 1)

баска тілді өзінің тіліндей игеру қажет; 2) баска тілді когнитивтік деңгейде меңгеру үшін, сол елдің ұлттық құндылықтары мен құндылықты бағдарларын да білу керек» [Леонтьев, 1999, 43]

Бірінші және екінші тілдердің екі негерлері халқықтардың мәдени жүйелерінің ортақтастығы, әлем бейнелерінің ұқсастығы аудармашылық қызмет үдерісінде коммуниканттардың табыстылығына, барабарлығы мен түсіністігіне ықпал ететін болады.

Когнитивтік сипаттамаларға халықтардың әлемінің тілдік көріністері туралы мәліметтер ғана емес, әлем туралы білім, концепттер туралы ұғым, менталдық құрылымдар және оларды тілде экспликациялау тәсілдері туралы түсініктер де енеді.


Когнитивтік параметр айтылғанның мағынасын түсінуді талап өтеді. Түсінгенде аудармашы сол контекске сәйкесетін сөздің мағынасын да дәл таңдауға тиіс. Ойды түсіну үдерісінде аудармашы бірінші кезекте мәтінді қабылдаумен байланысты факторларды өзекті етеді: 1) «өзіндік» және «өзгелік» қабылдаудың ұқсастық факторы, этноцентристік қондырғыларды еңсеру; 2) коммуниканттардың ойлау-сөйлеу қызметтерінің ұқсастығы; 3) тілдік жүйелердің ұқсастығы (ортақ тілдің болуы); 4) мәтіннің нышандарын білу (тақырып, тұтастық, байланыстылық, құрылымдылық, ақпараттылық); 5) жеке тұлғалық сананың ерекшеліктеріне байланысты факторлар (тезаурусты меңгеру дәрежесі, тілдік ойлау стереотипизациясы, біліктілік деңгейі, фондық білімнің болуы және басқалары).

Әлеуметтік-мәдени параметр бірінші және екінші тілдік кодтың әлеуметтік варианттылығымен; тұлғалық пен мәтіннің әлеуметтік сипатына қарай тілдік құралдардың варианттылығын барабар бере білумен; модельдендірілген мәтінге салынған ұлттық ерекше мазмұнды барабар жеткізу қабілетімен; мәтіннің көркемдік бейнесін барабар жеткізумен; мәдени стандарттарды, нормаларды жаңғыртуға қабілетті эквивалентті тілдік құралдарды іздеумен; аудармашының бастапқы хабарды, айтылымды, мәтінді түсіну үдерісінде коммуникант-рецептор ретінде бірінші коммуникантпен немесе бастапқы мәтінмен әлеуметтік өзара әрекеттестік шеңберінде бастапқы тіл мәдениетінің әлеуметтік қатынастар желісіне енумен, бастапқы мәтінде өткерілетін этностық және мәдени стереотиптерімен, мәтін арқылы мәдениет пен тіл иелерімен, әлеуметтік-мәдени әрекеттестік ережелерін меңгерумен, өзге социумда екінші санасын әлеуметтендірумен байланысты.

Функционалдық параметрге келесі негізгі сипаттамалар енеді, атап айтқанда: 1) аудармашылық қызмет үдерісінде коммуникативтік, прагматикалық және репрезентативтік функцияларды өткеру үшін екі тілдік жүйенің вербальды және вербальды емес құралдар қорын практикалық түрде меңгеру; 2) бірінші және екінші тілдердің бірліктерін біліп қана қоймай, оларды жағдайлық ауытқуларға сәйкес қолдана білу, түрлендіре білу; 3) бір тілден басқасына ауыса білу; 4) бастапқы мәтінді қабылдай (перцептивтік функция) білу; 5) коммуникация бойынша серіктестермен байланысқа шыға білу (мәтінді жөнелтуші мен оны басқа тілде алушының қатынасын көрсететін) – фатикалық функция; 6) сөйлеу және мәдениет нормаларының, қатынас

қағидаларының көмегімен коммуникацияны реттей білу (реттеу функциясы); 7) суреттеу құралдарын, мәтін авторының сезімін, модальдық сипаттарын дәлме-дәл жеткізе білу (экспрессивтік және эмоционалдық функциялар).

Прагматикалық фактор. Бұл факторға аудармашылық қызмет үдерісінде мәдениетаралық коммуникацияның бірінші және екінші деңгейінің мақсаттарымен мен және міндеттерімен анықталатын сипаттар енеді. Прагматикалық сипаттамаға сондай-ақ коммуникативтік және аудармашылық стратегиялар мен тактикаларды білу, бірінші және екінші тілдерде қатынастың коммуникативтік-прагматикалық нормаларын білу, сөйлесу жағдайларын, мәдениетаралық сөйлесу актісінің ерекшеліктерін білу, белгілі бір қатынас жағдайларында коммуниканттардың әдеби мен сөйлесу тәртібінің ережелерін білу жатады.



7 сурет – Аудармашының тілдік тұлғасының құрылымы

Аудармашының құрылымының кәсіби параметріне, біріншіден, белгілі бір кәсіби топқа – қоғамның ортасына, адамдар тобына жатуына байланысты, ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылатын мамандандырылған және институттандырылған қызметпен байланысты сипаттамалар енеді. Бұл топқа

ұзақ уақыт бойы тілдік-мәтіндік рухани-практикалық қызметпен айналысатын адамдар енеді, соның салдарынан осы топ мүшелерінің бәрінің кәсіби әлеуметтік-мәдени тәжірибесі, дағдылары, кәсіби жаргондары бірдей болмақ; екіншіден, репродукциялық типті қызмет ретінде аудармашылық қызметтің негіздерін білу; үшіншіден, бірнеше тілді білу; төртіншіден, кәсіби біліктілік деңгейі; бесіншіден, мәдени біліктілікті игеру; алтыншыдан, кәсіптіліктің үйлестірушілік және мәдени типтерін білу; жетіншіден, мәтінді шығармашылықпен өңдей білу, аударма барысында өзінің тілдік қабілеті мен шеберлігін таныту.

Аудармашылық қызметі үдерісінде аудармашыны сипаттайтын типтік параметрлердің болуы № 7 нобайда аудармашының тілдік тұлғасының құрылымының жинақталған түрде көрсетуге мүмкіндік береді

Қорыта айтқанда, аудармашының тілдік тұлғасын сипаттау үшін оның негізгі параметрлерін білу керек (себеп-дәлелдік, лингвокогнитивтік, мәдениәлеуметтік, функционалдық, вербальды-семантикалық, кәсіби). Осы параметрлер аудармашыға тән, солар арқылы аудармашы басқа тілдік тұлғалардан ерекшеленеді.

1.4.3 Аудармашының тілдік қабілеттілігі, тәржімәлілік құзыреттілігі, олардың құрылымдық бөлшектері

Аудармашының сөздік-ойлау әрекетінің дамуы негізгі қасиеттерінің жүйесін жүзеге асырумен байланысты. Аудармашының негізгі қасиеттеріне тілдік қабілеттілікті және аудармашылық құзыреттілікті жатқызуға болады. Ю.Н. Караулов тілдік қабілеттілікті аудармашының бастапқы қасиеті деп санайды. Тілдік қабілеттілік-күрделі ұғым. Ол тілдік дағдыларды, әртүрлі деңгейде өткеретін сөздік қылықтарды, әрекеттерді (сөйлеу, тындау, жазу, оқу) білу, тілдің деңгейлерін (фонетика, лексика, грамматика) игеру болып табылады [Караулов, 1987, 5].

«Тілдік қабілет» ұғымына А.М.Шахнарович, Н.М.Юрьева мынадай анықтама береді: «бұл иерархиялық түрде ұйымдастырылған функционалдық жүйе. Ол туған тілдің жүйесіндегі элементтерді шағылдыру және топтап қорыту үдерістердің нәтижесіне тәрізді. Осы иерархиялық жүйе белгілі, саналы түрде игерілмеген ережелер арқылы жүзеге асады. Қорыта айтқанда, тілдік қабілеттілікке белгілі элементтер жүйесімен қоса олардың таңдауын реттейтін ережелер жатады. Осы иерархиялық түрде ұйымдастырылған жүйеде фонетикалық, грамматикалық және синтаксистік компоненттер бар» [Шахнарович, Юрьева, 1990, 42].

А.А.Леонтьевтың пайымдауынша тілдік қабілеттілікті үш мүшелік шеңберінде (тілдік қабілеттілік, тілдік үдеріс, тілдік стандарт) қарастыру керек [Леонтьев, 1965].

Аудармашының тілдік қабілеті бірінші, сондай-ақ екінші тілдің тілдік таңбаларын меңгеруді, оларды қолдануды, түрлендіруді және барабар қабылдануды қамтамасыз етеді. Оның тілдік қабілеті тілдік таңбалар мен екінші тілдің мәдениет нормаларын меңгеру барысында байқалады.

Аудармашының тілдік қабілеттілігі екінші тілдің мәдениеті мен тілдік белгілерін игеру үдерісінде, жүзеге асады. Тілдік қабілеттілік коммуниканттардың әрекеттесу үдерісіндегі тілдік бірліктер арқылы қоғамның мәдениетін меңгерумен барабар. Тілдік қабілеттіліктің әлеуметтік табиғаты оның қоғамның мәдениетін меншіктеу үдерісінде көрініс береді.

Тілдік қабілеттің әлеуметтік табиғаты, бір жағынан, адамдардың әлеуметтік болмысын модельдендіретін тілдік таңбалары жүйесін меңгеру үдерісінде жасақталуымен, екінші жағынан, сол меңгеру үшін алғышарт – тұлғааралық қатынас тудыратын қызмет формасының шешуші роль атқаруымен анықталады.

Екінші тілді меңгеру үдерісінде аудармашының тілдік қабілеті тілдің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық компоненттерін, оның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ережелерін меңгеруден танылады. Тілдік қабілеттің семантикалық компоненті «ақиқат үзіндісі» мен оны білдіретін айтылымның арасында тілдік құралдардың көмегімен жағдайдың бөлініп алынған элементтерін белгілеуді мақсат еткен ақиқатты құрылымдау үдерісінде қалыптасады. Семантиканы меңгеру, семантикалық құрылымдарын жасақтаудың негізінде дәл осы үдеріс жатыр. Сөз айтылымдарын тудыру үшін де осы үдеріс тән. Ол айтылым бағдарламасын құрумен аяқталағын сөйлегенге дейінгі кезеңде сөз тудыру үдерісінде орын алады. Мұндай жағдайда «интенция – себеп – дәлел мен бағдарлама» блоктарының арасында айтылымды тудыру моделінің семантикалық деңгейі де жүзеге асырылады. Интенция және дәлел-себеп «жағдаяттың семантикалық мазмұнды элементтерін көрнекі етіп, көзге түсіру, оларға тән белгілерді толықтыру, маңыздылығына қарай иерархиялық құрылымдарға жатқызу. Ал сөзді бағдарлау деңгейінде коммуникант лексико-грамматикалық және синтаксистік бағдарламаларды құрумен шектелмей семантикалық бағдарламаны да жасайды. Соңғы бағдарлама тілдік қабілеттіліктің семантикалық компонентін жүзеге асырады» [Шахнарович, Юрьева, 1990, 51].

Аудармашының тілдік қабілетін екінші тілде сөйлеу тетіктерін меңгеру мүмкіншіліктерін, сонымен қоса тілдік қабілеттіліктің компоненттерін игеру мүмкіншіліктерін дамыту үдерісі деп түсініп, оны аудармашының құзыреттілігінен айыра білу керек. В.Вильстың ойынша, аудармашының құзыреттілігіне аударманың негізінде жататын ауыстыру құзыреттілігі кіреді. Ауыстыру құзыреттілігіне тілдік, тілден тыс, рецептивтік, репродуктивтік компетенциялар кіреді.

Аудармашының құзыреттілігі келесі дағдылар құрайды: 1) тәржімашының аударма мәтінінің мәнін түсінуі; 2) аудармашының белгілі стратегияларды қолдану ептіліктері; 3) сөйлеудің функционалдық болашақ жоспарын құру шеберлігі – осының бәрі де аудармашының құзыреттілігінің іргетасын қалайды» [Wills, 1997, 284].

В. Вильстың «ауыстыру біліктілігі» ұғымына қарағанда Д. Хаймстың коммуникативтік біліктілік туралы айтқаны аудармашылық біліктілік ұғымына жақынырақ. Д. Хаймстың айтуынша, коммуникативтік біліктілік өзара әрекеттестіктің нақты актілерінде мінез-құлық нормаларын қолдануды

көрсетеді. Бұл ұғымға төрт параметр енеді; грамматикалық дұрыстық, откерілімділік, жарамдылық және тоғысу. Ғалымның пайымдауынша, «құзыреттілік ұстанымдармен, құндылықтармен, тілді уәждендіру және қолдану факторларымен байланысты» [Hymes, 1972, 277-278].

Коммуникативтік біліктіліктің кейбір компоненттері аудармашылық біліктілікке үйлеседі. Мәселен, жарамдылық (айтылымның контекске немесе жағдайға сәйкестігі), аударма үдерісінде тілден тыс факторларды есепке алумен қатар түпнұсқада және аударма мәтінде қолданатын формалардың контекстін де ескеруге бағыттайды. Сонымен қоса, «жарамдылық» ұғымы екі коммуникативтік жағдаяттарды, яғни түпнұсқалық мәтіндегі жағдаятты (оның қатысушыларымен, рөлдік қатынастарымен) және аударма мәтініндегі жағдаяттың ұқсас болуына назар аударады.

Тоғысушылық ұғымы сол сияқты аудармаға қатысты ерекше мағынаға ие болады, себебі ұқсас бірліктер екі тілде де кездесуі мүмкін, алайда олар өз жиілігімен (тоғысушылығымен) бір-бірінен айтарлықтай өзгеше.

А.Д. Швейцердің еңбектеріндегі аудармашыға тіларалық және мәдениетаралық біліктілік актісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін барлық біліктілік сипаттары енген аудармашылық біліктілік анықтамасы дұрыс деп білеміз. «Аудармашылық біліктіліктің құрамына келесі ептіліктер кіреді: 1) екі тілді жақсы білу (түпнұсқалық тілді рецептивтік деңгейде біліп, аударма тілін репродуктивтік сатыда меңгеру). Аудармашылық деңгейде игерілген екі тіл бір-бірін толықтырып, қондырма деңгейде араласады; 2) түпнұсқалық мәтінді аударма деңгейінде түсіндіруге қабілеттілігі-болу (яғни түпнұсқалық мәтінді басқа мәдениет пен тілдің иегерлері көзімен көру қабілеттілігі); 3) аудармашының технологиясын игеру (яғни түпнұсқалық мәтінді басқа тілде парапар жүзеге асыратын жосықтарының жүйесін білу, мәдени кедергілерді жою үшін қажетті өзгерту тәсілдерін игеру; 4) аударма тілінің нормаларын білу, аудармада қолданылатын стратегияларды таңдау нормасын білу; белгілі стиль мен жанрға жататын мәтіндердің нормасын білу; 5) түпнұсқалық мәтінді интерпретациялау үшін қажетті фондық білімдерді игеру; 6) шығармалық қабілеттерді көрсете білу» [Швейцер, 1988,28].

Тілдік біліктілік (бірінші және екінші тілдердің тілдік біліктіліктерін білу), коммуникативтік біліктілік (тілдерді меңгеру: бірінші тілді түсіну деңгейінде, екінші тілді мәтін құрастыру деңгейінде білу бірінші және екінші тілдік кодтарды тудыру деңгейінде, белгілі бір жағдайларда, белгілі бір коммуникативтік міндеттерді атқарғанда қажет тілдік бірліктерді білу), социолингвистикалық және жағдайлық өзгермелілер туралы, функционалдық стильдер туралы, әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік рөлдер мен олардың эспектациялары туралы, тілдің қолданылу формалары (әдеби тіл, аумақтық және әлеуметтік диалектілер, қарапайым тіл) туралы мәліметтерді білу, қос тілді меңгеру), мәдениетаралық біліктілік (басқа халықтың құндылық принциптері мен мәдениетінің компоненттерін білу, басқа лингвомәдени қауымдастық өкілдеріне тән мінез-құлық қағидаларын, этностық нормаларын, құндылық бағдарларын білу), прагматикалық біліктілік (аудармашылық нормаларды, аударма стратегияларын білу), іскери біліктілік (аударманың

амалдары мен технологияларын, аудармашылық қызметтің ерекшеліктері туралы мәліметтерді, т.с.с білу) аудармашылық біліктіліктің құрамалары болып табылады.

Сөйтіп, өзінің тілдік қабілеттері мен кәсіби аудармашылық біліктілігін дамыта білу аудармашыны тілдік тұлға ретінде сипаттайтын негізгі қасиеттері болып табылады.

Қорытынды

1) «Аудармашының тілдік тұлғасы» ұғымын тандау оны түпкі «тілдік тұлғаның» түрлік ұғымы ретінде айтуға мүмкіндік береді. Аудармашының тілдік тұлғасы» жалпы тілдік тұлғаға, сондай-ақ жеке басына тән ерекше қасиеттердің болуымен сипатталады. «Аудармашының тілдік тұлғасы» аудармашылық қызметпен айналысатын адамдарға тән бірқатар мінездемелер енетін жиынтық ұғым. Оған жататындар: а) бірнеше тілдік қатарды меңгеру; ә) екінші тілдің тілдік бірліктерін білу қабілеті, сол тілде сөз айтылымдарын тудыра білу, тілдік қабілеттің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық компоненттерін меңгеріп, дамыту; б) екінші тілдік сананы қалыптастыру; в) қостілділіктің толық және мәдени типтерін меңгеру; г) құрылымының болуы; ғ) басқа мәдениетке бейімделе білу; д) басқа мәдениеттің нормалары мен құндылық принциптерін білу; е) бірнеше социумға қатыстылығы (жататыны); ж) аудармашылық біліктілікті меңгеру; з) мәтіндерді пайымдап, түсіндіре білу; и) екінші тілде репродукциялық қызметті жүзеге асыра білу.

2) Аудармашының тілдік тұлғасының құрылымына бірқатар параметрлер енеді: вербальды-семантикалық (екі тілді және екі тілдегі тілдік бірліктерді меңгеру), мотивациялық (қос тілді коммуникация мен бір тілдің коды мен берілген ақпаратты екінші тілде сөйлейтін адамға жеткізе алуға қабілеті бар делдал арқылы қоғамдық сұранысты қанағаттандыру); лингвокогнитивтік (басқа халықтың әлем бейнесін меңгеру негізінде тілді когнитивтік түрде меңгеру, екінші тілдік сананы қалыптастыру, өзінің және басқаның мәдениеті туралы білімді меңгеру), әлеуметтік-мәдени (жағдайға қарай бірінші және екінші тілдің тілдік бірліктерін түрлендіре білу, коммуниканттың әлеуметтік тарихын, әлеуметтік нормаларын, әлеуметтік –мәдени қарым-қатынасын білу), функционалдық параметр (аудармашылық қызмет үдерісінде тілдің коммуникативтік, перцептивтік, фатикалық регулятивтік, экспрессивтік, эмоционалдық, репрезентациялық), кәсіптік (кәсіби тілді білу, іскери біліктілік, екі тілді білу).

3) Аудармашының тілдік тұлғасы тілдік қабілет пен аудармашылық қызмет үдерісінде мәтіннің барабар аудармасын жүзеге асыру үшін аудармашы меңгеруге тиіс алуан білім (тілдік, коммуникативтік, социолингвистикалық, мәдениетаралық, прагматикалық, іскерлік) туралы түсінік беретін әр түрлі біліктіліктер жиынтығын – аудармашының біліктіліктілігін дамыта білумен сипатталады.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. Қазіргі тіл білімінде тілдік тұлға қандай тұрғылардан зерттеледі?
2. Аудармашының тілдік тұлғасы тек өзіне тән қандай қасиеттермен сипатталады?
3. «Толық қос тілдік», «мәдени билингвизм», ұғымдарын қалай түсінесіз?
4. Аудармашының тұлғасы бірнеше лингвомәдени қауымдастықтың өкілі ретінде қарастырылатыны неге?
5. Аудармашының тілдік тұлғасының құрылымының қандай параметрлерін білесіз?
6. Мотивациялық параметрге қандай сипаттар енеді?
7. Вербальды-семантикалық параметрге не енеді?
8. Функционалдық параметрге қандай сипаттар енеді?
9. «Аудармашының тілдік тұлғасы» терминін қалай түсінесіз?
10. Аудармашылық біліктіліктің қандай құрамаларын білесіз?

Негізгі әдебиет

1. Абишева К.М. Социально-языковая контактология. – Алматы: Ғылым, 2001.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987.
3. Карлинский А.Е. Избранные труды по теории языка и лингводидактике. – Алматы, 2007.
4. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрастивной лингвистики. – Алматы: Демей, 1996.
5. Швейцер А.Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – М., 1988.

Қосымша әдебиет

1. Гумбольдт В. Опыт анализа мексиканского языка //Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М, 1985.
2. Леонтьев А.А. Слово в речевой деятельности. – М., 1965.
3. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М, 1999.
4. Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX в. (опыт парадигмального анализа) //Язык и наука в XX в. – М., 1995.
5. Талжанов С. Көркем аударма туралы. – Алматы: ҚазМемКөрӘде Баспасы, 1962.
6. Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания: формирование и функционирование. – М.: Институт языкознания РАН, 2000.
7. Шахнарович А.М., Юрьева Н.М. Психолингвистический анализ семантики и грамматики. – М.: Наука, 1990.
8. Hymes D. On communicative competence //Sociolinguistics. – Harmondsworth, 1972.
9. Leyens J. – Ph. Sommes - nous tous des psychologies: Approche Psychosociale des theories implicites de la personalite. - Bruxelles, 1983.
10. Raffer-Engel W.von. The implications of hearer background on the perception of the message: The neglected faction in soziolinguistic research //Ange-Wandte Soziolinguistik. – Tübingen, 1981.

11. Wills W. Übersetzungswissenschaft: Probleme und Methoden. – Stuttgart, 1977.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Ю.Н. Карауловтың «Русский язык и языковая личность» (М., 1981) кітабын оқып, «тілдік тұлға» ұғымының анықтамасын көшіріп алыңыз.
2. «Аудармашы тілдік тұлға ретінде» тақырыбына реферат жазыңыз.

Оқытушының басшылығымен студенттердің өздік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Параметрлерін Ю.Н. Караулов көрсеткен тілдік тұлға құрылымы мен аудармашының тілдік тұлғасының құрылымын салыстырыңыз. Қандай параметрлермен ерекшеленетінін анықтаңыз.

2. «Скелет в шкафу», «темная лошадка» фразеологиялық калькаларының мәнін білмеу билингвте қай параметрдің жеткіліксіз қалыптасқанын білдіреді?

3. Ю.Н. Карауловтың «Русский язык и языковая личность» (М., 1987) еңбегінде берген анықтаманы: «мақсаттарды, себеп-дәлелдерді, ұстанымдарды, ниеттерді өз құрамына кіргізеді. Тұлғаның қандай параметрлеріне жатқызасыз?»

4. Ю.Н. Карауловтың «Русский язык и языковая личность» (М., 1987) еңбегінде көрсетілген белгілер бойынша тілдік тұлғаның қандай параметрін еске түсіресіз: осы параметрдің бірліктері: ұғымдар, көзқарастар, концептілер. Бұлар жеке тұлғаның санасында құндылықтардың иерархиясын білдіретін жүйеленген әлемнің тілдік суретінің компоненттері болады».

5. Орыс лингвомәдениетінде тілдік тұлғалар *синий чулок, желтый дом, желтая пресса, синяя птица, белая кость, голубая кровь* сөз тіркелімдерін қолдана алады. Өзінің ана тілін – қазақ тілін ғана білетін тілдік тұлғаның лексиконында осындай сөз тіркелімдерінің бар-жоғын анықтаңыз. Мағынасы жағынан қабысатын сөз тіркелімдері болса, олардың ортақтығын анықтаңыз.

6. Әңгіме стратификациялық және жағдайлық өзгермелілер (мәртебе, роль, қатынас, позиция) туралы болса, мәдениетаралық коммуникация актісін детерминациялайтын факторларды тануға қажетті білімдер мен біліктілік түрін анықтаңыз.

7. Ойықтарды тегістей отырып, «денотациялық ойықтарды» өтеуге қажетті білімдер мен біліктілік түрін анықтаңыз. Мәдениеттер әр түрлі болған жағдайда әңгіме неге лакунадар туралы болатынын, оларды өтеудің не үшін қажеттілігін дәлелдеңіз. Ол үшін қандай стратегиялардың қажет екенін анықтаңыз.

8. Неміс лингвомәдениетінде адам мен оның мінезінің сипаты көбінде құстар мен хайуанаттардың сипатымен беріледі: *Wandervogel, Spaßvogel, Spottvogel*. Қазақ лингвомәдениетінде мұндай жағдайларда тек үй жануарларының сипаттамасы қолданылады: *қойдан қоңыр, бота, қозы, арлан, ит мінез, ат байлар, ат құлағында ойнайды, түйе тауық адам, түйе үстінен ит қатты*. Орыс лингвомәдениетінде адам мен оның мінезін сипаттау үшін өсімдіктердің,

құстардың атаулары жиі қолданылады: *Овсов, Грачев, Соловьев, стреляный воробей, гусь лапчатый, сова, ворона, сорока-воровка, перекажи-поле.*

Осы фактілер бойынша неміс, қазақ, орыс тілдік тұлғаларының номинативтік стратегияларының ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға бола ма?

1.5 Тілдік және мәдени-тарихи айырмашылықтар аударылмаушылық теориясының негізі ретінде

1.5.1 Мәдениеттер мен тілдердің ұлттық-айырмашылық шарттарының мәселелері

Кез келген аударма қалай жасалса да, тілдік тұлға-аудармашы мүшесі болып табылатын қоғамның мәдениетінің ерекшеліктерінен туындайтын қандай да бір ауытқушылықтың кездесуі мүмкін. Осыған байланысты мәдениеттердің ұлттық айырықшылығына және мәдениеттердің компоненттерінің ұлттық формасы мен ұлттық колориті бар тілге қызығушылық арта түседі. Бір тілден екінші тілге аударуға мүмкін болмау проблемасы қоршаған ортаның әр түрлі әлеуметтік-тарихи және табиғат-климат жағдайында, халықтардың тіршілік ету үдерісінде, адамдардың қызметінің маңызы мен мақсаты туралы жинақталған түсініктерінде, болмысының, іргелі құндылықтарының мәнінде көрінетін халықтың табиғат пен әлеумет ақиқатын ерекше түсінуінің нәтижесі болып табылатын элементтерінде, категорияларында, компоненттерінде, ішкі формасында, айтылу тәсілінде ерекшеліктері бар мәдениеттер мен тілдердің айырмашылығы мен тікелей байланысты. Әр түрлі экологиялық, табиғат-климат жағдайларында белгілі бір шаруашылық қызметінің түрімен айналысу үдерісінде түрліше өмір салтын ұстанатын этностар қоршаған ақиқатты өздері қалыптастырған сол ортада тіршілік етуге, өмір сүру мәніне лайық дүниетанымы арқылы түрліше қабылдайды. Адамдар өмір сүретін табиғи-географиялық және әлеуметтік-тарихи орта әр түрлі болғандықтан, әр қилы табиғи-географиялық әлеуметтік ландшафттарда, шаруашылық қызметтің әр түрімен айналысатын адамдардың ментальды қызметінің нәтижесі – мәдени пайымдары да әр түрлі болады. Олардың ұлттық формасы бар. Мәдениеттік элементтерінің ұлттық формасына «сан-алуан бейнелерде шағылған халықтың ой-пікірлерінің жүйесін жатқызуға болады. Осы жүйе халықтардың тарихының, күнделікті тұрмысының, наным-сенімдерінің, әдет-ғұрыптарының, дағдыларының, талғамдарының ерекшеліктерімен шарттанған. Сондықтан, басқа тілде көрініс тапқан ұлттық форманың ерекшеліктерін табу-аудармашының алдында тұрған ең қиын мәселелерінің бірі» [Скосярев, 1961, 285-286].

Халықтың өткені, тұрмысы, тарихы, нені ұнатып, нені ұнатпайтыны, өзіне тән ассоциациялар жүйесі ұлттық формада айнадағыдай көрініп тұрады. Аударма кезінде ұлттық форма бастапқы тілді бөтен грамматикалық нормаларға бейімдеумен емес, халықтың ұлттық және әлеуметтік айырмашылығының мәніне бойлаумен, ұлттардың психикалық бірлігінің тілде қалай айтылатынын иланымды етіп ашып көрсетумен жеткізіледі. Ұлттың

психикалық құрылымы әлдебір ұлысқа, ұлтқа тән ерекшеліктерінің жиынтығын, ұлттың колоритте көрініс тапқан алуандылығын білдіреді.

Ұлттық колоритте сыртқы нышандар мен ұлттық тілмен байланысты ішкі айырмашылық бар. Сыртқы нышандар – халықтың ұлттық-тарихи өмірінің, мәдениетінің, мінезінің, әдет-ғұрпының, сезімінің, көзқарасының көріністері мен ырымдары. Ішкі айырмашылық ұлттық тілмен байланысты. Тіл қатынас құралы ғана емес. Онда халықтың болмысы мен ойының айырықшылығы, бүкіл тарихы, сондай-ақ елдің тарихы із қалдырған.

Ұлттық тілдің ішкі айырықшылығы екі категориясында байқалады. Оның бірінші категориясына ұлттық өмір тәсілі, болмысы мен тығыз байланысты топонимдерді, ономастиканы, реалияларды, туысқандық қатынасты білдіретін сөздерді, ұлттық рәсімдерді, ұлттық түрді, қылықтарды бейнелейтін сөздерді жатқызуға болады. Екінші категориясына тілдік құрылымның ерекшелігімен байланысты ұлттық колориттың компоненттерін жатқызуға болады. Олар: идиомдар, мақал-мәтелдер, вульгаризмдер, жаргонизмдер, диалектизмдер, одағайлар, теңеулер, эпитеттер» [Файзуллаева, 1979, 24]

Ұлттың ерекшелігі туралы түсінік беретін мәдениет нышандарына мынадай ұлттық-айырмашылық компоненттері жатады:

1) Дәстүрлер (немесе мәдениеттің тұрақты элементтері, сол сияқты әдет-ғұрыптар (мәдениеттің соционормативтік саласында дәстүр сияқты саналатындар) мен рәсемдер, ритуалдар (сол қоғамда үстемдік етуші нормативтік талаптар жүйесіне ырықсыз (саналы түрде емес) қосылу функциясын атқаратындар)

2) Дәстүрлермен тығыз байланысты тұрмыстық мәдениет, оның халық мәдениетімен тығыз байланысы бар соның салдарынан жиі дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет деп аталады;

3) Күнделікті мінез-құлық (кейбір мәдениет өкілдерінің қатынас нормасының сол социумында қабылданған әдеттері, қылықтары), сондай-ақ соған байланысты кейбір лингвомәдени қауымдастық мүшелері қолданатын мимикалық және пантомимикалық (кинетикалық) кодтар;

4) Белгілі бір мәдениет өкілдерінің қоршаған ортаны қабылдау айырықшылығын көрсететін «әлемнің ұлттық суреттері», ойлау ерекшеліктері;

5) Белгілі бір этностың мәдениет дәстүрлерін танытатын көркем әдебиет [Текст как явление культуры, 1989]

Ғалымдар мәдениеттің осы компоненттерінен басқа мәдениеттің ұлттық айырмашылығын түсінуге кілт бола алатын мәдениеттің тірек сөздерін бөліп қарастырады, себебі олар белгілі бір тіл иелерінің ойлау жүйесін танытып, қалыптастырады. Сондықтан А.Д. Шмелев мәдениет концептісін маңызды категория ретінде түсіндіре келіп, былай деп жазады: «(Осы көзқарастарға (Гумбольдтың, Сепирдің, Уорфтың) сай тіл және ойлау тәсілінің бір-бірімен тығыз байланысты байқалады: бір жағынан, тілде осы тіл иегерлері үшін маңызды мәдениеттің ұстанымдары бейнеленеді; екінші жағынан, тілді игеру барысында, яғни сөздердің мағынасын меңгеру кезінде тілдің иегері нақты әлемді туған тілінде бейнеленген көзқарастарға сай түсінеді, себебі тілдік белгілерде осы мәдениеттің өкілдерінің көзқарастарына сай құндылықтар,

менталдық бейнелер көрініс береді. Сондықтан да концепт ретінде рәсімделген сөздер бір жағынан тіл иегерлерінің тәсілін бейнелесе, екінші жағынан менталдық бейнелерін тілде суреттейді» [Шмелев, 2001, 7].

1990 жылдардан бастап «әлем суреті» мен «мәдениет категориялары» ұғымдары «концепт» пен «концептосфера» сияқты басқа терминдермен ығыстырыла бастады. Анна Вежбицкаяның «Понимание культур через посредство ключевых слов» еңбегі жарыққа шыққан соң мәдениеттану мен лингвомәдениеттануда осы ұғымдар танылды, онда автор мәдениетті концептер тізбесі ретінде қарастыру керек екенін атап көрсетеді, соның ішінде Вежбицкая, бір жағынан, барлық тілдерге ортақ семантикалық эмбебаптарды, екінші жағынан мәдени-айырықша ұғымдарды бөледі. Соңғылары нақты мәдениет кеңістігінде жатады, олар шет жерде «жұмыс істемейді» - өзге мәдениет дәстүріне сәйкеспейді. А. Вежбицкаяның ойынша, «ашу», «қуаныш», «қайғы» концептілері әр түрлі тілдерде пайдаланбайтын «дәмге» ие. Осы семантикалық айырмашылықтардың артында басқа әлемнің тілдік суретінің жалпы көзқарастық ұстанымы жатыр» [Вежбицкая, 2001].

Лингвомәдениеттануда «концепт» ұғымы «мәдениет категориясы» ұғымының синонимі ретінде қарастырылады, себебі, концепт мәдениет категориясы тәрізді әлемнің ментальді суретінің бірлігі ретінде зерттелінеді. Концепт ұзақ мерзімді жадында сол ұғыммен байланысты барлық белгілі мәліметтер мен фактілерді «суыртпақталатып» әлдебір мәдениеттің ассоциациялық кеңістігінен өткізеді. Ю.С. Степанов та концептке «кең мәдени ұғым», «адамның басындағы мәдениет шоғыры», - дейді. Мәдениетті Ю.С. Степанов концептілердің жиынтығы, олардың байланыстарының шоғыры деп түсіндіреді, сондықтан да ғалым концепті мәдениеттің адамның менталдық әлеміндегі негізгі торы деп санайды [Степанов, 1997].

Концепттер мәдениеттік тірек сөздері ретінде этносты әлем туралы мәдени-ұлттық түсінігін бейнелейді. Олар санада ментальды мән ретінде көрінеді, алайда тілде аты бар және белгілі бір тілдің құралдарының көмегімен экспликацияланады. Көптеген концептер эмбебапты, мысалы «қайырылымдылық», «еңбек», «уақыт», «кеңістік», «бақыт», «тағдыр», «сұлулық» және басқа концепттер басқа мәдениеттерде негізгі категориялары ретінде ұшырасады. Осы концепттердің айырмашылығы, біріншіден, сол этносқа тән әлем туралы түсініктерін, құндылық бағдарларын, этностың дүниетаным қондырғыларын, ерекше архетиптерді адамның мінез құлқын қоршаған әлемді түсінуін қалыптастыратын этностық ұжым психикасының саналы және санадан тыс элементтерінің жиынтығын көрсетуінде осының бәрі санамызда мәдениеттің тұрақты принципі ретінде байқалатын мәдениет константтары болып табылатын ментальды құрылымдар түрінде сақталады. Екіншіден, көптеген мәдениеттерде бар эмбебап концепттерден өзге тек сол мәдениеттің шеңберінде қалыптасып, оның құндылықтық принциптерін танытатын айырықшалары да бар. Үшіншіден, концепттердің экспликациялық тәсілдері мен ассоциациялық өрістері әркілі және түрлі халықтардың тілдік әлем суретінде барабар емес. Төртіншіден, түрлі мәдениеттердің концепттері ерекше мәдени мағынаға ие. В.Р. Козловский мәдени мәнді ой айқындылығы деп

біледі: «мәдени мән мәдениеттік жалпылықты бейнелеумен қоса әлемнің компоненттерінің заттық-мағыналық және белгілілік-символикалық мәдени жалпылығын және табиғилығын, әлемді меңгерумен байланысты адамдардың тәжірибесін бейнелейді. Олар мәдени әлемнің жан-жақты ұғынған, түсіндірілген шынайылығы. Солар арқылы өмір үшін мәнді әлемге деген көзқарастарды, ұстанымдарды бейнелеуге болады» [Козловский, 1990,91].

Концептердегі мәдени мағына қатысты және абсолютті болуы мүмкін. Концептке қатысты мәдени мағына басқа мәдениеттермен кездесу мен диалог кезінде танылады, ал концептің абсолютті мағынасы белгілі экологиялық қуыста және шаруашылық қызметтің арнайы түрімен айналысқанда сол этностың құндылық қондырғылары, өмір салты арқылы көрініс береді. Сол мағына құбылыс туралы түсінік пен тәжірибе жинақтау нәтижесінде, бір ұғымға сифызылатын белгілі өмір мағынасы ретінде әлдебір мәдениет өкілдерінің іштей түсінуімен анықталады. Өмірлік мағына мәдени мағынаның түрі ретінде халыққа, руға тән жоғары құндылықтарды білу негізінде танылып, адамның басқа адамдармен және әлеммен бірігуі, өзін соларға ұқсатуы, адамгершілік мағынасына ие болуы мүмкін. Қоғамда әлеуметтену үдерісінде адам бойына сіңірген өмірлік мағына адамның өзін басқалармен тең сезінуіне, ауыртпалықты көтеруіне, жақын-жуықтарымен ылтипатты болуына көмектеседі.

Өмірлік мағына адамға қоғамның белгілі бір нормаларын сақтағанда жуғады. Бұл нормалар, мәдени құндылықтары-бірге өмір сүру принциптерін (әдет-ғұрып, мінез құлық пен сана) болып табылады. Нормативтік құндылықтарда, мінез-құлық өнегелерін де, архиптер де, концептің мәдени-ментальдік ядросында орналасқан. Адам объективті ақиқатты өз санасында айнадағыдай жарқыратпағанмен, осы әлемді эрқашан белгілі бір құндылықтар тұрғысынан сезінеді. Құндылық ақиқат дүниесінің бірінші формасындай көрініп, санаға адамның құндылықтық қатынасы арқылы кіреді. Мәдени мағына адамның объективті әлем дүниесіне құндылықтық қатынасын, соған қатынасты құндылықтық бағдарын, бағасын білдіреді. Концепттер өзінің мәдени менталдық құрамалары-мәдени мағынасында ментальдық түсінік түрінде құндылық принциптерін, қондырғыларды, құндылықтық бағдарларды, заттың мәні туралы түсінікті, нормативтік қондырғыларды, талаптарды айту мүмкіндіктерін, мінез-құлық үлгілерін қамтиды. Концептің мәдени-ментальдық компонентіне енетін осы менталдық түсініктердің бәрі әр түрлі бейнелеп және бейнелемей айту құралдарының көмегімен түрлі тілдерге экспликациялануы мүмкін. Әмбебапты концепттерде мәдениет категорияларының жиынтығы – концептосфералардағы менталдық құрылымның ұқсастығына карамастан әр түрлі тілдік әлем суреттерінде, әр түрлі номинативтік және бейнелік түсінік бар. Мысалы «уақыт» концепті көптеген тілдерде әмбебапты, объективті әлемнің айырықша құрылымдануы мен оның концептуалдануының нәтижесі ретінде көрінетін мәдени-тілдік айырықшылыққа ие. Мәселен, қазақтарда «уақыт» категориясы қатысты табиғатпен және әлеуметтік өмірмен бірігіп кеткен шаруашылық қызметпен байланысты ерекше этностық дүниетаным қалыптасқан. Қазақтар уақытты сезіммен қабылдайды. Онысы негізгі кәсібі-

мал шарушылығынан туған. М. Орынбековтің сөзімен айтқанда, «протоқазақтардың болмыстық реалияларына жақындығы, қабылданатын және бақыланатын құбылыстарға сезімдік жақындылығы, осы болмыста өзін-өзі батыл ұстауы – осының бәрі де уақытты түсінуде көрініс берді» [Орынбеков, 1994,12]. Көшпелі шаруашылық қызметімен байланысты қазақтарды өмір салты жеке құбылыстарды тіркеп қана қоймай, оларды түсінуге, түсіндіре білуге мәжбүрледі, сондықтан қазақтар табиғат-климат жағдайларының және метеорологиялық жағдайлардың өзгерістеріне үнемі сергек қарады. Соның арқасында табиғат құбылыстарының қайталанып отыратынын білді. Осы түсінік циклдік уақыттың негізінде жатыр, онда метеорологиялық өзгерістердің мерзімділігі, қайталанушылығы, он екі жылдық жыл санаудың негізіне алынды. *Мифологиялық уақыт* – аркылы мифологиялық уақыт жайлы баяндайтын уақиға шектері, нақты уақиғалар өлшенетін уақыт. *Экологиялық уақыт* белгілі бір маусымдарға байланысты жұмыстар бойынша анықталады (көктеу, күзеу, жайлау, қыстау). Экологиялық уақыт бойынша тәуліктер де «уақыт бөлектеріне бөлінеді» («таң», «сәске», «акшам», «ымырт», «сам батарда» және т.б.). Генеалогиялық уақыт уақытты рулық хроника негізінде есептеуге мүмкіндік береді, мысалы: «Божейдің асынан бес жыл бұрын туған», «Бұл арқада, Сағынның асы берілгенде болған» сөйлемдерді уақыттың өмірінде есте қалатын уақиғалардың басталатынын көрсетеді. Әдетте уақыт есебі әйгілі астардан басталған. *Жағдайлық уақыт* мал күтіміне және басқаларына байланысты әлдебір шаруаны атқаруға, жұрттың нақты кәсібімен айналысуына кететін мерзім өлшемімен байланыстырылады; мысалы: «бие сауым уақыт», «ат шалдырым уақыт», «қозы жамыраған кез», «қой қоралаған мезгіл», «шай қайнатым уақыт», «ет пісірім уақыт» т.б.. Орыстың тілдік әлемінің тілдік суретінде уақыттың екі концептуалдық мағынасы бар. *Циклдік уақыт* қайталанушылықты, циклділікті білдіреді; мысалы мезгіл (*күзгі, жазғы, көктемгі, қысқы*). *Желілік уақыт* қайтып оралмайтынды, ағымдылықты білдіреді: «Ушло то время, когда мы были неразлучны» - «Жұбымыз жазылмайтын кез қайтып оралмайды».

Немістің тілдік әлем суретінде де желілік уақыт, ол қайтып келмейтінін, ағып өтетінін білдіреді, мысалы: время течет – *die Zeit verliesst, verrint*, время не ждет – *die Zeit dragnet*, оно торопит – *die Zeit eilt*; уақыттың желілік бейнесі «ziehen – тянуть» және т.б.

Д.С. Лихачов енгізген «концептосфера» ұғымы мәдениетті түсіну үшін мейлінше елеулі болып табылады. Концептосфера – белгілі бір тілдің түсініктер саласы. Концептосфера – тіл иелері концептерінің барлық мүмкіндіктерінен құралған ұлт концепттерінің жиынтығы. Халықтың концептосферасы тіл сөздерінің мағыналарымен көрінетін семантикалық саладан ауқымдырақ. Ұлыстың мәдениеті, фольклоры, әдебиеті, ғылыми, бейнелеу өнері, тарихи тәжірибесі не ғұрлым бай болса, халықтың концептосферасы соғұрлым бай болады.

Концепт пен концептосферасы – этностардың жеке санасында және топтық санасында көрінетін ментальдылық мағыналар. Концептосфера тәртіпке келтірілген, реттелген сипатқа ие, оны құрайтын концептерде жүйелі сипат бар, жүйелік принцип бойынша ұйымдастырылған, сондықтан да өзара жүйесінің

қатынастарға, жақындылық немесе айырмашылық қатынастарға, жақындылық немесе айырмашылықтың қасиеттері негізінде кіреді. Олар басқа концепттермен иерархиялық қатынастарға да кіреді. Біз концептосфераны өз құрылымында мәдени мағынаға ие рухани, материалдық, эмбебапты және ұлттық архетиптер туралы білімдердің құрылымды жиынтығын сақтаған белгілі бір концепттердің реттелген жиынтығы, сондай-ақ құндылық принциптері мен түрлері тілдерде эмбебапты немесе эквивалентсіз түрінде көрініс талқан принциптер туралы түсініктер ретінде қарастырамыз. Әр түрлі ұлттық концептосфераларды өзара салғастыру әр түрлі ұлттардың санасымен ұқсас құбылыстарды концептуализациялаудың ұлттық айырықшылығын табуға, эквивалентсіз концепттер мен концептуалдық ойықтарды (белгілі бір тілде концепттердің болмауы) табуға мүмкіндік береді.

Әр түрлі халықтардың мәдениеттері әр мәдениетке тән мәдениет сценарийлері, нормалары мен стереотиптері жағынан барабар емес. Мәдениет сценарийлері қоғамның мүшелерінің мінез-сипатын суреттеуге тағайындалмаған, олардың мақсаты сол мінез-қылықты реттейтін нормаларды өндеуге бағытталған. Сол үлгілермен, әдеттермен адамдар саналы, санасыз ұғымда танысқан. Олар осы тілдік ұжым үшін эталон, фрейм ретінде қалыптасады» [Вежибцкая, 2001, 164-165].

А. Вержбицкаяның көрсеткен мәдениет сценарийлеріне мыналар тән:

1) түрлі мәдениеттерде тілді қолданудағы айырықшылықтар лексика мен грамматикадағы айырықшылықтарымен ғана шектеледі;

2) белгілі бір лингвомәдениетте вербальды кодты қолдану барысында айырмашылықтар жүйелі және терең тамыр жайған;

3) сол лингвомәдениетте вербальды код қызметіндегі айырмашылықтар мәдениет құндылықтарымен байланысты және тиісті мәдениетке тән құндылық иерархиясын қалайда көрсетеді;

4) вербальды кодты пайдалану стратегиялары – сөйлеу стратегиялары болып табылады: олар көз түспейтін, жасырынды түрде жүзеге асырылатын мәдени ережелердің, яғни мәдени сценарийлердің сыртқы көрінісі;

5) Мәдени сценарийлерді логикалық универсиалар арқылы сипаттау керек [Вежибцкая, 2001, 159-160].

Бұл мәдени сценарийлер сол мәдениетке тән адамның ойлағанын айтуын, қалағанын айтуын, не сезінгенін айтуын талап ететін немесе тиым салатын айырықша нормалармен, стереотиптермен, қалағаныңды адамдарға істету, міндеттеу үшін қалай хабарлауды, әлденені істегің келмейтінді қалай айтуды, басқалар туралы жағымды немесе жағымсыз пікірді, жақсы-жаман бағаны қалай жеткізуді және басқаларды белгілейтін нормалармен байланысты.

Халықтың ұнайтын немесе ұнатпайтын жағдайын, мінез – құлқын танытатын этностық қауымдастықтың нобайландырылған үлгілері, «сценарийлері» екі түрлі формада көрінуі мүмкін:

1) эксплицияланған рәсім – көшірме формада, онда құндылық принциптерін актуалдендіру үдерісінде «мен сияқты істе» формуласы ұстанатын мінез – құлық үлгілері рәсім – көшірме, вербальсыз формада көрінеді.

2) Рольдік эспектацияларға сәйкес мінез – құлық имплициттік формада да жүзеге асуы мүмкін.

Ұлттық (этностық) стереотиптер қалыптасқан, бір нобайға түскен ұлттық қондырғыларды білдіреді. Қатынастың әлдебір жағдайындағы мінез – құлық нормалары, психологиялық ерекшеліктер туралы халықтық білімнің жиынтығы болып табылады. Этностық стереотиптер басқа ұлт өкілдерінің психикалық ерекшеліктері, ділі, мінез-құлқы туралы пікірлерді орныққан түсініктер формасында өткеруі мүмкін.

Мәдениеттің өзіндік айырықшылығын көрсететін компоненттері салт – дәстүрлер, әдет – ғұрыптар, тұрмыстық мәдениет, күнделікті мінез – құлық стереотиптері, тілдік әлем суреті, мәдени дәстүрлерін бейнелейтін көркем мәдениет қана емес, әлдебір мәдени сценарийлерді актуалдендіруге байланысты концепттер – мәдениеттің тірек сөздері екенін де көреміз, №8 нобайды қараңыз.

1.5.2 Лексикалық бірліктердің ұлттық-мәдени айырмашылығы

Белгілі бір халықтың ұлттық ділін білдіретін тіл құралдарының ұлттық айырмашылығы әрбір тіл сөзінің этнографиялық нышанға ие болуымен байланысты, өйткені тілдік мағыналар, А.Вежицкаяның ойынша, «үнемі прагматикалық мәнге ие. Олар антропоорталық, этноцентрикалық және субъективті мәндерді көрсетуімен байланысты» [Вежицкая, 1996].

Лексиканың ұлттық-мәдени айырмашылығы сөздердің мәнінде, салыстыратын тілдердің лексикалық сәйкестіктерінде, мағынасы немесе мәртебесі жағынан ұқсас семалардан өзгешелеу, не болмаса салыстырылатын семалардың біреуінде (бірнешеуінде) болып, басқаларында (басқасында) мүлде



8 сурет – Ұлттық айырмашылығы бар мәдениеттің негізгі категориялары.

болмайтын компоненттердің болуында (Гак, 1977, 162). Сөздердің бұл ұлттық-мәдени компоненттеріне фондық білім мен фондық ақпарат енеді. Ұлттық-мәдени компоненттері бар сөздер кумулятивтік функция атқарады, яғни сол сөзбен белгіленетін әлдебір мәдени артефакт, құбылыс туралы мәдени, фондық білімдер жинақтайды.

Түрлі тілдер сөздерінің ұлттық-мәдени айырмашылығы мен олардың идиоэтностығы мына факторлармен байланысты: «1) сананың, яғни шағылдырғыштық әрекеттің сұрыптау бағдарымен: 1) нақты шынайылықтың барлық халықтарға, мәдениеттерге тән жалпы объект лингвомәдениеттік қауымдастықта әртүрлі түрде белгіленеді, өйткені осы заттың, объектінің әртүрлі белгілері көрсетіледі; 2) халықтың географиялық және климаттық жағдайларының өзгешеліктері де сұрыптау* әрекетін жандандырады; 3) сұрыптау әрекетінің халықтың әлеуметтік, шаруашылық дамуына да қатысы бар; 4) халықтың мәдени, эстетикалық дамуы да сұрыптауды қалайды; 5) халықтың психикалық қалыбының ерекшелігі де, ұлттық мінез-құлықтың өзгешелігі де сана мен темпераменттің әртүрлілігі де шағылдырушы әрекеттің қабылдау, талғамдылығына себін тигізеді» [Комаров, 1991, 57-58].

Идиосемантикалық компонентті сөздер тілде мәдени және когнитивтік релятивтілік салдарынан пайда болады. Когнитивтік релятивтілік әлемді тану және оны сөзбен таңбалау барысында концептуализациялау үдерісінде, лингво-креативтік қызмет нәтижесінде әлемді түрлі лингво-мәдениет қауымдастықтары өкілдерінің түрліше қабылдауында байқалады. Лингвистикалық қатыстылық түрлі тілдерде объективті әлемді құрастырылуының сәйкеспейтінінен көрінеді. Мәдени релятивизм түрлі халықтар мәдениеттерінің қатыстылығынан байқалады, онда лингвомәдени қауымдастықтар «өз тәжірибесі» мен «өзінікі» және «өзгенікі» деген ұстанымды жүзеге асырады.

Сөздердің мәндерінің идиоэтностылығы түрлі тілдерде құрылымдау мен тұжырымдау үдерісінде ақиқатты көрсету тәсілдерінің әмбебаптылығымен және қатыстылығымен де байланысты. Мүшелену мен тұжырымдау үдерісінде әлемді құрылымдаудың тек негізгі ұғымдары бөлінгенде, олар ортақ, бірдей болуы мүмкін. Алайда тілдерде әлемнің бөлшектік кесінділерін білдіретін тектік-түрлік жүйе болғанда барынша бөлшектік болуы да мүмкін, жіктеудің барынша бөлшектенген кесінділері сол мәдениеттің маңыздылау аспектілеріне сәйкеседі.

Г.Хойердің пайымдауынша, «әлемнің жалпы немесе бөлшекті түрде құрылымдануы халықтардың негізгі, шаруашылықтық-әрекетімен байланысты, мысалы, аңшылық және терімшілік іс-әрекетімен шұғылданатын халықтардың (Американың оңтүстік шығысында тұратын *атачи* руларында жануарлар мен өсімдіктердің аталымы көп. Олар сөз қорының көптеген бөлігін алады). Сондай-ақ қоршаған ортаның да құбылыстарының да атаулары көп. Балық аулайтын халықтардың сөз қорында балықтардың атаулары, сондай-ақ балық аулау үшін қажетті құралдардың, балықшылық кәсіпті іске асыруға қажет дағдылар, ептіліктердің атаулары да бөлшектенген түрде беріледі» [Хойер, 1996, 157].

Сөздер мәндерінің этноцентристілігі сөздің ішкі формасын бейнелеп жеткізуге, айтушының әлемге, сол құбылысқа, болмысқа көзқарасын білдіруге қабілетті ерекше экспрессивті, нышанды мәнді сөздер-этноконнотаттарының коннотативтік мағыналарының барабар болмауынан байқалады. О.И.Быкова этноконнотацияны этноменталды қызметтің айырықшылығымен қалыптасатын нышан ретінде көрінетінін көрсетіп, оларды қарастыра келіп, мынадай анықтама береді: «этноконнотат-макрокомпонент. Ол өз құрамына бейнелі, ерекше ингеренттік белгілері бар нышандарымен көзге түседі: 1) мәдени-тарихи өзгешеліктермен (локус, темпус, этножүйе). Сонымен қоса осы ұғымның нышандарына социолекті және функциолекті де жатқызуға болады. Социолект (белгілі қауымдастықта тіл иегерлері оны мәртебесіне, роліне, қатынастарға сай қолданады). Функциолект тілді қоғамдық салаларда пайдалануын көрсетеді» [Быкова, 2005, 34].

Әр түрлі тілдерде денотаты жағынан (бірдей заттық қатыстылығымен) сай келетін сөздердің этноконнотативтік семантикасымен, яғни өзінің эмоционалдық және бағалылық нышандарымен айырықшалануы мүмкін, сондықтан фондық айырмашылығына қарай сөздердің көпшілігі түбегейлі аударылмайды, себебі тілдегі сөздер денотативтік мәндері жағынан ұқсас болғанмен, коннотаттары жағынан өзгеше болады. Осындай жағдайда «лакунадар» немесе денотативтік ойықтар туралы айтылады.

Лексиканың ұлттық-мәдени айырықшылығы бір тілдегі сөздердің семантикалық құрылымында бар мағынаны айту үшін керекті сөздің басқа тілде болмауынан да байқалады. Тілдің «семантикалық картасында» (Ю.С.Степанов) мұндай кемістіктер, «ак таңдақтар» тілдерді салыстырғанда көрінеді. Лакуналар пайда болуының себептері әр түрлі. Негізгі себептердің бірі-мәдениеттердің айырмашылығы, онда бір тілде жалпы ұғым болғанмен бөлшектік атаулары болмайды. Бір тілде бар ұғым атауларының басқасында болмауының салдарынан да лакуналар туындайды. И.А.Стернин мен Г.В.Быкова лакунадардың туынуының екі себебін көрсетеді: 1) тіл ішілік (кейбір тілдерде сөздік болмауы жақын сөздер құрайтын лексико-семантикалық парадигмада білінеді); 2) тіларалық лакуналар (тілдердің бірінде бар лексикалық бірліктердің басқасында болмауы) (Стернин И.А., Быкова, 2003). З.К.Темиргазина лакуналардың тууын мынадай себептермен түсіндіреді: бір тілде бар сөздер мен ұғымдардың басқа тілде болмауы және оның мәдениеті үшін сол ақиқат көрінісін бөлшектеп көрсетудің міндетті болмауы; «лакуналар- (ойық, қуыс, кемістік). Олар бір тілдегі сөздің, ұғымның екіншісінде болмауы салдарымен байланысты. Лакунадардың пайда болуы бір тілде бар сөздің басқа тілде жоқ болуымен байланысты емес. Олардың шығу себебі: кейбір мәдениеттер үшін сол немесе басқа тұғырды айырып берудің немесе шынайы әлемнің кейбір көріністерін, құбылыстарын бөлектеудің қажетсізділігімен байланысты» [Темиргазина, 1999, 33].

З.К.Темиргазинаның ойынша, лакуналардың тууы белгілі бір мәдениетте сөздің немесе ұғымның болмауымен байланысты болуы міндеті емес деуі дұрыс, себебі әр түрлі экологиялық және элеуметтік-тарихи, географиялық ландшафттарда тұратын этностар әлемді өзінше, өз көзқарасы, дүниетанымы

тұрғысынан қабылдайды, сондықтан бір әлем түрліше, бір-бірімен барабар келмейтін ұғымдарда беріледі. Сол себепті де лақуналарды сол халықтың мәдениетіндегі ұғымның тиісті ұшқыны деп айтуымызға болады.

Ұғым-заттың нышандарын жинақтау және белгілі бір топ заттарын нышандарына қарай бөлу, белгілі бір топқа қатысты денотаттардың ортақ нышандарының негізінде біріктіру нәтижесін білдіретін ой. Зат туралы ұғым бір затты басқасынан бөлектейтін нышандарды бөлу, осы нышандарды жинақтау және заттың қасиеті туралы ортақ қорытынды шығару негізінде қалыптасады. Осының негізінде затқа анықтама беріледі. Түрлі лингвомәдени қауымдастықтардың өкілдері заттардың сол мәдениет өкілі үшін маңызды болып көрінетін қырларын бөліп көрсетумен объективті әлемді түрліше жіліктейді. Бөліп көрсетілген нышандардың негізінде сол этнос зат туралы ұғым қалыптастырады. Ал осы нышандардың сол объективті әлемге өз мәдениетінің тұрғысынан қараған басқа мәдениет өкілдеріне елеусіз көрінуі мүмкін. Түрлі лингвомәдени қауымдастықтардың өкілдері ақиқатты өз мәдениетінің тұрғысынан қарағандықтан ақиқат түрлі тілдерде түрліше қабылданады. Түрлі тілдердегі әлемнің ұғымдық мүшеленуінің кейбір айырмашылығы-оның түрлі лингвомәдени қауымдастықтарда түрліше қабылдауының нәтижесі. Әлемнің этностық ұлттық-тілдік суреті арқылы әлемнің түрліше қабылдануы түрлі мәдениет өкілдерінің қатынастық негізгі ретінде бір құбылыстың әр қырын таңдауына ықпал етеді. Түрлі этностар үшін объективті әлем жалғыз, алайда концепциализациялау нәтижесінде құрылымдануы бірдей емес. Нақты әлемнің белгілі бір үзіндісін белгілеуде белгілі ортақтастық пен категориялар әмбебаптылығының нәтижесі-семантикалық әмбебаптылықтық болуымен қоса бірегей ұғымдар да бар.

Сондай-ақ кейбір мәдениеттерде ортақ ұғымның бөлшектік бөліктерінің болмауы, екі тіл үшін әмбебапты ортақ ұғымдардың тұтас немесе сол ортақ ұғымның бөлшегі ретінде айтыла беретінін дәлелдейді. Мұндай жағдайда ұғым бірнеше сөзбен немесе сөз тіркестерімен айтылады. Ұғымның сөзбен байланысы тура немесе жанама болуы, тұрақты сөз тіркесімен немесе қатысты анықтауыш арқылы айтылуы мүмкін. Сондықтан вербалды лақуналарды бөліп алу үшін ұғыммен сөз арақатысының бірнеше жағдайларын қарастыру керек: 1) барлық мәдениеттер мен тілдерде ұғым да, оның сөздік айтылымы да кездеспейді, мысалы, ағылшын тілінде « теща» сөзі жоқ; 2) әлдебір мәдениетте (мәдениеттерде) белгілі бір ұғым тілде тұра емес жанама, бір типті біріккен дериваттар түрінде, басқа ұғымдар арқылы сөзбен айтылады, мысалы, *теща* (рус)-*mother* (*теща-свекровь-мать* – қан жағынан емес, неке жағынан). Бұл жағдайда жетекші ұғым «теща» (әйелдің шешесі) жасырынып тұр. Лексиканың мағынасы, ұғым кейбір жағдайларда жасырынады. Ол тек қана қарастырылған серияда шығады: фр. *potinier* (алма ағаш), *prunier* (қара өрік ағашы), *poirie* (груша ағашы). 3) санада тұған ұғым біраз уақыт не қолайсыз сөз тіркелімі, не шұбалаңқы суреттеу түрінде болады, оның шұбалаңқы болатыны әлдебір бейтаным ұғымды барынша толық анықтау үшін емес, сол ұғымның нақты атауының болмауынан, мысалы, кейде айтушы әлдебір жағдайда тілдік құралдармен әлі де рәсімделмеген ұғымды түсіндіру үшін соған лайық сөз іздейді.

Ұғым барабар айтылмағанда, әр түрлі сөзбен жеткізілгенде түрлі ұғымдық, вербальдық лақуналар-ой скважиналарының туатыны туралы айтуға болады. Аударма мәтіні мен тіл-түпнұсқада туындайтын ой-скважиналарын талдау негізінде Ю.А.Морковина лақуналардың келесі типтерін бөледі; 1) түрлі лингвомәдени қауымдастықтарға жататын коммуниканттардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсететін субъективті ойықтар; 2) коммуникативтік-әрскеттестік ойықтар, олар әртүрлі іс-әрекеттердің өзгешелігін коммуникативтік тұғырдан белгілейді; 3) мәдени фондардың барабар еместігін көрсететін лақуналар; 4) мәтіндік лақуналар. Олар қауышу құралы-мәтіннің ерекшелігін көрсетеді. Мәтіннің өзгешелілігі салдарынан туындайтын мәтіндік (мәтіннің айырықшылығын мазмұны, формасы, материалдың орнықтылығы мен қайта жаңғыруы, белгілі бір реципиентке бағытталуы, автор поэтикасының ерекшеліктерін құрайды) (Текст как явление культуры, 1989)

А.А.Лакова мәдениеттаралық қатынас үдерісінде туындайтын культурологиялық лақуналарды қарастыра келіп, лақуналардың төрт түрін бөледі: 1) субъектілік лақуналар (олар әртүрлі лингвомәдени қауымдастыққа жататын коммуниканттардың мәдени-ұлттық ерекшеліктерін білдіреді). Осындай лақуналар коммуниканттардың ұлттық психологиялық үлгілері бойынша сәйкеспейді. Сондықтан да ұлттық сипатты бейнелейтін лақуналардың жүзеге асырылуы жергілікті мәдениеттердің ерекшелігінен туындайды; 2) мәдени-эмотивтік лақуналар. Олардың пайда болуы ұлттық темпераменттің өзгешелігімен байланысты; 3) карнавалдық лақуналар. Олар әртүрлі мәдениетте көрініс беретін, күякіні тудыратын факторлармен байланысты» [Лакова, 211-212].

Сонымен қоса, вербальсыз субмәдениеттердің де халықаралық қауышуда орын алатынын ескеру керек. Олар кинесикалық лақуналарды тудыруға себін тигізеді.

Кейбір психикалық типтер өкілдері ретінде индивидуумдардың кинесикалық және эмотивтық жағдайларында ғана вербальсыз субмәдениеттер жиынтықтардың болуы кинесикалық лақуналарын бөлуге мүмкіндік береді. Кинесикалық лақуналар – түрлі мәдениет өкілдерінің паралингвистикалық мінез құлқының, паралингвистикалық жағдайлардың сәйкеспеуінің салдарынан туындаған лақуналар. Кинесикалық лақуналар – түрлі этнос өкілдерінің, мәдениетаралық коммуникацияда қауышатын тұлғалардың ұлттық-айырықша вербальсыз мінез-құлқының нәтижесі. Мұндай коммуниканттар мәдениетаралық қатынас жағдайларында басқа лингвомәдени қауымдастық мүшелерімен араласқанда, тіпті оның тілінде айтқанда «өзінің» ымдау, проксемикалық жүйелерін пайдаланып, «өзінің» мінез-құлық моделін ұстанады. Мұндай жағдайда түрлі мәдениеттерде түрліше түсіндірілетін паралингвистикалық элементтер-интермәдени вербальсыз лақуналар туралы айтуға болады.

Жұмысымызда әлемнің тілдік суреттерінің барабар келмеуі түрлі лингвомәдени қауымдастықтарға жататын түрлі тіл иелерінің санасында әлемнің тілде әр қилы құрылымдалып, концепциялануының салдарынан олардың мінез-құлқын жүзеге асыру, сөйлеу, ымдық және эмотивтік

бірліктерде қолдану кезінде туындайтын мәндік және функционалдык скважиналарды көрсетуге болады.

Түрлі лингвомәдени қауымдастыққа жататын түрлі тіл иелерінің мінез-құлқының сөйлеу және вербальсыз жағдайларының жиынтығын ескеру негізінде келесі лакуналарды бөліп аламыз: 1) интермәдениеттік лакуналар-өзге мәдениетті туған мәдениеті мен этноцентризм тұрғысынан мәдени шоктың бастапқы кезеңінде қарастыратын коммуникантқа «таңсық», түсініксіз айтылым үзінділері. Мұндай лакунадарға әр мәдениетте өзінше түсіндіріліп, сақталатын әдеп-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің өзгешелігін жатқызуға болады, мысалы, жаңа жылды мерекелеу дәстүрлері Қазақстанда, Россияда, Грекияда әр түрлі; 2) этнографиялық лакуналар-коммуниканттар этностың ұлттық ділі туралы түсінік беретін сөз-реалиялармен, тұрмыстың, топонимдердің, киімдердің және т.б. атаулық ұғымдармен таныс болмағанда туындайтын лакуналар. 3) мінез-құлық лакуналары. Мінез-құлық, жүріс-тұрыс әр халықта әр қилы, сондықтан түрлі ұғымдардың жүріс-тұрыс, мінез-құлыққа қатысты ұстанымдары сәйкеспейді, бұл этностардың санасында шартты түрде қалыптасқан сөйлеу, әлемді қабылдаудың түрліше болуының нышаны болып табылады; түрлі лингвомәдени қауымдастықтар өкілдерінің сөйлеу әдебінің барабар болмауы-мәдениеттердің аумақтығы мен айырықшылығының нәтижесі, ал мінез-құлық-мәдениеттің құрамдас бөлігі; 4) субъективтік-эмотивтік лакуналар түрлі мәдениет иелерінің ұлттық темпераментінің байқалу ерекшелігіне сай пайда болады; 5) субъективтік-менталитеттік лакуналар этностардың дүниетанымының, түсінігінің, құндылық бағдарларының, ұлттық мінез ерекшеліктерінің сәйкеспеуінің салдарынан туады; 6) ұғымдық лакуналар-ұғымның басқа тілде болмауынан немесе оның басқа тілде түрліше жеткізілеуінен туады (бірігетін-біріктіруші типті ұғымдарды өткеру негізінде); 7) идиоматикалық лакуналар-әр халықтың объективті әлемді басқалардан өзгеше бейнелеуіне және оны қайта номинациялауына, концепциялауына байланысты сәйкеспеушілігінен туатын лакуналар; 8) стилистикалық лакуналар-сөздердің бір-бірімен туыстас емес тілдерді түрлі функционалдык стильдерге қатыстылығының үйлестеушілігінің салдарынан туатын лакуналар; 9) кинесикалық лакуналар-мәдениетаралық коммуникативтік актіде серіктестердің вербальсыз жағдайының салдарынан, ымдардың түрліше түсінілуінен, түрлі лакуналар өкілдерінде вербальсыз мінез-құлық моторикасының барабар болмауынан туатын лакуналар.

Эквивалентсіз сөздерге бір тілде бар, басқа тілде эквиваленті жоқ сөздерді жатқызуға болады. Олар басқа тілдерге бір сөзбен аударылмайды. Эквивалентсіз сөздердің тобында реалиялар, экзотизмдер мен этнографизмдер бөлінеді. Әлдебір халықтың өмір салты мен мәдениетіне тән айырықша құбылыстарды, тұрмыс заттарын, объектілерді білдіретін сөздер «реалия» деп аталады. Бөтен тілге ауысқанда олар экзотизмдер ретінде көрінеді. Олар әлдебір мәдениет жүйесін бейнелейді, себебі экзотизм-сөздер әлдебір елдің тұрмысымен, өмір салтымен үйлеседі, әр түрлі мәдениеттердің артефактілерінің белгілері ретінде көрінеді. Этнографизмдер - әлдебір халықтың этностық

ұғымдарын белгілеумен, тұрмыстық заттардың, материалдық және рухани мәдениетінің артефактарын атауымен байланысты сөздер .

Ұлттық-мәдени айырықшылығымен ерекшеленетін және ұлттық өзгешелігі мен ділі туралы түсінік қалыптастыратын мұндай тіл бірліктерін № 9 нобайда көрсетуге болады:



9 сурет. Ұлттық-мәдени айырықшылыққа ие тіл бірліктері

Құрамында ұлттық ділдің ішкі айырықшылығын білдіретін кумулятивтік (мәдени-тарихи тәжірибені жинау, фондық ақпаратты беру функциясы) және сигнификативтік (басқа мәдениеттерді тану, оның ерекше белгілерімен қызмет ету функциясын атқару) функцияларын орындайтын ұлттық-мәдени компоненттері бар лексикалық бірліктерді талдау арқылы ұлттық тілдердің сәйкеспеуін, олардың өзгешелігін көрсетуге болады.

1.5.3 Аудармашылық қызмет үдерісінде туындайтын кедергілер

Екінші репродукциялау аудармашылық қызмет барысында бастапқы тіл иесіне түсінікті, бастапқы тілдегі мәтінді адресаттың (мәтін алушының) дәл солай түсіне алмауынан лексикалық тұрғыда түрлі кедергілер туындайды. Мұндай кедергі әр текті факторлардан құралады. Бірінші фактор – мәдениет жүйелерінің алшақтығы, әлдебір халықтың қалыптасқан ұлттық мәдениетін білмеуінің салдарынан аудармашы бастапқы мәтіннің мазмұнын аударма тілінің нормаларына бейімдеу, кезінде түп нұсқа тіліндегі мәдениет дәстүрінің мәнін қате түсіндіруі, сәйкес ұғымды дұрыс таңдамауы мүмкін. Бұл түрлі халықтардың мәдени стереотиптерін сәйкестендіру жағдайында аудармашылық қателікке ұшыратады, себебі әр халықта салт-дәстүрлік компоненттер жалпы болғанмен оны әр этнос өзінше өткізеді, мысалы, «Рождествоны» көп халық мерекелейді, оларды алайда оны өткізу салты әр мәдениетте ерекшеленеді, қараңыз:

Мереке	Француздар	Немістер (Weihnacht)	Орыстар
Рождество (дәстүр)	<p>Мерзімі: 25 желтоқсан</p> <p>Дәстүрлер: а) бүкіл әулет мүшелеріне сыйлық береді. Балаларға сыйлықты «пэр Ноэль» әкеледі. Бала осы күнге алдын ала дайындалады: ошақтың қасына өз аяқ киімін жақын қояды, өйткені «пэр Ноэль» соның ішінде сыйлықты салып кетеді; б) безендірілген шыршаның астында дастархан жайылады. Бұл мерекелік <i>ас-ревион</i>; в) дастарханға: ұлы, қаз бауырынан дайындалған паштет, күрке тауық еті, төрт (оның түрі шөркеге тәрізді) шампань шарабы қойылады; г) жаңа жылда адамдар бір-біріне құттықтайтын хат жіберіп, бір-біріне бақыт тілеп, Рождествоны көңілді өткізу тілегін білдіреді</p>	<p>Мерзімі: сочельник кезінде «онекікүндік» уақыты туады;</p> <p>Дәстүрлер: а) (Zwölfen) бұл күндерде жұмыс істеуге болмайды: есік алдын тазартады, тәтті тоқаш пісіреді, шыршаны әсемдейді. Рождествоның алдындағы күнде ораза ұстайды; б) рождестволық месса болады; в) рождестволық кешкі ас (Vullbuchs-abend) мессаға дейін; г) сыйлықтарды тарату; д) шыршадағы майшамдарды жағу (магиялық әрекет); е) мерекелік тағамдарды тату: әр дастарханда шошқа еті, ашытылған қамыр, қамырды жеу рәсімі. Дастарханға жеті немесе тоғыз тағам қойылады. Бұл тағамдардың өзгешелігі - өмірдік ұрығын тудыратын тамақтарды ырымдап жеу рәсімін сақтау. Бұл тамақтарға: икра, ас бұршақ, жұмыртқа, қаз, кара нан, тұқы (балық), ірі бұршақ, көкнәрді жатқызуға болады. Олардың бәрінде тұқым бар. Ал тұқым, немістердің наным-сенімі бойынша, жаңа өмірді тудыруға себін тигізеді.</p>	<p>Мерзімі: 7 қаңтар</p> <p>Дәстүрлер: а) алтыжетілік ораза; б) рождестволық салт-сауап ету, сыйлықтарды алдын ала дайындап, сол күндері тарату; в) келген қонақтарды қаздың етімен, кутья, сочиво деген тағаммен сыйлап, сый құрмет көрсетеді, взвар сусынның ішкізеді; г) аурауханадағы ауру адамдарға сыйлық үлестіреді, қайыршыларға садака береді; д) Иса пайғамбарды мадақтайды. Үйдің қожайыны құдайды мадақтайтын адамдарға сый-сыяпатын таратады. Бұл дәстүр Рождествоның бірінші күнінде өткізіледі. Мерекенің екінші күнін ана мен баларға арнайды. Оларға көңіл бөліп, сыйлықтарын таратады.</p>

Аударманың барабар болуына қол жеткізу үшін басқа халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, оларды өткізу рәсімдерін білу керек.

Тұрмыстық мәдениет дәстүрлерін білмеу бастапқы мәтінді түсінуге бөгет болады. *Лингвоэтникалық кедергі* - әр мәдениетте қалыптасқан таптауырларды білмеуден туады, мысалы, орыс пен қазақ халықтарының ұлттық мінез-сипаты әр түрлі түрде көрініс береді: егерде орыс халқына «тік мінездік» қасиеті тән болса, қазақтар өз ойын тұспалдап айтуға тырысады, қараңыз: «Мына кісіні, танымадым, - деп сұрады. – Біздің басқарманың жаңа бастығы, Өміржан Оразов деген кісі, - деді Әділбек. – Қандай көрікті, жарасымды жігіт! Келіншегі бар шығар, *салт адам болса Ақзада екеуі бір-біріне арнағандай екен*, - дегені. – *Қойыңызшы!* - Әділбек ыңғайсызданып қалды. – Жай айтамын да. Қой, шығарып салмай неғып тұрмын деп, ол киіне бастады. «*Осы шешейдің орыс мінезі қалмайды. Ойына келгені тіліне шығады*», - деп күлді сосын іштей Әділбек» (М.Серғалиев, Замандастар, 18 б); «Пәлимің не? – деп болмайт... Жакып пен Настя күліп жатыр. Кемпір өзі де күліп отырып: *Молымқан десем ұқпайт әлгі пірканшігі құрғыр. – Бәсе, не деген меңіреу десенші! Толымқан деген атасының атын атауға келінінің тілі орасмай тұрғанын ұқпас болар ма, ол орыс, - деп Жақып мысқыл етті*» [М.Әуезов. Таңдамалы шығармалар, 312б].

Келесі фактор – *мәдени-тарихи мәліметтер деңгейінің жеткіліксіздігі*. Бұл ақпараты жеткізу білім кедергісіне ұшыратады. Бастапқы тіл мен аударма тіл иегерлерінің білімдерін ақпаратты жеткізу құралдарының болмауы, яғни мәтінді қабылдау мен түсіну кезінде пайдаланылатын қажетті әлем туралы білімнің жоқтығы, мәдени артефакты түсінуге немесе түсіндіруге, белгілі бір мәдениет шеңберінде оның қызмет жағдайын білмеу лингвомәдениеттану интерференциясына ұшыратады, мысалы, мәдениет реалияларын, үлгі болатын фактілерді білмеу де лингвомәдениеттік интерференциясының тууына соқтырады.

Түрлі тілдерде мағынаның ұлттық-семантикалық компоненттері бар, этноконнотативтік мәндегі лексемалардың болуының салдарынан тілдік жүйелердің алшақтауы, денотативтік ойықтарды актуальдендіру салдары интерференциялық қателіктердің тууына ықпал етеді. Мұндай жағдайда аударма үдерісінде этноконнотативтік кедергі тәрізді кедергілер туады, ондайда барлық тілдерге ортақ эмбебап ұғымдардың құрылымына этноконнотаттар енеді, мысалы, «қара», «черный» ұғымын бастапқы және аударма мәтінін түсінушілер әр түрлі қабылдайды. Қазақтың «қара» сөзі жағымсыз этноконнотатқа ие – *қара бауыр* (жестокий), *қара жүрек* (немилосердный), *қара бет* (человек, совершивший неблаговидный поступок), *қара күш* (слепая необузданная сила) және т.б. салыстырыңыз: «Әттең, қандай ғана *қара бауыр* екен?» (М.Әуезов. Құм мен Асқар, 402 б.); «Жаныңның-арыңның садағасы. Жетпіске келгенде *қара бет* болып, жер шұқып отырғанша, өліп кеткеннің өзі жақсы» (Қ.Жұмадилов. Сәйгүліктер, 117 б.); «Мына біздің *қара жүрек* Әбен соққан, алдымен конфискеге жатар», деп Тәтті бала жайлана отырды» (С.Бегалин, Замана белестері, 336 б.). Орыс және ағылшын тілдерінде *черный* (қара) сөздің кері мағынасын қарастырайық: *черная душа* (злодей), *черная весть* (плохая весть), *черный день* (траурный день), *черный глаз* (сглаз), *черный враг* (кровный враг). Орыс ағылшын тілдердегі «қара» сөзінің ауыспалы мағынасын бейнелейтін метафоралық тіркелімдер қазақ тілінде жоқ. Орыстар

корын «черный день»-ге, ал ағылшындар «дождливый день»-ге сақтайды. *Black sheep* (черная овца), *black market* (черный рынок), *black mail* (черная почта), *black soul* (черная душа) сөз тіркестері жаманшылықпен үндес.

Келесі ұғымдық кедергі - *объективті ақиқатты толымсыз-бөлшекті* *үзінділеу кедергісі*, онда объективті зат туралы ұғым бөлшекті де, бөлшектенбеген түрінде де беріледі. Мысалы, эмбебапты семантикалық примитивтер «ат-лошадь» орыс тілінде де, қазақ тілінде де бар, алайда негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болған халықтың мәдениетінде «ат» ұғымы барынша жіктеліп беріледі: «Ат» ұғымын идеографиялық нақтылау түр-түсі, мінезі, төзімділігі, жүйріктігі және басқа қырларынан жүргізледі; мысалы, *ақ боз ат, бұрыл ат, бәйге ат, дара ат, жарая ат, киім ат, жирен ат, кер ат, көк ат, көк боз ат, қара торы ат, құла ат, құла кер ат, сары ат, сүндет ат, шабдар ат, қызыл ат, торы ат, құр ат, қара ат, қара торы ат, ұшқыр ат, салт ат, суын ат, қос ат, көлік ат* және т.б.

Аудармашы мен аударма мәтіні интерпретаторының білімінде кемшілік байқалғанда, бастапқы тілде бар ұғымдар аударма тілінде болмағанда туындайтын *лакунарлық кедергі* (барьер лакунарности), мысалы, субъективті-менталитеттік лакуналар (*нағашы, бөле, жеиен, свояк, деверь, шурин* т.б.), интермәдени (*рождество, пасха, масленица*), этнографиялық (*қымыз, шұбат, жент, саумал*), кинесикалық (*темная лошадка, скелет в шкафу, синий чулок, белая ворона*) және т.б. *Бастапқы және аударма тілдерде сөздердің барабар келмеу кедергісі*. Бұл кедергі аудармашылық қызмет барысында аударма тілдегі сөздің басқа тілде эквиваленті болмауынан туады, мысалы, *Comstook Lood* (Комстокская жила), «*Political Affars*», *shoo-in* (нақты жеңімпаз), *Charisma condidate* (өзіне назар аударатын, тартымды), *pop-music* (поп-музыка), *Hatch Act-Хэтч* заңы, *Witch hunt* -«мыстандарды жою», *cowboy* және т.б. Тұрмыс заттарын, өмір салтын, саяси қызметті, лақап атты, мәдениет артефактілерін білдіретін бұл реалиялар құрама штаттарға тән. Басқа тілдерде олардың аналогы мен эквиваленті жоқ.

Ұлттық-мәдени айырықшылықты сипаттайтын мәдениет компоненттері мен лексикалық бірліктерді талдау бұл мәдениет элементтерінің мәдениет жүйесіне ұлттық реңк беріп, ерекшелігін қамтамасыз ететінін көрсетті. Аударма үдерісінде пайда болатын кедергілерді жою үшін тұлға өз санасында лингвоэтникалық құзыреттілікті дамытып, соны жете меңгеру керек. «Аудармашының құзыреті қазақ ұлтының сөз, сөйленіс модельдерін кешенді түрде жинақтауды, тұтас тілдік материалдарды ұғынуды, ойлау-психикалық қызметінің тәсілдері ана тілдің мәдени-этникалық сипатына орай қалыптасуы керек, - дейді А. Алдашева. Тәржімашы екінші тілді иеленуші халықтың тілін жақсы білген жағдайда тәржіма тілді туынды этникалық салаға ие оқырманға әсер етуі жағынан жоғары деңгейде бола алады. Лингвоэтникалық құзыретке ие адам өзге тілдегі туындыға қатысты жалпы фондық бөлімге кек арта отырып шығарманы аударудың нақты бір тәсілін таңдап алады, ол қазақ тілінің тілдің бірліктері мен модельдерін ұтымды пайдаланады, бұндай аудармашы сонымен қатар нақты бір жағдайда нақты құрылымды дұрыс қолдана алады, узус және норма қағидаларын біледі» [Алдашева, 2006, 53].

Қорытынды

1) Мәдениет нышандары: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тұрмыстық мәдениет көріністері, көркем әдебиет, ұлттық ділдің ішкі айырықшылығын білдіретін концепттер-тірек сөздер (топонимдер, ономастика, реалиилар, туыстық қатынасты білдіретін сөздер, ұлттық нақышы, ажары бар, идиомалар, мақал-мәтелдер, вульгаризмдер, жаргонизмдер, диалектизмдер, одағайлар, салыстырулар, эпитеттер), мәдени мағынасы бар тілдік бірліктер бәрі де ұлттық колориттің ішкі өзгешелігін көрсетеді.

2) Мәдениет категориялары «концепт» ұғымының синонимдері, ал мәдениет категорияларының жиынтығы концептосфера-тірек сөздердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды ұрпақтан ұрпаққа «маған ұқса» дегендей ғұрыптық көшірме ретінде халықтық білім мен құнды ақпаратты, мінез-құлық ережесін жеткізетін мәдениеттік тірек сөздерді құнды концепт ретінде қарастыруға болады. Мәдениеттің бұл тірек сөздері ақпаратты вербалсыз формада өткереді. Әлемнің тілдік суреті-тілде мәдени-менталдық құрылымымен вербалды экспликация және вербалсыз формасы бар концепттердің жиынтығы. Концепттер (концептосфераның компоненттері) санада менталдық құрылымдар формасында орныққан мәдениеттің шоғыры болып табылады. Олар тілдік құралдардың көмегімен сыртқа шығады, сондықтан олардың құрылымында мәдени-менталдық құрылыммен қатар тілдік компоненттер де болады. Концептілердің құрылымдары күрделі. Олар бес құрамадан (ұғымдық, мәндік, бейнелік, мәдени-менталдық, тілдік) тұрады.

3) Тілдің ұлттық-мәдени айырықшылығы түрлі тілдер жүйесінде тілдің семантикалық картасында әлдебір тектік немесе түрлік ұғымдардың болмауы себебінен олқылықтар табылады. Бұл денотативтік ойықтар деп аталады. Олардың туу себептері, біріншіден, тілде әлдебір ұғымның мүлде болмауы; екіншіден, толымсыз немесе толық, бүтін немесе бөлшектік түрде көрініс беруі, тілде ұғымның идеографиялық нақтылануы. Лакуналардың негізгі түрлері: 1) интермәдени (коммуниканттар үшін «тансық», «түсініксіз» айтылым үзінділері); этнографиялық (реалияларды білмеу, аударма тілінен оларға эквиваленттер іздеу мүмкүндігі, себебі бұл ұғымдар белгілі бір этностың тұрмысының, мәдениетінің айырықшылығы туралы түсінік береді); 3) мінез-құлықтық (қалыптасқан мінез-құлықтың барабар келмеуі); 4) субъективті-эмотивті лакуналар (ұлттық темперамент ерекшеліктерін білдірумен байланысты сөздер); 5) субъективті-менталдық лакуналар (дүниетану өлшемдерінің барабар болмауы); 6) идиоматикалық (белгілі бір тіл иелерінің санасындағы объективті элем көрінісінің бейнесі басқа тіл иесіне түсініксіз болуы); 7) ұғымдық бір тілде бар, басқа тілде жоқ (ұғымдардың болмауы); 8) стилистикалық (әр тілдегі сөздердің стильдік қатысының барабар келмеуі).

4) Мәдениеттің тірек сөздердің – концептілердің, ұлттық колориттың ішкі өзгешелігін білдіретін сөздердің ұлттық-мәдени айырықшылығы, тілдерді салғастыру үдерісінде лакуналардың болуы әр түрлі лингвоэтностық кедергілердің тууына ықпал етеді, оған жататындар: 1) қалыптасқан мәдениет кедергілері; 2) ақпаратты жеткізу қорларының кедергісі; 3) этноконнотативтік

кедергі; 4) ақиқаттың толымсыз-толымды үзінділерінің кедергісі; 5) лакунарлық кедергі; 6) бастапқы және аударма тілдерінде сөздердің барабар келмеу кедергісі.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар:

1. Аудармада ұлттық форма қалай беріледі?
2. Мәдениеттің қандай нышандары мен сөздері ұлттық колориттің айырықшылығын білдіреді?
3. Қандай сөздер мәдениеттің тірек сөздері болып табылады?
4. Лингвомәдениеттануда «мәдениет категориясы мен «концепт»-мәдениеттің (тірек сөзі) ұғымдарының арақатысы болуы неліктен?
5. Концептің құрылымына қандай құрамалар енеді?
6. Тілдің семантикалық құрылымында лакунарның «ой скважинасы» немесе «денотативтік ойық» ретінде қарастырылуы неліктен?
7. Лакуналардың қандай типтерін білесіз?
8. «Бөлшектік фрагментация» немесе «идеографиялық нақтылағыш» айтылымдарын қалай түсінесіз?
9. Аударма үдерісінде неге кедергі туады?
10. Аударма үдерісінде туатын кедергілердің қайсысын атай аласыз?

Негізгі әдебиет:

1. Алдашева А. Аударматану. – Алматы: Арда, 2006.
2. Быкова О.И. Образная составляющая как релевантный признак этноконнотата //Вестник ВГУ. Серия «Лингвистика и межкультурная коммуникация», 2005, №7.
3. Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов. – М.: Языки славянской культуры, 2007.
4. Вежбицкая А. Сопоставление культур через посредство лексики и прагматики. – М.: Языки славянской культуры, 2001.
5. Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. – М., 1977.
6. Текст как явление культуры. – Новосибирск, 1989.

Қосымша әдебиет:

1. Козловский В.П. Культурный смысл: генезис и функции. – Киев: Наукова думка, 1990.
2. Комаров А.П. К природе общего и особенного в семантике языков //Национально-культурная ориентация при обучении иностранным языкам в вузе. – Бишкек, 1991.
3. Лакова А.А. Субъективные или национально-психологические лакуны в русской и английской лингвокультурах //Материалы научно-практической конференции «Функционирование и развитие языков в условиях укрепления государственности». Т.1. – Павлодар, 2005.
4. Орынбеков М. Предфилософия казахов. – Алматы: Өлке, 1994.
5. Темиргазина З.К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. – Павлодар, ТОО НПФ «Эко», 2002.

6. Файзуллаева Р. Национальный колорит и художественный перевод. – Ташкент: ФАН, 1979.

7. Хойер Г. Антропологическая лингвистика //Зарубежная лингвистика. – М.: Прогресс, 1999.

Студенттердің өздік жұмысына арналған тапсырмалар (СӨЖ):

1. «Орыс, қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі дәстүрлер» тақырыбына реферат жазыңыз. Олардың айырмашылығы мен ұқсастығына назар аударыңыз.
2. Өртүрлі мәдениет жүйелеріндегі мәдениет компоненттерін салғастырыңыз. Айырмашылығы мен ұқсастығына назар аударыңыз.
3. Әлдебір мәдениет рәсіміне мәдениет сценарийін жазыңыз.

Оқытушының бақылауымен студенттердің өздік жұмысына арналған тапсырмалар (СОӨЖ):

1.Түрлі елдерде түс символикасы барабар келе ме, соны анықтаңыз. Мәдениеттердегі символиканы салыстырыңыз: әртүрлі мәдениет жүйелеріндегі түс символикасын салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы туралы қорытынды жасаңыз. Немістер мен орыстар үшін *қызыл түстің* махаббат, революция түсі екені белгілі. Қызыл түс немістер үшін сондай-ақ бикешке рыцарлық қызмет көрсету мен бас июді (Minne) де білдіреді. Дәстүрлі қытай мәдениетінде *қалыңдық қызыл* және *жасыл түсті* киім киген. *Жасыл түс* орыстар мен немістерде үмітті білдіреді. Қазақ мәдениетінде қызыл түс түсті білдірумен қоса мынадай мағынада қолданылады: қызыл - «мал еті», *қызыл иектену* (қартаю), *қызыл қарын* (бүлдіршін), *қызыл сирақ* (кедей), *қызыл шұнақ аяз*, *қызыл іңір*. Жасыл түсі қазақ тілінде түсті ғана білдіреді. Сөздердің осы реңктерін аудармада қалай жеткізуге болады?

2. А.Везбицкая кейбір мәдениеттердің тірек сөздерін зерделей отырып, кейбір эмбебаптық ұстанымдарды пайдалануға тырысады, универсалийлерді – семантикалық примитивтерді зерттейді. Барлық мәдениеттерде бар қандай семантикалық примитивтерді атай алар едіңіз?

3. Қазақ,орыс және ағылшын мәдениеттеріндегі «үйлену», «некелесу» ғұрыптарын салыстырыңыз. Сценарийде ғұрыпты өткізудің ұлттық айырықшылығын көрсететін нышандарды (компоненттерді) көрсетіңіз.

4. Қазақ халқының мәдениетінде «көк» сөзінде қандай этноконнотаттардың (қасиетті, киелі, жағымды, жағымсыз бағалардың) өткерілетінін көрсетіңіз.

5. Орыс және қазақ мәдениеттерінде «корова», «сиыр» сөздерінің идеографиялық нақтылануына салғастырмалы талдау айтуға болады? Аудармада «денотативтік ойықтың» орнын қалай толтыруға болады?

6. Орыс, қазақ және ағылшын мәдениеттерінде таңданыс кимылдарының сәйкесетін-сәйкеспейтінін анықтаңыз. Вербалсыз құралдардың ұлттық айырықшылығы неден көрінеді? Осы мәдениеттерде таңданысты білдіретін вербалсыз құралдарды салғастырғанда лакуналардың қандай типі туады? Бұл лакуналарды қалай жоюға бола ма?

7. Өзге мәдениеттің компоненттері туралы білім, мәдениет мәліметтері қоры болмаса, түрлі лингвомәдениет қауымдастықтар өкілдерінде ақпаратты жеткізу қоры бөгеттері туа ма, соны анықтаңыз, мысалы, ағылшын мен ирландиялық мәдениет өкілдерінің өзара түсінісуіне фондық білімнің болмауы бөгет болады, оны мына жағдайдан көруге болады: «Морин» сен ораза кезінде ұлуды тағам ретінде дайындапсың. Бұл күнә ғой, - деді Скарлетт. Мен тозаққа түсем ғой деп қорқып отырғам жоқ, өйткені менің ерекше «О'Хара рұқсатым» бар. Ол не деген «О'Хара рұқсаты?»,- деп сұрады Скарлетт. - Колум жауап берді: отыз жыл бұрын Ирландияда аштық болды. Халық бірнеше жыл аш-жалаңаш болып, күн көре алмады. Тіпті шөпті де жеп болды, одан тамтық та қалған жоқ. Адамдар көбі аштан өлді, ал тірі қалған адамдарға ораза кезінде де етті жеуге арнайы рұқсат берілді. Ол кезде О'Харалар оразаны ұстамауға рұқсат берілген жерлерде тұрған. Сондықтан да О'Хара әулеті оразаны ұстамайды» [А. Риплей. Скарлетт, 356-357 бб.].

8. Ирланд, казак, орыс мәдениеттерінде жаңа жылды мерекелеу дәстүрін салыстырыңыз. Ирландтық мәдениетте жаңа жылды мерекелеу айырықшылығы неден көрінеді? Ирландтық дәстүрдің айырықшылығы туралы үзінді оқып, қорытынды жасаңыз: «Миссис Фиц таң атпай Скарлетке келіп, жаңа жылмен құттықтай отырып, Скарлетт орындайтын ритуалдық міндеттері туралы хабарлады. Сол міндеттерді Скарлетт таңғы ас алдында орындауға тиісті. – мен де сізді Жаңа жылмен құттықтаймын. Енді міндеттеріңізді орындаңыз. Ол не деген міндеттер? - деп сұрады Скарлетт.

- *Салт-дәстүр, ритуал*, - деді миссис Фиц. Сол салт бойынша Скарлет тек қана бір-екі кесе шай ішіп, ашытқан қамырды жеу керек. Киелі Үштікке табынып, қамырдың үш бөлігін жеу керек. Сонан кейін басқа бөлмеге барып, арнайы пісірілген бәлішті қыбырғаға лақтырып жіберу керек. Лақтырғанда бәліш көп бөлшектерге бөліну керек. Мен кеше қабырға мен еденді әдейі жуып қойдым, өйткені сіздің үйдегі адамдар сол бәліштерден дәм тату керек.

- Бұл не деген қисынсыз әдет? Сондай әдемі, тәтті бәлішті неге мен қабырғаға лақтырып жіберуім керек? Неге сол бәлішті сәресіде жеу керек?

- Осындай салт-дәстүр бар. О'Хара, сіз өзіңіздің міндеттеріңізді орындаңыз, әйтпесе осы үйдің адамдары аштан өледі. «Троица бәліші» телімді бөлшектегенше ішкім таңғы асын іше алмайды.

Скарлетт жүн жамылғысына оранып, айтқан бұйрыққа бағынды. Ол бір ұрттам шай ішіп, жеміс-жидектермен безендірілген бәліштің шетіне қолын тигізіп тақыдатты, сонан соң бәлішті қабырғаға лақтырды. Бәліштердің бөлшектері бүкіл еденнің үстін жауып жіберді.

Скарлетті таңданып, бұл қандай жаман салт, - деді. Бірақ бәлішті лақтыру қызықтырды. Миссис Фицтің айтуы бойынша, Скарлетт үйдің қожасы ретінде сол бәліштің бөлшектерін далада күтіп тұрған адамдарға үлестіруге міндетті екен» [А. Риплей. Скарлетт, 357-358 бб.].

9. Салт-дәстүрді немесе әдет-ғұрып өткізудің мәдени сценарийін сипаттауға арналған реферат жазыңыз осы құнды концепттердің ұлттық айырықшылығы туралы тиісті қорытынды жасаңыз.

Мәдениетіңіздің негізгі тірек сөздерін жазып, олардың айырықшылығы неде екенін анықтаңыз. Олар неліктен ұлттық колориттің айырықшылығын танытатын мәдениет категориясы ретінде көрінетінін дәлелденіз.

1.6 Аударманың түрлері мен амалдарын анықтау проблемасы

1.6.1 «Аударма» ұғымының анықтамасы

«Аудармаға» әр түрлі ғылымдардың жұмысында барабар емес, себебі аударманың адам қызметінің түрі мен нәтижесі ретінде, немесе тілдік делдалдық түрі ретінде, не мақсат-нысаны ескерілуіне қарай зерттелуіне байланысты әр қилы анықтама беріліп жүр. Сондықтан аударма мағынасына түрлі көзқарастардың тоғысуының салдарынан «аударма» ұғымы терминологиялық нақтылауды қажет етеді. «Аударма» ұғымының анықтамасындағы терминологиялық ретсіздік байқалады. «Аударма» ұғымын терминге айналдырудағы түрлі бағыттардың нәтижелерін салыстырып, олардың қайшылықтары туралы тұжырымдама жасау үшін ғалымдардың аудармаға берген анықтамаларын салыстырып көріңіз: «Аударма деп бір тілде шығарылған сөздік өнімді басқа тілде мазмұнын бұлжытпай жеткізу үдерісін айтамыз» [Бархударов, 1975, 11]. «Аударма түпнұсқа тілінде дайындалған мәтінді басқа тілде бергенде оның инварианттық мазмұнын, қасиеттерін, авторлық ойын сайма-сай сақтауға бағытталған үдеріс» [Лилова, 1988, 10]. «Аударманы түпнұсқалық мәтінді арнайы түрде өңдейтін, бір тілдегі мәтіннің мазмұнын басқа тілге ие оқырманға жеткізетін үдеріс» деп қарауға болады. [Тюленов, 2004, 10]. *Бірінші бағытқа* жататын ғалымдар аударманы үдеріс ретінде зерделейді. *Екінші бағыттың* өкілдері аударманы аудармашылық қызметтің нәтижесі ретінде сипаттайды, қараңыз: «Аударманы түпнұсқамен сәйкестендіру, бастапқы және екінші тілдегі мәтінді бір ғана жанрлық категорияларға жатқызатын іс-әрекеттің нәтижесі ретінде қарастыруға болады» [Федоров, 2002, 14]. Аударманы мақсатты-нысанды қызмет ретінде сипаттауға болады. *Үшінші бағыттың* өкілдері аударманың белгілі бір мақсатта жүзеге асырылатынын ескереді: 1. адресатты (хабарды, мәтінді алушыны) бастапқы тілдегі шығармамен таныстыру; 2. түпнұсқаның мазмұнын басқа тілде дұрыс жеткізу, онда түпнұсқаны толықтай көрсету: іс-әрекетін жүзеге асыратын қызмет деп көрсетеді. В.Н.Комиссаровтың пайымдауынша, «аударма тіларалық коммуникацияны қамтитын түпнұсқаны екінші тілде дәлме-дәл жеткізу үшін аударма тілінде мәтін дайындайтын тәсіл» [Комиссаров, 1997, 167]. *Төртінші бағыттың* өкілдері аударманы тілдік делдалдықтың түріне жатқызады. Аударманы мәдениеттаралық коммуникация ретінде басқа тілде тікелей жеткізетін адам ретінде, ал аударманы ақпаратты аудармашы арқылы мәтінді алушыға жеткізу мүмкіндігін өткеретін үдеріс ретінде анықтауға ықпал етті. Мұндай жағдайда тілдік делдалдық түрлі тіл иелерінің арасында ақпарат алмасуға ықпал етсе, қоғам мүшелерін аударма қос тілді коммуникациясымен танытады. В.Н.Комиссаров сондықтан аударманы түпнұсқаға бағытталған тілдік делдалдықтың бір түрі деп қарастырады. Аударма түп нұсқаның басқа тілде жүзеге асырылған тұлғасы. Басқаша айтқанда, аударма мәтіні мен

түпнұсқа мәтіні коммуникативтік тұғырдан дәме-дәл келе отырып екі тілде де ұқсас қызметтерді орындайды. Аударманың негізгі міндеті: рецептор тіліндегі мәтінді түпнұсқамен барабар келтіретін, аударма рецепторы оны функционалдық, мазмұндық, құрылымдық жағынан ұқсата алатын мәдени аралық коммуникацияны қамтитын коммуникацияның түрін құру [Комиссаров, 1990, 42]; *Бесінші бағыт* аударманы семиотикалық таңбаларды алмастыру үдерісі деп санайды: «аударма бір тілдегі белгілерді басқа тілдегі белгілерге өзгерту-үдерісі. Егерде түпнұсқа бір мағынаны білдірсе, сол мағына басқа тілдегі мәтінде де бұлжытпай жеткізілу керек» [Dettinger, 1960, 104] немесе тіл аралық «аударма бір тілдің элементтерін басқа тілдің элементтерімен алмастыру үдерісі» [Dettinger, 1960, 109]. *Алтыншы бағытқа* жататын ғалымдар аударманы бір тілдегі хабардың басқа тілде эквивалентті жаңғыруы деп қарастырады. К.Табер, Ю.Найда аудармаға келесі анықтама береді: «Аударманың негізгі мәні рецептор тілінде түпнұсқалық ақпаратты барабарлық элементтерді табу арқылы жеткізуді қамту. Бұл үдеріс барысында екінші тілде бірінші тілдегі сөздің мағынасын дұрыс беруге, түпнұсқадағы стильді сақтауға назар аударады» [Taber, 1969, 12]. Мұнда «хабардың жаңғырылуын» авторлар көбіне бірқатар грамматикалық және лексикалық бейімдеулер (мысалы, идиоматикалық айтылымды жеткізгенде) тудыратын айтылым мағынасының жеткізілуі ретінде түсіндіреді. Осындай формалды ұқсастықты жойып, аудармада нақты эквиваленттерді табу талабына назар аударады: «Аударма түп нұсқалық мәтінді басқа тілде эквиваленттік формада беру, өңдеу және вербализациялау үдерісі. Осы үдерісте түпнұсқа мазмұндық және стилистикалық жағынан тиянақталыады. Аударманы іштей жіктелінген үдерісте қарастыруға болады. Ол екі фазаға бөлінеді: 1) тиянақтау фазасы. Бұл деңгейде аудармашы түпнұсқалық мәтінді оның мағыналық мәндік және стилистикалық интенцияларын ескере отырып, оған талдау жасайды; 2) Қайта құрылу фазасы. Бұл фазада коммуникант сөздік және стилистикалық мәнді коммуникативтік эквиваленттілік ұстанымдарына сай екінші тілде жаңғыртады» (Wills, 1977, 72); 3) аударма екі фазалық үдеріс ретінде қарастырылады, онда коммуникативтік жағдайдың бірқатар нышандары (фазалары, адресаттары, мәтін түрлері, қызмет саласы, тілдік делдалдық түрлері) жағынан ажыратылатын екі типті өткеріледі. О.Каденің тұжырымдамасына сәйкес бірінші және екінші фазалары қос тілді коммуникациямен жалғасатын коммуникативтік жағдай ешқашан дәлме-дәл болмайды. Бірінші фаза кезінде бастапқы мәтінді тудыратын коммуникативтік факторларға басқа тіл мен мәдениет қауымдастығына жататын жаңа адресаттың коммуникативтік үдеріске қосылуына байланысты жаңа факторлар қосылады. Түпкі мәтіннің бірінші коммуникацияға тікелей (тілдік делдалдықтың бастапқы объектісі ретінде алғашқы мәтін арқылы, екінші коммуникацияға тікелей емес-қосарлы тәуелді болуы түпнұсқадан алыстай алмау мен алушыға түсінікті ету арасындағы қарама-қайшылықтан туады, бұл қарама-қайшылық тілдік делдалдықтың әр актісінде еңсерілуге тиіс. О.Каденің ойынша, біріншімен салыстырғанда екінші коммуникативтік жағдайдағы өзгерістер заңды немесе

кездейсоқ сипатта болуы мүмкін. Олар қостілдіаралық коммуникацияның табиғатынан болғандықтан өзгеріске ұшырамай қоймайды.

Сонымен қатар, коммуникацияда өткерілетін қызмет саласының түрленуі де түпкі адресаттың қалауына сәйкес коммуникацияның мақсатының өзгеруіне соқтырады. Мұндай жағдайда оның қостілді аралық коммуникацияның табиғатына еш қатысы болмаса да, О.Каденің пайымдауынша, мәтінің коммуникациялық функциясы да өзгереді. Онда тілдік делдалдықтың шарттары айтарлықтай өзгеріп, түпкі мәтін үшін елеулі салдарын сездіреді.

Осыдан келіп, тілдік делдалдықтың екі түрі (подкластары) шығады: 1) эквивалентті тілдік делдалдық немесе аударма, онда бастапқы және түпкі мәтіндердің коммуникативтік функциялары бір-біріне сай және тілдік делдалдық шарттарына коммуникативтік жағдайдағы заңды (яғни коммуникативтік функцияға қатыссыз) өзгерістер ғана ықпал етеді; 2) гетеровалентті тілдік делдалдық немесе мазмұнды өндеп жеткізу *Inhaltsbearbeitende Übertragung*—ГДР-дың тіларалық коммуникация практикасында қабылданған термин), онда мәтіндердің арасында коммуникация жағдайының тұрғысынан түсіндіруге болатын белгілі бір жүйелі қатынастар болғанмен де, екінші коммуникативтік жағдайда тілдік делдалдықтың табиғатынан тыс қосымша өзгерістердің енгізілуінің нәтижесінде түпкі мәтін бастапқы мәтіннен өзгеше коммуникативтік функция атқарады (Каде, 1977, 31-33).

Аударманың түрлі анықтамаларын талдау зерттеушілердің аударманы түрлі тұрғыдан қарастырып, сол үдерісті сипаттайтын белгілі бір нышандарды атап айтатынын көрсетеді. Алайда көптеген анықтамаларда аударманың мәнін нақтылауда бұлыңғырлық, дәлсіздік байқалады. Аудармаға үдеріс немесе нәтиже ретінде сипаттама берудегі анықтаманың кемшілігі аударманың мақсат-нысанына назар аударылады, аударманың нәтижесі «аударманың өзгеріссіз жоспарын сақтау», түпнұсқаның сапасын сақтау ретінде қарастырылады, сөйтіп аударманың жақсы сапасын анықтау ғана болып, мазмұнын ашпайды. В.Н.Комиссаров берген аударма анықтамасын дұрысырақ деуге болады, онда аударманың мақсаты, бағдары аталады, олардың тілдік делдалдықтағы ролі ескеріледі, түпнұсқа мен аударма мәтінің коммуникативтік тепе-теңдігіне назар аударылады. Шетел ғалымдары берген аударма анықтамаларында да бір қатар кемшіліктер бар. Аудармаға бастапқы мәтін таңбаларын аударма мәтінінде түрлендіру ретінде анықтама беру жағдайындағы тар семиотикалық жол, аудармаға талап, соның ішінде эквиваленттік талабын қою арқылы анықтама беру автордың бастапқы және аударма мәтіндерін өңдеу мен вербализациялау туралы айтқанда аудармашылық қызметтің экстралингвистикалық шартын ескерту қажеттігін ашпайды. Ал автор аударма тілінің нормаларын, коммуниканттардың қабылдау ерекшеліктерін, аударма үдерісінде екі мәдениетінің арақатысын, екі коммуникативтік жағдайдың арақатысын ескеруге тиіс.

Біздіңше, О. Каде берген анықтама барынша қолайлы анықтама сияқты, онда аударманың қос фазасы, сол сияқты тілдік делдалдықтың екі типі (эквивалентті және гетеровалентті) де ескерілген. О.Каденің ойынша,

аударманың қос фазалы болуы оны ерекше үдеріс ретінде сипаттайды. Алайда бұл анықтамада екі мәдениеттің ара қатысы, мәтінді алушы нормаларына қарай бейімделу қажеттілігі ескерілмеген.

Аударма анықтамасында оның маңызы, аударманың басқа қызмет пен мәдениеттаралық коммуникация түрлерінен қандай нышандарымен айырықшыланатыны көрсетіліп, мақсат-нысаны, себеп-дәлелі, осы үдерісті тудыратын факторлар, нәтижелілік аталуы керек. Сондықтан аудармаға қоғамның қос тілді коммуникацияға сұранысын қаңағаттыратын, бірінші (мәтінді жөнелтуші мен рецептор-аудармашы арасындағы) және екінші (аудармашы-жөнелтуші мен мәтін алушы арасындағы) коммуникация орын алатын аудармашылық қызметтің үш кезеңі бойында актуальдендірілетін, нәтижелігімен (бастапқы мәтін мен аударма тіліндегі мәтін), экстралингвистикалық және элеуметтік-мәдени факторлармен (коммуникаттардың элеуметтік тарихы, жағдай құбылмалығы, қатынас ережелері, құнды мәдениет ұстанымдары) детерминделуімен, біркатар функцияларды коммуникативтік, репрезентативтік, аккумулятивтік, перцептивтік (қабылдау мен түсіну, пайымдау, фатикалық) атқаруымен, айту мен түсіну үдерістерінен басқа операцияларды (қабылдау, пайымдау, репрезентация, коммуникативтік әсер беру қондырғысын өткеру, интенция, автордың ықпал-әсері) өткерумен сипатталатын мақсатты, репродуктивтік аралық қызмет, модификация мен шығармашылық пайымдау, стратегияны, тактикаларды іріктеу, аударма амалдарын таңдау және басқалары ретінде анықтама берілуге тиіс.

1.6.2 Аударма түрлері

Арнайы әдебиетте түрлі өлшемдер негізінде бөлінетін көптеген аударма түрлері сипатталады.

1) *рухани-практикалық мәтіндік-тілдік қызметті жүзеге асыру формасы бойынша жіктеу* (ауызша және жазбаша аудармалар). Материал ауызша аударма жағдайында есту, жазбаша аудармада көру арқылы қабыданады. Ауызша аудармада аударманың ауызша, жазбаша аудармада жазбаша варианты жасалады.

2) *ақыл-ой механизмдерінің қызметін ескеру негізінде аударма түрлерін жіктеу*. Ондай механизмдерге бастапқы материалдарды қабылдау, есте сақтау, бір тілден екіншісіне көшу, аударманы рәсімдеу, аударманы жүзеге асырудың мерзімдік шеңбері жатады. Р. К. Миньяр-Белоручевтің ойынша, ақпаратты қабылдау тетігі былайша сипатталуы мүмкін: 1) мәтінді қабылдаудың есту немесе көру анализаторларына тәуелді болуы; 2) мәтінді қабылдауға қайталану факторы ықпал етеді; 3) мәтінді қабылдау сөздің қаншалықты пұбалаңқы, не қысқа болуына байланысты; 4) көп жағдай аудармашының бастапқы тілден аударма тілге көшіуіне берілген уақыт мерзіміне қатысты [Миньяр-Белоручев, 1996].

Ақпарат қабылданған соң аударманың рәсімделу жағдайы ерекше мәнге ие болады. Рәсімделудің ауызша немесе жазбаша ережелері болуы мүмкін. Көп жағдай аудармашының мәтінді түзетуге мүмкіндігінің болу-болмауына қатысты. Түзету мүмкіндігінің бір немесе бірнеше рет болуы мүмкін.

Аударманың рәсімделуі, сондай-ақ аударма процессінде негізгі операциялардың ілеспелігі мен лездемелігіне (последовательность) қатысты айтылып отыр. Жоғарыда айтылған сипаттамалардың негізінде келесі аударма түрлерін көрсетуге болады: а) жазбаша аударма; ә) ілеспе аударма; б) қағаздан аудару; в) ізбе-із аудару; г) абзацты-фразалық аударма; д) екі жақты аударма.

3) *психолингвистикалық жіктеу.*

Л. С. Бархударов аударма түрлерін аудармашының іс-әрекеті (мәтінді қабылдау тәсілі мен құрастыру тәсілі) мен аудармашылық қызмет түрлерін ескеру негізінде жіктейді. Мұндай жағдайда аударманың келесі түрлері бөлінеді:

а) Жазбаша-жазбаша аударма (екі мәтін де жазба түрінде болады);

ә) ауызша-ауызша аударма (екі мәтін де ауызша түрде болады).

Осы аударма түрлерінің шегінде ізбе-із немесе ілеспе аударма болып бөлінеді. Ізбе-із аударма түпнұсқа мәтіні толық айтылып болған соң немесе бірнеше, не бір сөйлем айтып болған соң (абзацтық-фразалық аударма) жасалады. Ілеспе аударма шешен сөзін айтып жатқан кезде бір мезгілде жасалады, яғни ілеспе аудармада түпнұсқаның мәтінін қабылдау мен аударма мәтінінің жасалауы бір сәтте өтеді. Әріне, ілеспе аударма аударманың синфазалығымен немесе фазалық қозғалысы жағынан біршама кешеуілдейді, я болмаса ықтималды болжау механизмі аталатынның салдарынан шешеннің сөзімен салыстырғанда біршама алға кетіп қалады; в) Жазбаша-ауызша аударма немесе жазбаша мәтінді ауызша аудару бастапқы тіл жазбаша, аударма тілі ауызша қолданылады. Мұнда аударманың да екі түрінің болуы мүмкін: түпнұсқаны іштеп оқып отырып, сол сәтінде аудару неме түпнұсқаның бүкіл мәтінін, не үзіндісін оқығаннан кейін ізінше сөзде аудару. Жазбаша-ауызша аударманың бұл шағын түрін шартты түрде «қағаздан өздік аудару» және «қағаздан дайындалып барып аудару» деп бөлуге болады; г) Ауызша-жазбаша аударма немесе ауызша мәтінді жазбаша аудару. Бастапқы тіл ауызша, аударма тілі жазбаша қолданылады. Аударманың мұндай түрі практикада сирек кездеседі.

4) *Стилистикалық түрлері бойынша және функцияларын ескеру негізінде жіктеу.*

В.В. Сдобников пен О.В. Петрова аударманың негізгі екі түрін бөліп алып, аударма түрлерін жанрлық-стилистикалық критерийлер бойынша жіктейді: Бұл жағдайда аударманың: а) көркем; ә) ақпараттық түрлері бөлінеді. Көркем аудармаға көркем әдебиеттің шығармаларын аудару жатады. Бұл аударманың негізгі мақсаты аударма алушыға көркем-эстетикалық ететін сөздік шығармалары бар нәрсе туралы хабарлайтын мәтіндерді екінші тілге аудару жатады. Бұндай аударманың негізгі қызметі түпнұсқадағы ақпаратты басқа тілде оқырманға жеткізу болып табылады. Осындай ақпаратты жүзеге асыратын мәндерге ғылыми іскерлік, саяси, күнделікті ақпаратты хабарлайтындар жатады.

Ақпараттық аудармада одан әрі түпнұсқаның бастапқы тілде қандай функционалдық стильге жатуына қарай шағын түрлерге (қоғамдық-саяси аударма, газет-ақпарат материалдарын аудару, ғылыми-техникалық аударма,

ресми-іскерлік аударма, әскери аударма, жарнама материалдарын аудару, патенттер аудармасы т.с.с.) бөлінеді.

Аударманың көркем және ақпараттық түрі негізінен атқаратын функциялары бойынша бөлінеді (көркем аударма, ақпараттық, хабар аудармасы, коммуникативтік-ақпараттық аударма).

Көркем аударма – метатілдік сипатқа ие термин. Ол мәдениетаралық және әдебиетаралық және тіларалық делдалдық міндеттерін шығармашылықпен шешуге байланысты күрделі де бұлыңғыр ұғымдар жиынтығын белгілеу үшін қолданылады.

Көркем аудармада әдеби шығарма шығармашылықты деңгейде өңделініп, екінші тілдің әдеби тілінің нормасына сәйкес бағытталады. Осындай аударма барысында аударма тілінің қажетті бейнелеу тәсілдері қолданылып, түпнұсқаның әдеби ерекшеліктері өзгеруі мүмкін. Сондай өзгертулердің пайда болуы шығарманың эстетикалық ақпаратын екінші тілде түпнұсқалық шығармаға сәйкестірумен байланысты.

1.6.3 Аударма түрлерін жіктеу

Аударма түрлерін жіктеу бір тілде бір хабардан екінші хабарға көшуде сигналдардың жүйелілігін, яғни екі тіл жүйелері арасында бұрыннан орнаған сәйкестіктер бойынша басқа тілде сигналдар жүйелілігінің ерекшелігін ескеру негізінде жүзеге асырылады. В. Розенцвейгтің ойынша, қатысқа түскен тілдер арасында өзара бір мәнділіктің орнауына қарай аударманың бірнеше типтерін өткеруге болады: I) *Дәлме-дәл аударма*. Келесі жағдайда іске асырылады: егерде тілдік бірлік *a* элементі T_1 және T_2 тілдерінің негізгі сөз қорына жатса, онда екі тілдің арасында өзара сәйкестіктер пайда болады, ал *a* элементінің *b* элементіне ауысуы тек жай кодтарды алмастыру әрекеті болып саналады; II) егерде *a* элементі T_1 және T_2 -нің жалпы сөздік қорына кірістірмелесе, аударманың төрт түрі жүзеге асырылуы мүмкін: 1) бірінші тілдің *a* элементі және екінші тілдің бір элементі арасында өзара сәйкестік жүзеге асырылады, бірақ екінші тілдің бұл элементі тілдердің жалпы қорына кірмейді. Басқаша айтқанда, T_2 оның құрамына еріксіз кірістірілген элементтер арқылы өз сөздік қорын кеңейтеді. *Бұл сөзбе-сөз аударма*- деп аталады. 2) T_1 -дегі *a* элементі сол тілдің өзіндегі басқа элементпен алмастырылады, бірақ бұл элемент тілдердің жалпы қорының бір элементі болып табылады. Тәржімашы бұл ауыстырылатын элементтің жаңа мағынасын екінші тілде сақтайтын элемент ретінде таңдап алады. Бұл жағдайда *a* элементімен тілдегі басқа *B* элементтің арасында өзара сәйкестік сақталады. Осындай аударманы *жеңілдетілген* аударма деп атауға болады. 3) T_1 -дегі *a* элементі дәлме-дәл немесе жеңілдетілген түрде жеткізіледі. Сонан кейін осы тілде алмастырылған элемент басқа тілде *B* класының бір элементімен ауыстырылады ($B_1, B_2, B_3, B_4...$). Осындай аударма *сайма-сайлық аударма* деп аталады. 4) T_1 *a* элементі басқа тілде *B* класына жататын бір элементке ауыстырылады, бірақ екінші тілдегі сөздермен тіркелімі ескеріледі. Бұндай аударма еркін аударма деп сипатталады [Розенцвейг, 1951, 3-4].

Аударма түрлерінің жалпы жіктелуін №10 сызбадан көруге болады:



10 сурет – Аударма түрлерін жіктеу

С. Талжанов аударма түрлерін жіктемесе де еркін, барабар, сөзбе-сөз сияқты аударма түрлерін де сипаттайды:

Тәржімашының айтуынша, еркін аударма екінші тілді, түпнұсқаның әдеби интонациясын, ерекшеліктерін білмеу салдарынан пайда болады. Бұл аударма мемлекеттердің жаңа құрылу негіздерінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда мәдениет әлі толық деңгейде дамымаған, сондықтан бұл аударманы мәдениетінің таршылығымен өзгешеленетін аударма деуге болады. Екінші тәсіл - дәлме-дәл тәсілі. Бұл әдісті екінші тілдегі түпнұсқаның тілін, оның желісін түсінетін адам қолданады. Кішкене ғана елдің өкілдері-аудармашылар ұлы халықтың әдеби мұрасын аударғанда қате жіберуге қорқады, сондықтан әр сөзді дәлме-дәл аударуға тырысады. Сондықтан да осындай айна қатесіз аудармаларды оқырмандар да, тәржімашының өзі де түсіне алмайды. Үшінші тәсіл-сайма-сай аударма. Бұл аудармашының ең қиын түрі. Бұндай аударма екі тәсілді бірдей білетін тәржімашылардың іс-әрекетінде жүзеге асырылады. Олар шетел тіліндегі шығарманың ішкі мәнісін терең деңгейде түсіне біледі.

Сонымен қоса, тілдің интонациясының, тілдің сұлулығының өзгешелілігін, автордың сөз қолдану ерекшелігін де үнемі ескеріп отырады. Егерде екі халықтың мәдени деңгейлері бірдей болса, аударма қисынды болады. [Талжанов, 1962].

Ж.А. Жақыповтың «Аудармашы анықтамалығы» еңбегінде аударманың келесі түрлі нұсқалары сипатталады: ауызша, ізбе-із аударма, ілеспе аударма, бейнемәтіннің ілеспе аудармасы, парактан аудару, коммуналдық аударма, жазбаша аударма, компьютермен аудару [Жақыпов, 2009, 19-26].

Көріп отырғанымыздай, аударма түрлері 1) рухани-практикалық, мәтіндік-тілдік қызметті жүзеге асыру формасы бойынша; 2) ақыл-ой механизмдерінің қызметін ескеру негізінде; 3) психолингвистикалық сипаттамалар негізінде; 4) мәтіндердің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері мен атқаратын басымды функциялары бойынша; 5) аудармашылық қызмет үдерісінде тілдердің қатыстылық дәрежесін ескеру негізінде; 6) кімнің аударғанына қарай бірнеше критерий бойынша жіктеледі. Аударманың сан-алуан түрлерінің бөлінуі аудармашылық үдерісті жүзеге асырудың түрлі шарттарының болуымен, аударма атқаратын функциялардың сан алуандығымен, қабылданатын ақпараттың сипатымен және басқа нышандармен байланысты.

Аударма түрлерін талдау олардың сан-алуанды екенін көрсетеді. Олардың арасында бірнеше негізгі типтерді бөлуге болады: аударылатын мәтіндердің сипаты бойынша бөлінетін көркем аударма мен ақпараттық аударма және аударма түрлері, аудармашының іс-әрекетінің сипаты бойынша – ауызша, жазбаша, ауызша-жазбаша, жазбаша-жазбаша, ауызша-ауызша, жазбаша-ауызша аудармалар.

1.6.4 Аударманың негізгі амалдары

Бір тілден екіншіге аудару үдерісінде аударма тәсілдерін білу керек. Әдетте аударманың трансформациялық, интерлинеарлық, прагматикалық тәсілдері айтылады.

Аударманың трансформациялық тәсілі дегеніміз бастапқы мәтінді аударғанда трансформацияны қолдану. В.В. Сдобниковтың, О.В. Петрованың сөзімен айтқанда, трансформацияланған тәсілге лексикалық, грамматикалық, стилистикалық өзгертулерді жатқызуға болады. Бұл жағдайда формально-құрылымдық сәйкестіктерден бас тартылады [Сдобников, Петрова, 2007, 261].

И.И. Ревзин мен В.Ю. Розенцвейг интерлинеарлық тәсілді сипаттайды. Бұл тәсіл бойынша тәржімашы аудармаға кіріспей тұрып, алдын ала екі тілде сәйкес элементтерді анықтайды.

Онда бастапқы тіл таңбасынан аударма тілінің таңбаларына тікелей көшу байқалады. Мұнда соңғысы бастапқы тіл белгісінің формалды-құрылымдық сәйкестіктері (бір типті немесе бір типті емес) болып табылып, тиісінше аударманың *интерлинеарлығын* білдіреді. Аударманың *прагматикалық тәсілі* бастапқы және аударма тілдерде жағдайдың, қатынас ережелерінің ұстанымдарының сәйкес болуын қажет етеді. Трансформациялық тәсіл

шеңберінде: нақтылау, генерализация, қарама-қарсы аударма, орнын толтыру (компенсация), орын алмастыру, сөз таптарын, сөйлем мүшелерін ауыстыру, күрделі сөйлемдегі синтаксистік ауыстырулар, толықтыру, қалдырып кету сияқты трансформациялар қолданылады.

Аударманың прагматикалық тәсілі мәтіндегі түсініктеме (ол қосымша түрінде жүзеге асырылатындықтан аударманың трансформациялық тәсіліне жатады), беттің соңындағы сілтеме сияқты басқа аударма тәсілдерімен ара қатысты амалдармен байланысады және мәтінде жекелеген құбылыстарды түсіндіру аударманың интерлинеарлығын сақтау тәсілі болып табылады.

Аудару тәсілдерінің шеңберінде аудару амалдарына қысқаша сипаттама берейік.

Аудармада бастапқы тілдің бірліктерін трансформациялайтын амалдарды өткеруге мүмкіндік береді. Аудармашылық трансформация типологиясын (орын ауыстыру, алмастыру, толықтыру мен тастап кету) жасаған Л.С.Бархударов мынаны негізге алады: аудармалық трансформацияларға сан-алуан, сапа жағынан айырмашылығы бар тіларалық өзгертпелерді жатқызуға болады. Олар аударма үдерісінде аудармашылық сайма-сайлыққа жету үшін қолданылады [Бархударов, 1975, 190].

Орнын ауыстыру-аударма тілінде бастапқы тілдің сөйлем құрылымының өзгеруі, онда бастапқы тілдегі сөйлемнің компоненттері аудармада орнын ауыстырады. Мұндай жағдайда сөздердің бекіген тәртібі өзгереді, мысалы;

В издании книги принимали участие, многие сотрудники, которые обсуждали и критиковали текст.

Кітапты шығаруға мәтінді талқылап, оған сын көзімен қараған бір талай қызметкерлер себін тигізді.

Аудармашы бұл сөйлемді аударғанда сөздер ретінен алшақтап, оның синтаксистік құрылымын өзгертеді.

Сөз таптарын алмастыру-аударма тілінде сөйлемдердің мазмұны мен конструкциясын сәйкестендіру; бастапқы тілде жоқ сөз таптарымен алмастыру байқалады. Егер бастапқы форма аударма тілінде болмаса, не өзге функция атқарса, оның басқамен алмастырылуы немесе сипаттынын өзгертілуі мүмкін. Алмастыру амалы түрлі тілдерге сөз тіркелімі, қолданылу нормалары барабар болмаған жағдайда да қолданылады, мысалы:

Булочки выпекаются до до появления золотистой корочки

Тоқаштар алтын түстес қабығы пайда болғанша пісіріледі.

Толықтыру бұл аудару кезінде сөйлем құрылымына қосымша сөздер енгізу амалы, мысалы, орысшаның жалаң сөйлемінің мағынасын жеткізу үшін қазақ тілінде жайылма сөйлем айтылады. Сондықтан аударғанда қосымша сөздер қосылады:

Любопытной Варваре на базаре нос оторвали

Варвараның әр нәрсеге сумаңдап, қызық құмарлық көрсеткені үшін базарда мұрнын кесіп тастады. Пысық болам деп нұшық болма.

Алып тастау -түпнұсканы аударған кезде аудармашы артық, мағынаны ашу үшін қажетсіз деп тапқан жекелеген сөздерді, сөз тіркелімдерді, тіпті

бағыныңқы сөйлемдерді алып тастайды, олар аударма кезінде алынып тастанылады, не қысқартылады.

Жекелеген сөздерді, сөз тіркелімдерді түрлендіруге ықпал ететін лексикалық трансформацияларға суреттеме аударма, генерализация, гипергипонимикалық семантикалық трансформация, гипо-гиперонимикалық семантикалық трансформация, орнын толтыру (компенсация), антонимиялық аударма жатады.

Суреттеме аударма. Суреттеме аударма мәні сөз аударылғанда сөз тіркелімімен, перифразамен, суреттеп айтумен, кейбір жағдайларда эвфемизмдермен алмастырылады, мысалы: *деликатный человек - әдепті сақтайтын адам, әдет сақтаған, тәрбие көрген қтипатты адам.*

Суреттеме аударма транскрипциясымен қосарлана қолданылып, реалияны аударғанда пайдаланылады, мысалы, *доллар* (dɔlə)-АҚШ-тың ақша бірлігі. Суреттеу амалы жүйелі сөздік сәйкестік болмаған жағдайда немесе бастапқы және аударма тілдерде сөздердің мәні, тиісті бірліктер функциясы эквивалентті болмағанда қолданылады.

Бастапқы сөздің мәні **генерализациялау**-сөз мәнін жинақтау, оны жиынтық түрінде қолдану, мысалы, *тымақ, шылықка, малақай, шапка* – бас киімнің түрлері. Аудармашы сөздердің нақты мағыналарын жинақтап «бас киім» сөзімен алмастыра алады. Генерализациялау кезінде гипо-гиперонимдік қатынастарда тұрған сөздердің арасында семантикалық трансформациялар өтеді. Гипонимдік трансформациялар-генерализация кезінде бастапқы бірліктің мәнін өзге тілдік эквивалентінен өзгешелеп тұратын сема түсіп қалады, мысалы, ағылшын тіліндегі «old bird, an», «old birds are not to be caught with chaff» тіркестерінде «кәрі торғай» деген мағына жүзеге асырылады. Бұл нақты гипонимдік мағына. Осы тіркестерді, мақал-мәтелдерді орыс тіліне аударғанда гипонимдік ұғым гиперонимдік ұғымға ауыстырылады, қараңыз «старого воробья на мякине не проведешь». Бұл жағдайда тіркестердің тәжірибесі бар, біреудің алдануына көнбейтін адам» деген мағынасы айқындалады. Қазақ тілінде мақал-мәтелдерде, фразеологиялық бірліктерде «тәжірибесі бар адам» мағынасы *кәрі тарлан, тіс қаққан* тіркестерінде көрініс береді. Орыстың «яблочко от яблони недалеко падает» мақалын *like father, like son* немесе *as the tree, so the fruit* деп аударуға болады. Ағылшын мақалдарында жалпы ұғым нақтыланады. Ал қазақ тіліндегі «алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер» мақалында жалпы мағына сақталынады.

Сөздің бастапқы мәнін тарылту немесе нақтылау жалпы, кең тексттік мән белгілі бір жағдайда сәйкес түрлік, мәні тарлау сөзбен алмастырылғанда қолданылады, мысалы, *пышақ – мачете, тесак, стилет, финка.*

Кейбір жағдайларда семантикалық трансформация бастапқы тіл мен аударма тілі сөздерінің гипонимдік қатынастар шегінде өтеді. Мұндай жағдайда бір түрлік мәндер ортақ тектік ұғым ішінде басқасымен алмастырылады, мысалы, *человек человеку волк – dog eat dog.*

Антонимдік тәржіма тәсілі түпнұсқадағы сөзді екінші тілде сәйкес қарам-қарсы сөздер, тіркестер арқылы аударуға себін тигізеді, мысалы, *She wasn't*

looking to happy. Оның түрінде бақытсыз екені көрінін-ақ тұр; A couldn't think of anybody to call up. Менің ойымша, маған телефон шалатын адам жоқ.

Бастапқы мәнді сыпайылау (эвфемизация)-қатты, эмоциялы-сын мағынасында айтылған сөздерді бейтараптандыру, бастапқы тілдің инвективаларын бейтарап сөздермен алмастыру; тыйым сөздерді, жағдайды ұшықтыратын сөздерді алмастыру, мысалы, «черт с ним» дегеннің орнына «шут с ним» деуге немесе өзге тілдік айтылымды келтіруге, **воняешь (сасиды) - иеси жаман, любовник (ашына)-милый друг** (сүйкімді дос) деуге болады.

Интерлинеарлық аударма шеңберінде *калькалау, транскрипциялау, транслитерациялау*, сөзбе-сөз аудару сияқты амалдар өткеріледі.

Транскрипция. Аудармашылық транскрипция – аударма тілінің фонемаларының көмегімен бастапқы лексикалық бірлікті формалды фонемалық жасау, бастапқы сөздің фонетикалық имитациясын жасау тәсілі: Транскрипция үдерісінде бастапқы сөз аударма тілінің фонетикалық (айтылу) нормалары мен заңдылықтарына бейімделген формада айтылады, мысалы, *Shakespeare-Шекспир: есімінің орысша формасы* ішінара дыбыстардың ағылшынша жазылуын сақтайды, ол оқу ережелеріне сай келеді (ш,к,с,п дыбыстары бастапқысының тікелей аналогы болып табылады). Орыс тілінде фонетикалық аналогтары жоқ болған жағдайда дыбыстар ұқсас етіліп трансформацияланады. Ондайда ағылшындық дифтонгтар дифтонгтың бастапқы элементі бойынша э, и монофтонгтеріне айналады. Транскрипцияның мұндай тәсілі ағылшын есімдерін орыс тілінде айтудың практикалық ережесі болып табылады.

Практикалық транскрипция - өзге тілдік сөздердің айтылуы ескеріліп, ұлттық алфавит құралдарымен жазылуы. Мұндай транскрипция бір тілдің графемалары мен графикалық тіркелімдерін басқа тілдің графемаларымен немесе графикалық тіркелімдерімен жеткізу ережелеріне негізделеді. Транслитерациядан өзгешелігі бұл ережеде графемалар мен графикалық тіркелімдердің әрбір нақты жағдайда қалай айтылатыны ескерілуі керек. Практикалық транскрипцияға қойылатын негізгі талаптардың бірі-жеткізілетін сөздің дыбыстық бейнесінің барынша дәл сақталуы, алайда сонымен қатар практикалық транскрипция мүмкіндігінше сөздердің морфемалық құрылымын, графикалық ерекшеліктерін, жеткізілетін сөздің иесі тілдің фонемалық қарама-қайшылығын сақтауға тиіс, оңай меңгерілуін қамтамасыз етеді. Практикалық транскрипция нәтижесінде аударылмаған өзге тіл сөздері мәтінге енуі мүмкін.

Жеке есімдер, географиялық атаулар, фирмалардың, компаниялардың, баспалардың, автомобиль маркаларының, мерзімдік басылымдардың атаулары, реалыялары, фольклорлық кейіпкерлердің атаулары, терминдер транскрипцияға ұшырайды, мысалы, *Cherokee-чероки, Ford Mustang-Форд Мустанг, New Press Quarterly-Нью Пресс Квотерли, Western Michigan University, River Thames-река Темза, the Naage-Gaaga, Bank of London-Бэнк оф Лондон, Ivan the Terrible-Иван Грозный.*

Транслитерация – аударма тілі алфавитінің көмегімен бастапқы лексикалық бірлікті формалды әріптік жасау, бастапқы сөз формасының имитациясы. Түпнұсқаның лексикалық бірлігін, оның графикалық формасын аударма тілі әріптерінің көмегімен жасау жолымен аудару тәсілі. Бір

графикалық жүйенің көмегімен жазылынып алынған мәтіндермен жекеленген сөздерді басқа графикалық жүйенің құралдарымен әріппен жеткізу, мысалы, Лапшин ағылшынша *Lapshin*, французша *Lapchine*, италиянша *Lapsin*, полякша *Lapszyn*, немісше *Lapschin* болып жеткізіледі.

Калькалау - шетел сөзінің ішкі тұлғасы мен құрылымына, жемісіне сай аударма тілінде жаңа сөздер құралады. Егерде кірме сөздер екінші тілге өз мағыналары мен қоса материалдық түрде дыбысталу формаларымен енсе, калькалау үдерісінде жаңа пайда болған сөздің ішкі тұлғасы мен құрылымы шет елдік сөздің үлгісімен қарастырылып, тұған тілдің элементтерін сөзжасамдық үдерісте қолданады, яғни шетел сөздің құрылымы, үлгісі бойынша, туған тілдің материалдық бірліктері сөзжасамдық үдеріске қатысады. .

Калькалар бірнеше түрге бөлінеді: семантикалық, сөзжасамдық, фразеологиялық. Семантикалық калькалар-көне материалдан басқа тілдің ішкі формасы мен семантикалық моделінің үлгісі бойынша жасалған сөздер мен калькалар. Мұндай жағдайда көне сөзге басқа тілдің ықпалымен бастапқы тілдің семантикалық моделі бойынша туындаған жаңа мәндер қосылып, семантикалық құрылымын кеңейтеді. Ондайда сөз аударма тілінде кең мағынасында қолданылады, мысалы, түріктің «ошақ» сөзінің алғашқы мағынасы:

1)үстіне қазан асылатын үш аяқты шеңбер темір;

2)үстіне қазан асып тамақ пісіретін, тастан, кірпіштен қалап жасаған нәрсе (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі,7-ші том,498б).

«Ошақ» сөзінің кеңейген мағынасы орыс тілінде «туған үй» мәнінде XIX ғасырдың екінші жартысында, «очаг» - «бір нәрсенің шоғыры» мәнінде XX ғасырдың ортасында пайда болды, салыстырыңыз: *очаги культуры* (мәдениет ошақтары), *очаг индустриализации* (индустрия ошағы), *очаг восстания* (көтеріліс ошағы), т.б.. «Ошақ» дәжділігі көне «ошақ» сөзінің семантикалық құрылымына семантикалық сөзінің калькалау жолымен түзілген қосымша мәннің пайда болуына ықпал етеді, мысалы, «Әуелден мен де алматылық, осы өңірдегі қыстауларда *мәдениет ошағы* өзіміз» (Ғ.Сланов, «Қыз Қымбат», 369 бет); «Майдан тілегіне сәйкес, жастар үнемі артығымен орындалатын совет одағының бас көмір *ошағы* – кочегаркасы Донбасс немістер қолында қалғаннан бері, Қарағанды өндірісі соғыстан бұрынғы жылдарға қарағанда үш есе арта түскен» (І. Есенберлин. Маңғыстау майданы, 596бет); олардың *өндіріс ошақтарын* көргенде қазірдің өзінде таңданбай қала алмайсың» (Қазіргі орыс әңгімелері, 43 бет).

Сөз жасаушы калькалар-калькалайтын тілдің құралдарымен жасалынған үлгілер мен модельдер бойынша калькаланған сөздердің морфологиялық құрылымын құрайтын сөздер. Сөз жасаушы калькалар сөздің морфемалық аудармасы ретінде туған.

Біздің ойымызша, сөз жасаушы калькалар бір тілдің құрылымдық-семантикалық модельдерінің, модельдерін қайталағанда, басқа тілдің конвергенттік ықпалының нәтижесінде пайда болады. Сөз жасаушы калькалау жағдайында қазақ тіліне жаңа сөздер ендіріледі. Олар орыс тілінің

құрылымды-семантикалық моделі бойынша құрастыру нәтижесінде пайда болады. Орыс тілінің префиксальды-лексикалық сөздердің тізілу реті қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен сөз тіркелімдерде қайталанатын, түбір мен аффиксті тіркестіру жолымен калькаланады, мысалы, жұмыссыздық (безработица), қолтаңба (рукопись), бейнежазба (видеозапись), дүниеге көзқарас (мировоззрение), қайта өркендеу (возрождение), төбе топ (верхушка), ой тұжырымы (умозаключение) және т.б.

Күрделі орыс анықтауыштарының бірінші бөлігі қазақ тілінде калькаланады, екіншісі *-ты, -т, -ды, -лы, -л* аффикстермен рәсімделеді, мысалы: көп полюсты (многополюсный), көп тиражды (многотиражный).

Бүтін айтылым морфологиялық бөліктер бойынша беріледі, түбірі түбір күйінде, орыс тілінің аффикстері қазақ тілінің аффикстерімен рәсімделеді: *принципшіл* (принципиальный), *сәулетші* (архитектор), *мазмұндылық* (содержательный), *тауарлы* (товарный), *лаборанттық* (лаборантский), *тапсырыс* (задание), т.б.

Құрылымы әр түрлі тілдердің грамматикалық құрылымдарындағы айырмашылықтар орыс модельдерінің ішкі құрылымын дәл жеткізуге бөгет болады, сондықтан дәл немесе дәл емес сөз жасаушы калькалар болып бөлінеді. Дәл калькаларда модель мен кальканың компоненттерінің құрылымдық орналасуы мен олардың мәні толығынан сәйкеседі, салыстырыңыз: *тоңазытқыш* (холодильник), *өмірбаян* (автобиография), *орынбасар* (заместитель), *ізденуші* (соискатель), *шаңсорғыш* (пылесос), *айналым* (оборот), *дабыл* (набат), *талдау* (анализ), *дәлелдеме* (аргументация), *көзқарас* (взгляд), *төлем* (выплата), *ұран* (девиз), *онкүндік* (декада), *үгітші* (агитатор), *бедел* (авторитет), *бастама* (зачин), *нұсқау* (инструкция), *ақиқат* (истина), *әдіс* (метод), *шешен* (оратор), *тұпнұсқа* (оригинал), *толыққанды* (полнокровный) және т.б.

Дәл емес калькаларда калькамен модель компоненттерінің құрылымдық орналасуы сәйкестейді. Мәндері ішінара сәйкеседі. Дәждемелігі де ішінара, мысалы, *көшірме* (выписка), *халықаралық* (международный), *елші* (посланник), *дағдарыс* (кризис), *алқа* (коллегия) және т.б.

Фразеологиялық калькалау синтаксис саласында ең алдымен тілдік байналыстардың нәтижесі болып табылады, онда тұрақты сөз тіркестері мен олардың тұтас мағынасының құрылымдық моделі алмасады. Ол-аудару және лекссмалардың шектеулі тіркелімдерін алмастыру көмегімен басқа тілдің ішкі формасын жаңғырту немесе фразеологиялық айтылымдардың дәждендіру жолымен өзге тілдік тұпнұсқаның қалпын түсіру.

Басқа тілден фразеологиялық калькалау үдерісінде, сөздердің синтаксистік байланыстары мен семантикалық үлгілері көшіріледі, ал сөз тіркес жасамдық материал туған тілден алынады. Осындай жаңадан пайда болған тіркестер тілде қолданылатын ережелер мен заңдарға сәйкестейтін қазақша фразеологиялық тіркелімдердің тууына соқтырады.

Бұл, біріншіден, өзге тілдік фразеологизмдерін аударғанда қабылдаушы тілге бөтен құрылымдық модельдің көшірілуі; екіншіден, өзге тілдік

фразеологизмнің ішкі формасының көшірілуі, осының бәрі де байырғы фразеологиялық тіркелім компоненттерінде семантикалық жылжу тудырады.

Фразеологиялық кальканы біз байырғы тілдің өзге тілдік үлгінің құрылымдық моделі жаңғырған және оның ішкі формасы көшірілген кезде туатын фразеологиялық калька деп білеміз, соның нәтижесінде калькаланатын фразеотіркестерде семантикалық жылжу болады. Мұндай семантикалық жылжулар орыс тілінің фразеологизмдерінің ықпалынан туады, салыстырыңыз: *золотая осень* – *алтын күз*; *приз золотая осень* – «*алтын күз*» жүлдесі; *приз золотой фазан* – «*алтын қырғауыл*» жүлдесі; *белое золото* – *ақ алтын* (*мақта*); *черное золото* – *қара алтын* (*мұнай, газ*); *голубой огонь* – *көгілдір от* (*газ*); *зеленая осень* – *жасыл көше*; *королева трлей* – *дала аруы* (*жүгері*); *корабль полей* – *дала кемесі*; *две стороны одной медали* – *бір медальдың екі жақ беті*; *Золотая книга* – *Алтын кітап*; *золотая свадьба* – *алтын той*; *вольная птица* – *еркін құс және т. б.*

Сөзбе-сөз аударма тәсілі – тілдік бірліктің («сөздің, сөз тіркесінің») сыртқы нысанын, ішкі мазмұнын нақпа-нақ, сол қалпында аудару дегенді білдіреді» [Алдашева, 2006, 55]. Мұндай жағдайда екі тілге ортақ шағын жүйеге екі тілдегі өзара бір мәндес сәйкестіктер (сөздер, сөз тіркестері) енеді. Аударма тілінен бастапқы сөзбен бір мәндес сөз іздестіріледі немесе түпнұсқада да, аудармада да толық мәнді сөздердің жиынтығы мен олардың жіктелу реті сақтала айырылып, бастапқы тілдің синтаксистік құрылымы аударма тілінің сондай құрылымына орай түрленеді, мысалы, *щедрая рука* – *open hand*, *мырза қол*, *белые пятна* – *blank spot*, *ақ таңлақ*.

Аударманың прагматикалық тәсілінің шеңберінде мәтіндегі түсініктеме, бет соңындағы сілтеме және бастапқы тілдің жекелеген сөздеріне, сөз тіркестеріне түсініктеме сияқты амалдар өткеріледі.

Мәтіндегі түсініктеме – онда аудармашы бастапқы тілдің сөздеріне, сөз тіркестеріне жақша ішінде, сызықша арқылы түсініктеме, парактын аяғында бұрынғы анықтамаларға қосымша, барынша кең контексте түсіндірме береді, мысалы, «Дочь хана гуляла по берегу в сопровождении сорока *девиц - фрейлин*» (Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5 тт. т.3, с. 66); «Бий тогда только судья, когда к нему обращаются тяжущиеся, обращаются же к нему – пока он пользуется хорошим *репутее*, только потеря авторитета лишает его бийского звания» (Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5 тт. т.4, с. 91). «Ханның қызы өзен жағасында қырық *қыз – фрейлиндердің* қосағында қыдырып жүрді» Аудармада түсініктеме сызықша арқылы беріледі [Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар, 1106.]. Би сонда ғана сот бола алады, егерде дауласкерлер дау-шашуын шешу үшін оған арызданса. Бидің *реномесі*, яғни беделі болу керек, беделінің болмауы оны би атағына ие болмауға соқтырады [Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар, 3-ші том, 66 б.].

Бет соңындағы сілтемелер – түсіндіру амалы. Сілтемелер сөз соңында, беттің аяғында, ескертуде беріледі, салыстырыңыз: «Они говорили также, что на Сырте чувствуется особая удушливость в воздухе, что люди и животные делаются жертвой *тутека*» [Ч. Валиханов. Собр. соч. в 5 тт. т.2, с. 61]. Төменде ескертуде: «Так называют они это явление». Олардың айтуы бойынша, сырт

үстіртінде ауада тыныс тарылтатын, тұншықтыратын бір құбылыс сезіледі. Адамдар мен жануарлар *түтекке* шалдығады» [Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. 1306.]. Төменде ескертуде «Олар осы құбылысты солай атайды» [Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар, 1366.].

Аудармашылық түсініктеме – лексикалық-семантикалық трансформацияға ұшыраған сөздерге ілесе жүретін амал. Сөздің лексикалық фоны белгісіз болғанда, сөздің мәні сол мәдени аударма тілінде болмаса және сөздіктерде жеткілікті түсініктеме берілмесе, немесе бұл сөз сөздіктерде тіркелмесе, оған комментарий (түсініктеме) беріледі, мысалы, ұлттық-мәдени айырықшылығы бар фразеологизмдер аудармашылық түсініктемені қажет етеді: *попал как кур во щи, мчатся сломя голову, земля обетованная, турусы на колесах, тютелька в тютельку*; реалия-эквивалентсіз сөздердің, прецедентті сөздердің, аударма тілінде болмауы “денотативтік ойықты” тудырады. Мысалы, *бесқонақ, наурыз, щи, лапти, тортилья, теща, свекровь, түтек, чум, изба, масленица* және т. б.

Белгілі бір аударма тәсілдерімен шендес аударма амалдарын № 11 нобайда көрсетуге болады:



11 сурет – Белгілі бір тәсілдермен шендес аудару амалдары.

Осылайша, аудару амалдарын талдау, біріншіден, оларды аударма амалдарын тандауды бағыттап, нақтылай отыратын белгілі бір аудармашылық тәсілдермен шендестірудің қажеттілігін; екіншіден, тандалған аударма тәсіліне сәйкес жекелеген аударма түрін пайдалануға кеңес берудің жөн екенін; үшіншіден, аудару кезінде амалдарды кешенді түрде қолдануға болатынын көрсетті.

Қорытынды

1. Арнайы әдебиетте аудармаға әр түрлі мәнде анықтама беріледі. Бұл ұғымды анықтаудағы терминологиялық сан алуандылық - аударманы әр түрлі көзқарас тұрғысынан және мағынасын түрлі жолдармен зерделеудің салдары. Ал, «аударма» ұғымының дефинициясы оның басқа қызмет түрлерінен өзгеше елеулі нышандары ескеріліп, қурылуға тиіс. Сондықтан аудармаға қоғамның қос тілді коммуникацияға сұранысын қанағаттандыратын мақсатты, аудармашылық қызметтің үш кезеңінің бойында өзекті болатын екінші репродуктивті қызмет ретінде анықтама берілуге тиіс, соның ішінде бірінші және екінші коммуникация үдерістері, бастапқы мәтінді адресат нормаларына бейімдеу шеңберінде түсіну мен түсіндіру, бастапқы кодты екінші тілдің кодына алмастыру, екінші мәтін тудыру – аудармашы қызметінің заттану формасы жүзеге асырылады.

2. Аударма түрлері функциялардың – хабар, коммуникативтік функцияның (ақпараттық аударма), эстетикалық функцияның (көркем аударма) қалай атқарылуына, өткерілген аудармашылық іс-әрекеттердің орындалу (ауызша, жазбаша, ауызша-жазбаша, жазбаша-ауызша және т. б.) сипатына, механизмдердің пәрменділік дәрежесіне қарай әр түрлі жіктеледі. Бастапқы материалды қабылдау үдерісінде (жазбаша аудару, ілеспе аударма, парактан аудару, ізбе-із аудару, абзац-фразалық аударма, екі жақты аударма), аудармашылық қызмет үдерісінде бірінші және екінші тілдің қатынастық дәрежесі (дәлме-дәл аударма, еркін аударма, қарапайымдап аудару, сөзбе-сөз (әріптік) аударма).

4. Аудару амалдары сан килы. Оларды жүйелеу шеңберінде терминологиялық ретгілік пен жүйелік сипат, сондай-ақ айқындылық алатын аударма тәсілдерімен шендестіру керектігін көрсетеді. Аударманың негізгі тәсілдері – бір типті аудармашылық іс-әрекет жүзеге асатын әлдебір аудармашылық операция жүргізуге ықпал ететін белгілі бір операциялармен шендесетін трансформациялық, интерлинеарлық, прагматикалық. Амалдарды аудармашылық тәсілдермен шендестіру трансформациялық тәсіл шеңберінде нақтылау, генерализация, антонимдік аударма, орын ауыстыру, алмастыру, толықтыру, алып тастау сияқты типтендірілген аудару әрекеттерінің өткерілетінін көрсетті.

Интерлинеарлық тәсілге транскрипция, транслитерация, калькалау, сөзбе-сөз аудару, ал прагматикалық тәсілге мәтіндегі түсініктеме, бет соңындағы сілтеме, аудармашылық түсініктеме кіреді.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар:

1. Сіздің көзқарасыңызша, аударма үдеріс пе, әлде нәтиже ме?
2. Аударманың маңызы неде?
3. Қандай нышандардың негізінде аудармашылық қызмет рухани-практикалық қызметтің басқа түрлерінен өзгешеленіп тұрады?
4. Аударманың қандай түрлерін атай аласыз?
5. Аударматануда аударма түрлерін жіктеудің қандай критерийлері бар?
6. «Аударманың трансформациялық тәсілі» терминін қалай түсінесіз?
7. «Аударманың интерлинеарлық тәсілі» терминін қалай түсінесіз?
8. Трансформациялық тәсіл шеңберінде қандай амалдар өткеріледі?
9. Аударманың интерлинеарлық тәсілімен қандай амалдар шендеседі?
10. Аударманың прагматикалық тәсілі шеңберінде қандай амалдар өзекті болады?

Негізгі әдебиет:

1. Алдашева А. Аударматану.-Алматы: Арда, 2006
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод. Вопросы общей и частной теории перевода. – М.: Международные отношения, 1975.
3. Казакова Т.А. Художественный перевод. Теория и практика. – СПб.: ООО «Иньязыдат», 2006.
4. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты) – М.: Высшая школа, 1990.
5. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. – М., АСТ: Восток-Запад, 2007.
6. Талжанов С. Көркем аударма туралы. – Алматы: ҚазМемКөрӘде Баспасы, 1962.

Қосымша әдебиет:

1. Комиссаров В.Н. Новые тенденции в переводоведении //Информационно-коммуникативные аспекты перевода: Сб.науч.трудов. Часть 1. – Новгород: НГЛУ им.Н.А.Добролюбова, 1997.
2. Лилова А. Введение в общую теорию перевода. – М., 1985.
3. Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М., 1996.
4. Розенцвейг В.Ю. Теория перевода и теория языковых контактов //Доклад на конференции по обработке информации по машинному переводу и автоматическому чтению текста. Вып.9. – М., 1961.
5. Тюленев С.В. Теория перевода. – М.: Гардарика, 2004.
6. Федоров А.Н. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы). 5-е изд. СПб: Филологический факультет СПбГУ. – М.: ООО «Издательский дом «Филология три», 2002.
7. Kade O. Zu einigen Grundpositionen bei der theoretischen Erklärung der sprachmittlung als menschlichen Tätigkeit //Übersetzungs wissenschaftliche Beiträg - Leipzig, 1977.
8. Nida E.A., Taber C. The theory and practice of translation. – Leiden,1969.

9. Oettinger A.G. Automatic language translation. – Cambridge (mass), 1960.

10. Wills W. Übersetzungswissenschaft: Probleme und Methoden. – Stuttgart, 1977.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар:

1. «Аударма түрлері», «Аударма амалдары» тақырыптары бойынша реферат дайындаңыз.

2. В. В. Сдобников, О. В. Петрованың «Теория перевода» кітабының (М.; 2007) №14 «Требования к переводчику художественного текста и функции переводчиков» параграфын конспектілеңіз.

Оқытушылардың басшылығымен студенттердің өздік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Төменгі контекстіден қай сөз калькалау тәсілімен енгенін, оның калькалардың қай түріне жататынын анықтаңыз: «Тілмаш стол үстінен қағаз *тескішті*, Митрофан Ильичтің ілгеріде үйінен әкелген *қағазтескішін* алып, ыңылдап, оны түпсіз терең қалтасына сала салды» [Б. Полевой. Алтын, 346].

2. Келесі орыс тіліндегі сөз тіркесті аудару үшін тәржімашы қандай амал қолданғанын, қараңыз «тіліміз сала құлаш, бәріміз тыйым дегенді білмейміз» (Қазіргі орыс әдебиеті, 2436.)

3. Төменгі фразеологизмдерді аудару үдерісінде қандай амал қолданылған, байқаңыз: «сүтке күйіп қалсаң – суды үрлеп ішесің – деген. Баяғыда бір күйгем». [М. Сундетов. Ескексіз қайық, 456.].

4. Төменгі контекстінде кальканың қандай түрі берілген: «Қалыңдығыңды *белсенділер* әкеткелі жатыр» деген ұзын құлақ хабарды есіткелі Тоқтар сан ойдың соқпағына ұрынып жүр» (Б. Тоғысбаев. Шалғайда, 4766.).

5. Төменгі аудармада қай орыс фразеологизмі тәржімеленген: «Барлық дүмше *тақыр сазға* отырды» (Ю. Нагибен. Отқа оранған протопоп. 4676.). Аудармада барабарлық сақталдыма, соны анықтаңыз.

6. Келесі контекстінде «әуен» сөзі орыс тілінің ықпалы нәтижесінде ауыспалы мағынаға ие болады. Бұл жағдайда қандай кальканың түрін сипаттаймыз, қараңыз: «Талдырмаш, аққұба жігіт алып ұшқан жүрегінің *әуенімен* асығыс шықты үйден» (Г. Мұстафин. Қарағанды, 2426.).

7. Бейне сөзі қазақ тілінде «тұлға, кескін, келбет» мағыналарында қолданған. Қазіргі кезде осы сөздің семантикалық құрылымы жаңа мағыналарды қосып алу арқасында кеңейген. Олар: 1) мүсін, сымбат, пішін; 2) кейіпкер, образ, қараңыз: «Кұлпаш осы *ауыл бейнесіне* байыпты қарап тұрып, планшеткадан дәптерін ала сала жазуға отырды».

Бұл жағдайда қандай калькалар туралы айтуға болады?

1.7 Аудару үдерісін модельдендіру

1.7.1 Аударманың негізгі модельдері

Қазір аудару үдерісінің өзіне қызығушылықтың артуына байланысты аудармашылық қызметті модельдендіру аударма теориясының

проблемаларының бірі болып табылады. Аударма моделін В. Н. Комиссаров аударма үдерісін жүзеге асыратын іс-әрекеттің рәсімделіну бейнесі деп қарастырады [Комиссаров, 1999, 158]. Модель аудармашылық үдерістің негізгі кезендері мен аудармашының әр кезеңде жүзеге асыратын іс-әрекетті бейнелейтін гипотетикалық құрылысты білдіреді. Ондай іс-әрекеттер аудармашының санасында өтетіндіктен, яғни оны тікелей қадағалауға болмайтындықтан оны сипаттау қиын. Модельге сол гипотетикалық сипат беріп тұр. Солай бола тұрса да, В.Н. Комиссаров атап көрсеткендей, аударма модельдері тек ой қорытындысы ғана емес, сондықтан зерттеуші бақылауға келмейтін («қара жәшікті») құбылысты сипаттау жағдайында жүйенің хал-ахуалының «кіре берісте» және «шығу кезінде» тексеріп отырады. Осы жағдаятқа тәрізді аудармада түпнұсқалық мәтін мен аударма тіліндегі мәтін үнемі салыстырылып отырады. Егерде аударманың нәтижесі жоспарланған модельге сәйкес келсе, онда модель «жұмыс істейді» [Комиссаров, 1999, 158].

Қазір аударматануда заңды сәйкестіктер моделі, жағдайлық-денотативтік модель, денотативтік модель, эквиваленттілік деңгейлері бар моделі, аударманың үш фазалық моделі, интерпретативтік модель тәрізді модельдер кеңінен тараған. Негізгі модельдерді қарастырайық.

А. Заңды сәйкестіктер моделі. Бұл аударманы нәтижелі сипаттағы үдеріс ретінде зерделеуге ықпал ететін нормативтік модель. Бұл үдерістің нәтижесі – мәтін заңды сәйкестіктердің өткерілуі тұрғысынан талданады. Ол Я.И. Рецкердің заңды сәйкестіктер теориясы туралы тұжырымдамасының негізінде жасалынған. Бұл теория кейін А.В. Федоровтың, Л.С. Бархударовтың, В.Н. Комиссаровтың, В.Коллердың еңбектерінде толтырылады. Бұл теорияның мәні бір тілден екіншісіне аудару кезінде ескерілетін сәйкестіктердің жіктелуінде. Бұл жіктелімде сәйкестіктің үш тобы бөлінеді: 1) эквиваленттер; 2) ұқсастықтар; 3) барабар алмастырулар.

Бастапқы тіл бірліктердің аударма тілінің бірліктеріне тұрақты сәйкес болуын эквиваленттер деп түсінеміз. Бұл ең алдымен дара мәнді терминдер., мысалы ағылшынның *the United Nations*-ке орыстың *Организация объединенных Наций* деген тіркесі сәйкеседі. Ұқсастықтар – варианттық сәйкестіктер. Бастапқы тілдің бірлігі мен аударма тілі бірлігінің арасында ұқсас қатынастар орнау мағынасында оларды ұқсастықтар деп айтуға болады; контекстке барынша жақын мағынаны жеткізу үшін аударма тілінің бірліктерінің арасынан бастапқы тіл бірлігімен синонимдес варианттар іздестіріледі, мысалы ағылшынның *fair* сөзі орыс тіліне *честный* және *справедливый* болып аударылуы мүмкін.

Үшінші топ – барабар алмастырулар. Түпнұсқаның мағынасын дәл жеткізу үшін аудармашы «Түпнұсқаның әрпінен», яғни түпнұсқада қолданылған сөзден ауытқиды. Алғашқы екі топ сәйкестік деп білетін тілдік бірліктерді негізге алса, үшінші топта әңгіме бастапқы және аударма тілдері бірліктерінің сәйкестігі туралы болмайды, мұнда аудармашының бастапқы және аударма тілдері бірліктерінің арасында сәйкестік орнатуға ұмтылысы туралы айтылады, яғни әңгіме, И.Я.Рецкердің пікірінше, дифференцияланбаған және абстракты ұғымдарды нақтылауды, ұғымды логикалық дамытуды,

антонимдік аударма мен орын толықтыратын аударма амалдары жайлы болып отыр. Автор оған кейінірек «тұтасынан тыйымдау» амалын қосты, мұнда аудармашы сөз бен айтылымды тұтастай түсінуге негіздей отырып, кейде тіпті нақты элементтерден тым алшақтай аударарды, мысалы, *A good rid-dance!* *Скатертью дорожка* фразеологизмін аударғанда осы амал қолданылады. Бұл модельдің карама-қайшылықты кемшіліктері де бар. И.С. Алексеева бұл теорияның ондай кемшіліктерін былай деп көрсетеді: 1) мағынаға не эквиваленттердің лексикалық көлемі анықталмаған, себебі олар өз құрамына бір сөздің мағынасының көлемінен тыс мағыналарды қосады (терминологиялық тіркестерде, фирмалардың логотиптік слогандарында) тыйым салатын жазуларда; 2) сараптаманың жалпы базасы қарастырылмаған [Алексеева, 2000, 3].

Б. Жағдай – денотативтік модельді И.И. Ревзин, В.Ю. Розенцвейг жасаған. Бұл модель барлық тілдік таңбалардың мазмұны әлдебір заттарды, құбылыстарды, нақты ақиқат қатынастарын білдіреді дегеннен шығады. Тілдік таңбаларда көрсетілетін нақты ақиқат заттары денотаттар деп аталады. Нақты ақиқаттағы жағдай дегеніміз денотаттар мен олардың арасындағы қатынастардың жиынтығы. Демек, сөз бөлігінде нақты ақиқаттағы әлдебір жағдай туралы ақпарат болады.

Жағдай – денотативтік модельдің негізінде жатқан келесі себеп: негізінен жағдаят кез-келген тіл құралдарымен сипатталады, сол жағдаят бізді қоршаған ортаның адамдарының қандай тілде сөйлейтініне қарамастан ортақ болуына ықпал етеді. Бір құбылыстың түрлі тілде түрліше сипатталуы мүмкін, алайда сол тілде тиісті атауы болмаса да, сол бірлік екінші тілдегі жағдаятта жүзеге асырылуы мүмкін. Осыдан келіп бұл модель аудару үдерісін былайша сипаттайды. Түпнұсқа мәтінін (немесе оның құрылымдық фрагментін) қабылдау кезінде аудармашы тілдік таңбалардың мәні мен байланысын, сол таңбамен қандай денотат немесе жағдай белгіленгенін анықтап, сол денотаттардың жағдаятқа тиісті жиынтығын құрайды. Санасында түпнұсқада айтылған жағдай туралы түсінік (ақиқаттың белгілі бір үзіндісі бейнеленген сурет сияқты) қалыптасқан соң аудармашы сол жағдайды басқа тілдің құралдарымен сипаттайды. Осы модельді жасаған И.И. Ревзин мен В.Ю. Розенцвейгтің баяндауында өздері интерпретация деп атаған бұл үдеріс мынадай: жағдаятта ақпарат жіберуші А, адресат В және аудармашы П бар. А бірінші тілде А₁ ақиқаттың кейбір жағдаяты (Ж) туралы ақпаратты жібереді. Аудармашы бірінші тілді пайдаланып С₁-мен жағдаяттың сәйкестігін анықтайды. Сонан кейін аударма тіліне көшіп, сол жағдаят туралы жана ақпарат дайындайды. А₂ басқа тілдің иегерімен (Б) қабылданады. Ал А₂ (ақпаратпен) жағдаяттың сәйкестігін анықтайды.

Басқаша айтқанда, аудармашы кейбір сөздік тізбектерді қабылдайды, сол тізбектерден ол жағдаятқа көшеді. Сонан кейін өзіне жіберілген ақпараттың тиісті жағдаятпен сәйкестенуін анықтайды. Аударма тілінде тәржімашы қарастырылған ситуацияға сай, оны бейнелейтін сөздерді тауып, бірінші тілдегі сөз тізбектерін екінші тілдегі тізбектермен алмастырады [Ревзин, Розенцвейг, 1964,57].

Бұл модельдің артықшылығы аудармашының нақты ақиқатқа жүгінуіне байланысты аудару үдерісінің ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар кемшіліктері де бар, оған, В.Н. Комиссаровтың ойынша, мыналар жатады: 1) егер де бірінші тілде бейнеленген жағдаят екінші тілде суреттелмесе, қарастырылған модель «жұмыс істемейді»; 2) егерде аудармада жағдаятты суреттеумен қоса сол ситуацияда қолданылатын бірліктер сақталса, бұл модель қолданбайды, себебі, оның негізінде келесі ұстаным жатыр: бір ғана белгілі жағдаят әр тілде ерекшелігі бар сөздік бірліктер арқылы бейнеленеді. Ситуация екі тілде де ұқсас, бірақ оны суреттейтін әр тілдік элементтер әртүрлі [Комиссаров, 1999,160].

В. Аударманың денотативтік моделі. Дж. Кэтфордтың, В.Г. Гактың еңбектерінде айтылған. Бұл теорияның мәні – барлық мәдениет иелеріне ортақ әлем түрлі құбылыстардан, үдерістерден, заттардан құралған. Кез келген тілдер бір ғана реалияны суреттесе де, сыртқы рәсімделуі де, ішкі мазмұны да әртүрлі сөздерді табуға болады. Осыдан келіп, экстралингвистикалық ақиқат тілралық коммуникацияның мазмұны болып табылады, ал аудару үдерісі денотативтік теорияға сәйкес түпнұсқа тілінде, аударма тілінде бейнеленген денотаттарды сипаттау үдерісі болып табылады. Аудармашы түпнұсқа мәтінін қабылдағанда бастапқы тіл бірліктерін сәйкесетін және сәйкеспейтін денотаттармен, объективті ақиқат үзінділерімен байланыстырады. Одан соң осы денотаттарды тауып, оларды бастапқы тілдің емес аударма тілінің құралдарымен сипаттайды. Әдетте аудармашы алдын ала (денотатты таппай-ақ) бір денотаттың бастапқы және аударма тілінің қандай бірліктерімен сипатталатынын біліп отырады. Сондықтан оларды тиісті денотаттармен салғастырудың қажеті жоқ, тек аударма тілінің бірліктерімен алмастырады. Бұл модельдің артықшылығы – бастапқы тілдегі денотаттар атауын аударма тілінің бірліктерімен алмастыруға мүмкіндік беруінде. Сонымен қоса, ол тілдердің, мәдениеттердің арасында алшақтық болғанда бастапқы тіл денотатының атауын қалай аударуға болатынын түсіндіреді.

Г. Аударманың трансформациялық моделі Н. Хомскийдің трансформациялық грамматикасының идеясына сүйенеді. Бұл модельді құрастырғанда аударма бастапқы тіл мәтінінің аударма тіліндегі мәтінге түрленуі ретінде түсіндіріледі. Аудармашы түпнұсқаны қабылдайды, ойша бірқатар тілралық трансформация жүргізіп, дайын аударма «шығарады». Түрлі тілдерде сәйкесетін және логикалық-синтаксистік байланыстары мен лексикалық құрамының ортақтығымен сипатталатын «өзектік синтаксистік құрылым» аталатын түрлендіру операциялары басшысы болады.

Аударманың трансформациялық теориясына сәйкес аударма үдерісі үш кезеңнен тұрады: 1) талдау деңгейі түпнұсқаның құрылымдары T_1 өзектік құрылымдарына айналады, яғни өзгеріс түпнұсқа тілінің шенберінде өтеді. 2) ауыстыру деңгейінде түпнұсқа тілінің өзектік конструкциялары аударма тілдегі оларға сәйкес өзектік конструкциялармен алмастырылады (тілралық трансформация); 3) синтез деңгейі. Бұл деңгейде аударма тіліндегі өзектік конструкциялар аударма тіліндегі күрделі конструкцияларға өзгертіледі [Швейцер, 1973].

А.Д. Швейцер осы модельді аудару кезінде қолданып көрсеткен. Ол бастапқы ағылшынның *The White House pressurized The Senate into reconsidering its Decision* сөйлемін трансформациялайды. Кері трансформациялау нәтижесінде екі ядролық құрылым аламыз:

The White House pressurized the senate.

The senate reconsidered its decision.

Бұл – талдаудың бірінші кезеңі. Екінші кезеңінде – көшіру кезінде бастапқы сөздің өзектік құрылымы өзіне эквивалентті аударма тілінің өзектік құрылымымен алмастырылады:

Белый дом оказал нажим на сенат, и тот отменил свое решение.

Белый дом оказал нажим на сенат, чтобы тот отменил свое решение.

Үшінші кезеңде бастапқы және аударма тілдерінде беткі құрылымдардың барынша эквиваленттілік мүмкіншілігін қамтамасыз ету қажет, яғни бастапқы тілдің өзек маңы құрылымдарын аударма тілінің беткей құрылымдарында айналдырып, одан әрі дамуын жүзеге асыру. Ол үшін контекстің, мәтіннің стилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, аударма тілінде құрылымдар қосымша түрленеді.

Бұл модельдің артықшылықтары да, кемшіліктері де бар.

В.Н. Комиссаров модельдің мынадай артықшылықтарын атап көрсетеді:

1) трансформациялық теория әр тілдегі формаларды салыстырып, олардың барабарлығын белгілейді. Салыстырмалы зерттеудің нәтижесінде алынған тұжырымдамалар аудармалық қатынастардың жүйесін сипаттайтын теоретикалық негізді қалайды;

2) трансформациялық модель әртүрлі аудармалық трансформацияларды табуға мүмкіншілік тудырады;

3) Аударма үдерісін ішкітілдік өзгерістермен де байланыстыру талпынысы аударма тілінде барабарлы формалары жоқ түпнұсқалы құрылымдарды да қарастыруға жағдай жасайды, мысалы ағылшын тіліндегі *She is a poor Letter-writer* конструкциясының орыс тілінде барабарлы сәйкесі жоқ. Аударма үдерісінде бұл конструкция бірінші дейгейде ағылшын тілінің өзінде өзектік конструкцияларға айналдырылады *She writes letters poorly*. Екінші деңгейде осы өзекті конструкция аударма тілінің өзекті конструкциясына айналдырады: ол хатты жаман жазады. Сонан кейін аударма тіліндегі өзекті конструкция орыс тілінің беткей «Она не умеет писать письма» құрылымына өзгертіледі [Комиссаров, 1999,161].

Бұл теорияның кемшіліктері: 1) трансформациялық аударма үшінші кезеңде ықтималды трансформациялардың қатарынан таңдаудың қалай жүргізілетінін түсіндірмейді; 2) бұл модель ұқсас өзектік құрылымдарға жатпайтын құрылымдар арасындағы эквиваленттілік фактілеріне түсініктеме бере алмайды.

Д. Аударманың семантикалық моделі түпнұсқаның мазмұнының жоспары мен аударма мазмұнының жоспары арасындағы сәйкестіктің мазмұнын сипаттауды өзіне міндет еткен. Дж. Кэтфордтың еңбектерінде көрсетілген бұл теория аудару кезінде аудармашының түпнұсқа мазмұнының

жоспарын сақтап, оны аударма рецепиентіне жеткізу ұмтылысынан туған. Ол түпнұсқаның мазмұнын барабар жеткізетін аударма тілі бірліктерін табады.

Сол үшін компонентті талдау қолданылады. Мұнда бастапқы және аударма тілдерінің әрбір тілдік бірлігінің мәні семалар жиыны, семантикалық көбейткіштер (семалар) үйірі ретінде қарастырылады. Семалар сол бірлікті басқалармен салыстырғанда табылады, мысалы, «оқытушы» сөзінде төмендегідей семалар үйірі бар:

- 1) Оқытатын, оқып жатқан емес;
- 2) Вуздың қызметкері – мұғалім емес;
- 3) Ер оқытушы, әйел емес;
- 4) Жеке түрде тұрады - оқытушылар емес

Аударманың семантикалық моделі екі мәтіннің арасындағы семантикалық айырмашылықтардың көптеген себептерін түсіндіріп, аударманың варианттарын таңдауды, анықтайтын факторларды көрсететіндіктен елеулі артықшылықтарға ие. В.Н. Комиссаровтың айтуынша, оның кемшіліктері: 1) бұл теория бір ғана жағдаятты сипаттау үшін әр тілдерде әртүрлі семантикалық категорияларды қолданатынын ескермейді; 2) ол аудармада бейнелі тағы басқа ассоциацияларды басқа тілде жеткізуге назар аудармайды [Комиссаров, 1999,163].

Е.О. Каденің үш фазалық аударма моделі. Бұл модель үш фаза бойында өтетін қос тілді коммуникация үдерісінде коммуниканттар арасында өзара түсініктілікке қалай қол жеткізілетіні түсіндіріледі. Мұндай өзара түсіністік, О. Каденің ойынша, T_1 тіліндегі мәтін T_2 тіліндегі мәтінге айналғанда мүмкін болмақ. Аударма функциясының талабы: а) қайта кодтау максатында T_1 тіліндегі мәтінді түсініп, мәнін ашу; б) қайта кодтау, яғни бірінші кодты ауыстыру (T_1 таңбаларының орнына T_2 таңбаларын қою); 3) мәтінді T_2 -де өткеру. Бұл міндеттерді қос тілді коммуникацияда Ж мен А арасында аралық буын болатын Т (Translator) шешеді. Ж -ға қатысты ол алушы, ал түпкі адресат А -ға қатысты – жанама жөнелтуші J^1 болады.

О. Каде көрсеткендей аудармашы J^1 ретінде қызметті атқару үшін оның қайта кодтайтын буын (ққб) ретінде қызмет істеуі шарт. Осындайда ғана аудармашы бір тілдің таңбаларынан екінші тілдің таңбаларына көшуді жүзеге асырады., дәлірек айтқанда T_1 таңбаларын T_2 таңбаларымен алмастырады. Аудармашы Т-ның бұл функцияны атқаруы алушы А. ретіндегі іс-әрекетіне қатысты.

Мұндай қос тілді коммуникация үш фазадан тұрады:

- 1) J^1 мен Т-ның арасында коммуникация жүзеге асырылады. Аудармашы (транслятор) T_1 ақпаратты алушының қызметін атқарады;
- 2) T_1 мен T_2 -ның кодтары (транслятор) арқылы алмастырылады;
- 3) Т мен A^2 -нің арасында коммуникация жүзеге асады. Бұл жағдайда аудармашы ақпаратты жіберуші рольді атқарады. Ол ақпаратты екінші тілде A^2 -ге жібереді.

Кемшілігі, біздің ойымызша, бұл модельде аудармаға назар тек коммуникация ретінде аударылады, ол аудармашылық қызмет

коммуникациядан тыс екінші тілде қайталмалық, мәтінжасамдық қызмет атқарады.

Ж. Аударманың интерпретативтік теориясын Д. Селескович пен М. Ледерер жасаған. Бұл теорияның мәні-мәтінің мазмұнын алып, түсіндіру. Интерпретация аудармаға кері қойылады. Авторлардың ойынша, бастапқы тілдің ойын алып, оны аударма мәтінінде айту аудармашының басты міндеті болып табылады.

Осы теорияға сәйкес, аударма үдерісі мынадай кезеңдерден тұрады: түпнұсқа мәтінінің болуы, аудармашының сөз мағынасын түсінуі (ол түсінген ой түпнұсқа авторының бастапқы хабарда білдірген ойымен дәлме-дәл болуы керек), аудармашының бастапқы ойды жеткізетін аударма мәтінін жасауы. Аударманың басқа да көптеген модельдеріндегідей, мұнда аудармашы екі роль атқаратын адам – бастапқы мәтінді алушы (interpreter/listener) және аударма мәтінін жасаушы (interpreter/speaker) ретінде көрсетіледі. Аудармашының бастапқы хабардың мазмұнын түсіну кезеңі бұл модельде орталық кезең болып табылады. Бұл үдерістің өзі интерпретацияны, яғни тілдік айтылымына қарамай мағынасын алуды білдіреді.

Интерпретация – бұл тұжырымдамада аударманың өзінің ұғымына қарама-қарсы қойылатын негізгі ұғым.

Аударманың өзінен интерпретацияның өзгешелігі келесіде: ол тіл бірліктерімен емес, идеялармен, мағына-оймен жұмыс істеу, формальды тіларалық сәйкестіктерге мән бермейді. Интерпретация ойдың айтылу тәсілінің сол сәтке сәйкес келуін табуды көздейді де, түпнұсқада айтылған сол ойдың өзге жағдайларда түрлі мағына беруінің ықтималдылығын кәперге алмайды. Басқаша айтқанда, интерпретация бастапқы айтылымдағы елеулі ой элементтерін бөліп алып, оны тек сол жағдайда түпнұсқа мен аудармада мағыналас болатындай етіп, ойды басқа тілдің құралдарымен жеткізуді көздейді, формальді тілдік эквиваленттерді қосуды міндетті санамайды [Lederer, 1997, 52], [Seleskovitch, 1994,37].

В.Н. Комиссаровтың ойынша, бұл теорияның кемшіліктері: 1) сөздегі ішкі – түйсіктік – тікелейдің маңыздылығын арттыру; 2) тілдің мәтінінің мәнін тудыраудағы рөлін дұрыс түсінбеу.

Эквиваленттілік деңгейлерінің теориясы В.Н. Комиссаровтың еңбектерінде айтылады. Ол эквиваленттілік деңгейлері теориясын аудармашылық қызмет моделі ретінде алып, мынаған негіздейді: «Барабарлық қатынастар мәтін мен аударманың ұқсас деңгейлерінде белгіленеді. Модельдің негізінде мәтінің мазмұнында бір-бірінен коммуниканттар қолданатын ақпараттың түрі бойынша айырмашылығы бар тізбекті деңгейлерді табу» [Комиссаров, 1973,62].

Бұл теорияның мәні келесіде: ТТ (түпнұсқалық тіл) және АТ жүйлеренін арасындағы айырмашылықтар аударма түпнұсқаның мазмұнын толық сақтауға мүмкіншілік бермейді. Сондықтан аудармалық барабарлық түпнұсқаның мәнін сақтауға назар аударады. Мазмұнның қай эквиваленттік бөлігі аудармада берілгеніне қарай барабарлықтың бірнеше деңгейі жіктелінеді. Кез келген

деңгейінде барабарлықты сақтайтын аударма үдерісі мәдениетаралық коммуникацияны қамтиды [Комиссаров, 1990,51].

В.Н. Комиссаров деректемеден Рецепторға берілетін мәтіннің мазмұны жоспарының бес негізгі деңгейін бөледі: 1) тілдік таңбалардың (сөздердің) деңгейі; 2) айтылым деңгейі; 3) хабар (құрылымының) деңгейі; 4) жағдайды сипаттау деңгейі; 5) коммуникация мақсатының деңгейі.

Келтірілген деңгейлер сабақтастығы, В.Н. Комиссаровтың пікірінше, мәтін мазмұнының құрылымын ғана емес, Рецептордың өзіне жеткен мәтінді талдауының негізгі кезеңдері деп көрсетеді. Рецептор алдымен тілдік таңбаларды ұқсастырады, содан соң «талдауға түскен мәтіннің мазмұнын тізбекті түрде: сөз, хабарлама, жағдаятты суреттеу деңгейлерінде түсіндіре отырып, коммуникацияның көздеген мақсатын қарастыру деңгейінде мәтіннің тұтас мәнін игереді» [Комиссаров, 1973, 66].

Осы деңгейлерді сипаттай келіп, аударудың жоғарғы шегінің төменгі деңгейдегі (яғни тілдік бірліктер деңгейіндегі) эквиваленттіліктің, ал төменгі шегі тек жоғарғы деңгейдегі (яғни коммуникацияның мақсаты деңгейіндегі) эквиваленттілік болатынын атап көрсетеді.

Осы деңгейлерді қарастырып отырып, В.Н. Комиссаров келесі ойды білдіреді: аударамның жоғарғы шегі ретінде төменгі деңгейдегі (яғни тілдік бірліктердің деңгейіндегі) барабарлықты атауға болады. Ал төменгі шегіне жоғарғы деңгейдегі (яғни коммуникация деңгейіндегі) эквиваленттілікті жатқызу керек. Бұл жағдайда жоғарғы деңгейлердегі эквиваленттілік төменгі деңгейлердегі барабарлықты қамтымайды. Сонымен бірге төменгі деңгейдегі эквиваленттілік жоғарғы деңгейдегі эквиваленттілікті қамтиды, өйткені аудармашы өзі үшін түпнұсқаның мазмұнының бәр деңгейлерін (тілдік белгілерден коммуникацияға дейін) алдын-ала түсініп алу керек.

Кейін В.Н.Комиссаров өзі белгілеген деңгейлердің сабақтастығын өзгертіп, «эквиваленттіліктің типі» деген терминді енгізді. В.Н. Комиссаров көрсеткен эквиваленттіліктің әр типін қарастырайық:

1) Эквиваленттіліктің бірінші типі (коммуникацияның мақсаты деңгейіндегі эквиваленттілік)

That's a pretty thing to say.

Постыдился бы!

Ұялсаңшы!

Коммуникацияның мақсаты: коммуникацияның эмоцияларын көрсету.

2) Эквиваленттіліктің екінші типі (жағдаятты сипаттау деңгейіндегі эквиваленттілік)

He answered the phone.

Он снял трубку.

Ол телефонның тұтқасын алды.

Бұл жағдайда түпнұсқа мен аударамның жалпы құрылымы коммуникациялық ұқсас мақсатын қамтамасыз етумен қоса, ұқсас жағдаяттарды сипаттайды. Екі тілде бір-бірімен сйкеспейтін тілдік бірліктер тек бір ғана жағдаятты, бір ғана қылықты көрсетеді: *тұтқаны алу*, яғни қонырауға жауап беру.

3) Эквиваленттіліктің үшінші типі (хабарлама деңгейіндегі эквиваленттілік)

Schrubbing makes me bad – tempered.

От мытья полов у меня настроение портится.

Еденді жуу саладарынан менің көңіл-күйім бұзылады.

Бұндай аудармада коммуникациялық мақсаты сақталады, екі тілде де бір ғана жағдаят сипатталады, түпнұсқада осы ситуацияны белгілейтін ұғымдар сақталынады.

4) Эквиваленттіліктің төртінші типі (сөйлеу деңгейіндегі эквиваленттілік)

I told him what I thought of her.

Я сказал ему свое мнение о ней.

Мен оған сол әйел туралы пікірімді айттым.

Бұл эквиваленттілік үшінші эквиваленттілікте сақталған мазмұнның үш құрылымы мен қоса аудармада түпнұсқаның синтаксистік құрылымдарының барабарлығын қамтиды.

5) Эквиваленттіліктің бесінші типі (тілдік бірліктер деңгейіндегі эквиваленттілік)

The house was sold for 10 thousand dollars.

Дом был продан за 10 тысяч долларов.

Үй 10 мың долларға сатылды.

Эквиваленттіліктің осы типінде коммуникацияның мақсаты, ситуацияны сипаттау, синтаксистік құрылымдардың мағынасы, тілдік бірліктердің мағанылары сақталынады, яғни түпнұсқаның және аударманың жақындығы қамтылады.

Автордың аудармашыға бастапқы және аударма мәтіндерінің эквиваленттілігіне қол жеткізу жолдарын көрсетуге ұмтылғанымен эквиваленттілік теориясында кемшіліктер бар: 1) модельде аударманың мәні көрсетілмеген; 2) талдау лингвистикалық жол тұрғысынан ғана жүргізілгендіктен автордың көзқарасын тарылтып, аударма үдерісін жан-жақты қарастыруына мүмкіндік бермейді; 3) автор қызметтік жол шеңберіне еніп, назарды мәтінді жөнелтушінің интенциясын жеткізуге шоғырландыратын «коммуникация мақсатына жету» тармағын дұрыс көрсетсе де, эквиваленттілік деңгейлерін, эквиваленттіліктің қандай типті-мағыналық па, әлде ниет эквиваленттілігінің деңгейі туралы ма, соны ашып көрсетпейді

Аударманың мәнін аударманың коммуникативтік және ақпараттық модельдері де түсіндірмейді. Аударманың коммуникативтік моделінде аударма үдерісі қос тілді коммуникацияның актісі ретінде түсіндіріледі. Онда хабар бар, оны жөнелтуші мен алушы бар, сонымен қоса сол сөз жанры ескеріліп, код (тіл) пен байланыс арнасы (жазбаша немесе ауызша) да көрсетіледі. Бұл модель нұсқасының қарапайымдалған түрі мынадай: жөнелтуші хабарды кодтап, тиісті арна бойынша жөнелтеді, алушы кодтарды ашады да, қабылдаған ақпаратын жана кодтын көмегімен қайта кодтап, алушыға бастапқы хабардың жанрлық ерекшеліктерін сақтай отырып, сол не басқа арна арқылы алушыға жібереді. Алушы-аудармашының бастапқы ақпаратты жеткізудің ықтималды

варианттарының ішінен оңтайлысын таңдауға тиіс болуы нобайды күрделендіре түседі. Аудармашының ақпаратты алушы және жөнелтушінің екі функциясын атқаратын коммуникация үдерісіне қатысушы болып саналуы да маңызды.

Ақпараттық модель мәтінді жөнелтуші (автор) мен алушының (аудармашы) зерделік мінездемелерін, салғастырылатын тілдік қауымдастықтарға тән мәдениет пен дүние тану алуандылығын, сол сияқты бастапқы мәтінді тудырған жағдайлық және коммуникативтік шарттарды ескереді. Ақпараттық талдауда модельді жақтаушылар ойынша рецептордың санасында мазмұндық компоненттерді талдау мен синтездеу бір мезгілде жүреді, соның салдарынан ақпаратты тұтас көлемінде түсініп қабылдау жүзеге асырылады деп біледі [Виноградов, 2006, 29-30].


1.7.2 Аудару үдерісінің когнитивтік-қызметтік моделі

Аударманың негізгі модельдерін талдау олардың әрқайсысында аудару үдерісінің әлдебір қырларын сипаттайтынын көрсетеді: 1) заңды сәйкестіктер моделі (түпнұсқа мен аударма тілдеріндегі тілдік сәйкестіктердің типтері зерттеледі); 2) жағдай-денотативтік модель (бастапқы тіл мен аударма тілінде денотаттар мен жағдайларды шендестіру арқылы барабарлыққа жетісу жолдарының бірі туралы түсінік береді); 3) денотативтік модель (бұл да түпнұсқа мен аударма тілінде денотаттарды шендестіру арқылы эквиваленттілікке жетісу жолдарын қарастырады); 4) трансформациялық модель (аударма тілінде бастапқы хабарады түрлендіру ережелерін жасайды); 5) семантикалық модель (түпнұсқа мен аударма тілі мазмұны жоспарының арасындағы сәйкестікті сипаттайды); 6) аударманың үш фазалық моделі (тіларалық коммуникация үдерісінің кезеңдерін бөледі); 7) интерпретативтік модель (назарды бастапқы мәтінді түсініп, пайымдауға, одан ой түйіп, оны басқа тілде жеткізуге аударды); 8) эквиваленттілік деңгейлерінің теориясы (назарды түпнұсқа мен аудармада коммуникация мақсатының эквиваленттілігіне аудару жолымен аудармашының түпнұсқаға жақындауына жол ашатын сипаттау моделі); 9) коммуникативтік модель (аударманы тіларалық коммуникация актісі ретінде түсіндіреді); 10) ақпараттық модель (мәтінді жөнелтуші мен алушының зерделік мінездемесін, бастапқы мәтінді қабылдап, түсіну сипатын түсіндіреді); Бұл модельдердің артықшылығы аудару үдерісінің әлдебір аспектісін жасайды, алайда аудармашылық қызметті тұтастай қамтымайды, сондықтан бұл модельдер аудармашылық қызметтің мәнін жан-жақты сипаттай алмайды. Сондықтан аударманы барлық қырынан (екінші репродукциялық қызмет ретінде, мәтіндік қызмет ретінде, тіларалық коммуникация үдерісі ретінде) сипаттауға мүмкіндік беретін аудармашылық қызметтің когнитивтік-қызметтік моделін жасауды, сондай-ақ назарды бастапқы мәтінді қабылдау, оны мәтінді алушы-басқа лингвомәдени қауымдастық өкілінің құндылық принциптерінің нормаларына бейімдеп, түсіндіру проблемаларына аударуды жөн деп санаймыз. Жоғарыда қарастырылған нобайлар (№ 3, 4, 5) аудармашылық қызметтің жекелеген

үдерістерін ғана көрсетеді, ал аударманың когнитивтік-қызметтік моделі аударманы тұтас үдеріс ретінде көрсетеді. Онда рухани-практикалық сөйлеу-ойлау қызметінің түрі ретінде көрсетілген аудармашылық үдерістің коммуникативтік, мәтіндік-тілдік қызметінің мәні, репродукциялық сипаты, сол сияқты аудармашының когнитивтік қызметі (қабылдау, когниция (тану), пайымдау, түсіну, түсіндіру), аудармашының лингвокреативтік, бейнелеу-шығармашылық қызметінің үдерісінде дискурс-мәтіннің тууы, оның білімді пайдалануы, компетенцияның актуальдануы ескеріледі, № 12 нобайды қараңыз.

Біздің көзқарасымызша, аударма үдерісін қарастыру барысында ұсынылған барлық модельдерінің ішінде соңғысы-аударма үдерісінің біз ұсынған когнитивтік-қызметтік моделі аударманың мәнін барынша анық көрсетеді: біріншіден, аударманың қызметтік табиғатында үш түрде танылатын қызметтік мәні ашылады: 1) аударма бірінші және екінші тілдерде кодталған мәтіндерді жандандыру мен заттандырудың диалектикалық үдерісінде танылатын қызмет ретінде көрсетіледі; екіншіден, аударманың қызметтік мәні айту мен түсіну, тілдік материалды жинау және мәтін тудыру, мәдениетаралық коммуникация барысында тілдік құралдарды-бірінші және екінші кодтарын қолдану үдерістерінде танылады; үшіншіден, аудармашылық қызмет заттық қызметтің барлық нышандарына ие; төртіншіден, аударма үдерісінің лингвокогнитивтік қызметтік мәнін бастапқы және екінші тілде субъект-аудармашы қызметінің түрленген формасына айналған ақпарат алмасу үдерісінде коммуникативтік – сөйлеу-ойлау қызметінің өткерілуінде танылады. Аударманың коммуникативтік мәні коммуникацияның екі деңгейін (біріншісі – мәтін жөнелтүші мен аудармашы арасында, екіншісі – аудармашы мен мәтінді екінші тілде алушының арасында) актуальдендіруде танылады; бесіншіден, бұл модельде сондай-ақ бірінші тілдік кодта бастапқы мәтінді түсініп, пайымдау үдерісінде когнитивтік қызметті (тұжырымдаманы, перцепцияны, атрибуцияны, танымды жүзеге асыруға қабілетті аудармашының лингвокреативтік қызметінің негізі сәттеріне назар аударудың қажеттілігі ескеріледі. Когнитивтік қызметті актуальдендіру үдерісінде аудармашы бастапқы мәтінді қабылдау барысында сол мәтінде бейнеленген ортаға, нақты шынайылығына енеді. Когнитивтік қызметті, яғни когницияны Г. Е. Утебалиева адамның танымдық іс-әрекетінде қолданатын әс-әрекеттердің жиынтығы деп түсенеді. Когнитивтік іс-әрекеттің негізгі ерекшелігі келесіде: 1) когнитивтік іс-әрекет субъектіні қоршаған ортаға белсенді субъект ретінде ендіруді қамтиды; 2) когниция қызметі әртүрлі заттың, іс-әрекеттің негізгі шарты болып табылады [Утебалиева, 2006, 144].

Аудармашы бірінші тілдік кодты білуінің арқасында танымдық қызметке (түпнұсқа мәтінін қабылдау, таңбаларды тану) кіріп, оны түсініп, пайымдайды, сондай-ақ когнитивтік қызметті жүзеге асырады, одан соң екінші тілде бастапқы мәтінді қайта кодтау барысында оны шығармашылықпен қайта пайымдайды (лингвокреативтік қызмет), мәтінді алушы өкілі болып табылатын өзге лингвомәдени қауымдастықтың құндылық нормалары мен принциптеріне сәйкес қайта түрлендіріп, түсіндіреді.



№12 нобай – Аудармашылық қызметтің когнитивтік-әрекеттік моделі

Алтыншыдан, мәтінді екінші тілде репрезентациялау барысында аудармашы когнитивтік функцияның атқарылуын жүзеге асырады, екінші тіл өткеретін когнитивтік функцияны меңгереді, себебі екінші тілді меңгерумен бірге екінші тілдің лексикалық-семантикалық және грамматикалық модельдерінің жиынтығын зерделеумен қатар, оларды қолдану ережелерін, олардың концептілерін, концепттердің жиыны ретінде әлемнің тілдік суретін экспликациялау қабілетін біледі, мәтінді, дискурсты түсіндіруге дағдыланады, екінші тілдік сананы қалыптастырады және өзге мәдени жүйеге бейімделіп, қажетті әлеуметтік-мәдени тәжірибе, жинақтайды. Осының бәрі де білімді толықтыруды қажет етеді. Білімдер, Н.Ф. Алиференконың пайымдауынша,

қоршаған ортаны және оның негізгі белгілерін жеке тұлғаның санасында шағылдыруында маңызды рөл атқарады, себебі когнитивтік ұйымдастарудың іргетасын қалайды. Білімдер адамдардың күнделікті өмірін реттеуге себін тигізеді. Білімдер жадыда сақталынады. Олар адамның санасында қоршаған ортаны шағылдандыру нәтижесінде алған тұжырымдамаларды жүйелі түрде сақтауды қамтиды [Алефиренко, 2004, 174].

Түрлі типті білімдер – тіл, оны қолдану ережелері туралы білімдер, мәдениет категориялары - өзге мәдениеттану жүйесінің концептері туралы білімдер, аударма стратегиялары мен тактикаларын, амалдарын білу – «мәдениетаралық компетенция» және «аудармашылық компетенция» ұғымдарының шеңберіне кіретіндердің бәрі реттелген түрінде санада сақталатын білімдер жиынтығында, тезауруста қалыптасып, сақталады. Ю.Н. Караулов тезаурусқа мынадай анықтама береді: 1) қойма, қазына; 2) әлемді үнемді түрде модельдеуде маңызды роль атқаратын қор сақтау тәсілі [Караулов, 1981, 191]

Сөйтіп, бұл модель аударма үдерісінің мәнін аудармашылық қызмет субъектісі – коммуникантқа бастапқы хабарды қабылдап, пайымдауға, оны екінші тілдің когнитивтік функциясын актуальдендіру талаптарына сәйкес, мәдениетаралық сипаттағы компетенция (білім), аудармашы компетенциясы (шеберлік, стратегия, тактика, аударма амалдарын, әдістерін пайдалану) талап ететін түсіндіру режиміне сәйкес екінші тілде қайта кодтауына, шығармашылықпен түсіндіруіне мүмкіндік беретін когнитивтік-қызметтік, аралық және репродукциялық қызмет ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

1. Аудармашылық үдерістің негізгі модельдерін (занды сәйкестіктер моделі, жағдайлық-денотативтік модель, денотативтік модель, трансформациялық модель, семантикалық, үш фазалық модель, эквиваленттілік деңгейлер теориясы-эквиваленттілік моделі, коммуникативтік модель, ақпараттық модель) талдау бұл модельдердің аударма үдерісінің қызметтік және когнитивтік-қызметтік мәнін ашпайтынын, назарды тек аударма үдерісінің жекелеген сәттерін (занды сәйкестіктерді зерттеу, түпнұсқа мен аудармада денотаттардың сәйкестігін зерделеу, түпнұсқамен аударма тілінде жағдайлардың, денотаттардың сәйкестігін зерттеу, мәтінді трансформациялау тәсілін қарастыру, түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтінінің мазмұны жоспарының арасында сәйкестік сәттерін іздеп табу, қос тілді тіларалық коммуникация кезеңдерін сипаттау, бастапқы мәтіннің ойын алып, оны түсіндіру, бастапқы хабар мен аударма тіліндегі хабардың эквиваленттілігіне қол жеткізу тәсілдерін зерттеу, аударманы коммуникация актісі ретінде зерделеу, мәтінді жөнелтуші мен алушының зерделік мінездемесін ескеру, мұның бәрі аударма үдерісін зерттегенде маңызды да қажетті зердеуге назар аударатынын көрсетті. Алайда аударма үдерісінің үзінділерін сипаттау, ол туралы тұтас түсінік бермейді.

2. Аударманы қызмет (диалектикалық, аралық, коммуникативтік-сөйлеу-ойлау қызметі, заттық қызмет түрі, когнитивтік лингвокреативтік қызмет, репродукциялық қызмет) ретінде сипаттайтын когнитивтік-қызметтік модель аудармашылық үдерісте қалай қызметтің сан-алуан типіне кіретін, бастапқы хабарды меңгеріп қабылдайтынын, оны басқа тілде қайта кодтайтынын, екінші тілдік кодта ақпарат алмасуды жүзеге асырып және өз қызметінің барысында аударма тілінде заттандырған мәтінді алушыға таныстырып, екінші тіларалық коммуникацияның қатысатынын көрсетуге мүмкіндік береді. Мәтінді түсіндіру үдерісінде де аудармашы сол мәтінді алушының мәдениет нормаларына бейімдей отырып, когнитивтік қызметті жүзеге асырады. Мәтінді алушының тілі мен мәдениетінің әлеміне байлау үшін аудармашы екінші тілді меңгеріп қана қоймай, өзге халықтың мәдениетін, құндылықтық принциптерін, мәдениет категориялары – концептерді, басқа лингвомәдени қауымдастықтың әлемінің тілдік суретін біліп,өзінің екінші тілдік санасын қалыптастырады.

3. Аударма үдерісінің қызметтік мәні аудармаға қатысты білімді пайдаланудан ғана емес, аралас ғылымдардың білімдерін, принциптері мен категорияларын кешенді пайдаланудан да танылады. Аударма үдерісінің онтологиялық суреті аударма ғылымынан шет жатыр, сондықтан оның мәнін білдіретін модель жасау үшін оны аудармашыдан бірнеше тілді, өзге мәдениет жүйелерінің құндылықтық принциптерін, әлеуметтік және этностық нормаларды, сол мәдениеттер шеңберінде қатынас өткерілетін қағидаларын, «мәдениетаралық компетенция» мен «аудармашының компетенциясы» ұғымдарының шеңберіне қосылған білімдерді білуді талап ететін қызметті, коммуникация, мәтін, когнитивтік-түсіндірмелік қызмет ретінде жан-жақты зерделеген жөн.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. Заңды сәйкестіктер теориясын кім жасады?
2. Аударманың жағдай-денотативтік моделінің мәні неде?
3. Аударманың денотативтік теориясының артықшылығы неде?
4. Аудармашының трансформациялық моделінде бастапқы хабарды трансформациялаудың неше кезеңі көзделген?
5. О. Каденің үш фазалық аударма моделінің кемшілігі неде?
6. Аударманың интерпретативтік моделінің артықшылығы неде?
7. В.Н.Комиссаровтың эквиваленттілік деңгейлері теориясында эквиваленттіліктің қандай деңгейлері туралы айтылады?
8. Интерпретативтік теорияның кемшілігі неде?
9. Аударманың коммуникативтік және ақпараттық модельдерін жасаған ғалымдардың назары аударудың қандай сәтіне аударылады?
10. Аудару үдерісінің когнитивтік-қызметтік моделінің мәні неде?

Негізгі әдебиет:

1. Алексеева А.С. Теория закономерных соответствий как нерешенная проблема //Материалы XXIX межвузовской научно-методической конференции преподавателей и аспирантов. Вып.8. Актуальные проблемы теории и практики перевода. – СПб., 2000.
2. Алефиренко Н.Ф. Теория языка. – М.: Academia, 2004.
3. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты) – М.: Высшая школа, 1990.
4. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение: Курс лекций. – М.: Изд-во «ЭТС», 1999.
5. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. – М., АСТ: Восток-Запад, 2007.

Қосымша әдебиет:

1. Виноградов В.С. Перевод: общие и лексические вопросы. 3-е изд. – М.: КДУ, 2006.
2. Каде О. Проблемы перевода в свете теории коммуникации //Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – М.: Международные отношения, 1978.
3. Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М., 1981.
4. Комиссаров В.Н. Слово о переводе /Очерк лингвистического учения о переводе/. – М.: Международные отношения, 1973.
5. Ревзин И.И., Розенцвейг В.Ю. Основы общего и машинного перевода. – М.: Высшая школа, 1964.
6. Падучева Е.В. Режим интерпретации как прием //Известия РАН. Серия литературы и языка, 2005. Т.64.
7. Утебалиева Г.Е. Язык как средство доступа к процессам когниции //Вестник КазНУ. Филологическая серия, №6(96), 2006.
8. Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. – М.: Воениздат, 1973.
9. Lederer M. La theorie interpretative de la traduction: un resume //Информационно-коммуникативные аспекты перевода. Часть I. – Н.Новгород: НГЛУ им.Н.А.Добролюбова, 1997.
10. Seleskovitch D. Interpretin for International problems of Language and communication. – Washington: Pen and Booth. 1994.

Өздік жұмысқа (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. В.С. Виноградовтың «Перевод: Общие и лексические вопросы» кітабынан. (М., 2006) №6 «Модели процесса перевода» тармақты конспектiлеңіз.
2. Аударманың коммуникативтік моделінің нобайын сызыңыз.
Оқытушының басшылығымен студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. *fair share, jair deal* сөз тіркестерін орыс, қазақ тілдерге аудару үшін тілдік сәйкестіктердің қандай типін таңдау қажет?
2. Аударма тілінде *barn storming* пен *societal* культуронимдерге қазақ, орыс тілдерінде қандай жағдай мен денотат сәйкеседі?
3. Орыстың «Конструктор начертил чертеж» сөйлемін қазақ және ағылшын тілдеріне аудару кезінде трансформация қатарын жасаңыз. Аударманың трансформациялық моделінде айтылған ережелерді ұстаныңыз.
4. Компоненттік талдау және салғастыру әдісін қолдана отырып, түрлі тілдерде «дуб», «қарағаш», «секвойя», «пальма» сөздерінің компоненттік құрамын анықтаңыз. Түрлі тілдердегі семалар (семантикалық көбейткіштер) үйірлерін, жиынын салыстырыңыз.
5. О. Каденің үш фазалық коммуникация моделінің нобайын сызыңыз.
6. *He lives in Moscow* – Он живет в Москве бастапқы сөйлем мен оның аударма вариантында В.Н. Комиссаровтың эквиваленттік деңгейлер теориясына сәйкес эквиваленттіктің қандай типтеріне қол жеткізілген?
7. Аударма үдерісінің онтологиялық табиғатын табу мақсатында аударманың басқа ғылымдармен әрекеттестігінің нобайын сызып, оның компоненттерін анықтаңыз.
8. Коммуникацияның бірінші және екінші кезеңінің үдерісінде коммуниканттардың мәтін тудырушы қызметін сипаттаңыз бастапқы және аударма мәтіндерінің арасындағы айырмашылықтарды белгілеңіз.
9. Аудармашылық қызметте түрлі білімдердің қажет екенін дәлелдеңіз. Оларды сипаттаңыз.
10. «Аудармашылық компетенцияның» нобайын сызыңыз, «(білім)», «стратегия», «тактика», «прием (амал)», «метод (әдіс)» терминдеріне анықтама беріңіз.

2 тарау Аударманың лингвистикалық проблемалары

2.1. Аударматанудағы реалиялар және оларды басқа тілде жеткізу мәселесі.

2.1.1 Реалияларды анықтау проблемасы және реалиялар түрлері

«Реалия» терминінің кең қолданылатынына қарамастан осы кезге шейін лингвистикада да, лингвоелтануда да, аударматануда да реалияны анықтаудың жеткілікті айқын критерийі жоқ. Ұлттық реалиялардың мәні туралы мәселе қозғалмаған деуге боларлық. Көркем аударманың теориясы мен сыны, лингвоелтану жөніндегі кейбір еңбектер мен аударматануда (А.И. Федоров, Г.Гачечиладзе, В.Россельс, А.С. Ермағанбетова, С. Влахов, Ж.А. Жақыпов, С.И. Флорин, Г.Д. Томахин) ғана реалиялар әлдебір лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің тұрмысының, мәдениетінің, өмір салтының айрықшылығы туралы түсінік беретін сөздер ретінде қарастырылады. Реалиялар – негізінен ұлттық колориттің айырықшылығымен байланысты сөздер. Олар мағынасының ұлттық-компоненттері бар сөздер болып табылады. Олардың ұлттық айырықшылығы формасынан ғана емес, мазмұнынан да байқалады.

Аударматануда реалияларды анықтағанда олардың референттерінің ұлттық реңкіне (колорит), сондай-ақ оларды білдіретін сөздердің аудару кезінде танылатын эквивалентсіздігіне де назар аударылады. Ұлттық немесе тарихи колориттің иесі болғандықтан реалиялардың басқа тілдерде эквиваленті болмайды және басқа тілдерге тура аударылмайды. Сондықтан да С.И. Влахов пен С.П. Флорин оларға мынадай анықтама берген: реалиялар – бір халықтың өмір тәсәліне, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына нысандарды атайтын сөздер немесе сөз тіркестер. Олар басқа халықтарға таныс емес. Реалиялар ұлттық колориттің белгілерін тасушылары болғандықтан басқа тілдерде оларды барабарлық жеткізетін сөздер, тіркестер жоқ. Сондықтан да олар «жалпы негізге» сүйенген аударманың ережелеріне бағынбай, ерекше тәсілді қолдануды талап етеді [Влахов, Флорин, 1970, 432-434].

Реалияларда көрініс табатын ұғымдар ұлттық сипатқа ие болып, эквивалентсіз лексикада материалданады: «реалиялар басқа әдебиетте, басқа тілде жоқ ұғымдарды білдіреді. Олар мәдениеттің жекешеленген мәдени элементтеріне жатады, себебі олар тек ғана А мәдениетіне тән болып, Б мәдениетінде көрініс бермейді. Реалиялар басқа тілге аударылмайды, өз тіліндегі эквиваленттерден басқа шетел тілінде барабарлық сөздер, тіркестерге қатынасы жоқ» [Верещагин, Костомаров, 1973, 53].

А.И. Федоров реалиялар белгілі бір халыққа немесе елге ғана тән қоғамдық өмірдің, материалдық тұрмыстың ұғымдары мен құбылыстарын білдіру үшін де қызмет етеді деп есептейді [Федоров, 2002].

Эквивалентсіз лексикасымен өзгешеленетін әдеттегі реалиялардан басқа ассоциациялық реалиялар деп аталатын ерекше реалиялар бөлінеді. Бұл реалиялар әртүрлі ұлттық тарихи-мәдени құбылыстардың өздерімен байланысты болып, тілге өзінше енген. В.С. Виноградовтың сөзімен айтқанда «ассоциативтік реалиялар арнайы сөздерде, эквивалентсіз лексика көрініс таппай, жай сөздердің мағыналарының мәндік реңктерінде тіркеледі. Олар материалдық түрде сөздің мағыналық компонентінде, оның эмоционалды – экспрессивтік обертонында ішкі сөздік тұлғасында жүзеге асырылады. Сондықтан да салыстырылан тілдерде ұқсас сөздердің ұғымдық компоненттерінің көлемі бірдей болмайды» [Виноградов, 2006, 38].

Ассоциациялық реалияларға, мысалы «зеленая луна» - ассоциациялық реалия жатады. Панама тұрғындары үшін ол үміттің символы, атып келе жатқан күннің бейнесі. Бұл сөз басқа мәдениет иелеріне түсініксіз болуы мүмкін. Сол сияқты қазақ тілінде тарап, халықтың жағымды, не жағымсыз мағынада қабылдайтын сары уайым, *сары қарын әйел, сары аяз, сары бел, сары төсек, сары кідір сөз тіркестері жас, кәрі, мұң*, созылмалы ауру және түр түсті емес ұғымдармен ассоциациялы. Өзге мәдениет иелеріне мұндай ассоциация түсінікті, оларда «сары» ұғымы түсті ғана білдіреді. Орыс тілінде пайда болған «желтая пресса», «желтые газеты» ұғымдары да басқа лингвомәдени қауымдастық өкілдеріне түсініксіз.

Ассоциациялық реалиялардың пайда болуы сөздің семантикалық құрылымында ерекше ұлттық-арнайы компоненттердің болуымен байланысты. Оларға В.Г. Гак тілдің лексикалық сәйкестіктеріндегі тиісті семалардан

мазмұны мен мәртебесі (статусы) бойынша салыстырғанда өзгешеленетін, не салыстырылатын семалардың бір тілде болып, екіншісінде жоқтығымен айырықшаланатын семаларды жатқызады [Гак, 1977,162].

Ұлттық-арнайы семалар сөздің лексикалық мәнінің құрылымына енеді. Егер сөздің мағынасын сөздің референтке қатысы бар мағына деген ұғымды ескерсек, онда реалия да сөз арқылы аталатын зат, құбылыс пен тікелей қатыспай, сингникат, яғни референт арқылы қатынасады. Реалия – сөздер денотативтік (затты белгілейтін) мағынадың тыс, когнитивтік мәнге де ие.

Сөздің лексикалық мәніне екі негізгі макрокомпонент – денотат пен коннотат кіреді. Сөздің ұлттық айырмашылығы денотат деңгейінде де, коннотат деңгейінде де байқалады. Сөздің денотативтік компонентінде объективті ақиқаттың заттары мен құбылыстарының түрлі қырлары көрсетіледі. Денотативтік мән деңгейінде ұлттық айырықшылық ақиқат құбылыстарын қабылдағанда, айырықша қырларын өзгеше тандағанда, сөз мәніндегі семаларды өзгеше топтастырғанда байқалады.

Лексикалық мәнің коннотативтік компонентінде де тіларалық эквиваленттердің айырмашылықтары бар. В.Н. Телияның ойынша, сөз мәнінің коннотативтік бөлігінде объективация пәні ретінде қоршаған орта алынбай, тек субъектілердің белгіленетін затқа өзінің бағасын, қатысын білдіру болып табылады [Телия, 1986, 134].

Бағалау, ассоциациялық-бейнелеу, эмотивтік және бағалық - стилистикалық компоненттер коннотацияның құрамдас элементтері болғандықтан, олардың коннотативтік мәндері әртүрлі.

Түрлі тілдерде сөздердің лексикалық мәндерінің коннотативтік компоненттері дәл келмеуі түрлі субъективті-мағыналық лакуналардың пайда болуына себін тигізеді. Субъективті-мағыналық лакуналар екі тілдің контекстілерінде түрлі тілдердің сөздерін объективті-заттық мәні бойынша ғана емес, құрамдас элементі-субъективті-мағыналық мәндер, яғни айтушының ойындағы затқа субъективті көзқарасын, реакциясын, ассоциаттарын білдіретін мәндері бойынша салғастырылады. Сөздердің субъективтік – мәтіндік мағыналары фондық білімдерді жүзеге асырумен байланысты. Субъективті-мағыналық мәндер сөздің лексикалық мағынасындағы фондық білімді білдіреді. Фондық білімдер сөздің лексикалық фоны сөздің мағынасының ерекше мәні ретінде байқалады. Лингвоелтануда сөз семантикасы номинация құралы ретінде көрінетін логикалық ұғымның бірлігі ретінде шамаланады: ұғымның көлемін құрайтын семантикалық үлестер санының аздығының, тіл иелерінің жаппай үйреншікті санасындағы мәліметтердің барлығының сөз-ұғымға қатыстылығының жиынтығы ретінде шамаланатын лексикалық фонның арасында адамдар заттарды жіктейді (оларды танып, атайды). Лексикалық фон жеке мәртебеге ие, себебі сөздердің тілдік, объективтік мәндері контексте қосымша атаула мағыналармен – субъективтік мәндермен (қондырғылармен), айтушының сөйлеу интенцияларымен, жағдайды бағалауымен, қатынас нормаларын білуімен, шеберлігімен толығыды. Сондықтан А.Н. Леонтьев ұғымдық-жанас, заттың шендесуімен байланыс ассоциациялық құрылымы бар, объективтік-когнитивтік мағынасын «саналы ойдың» бірінші аспекті ретінде

анықтайтынын көрсеткен. Екінші аспектісін субъективті-жеке мағына құрайды. Осындай сөздің тіл иесі үшін «мәнді» екенін анықтайды, А.Н. Леонтьевтің пікіріне сәйкес, жеке мағына субъектінің саналы түрде қабылдайтын объектілеріне қатысты көзқарасын, бағасын, қатысын білдіреді [Леонтьев, 1972, 227]. Сөйлеу қызметінде осы қатынас ішінара сөздің субъективті-эмоциялық бағасында айтылады. Басқаша айтқанда, субъективті жеке мағына тіл иелерінің ұжымдық жиынды тәжірибесі ретінде құбылыстардың объективті-қоғамдық мағынасының жеке ұйғарымының өзіндік призмасы болып табылады. Вербальды бірліктердің объективті-қоғамдық мағынасының жеке ұйғарымының өзіндік призмасы болып табылады. Вербальды бірліктердің де объективті-қоғамдық мағынасына субъективті жеке ойды білдіретін мағына-мән қосылады. Осы мағына мен мағынаның реңкі – мән қосыла келіп, сөздің (тілдік) мағынасын құрайды. Индивидтің субъективті көзқарасын айту нәтижесінде жағдайда жинақталған субъективті-жеке мағына сөздің негізгі мәнімен тығыз байланысты болады. Олар бір-біріне қажет және бірін-бірі толықтырып отырады. Мағына – лексикалық бірліктің объективті, тұрақты компоненті, ал мән – сөздің құбылмалы, сөйлегенде қалыптасатын компоненті. Э.Д. Сүлейменова мән мен мағынаның өзара байланысын атап көрсетеді, мән мен мағынаны бір-бірінен бөлуге болмайды. Олар бір-бірінен жіктелінбейді. Мағынасыз сөйлемдерде, сөз тіркестерде мән жүзеге асырылмайды» [Сүлейменова, 1989, 9].

Г.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров әрбір сөзде бір бөлігі ұғымдық, екіншісі ұғымдық емес семантикалық үлестерге жататын ерекше семантикалық ұғымдардың бөлінетінін атап көрсетеді. Олардың ойынша, түйсіктік-семантикалық ұғымдарға «затты сараптауға себін тигізетін, жалпы ұғымның құрамына кіретін ұғымдарды жатқызуға болады» [Верещагин, Костомаров, 1973, 25].

Жалпы ұғымдықтардың санына қосылмаған, қалған семантикалық үлестер лексикалық фонға жатады. Лексикалық фон семаға кіргенімен тілмен жанасатын адамның қызметіне қатыспайтын, бірақ экстралингвистикалық мазмұнды білдіретін ұғымдық емес семантикалық үлестердің біріккен қосындысы. Лексикалық фон, яғни жеке-тұлғалық мағына жеке мәртебеге ие, білімді тіркеуші болып табылатын нақты сол адамның санасына кіреді. Алайда жеке лексикалық фонның негізінде барша тіл мен мәдениет иелеріне тән білімдер жатыр. Лексикалық фон – мәдени-тілдік құбылыс. Ол тіл мен мәдениеттің қиылысында жатыр, сондықтан лексикалық фонды білмегенше сөздің мағынасын, астарын, аллюзияны, импликацияны ашу мүмкін емес, кейде сөздің өзін заттық мағынасында түсіну мүмкін емес. Сондықтан реалия деп салғастырылатын тілдерде ұғымдық сәйкестіктері жоқ сөздер (заттардың өздері болмағандықтан) ғана емес, ұғымдардың өздерінде емес, «екінші дәрежелі нышандар» аталатын жекелеген семантикалық компоненттердің дәлме-дәл келмеуінен өз фондтарымен айырықшаланатын, фондық білімдерді сипаттайтын фондық лексиканың сөздерін де санаған жөн. Осындай сөздер халықтың мәдениетімен байланысты көрсетеді, тек қана сол сөздерде аталатын заттық құбылыстық ұлттық өзгешелігі көрініс береді» [Томахин, 1988, 14].

Шет елден келген адам сөздердің жалпы (гиперонимдық) ұғымдарын біледі, ал тіл иегері осы ұғыммен байланысты сан-алуан ұғымдарды атай алады. Бұндай ұғымдар заттың түрін, түсін, қасиеттерін, белгілерін сипаттайтын сөздерде орын табады. Осындай сөздер ұлттық мәдениетінің өзгешелік ұғымдарын, құбылыстарын атайды, сондықтан да басқа тілдерде жоқ реалиялардың топтарын құрайды. Бұл заттардың, құбылыстардың атауларының басқа тілде эквиваленті жоқ.

Шетелдік білетін жалпы түрде ұғымды білдіретін (текті, сондықтан да нақты) бір сөзге қарсы тіл иесі жалпы түрі осы тектен таралатын, соның ішінде сол мәдениеттің ұлттық ерекшелігіне жататын және басқа мәдениетте сәйкестігі жоқ реалиялар тобын құрайтын заттардың атауларын қоя салады. Басқа тілдерге аударғанда ондай заттардың атауларының эквиваленті болмайды.

Реалиялар салғастырылатын мәдениеттерге аталған заттардың ғана емес, олардың жекелеген нышандарының да толығынан сәйкеспеуінен бөлінеді.

Сондықтан лингвоелтануда салғастырылатын тіл сөздерінің лексикалық ұғымдарынан толық немесе ішінара (өзінің лексикалық ұғымының жекелеген семантикалық үлестерімен) өзгешеленетін, зерделенілуші тіл елінің тарихымен, мәдениетімен, экономикасымен және тұрмысымен байланысты заттарды білдіретін сөздерді реалиялар деп санауға болады. Ұғым шегінен тыс, семантикалық үлестерімен айырықшаланатын сөздер фондық лексикаға жатады [Томахин, 1988, 15].

Фондық лексика сөздерін ассоциативтік (коннотативтік) және денотативтік реалияларға жатқызуға болады. Г.Д. Томахин реалиялардың екі типін (денотативтік және коннотативтік типтерін) ұсынады (Томахин, 1986). Денотативтік типке сол мәдениетке тән, бірақ салғастыратын мәдениетте сәйкестіктері жоқ заттар мен құбылыстарды білдіретін реалиялар (оларды білдіретін сөздер эквивалентсіз деп аталатынға жатқызылады) жатады. Басқа тілге тән мазмұндар жүйесінде эквивалентсіз сөздердің мағыналық сәйкестігі болмайды, оның бар екені мәдениеттердің айырықшылығымен түсіндіріледі. Коннотативтік реалиялар – мазмұн тұрғысында белгіленген ұғымдар салыстырылушы мәдениеттерде сай келетін реалиялар, алайда сол ұғымдар білдіретін реалиялар қосымша (коннотативтік) мәнге ие болып, иесінің санасында белгілі бір мәдени-тарихи ассоциация тудырады. Бұл сөздер фондық ақпаратқа ие. Фондық ақпарат – белгілі бір ұлыс немесе ұлтқа ғана тән, солардың өкілдері жаппай меңгеріп, сол ұлттық қауымдастықтың тілінде көрініс тапқан әлеумет – мәдениет мәліметтері.

Тілдерді салғастырғанда заттық мәні жағынан сәйкесетін, алайда коннотация жағынан сәйкеспейтін сөздер бөлініп шығады. Коннотативтік реалиялар фондық лексикаға жатады. Коннотация эквивалентсіз лексикада емес, салғастырылушы мәдениеттерде бірдей затты білдіретін сөздерде айтылады, дегенмен олардың айырмашылығы сол сөз тудыратын ассоциацияның ұлттық алуандылығында жатыр. Коннотативтік реалиялар өзінің материалдық айтылымын салыстырылған тілдерде ұғымы ұқсас сөздердің ақпараттық үйлесімсіздігін таба отырып, сөз мәндерінің компоненттерінен, сөз мәнінің ұшқынынан, сөздің ішкі формасынан және тағы

сол сияқтылардан табады. Сөздердің коннотативтік мәндеріндегі айырмашылықтар түрлі ел халықтарына тән және фондық білімдерде айтылған мәдени-этнографиялық ерекшеліктермен түсіндіріледі. Фондық білім – айтушы мен тыңдаушының екеуінің де реалияларды білуін, бұл – тілдік қатынастың негізгі болып табылады. Ис-эрекеттің жинақталған үлгісі ретінде шеберлік снетін фондық ақпарат, мінез-құлық нормалары, сөйлеу қағидалары, халықтың әлеуметтік тәжірибесін білдіретін сөздер - осының бәрі белгілі бір ұлтқа тән әлеуметтік-мәдениеттік мәліметтерге жатады. Оларды сол этностың қоғамның мүшелері меңгеріп, тілінде көрініс тапқан. Е.М. Верещагин фондық білімге коммуниканттың әлеуметтік тарихын білуді де жатқызады. Олар фондық білімнің құрамына да қосылады: «қауышу, актінің қатысушылары жалпы әлеуметтік тарихқа ие болу керек. «Адамның әлеуметтік тарихы» ұғымын оның белгілі қоғам, әлеуметтік топ шеңберінде пайда болған қасиеттері деп түсінуге болады. Ондай қасиеттерге адамның мінез-құлығын, көзқарастық ұғымдарының, этикалық бағаларының, эстетикалық талғамдарын жатқызуға болады» [Верещагин, 1969].

Коммуниканттың әлеуметтік тарихы - әр коммуниканттың қатынас актісіне дейін жинақтаған фондық білімі.

Сөйлеу актісіне қатысушылардың әрқайсысы белгілі бір лингвистикалық (тілді білу), сондай-ақ лингвистикалық емес (қоршаған әлем туралы білім) тәжірибені меңгеруге тиіс. Қатынас жасау үшін, біріншіден, тілдің ортақтығы; екіншіден, қатынас актісіне қатысушыларда әлеуметтік тарихтың белгілі бір ортақтастығы; үшіншіден, оларда белгілі бір сөйлесу жағдайы, яғни сол қатынас актісін нақты шарты болуға тиіс. Коммуникативтік акт мүмкіншілігі тілге, хабар мазмұны ортақ әлеуметтік тарихқа, олардың тілдік формасы сөйлесу жағдайына тәуелді (Верещагин, 1969). Әлеуметтік тарихтың ортақтастығы фондық білімде көрініс табады. Фондық білім кең мағынасында – коммуниканттар меңгеруге тиіс білімдердің баршасы.

Г.Д. Томахин таралу саласы бойынша реалияларды келесі шағын топтарға бөледі: 1) жалпы адамзат білімі; 2) өңірлік мәліметтер; 3) белгілі бір этностық және тілдік қауымдастық (ұлыс) мүшелері ғана білетін мәліметтер; 4) жергілікті (сол жердің тұрғындары) немесе әлеуметтік тұйық топтар білетін мәліметтер; тілдік тұрғыда бұл аумақтық немесе әлеуметтік диалектілерге (мысалы, жергілікті географиялық объектілер атаулары мен соларға байланысты ассоциациялар) сәйкеседі; 5) отбасы, оқу және өндіріс тобы және басқа сол сияқты шағын ұжым мүшелері ғана білетін мәліметтер (мысалы, санаулы адамға ғана мәлім лақап ат, сол шағын ұжымның тарихына байланысты ассоциациялар, сыртқа шықпаған мәліметтер), [Томахин, 1980, 84].

Фондық білімдер мазмұны тіл білімімен қоса, әлем туралы білімді-ұлттық қауымдастықтың тарихы мен мемлекеттік құрылысының ерекше фактілерін, географиялық ортасының ерекшеліктерін, өткен және қазіргі материалдық мәдениетке тән заттарды, этнографиялық және фольклорлық ұғымдарды, яғни «реалия» ұғымына енетіндердің бәрін қамтиды. Мұндай реалиялар – эквивалентсіз сөздер - таза реалиялар деп аталады. Коннотативтік реалиялардың мазмұнына сөздердің коннотативтік мәндерін, семантикалық

ұшқындарды, жұртшылықтың белгілі бір жіктерінің немесе тұтас ұлыстың санасындағы жекелеген сөздермен байланысты ассоциацияларды білу кіреді. Реалиялар заттық-объективті мәнді, ал коннотативтік реалиялар – сөздің коннотативтік мәнін, тұлғалық мағыналарын айтады. Коннотативтік реалиялар – құрылымында сөздің заттық-объективті мәні де, ондық білімді білдіретін мағыналық және эмоциялық әуені де сиятын сөздер. Коннотативтік реалиялар бастапқы тіл мен аударма тілде ұғымы ұқсас сөздердің ақпараттық сәйкессіздігін таба отырып, өзінің материалдық айтылымын сөз мәндерінің компоненттерінен, сөз мәнінің ұшқындарынан, эмоциялық-экспрессивтік обертондардан, сөздің ішкі формасынан табады, мысалы, қазіргі орыс тілінде «коричневый» сөзі түсті ғана емес, «қызылдарды», қарсылас партия өкілдерін, неофашистерді жақтырмауды да білдіреді, мысалы, «Международную общественность настораживает связь между австрийскими и западногерманскими неонацистами. Правда одно время местные «коричневые» пытались отрицать наличие таких контактов» [Коммунист, 1971, № 66]. «Коричневым ораторам видимо становится ясно, что программа запланированного «марша свободы» срывается» (Литературная газета, 1972, 16 августа).

Қазақ тіліндегі «қоңыр» сөзін де коннотативтік реалияға жатқызуға болады. Бұл тілде «қоңыр» түсті ғана емес, күз мезгілін, әншінің дауысын, «кедей», «салқын қатынас», «мұң», «салқын қарсы алу» мәндерін де білдіреді, мысалы, «Ыңырси салған қоңыр әнде сезім күшті» (Ғ. Сланов, Қыземшек, 219 бет); «Дауысын айтсаңшы: есіп тұрған қош иісті майда қоңыр желден бір кем емес» (Ғ. Сланов, Арман ағысы, 101 бет); «Оу, бұл би болған кісі бақырып бола ма екен? - жұмсақ қоңыр дауыс шықты» (О. Сәрсенбаев. Жиде гүлденгенде, 11 бет); «Ал, ағайындар, -тағы да Қарғабек дауысы, -мына шал, байқаймын, әлі де қоңыр отыр. Сөзге Ұмсындық араласты.- Қоңыр отырмайды» (С. Шәймерденов, Ашу, 293 бет); «Кімсіңдер демей, «Бұл қай жүріс?» демей, жылы қабағымен қарсы алатын, сонымен бірге қабағы да тым жүдеу бола бермейтін қоңыр төбел шаруасы бар, қоңыр төбел үйлерді бұлар көбірек сағалайтын» (К. Сегізбаев, Жол, 90 бет); «Айтқан сабақтарын өткізіп Сұраубек үйге келгенде, әкелі-балалы екі қонақ тонторғыс қоңыр қабақпен шай ішіп жатқан-ды » (С. Бегалин, Сәтжан, 122 бет).

Г.Д. Томахин коннотативтік реалияларды мынадай топтарға бөледі: а) символ ретінде көрінетін сөздер: вегетативтік, анималистикалық символдар, түс символикасы; ә) фольклорлық, тарихи және әдеби, кітаби аллюзиялар. Оларда тарихи батырлардың, фольклор мен әдебиет кейіпкерлерінің өмір салтына, мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне, мифтерге, аңыздарға, әдеби шығармаларға, тағы сол сияқтыларға тұспалдар болады. б) тілдік аллюзиялар. Оларда әдетте фразеологизмге, мақал-мәтелге, канатты сөздерге немесе жай айтылатын сөздерге сілтейді, ишира болады. [Томахин, 1988, 42-43].

Денотативтік реалиялар арасында «таза реалиялар» мен реалия-терминдер бөлінеді. Халықтың тарихымен, мәдениетімен, тұрмысымен байланысты «таза реалиялардан» өзгешілігі бар мұндай реалиялар-терминдер публицистикалық, саяси мәтіндерде, көркем шығармаларда ұшырасады. Олар

ғылыми ұғымдарды айтуға маманданып, термин қасиетін алғанмен бейнелік, стилистикалық және ұлттық бояуын сақтайды. Ондай реалия-терминдер әкімшілік, экономика, заң, өнер, әскери іс, білім беру жүйесі және басқа салаларда кездеседі. Оларды жаппай пайдалану, таралуы, «танушы» мұндай терминдерді реалия етеді, мысалы, «харизма», «имидж», «медведь», «бык», т.б.

С. Влахов, С.П. Флорин, сол сияқты А.С. Виноградов ұсынған реалиялар жіктелісі қызықты. Мәселен, С.И. Влахов, С.П. Флорин реалияларды мынадай топтарға бөледі: 1) географиялық; 2) этнографиялық (тұрмыс, тамақ, киім, баспана, көлік); 3) өнер мен мәдениет; 4) этностық объектілер (этнонимдер, лақап ат, адамдарды мекен жайы бойынша атау); 5) өлшемдер мен ақшалар; 6) қоғамдық саяси реалиялар: а) әкімшілік-аумақтық құрылым (әкімшілік-аумақтық бірліктер, елді мекендер, елді мекеннің бөлшектері); ә) билік органдары мен иелері (билік органдары, титул иелері); б) қоғамдық-саяси өмір (саяси өмір мен саясат қайраткерлері, патриоттық және қоғамдық жағдай: атак, дәреже, титул, мекеме, оқу орындары; сословиелер мен касталар; сословиелік таңбалар мен символдар); 7) әскери реалиялар (бөлім, қару, киім, әскери қызметшілер) [Власов, Флорин, 1980].

В.С. Виноградов реалияларды мынадай топтарға бөледі: 1) тұрмыстық (баспана, мүлік, киім, дүние, тамақ, сусын, еңбек пен кәсіп түрлері, ақша белгілері, өлшем бірліктері, музыкалық аспаптар, халық билері мен әндері, оларды орындаушылар, халықтық мерекелер, ойындыр, үндеулер); 2) этнографиялық және мифтік реалиялар (этностық және әлеуметтік қауымдастықтар мен олардың өкілдері, тәңірлер, ертегі кейіпкерлері, аты мәлім жерлер); 3) табиғат әлемінің реалиялары (хайуандар, өсімдіктер, ландшафт, өсімдіктер); 4) мемлекеттік-әкімшілік құрылым мен қоғамдық өмір реалиялары (актуальды және тарихи) – әкімшілік бірліктер мен мемлекеттік институттар, қоғамдық партия мен т.с.с. ұйымдары, олардың функционерлері мен қатысушылары; өндірістік және аграрлық кәсіпорындар, сауда орындары, негізгі әскери және полиция бөлімшелері мен шендері, азаматтық лауазымдар мен мамандықтар, титулдар, атактар; 5) ономастикалық реалиялар (антропонимдер, топонимдер, әдебиет кейіпкерлерінің есімдері, компаниялардың, мұражайлардың, театрлардың, сарайлардың, дүкендердің, мейрамханалардың, жағажайлардың, әуежайлардың атаулары, т.б.); 6) ассоциативтік реалиялар [Виноградов, 2006].

Г.Д. Томахин келесі реалияларды бөледі: 1) тарихи (ел тарихындағы аса маңызды кезеңдердің, оқиғалардың, құжаттардың атаулары, документализм, саяси және діни топтардың, сол уақиғаға қатысқандардың аттары, историзмдер, сол тіл мен мәдениет иелерінің санасында жаппай үйреншікті болған өзектілер мен сол өзектілігінен айырылған историзмдер); 2) жарнамалық реалиялар (сөз – жарнама мен «бұқаралық мәдениет саласынан алынған ұғымдар»); 3) денотативтік реалиялар; 4) коннотативтік реалиялар [Томахин, 1988, 37-41].

Қазақ тілінде мынадай реалиялар бөлінеді:

1) Қоғамдық-тарихи реалиялар (*бай, мырза, атқамінер, ағасұлтан, жатақ т.б.*),

2) Халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен байланысты реалиялар (*той, көрімдік, ерулік, араша*);

3) Ұлттық ойындарды білдіретін реалиялар (*бәйге, көкпар, серке тарту, қыз қуу, тоғыз құмалақ, алтыбақан т.б.*);

4) Мал шаруашылығын жүргізуге байланысты реалиялар (*көктеу, күзеу, жайлау, жұт*);

5) Діни ұғыммен байланысты реалиялар (*құран, шариғат, молда, хазрет*);

6) Ру мен тайпалардың аттарына байланысты реалиялар (*керей, сыбан, табын т.б.*);

7) Туыстық қатынасты білдіретін реалиялар (*тоқал, бәйбіше*);

8) Фольклорлық ұғымды білдіретін реалиялар (*жыр, айтыс*);

9) Тұрмыс заттардың атауларымен байланысты реалиялар (*текемет, алаша, қоржын т.б.*);

10) Ұлттық сипаттың ерекшеліктерін білдіретін реалиялар (*ақ пейіл, бейпіл ауыз т.б.*);

Ж.А. Жақыпов реалиялардың келесі топтарын бөледі: 1) табиғат пен этнографиялық ұғымдарды білдіретін сөздер; 2) фольклорлық реалиялар; 3) қоғамдық және тарих реалияларды білдіретін сөздер [Жақыпов, 2004, 51].

Реалиялардың осы үш жіктемесінде жіктеу түрлі критерийлердің – тақырыптық (С.И. Власов, С.П. Флорин, В.С.Виноградов) және экстралингвистикалық-лингвистикалық (Г.Д. Томахин) принциптің негізінде жүргізілген. Аударматануда тілдік жүйелерді салыстыруға негізделген жіктеме қолайлы болып табылады.

2.1.2 Аударматануда реалияларды жіктеу

Аударматануда реалияларды аударылу/аударылмау критерийінің негізінде жіктеу керек. Ондайда аударма тілінде сол сөздің эквиваленті бар ма, реалиялармен белгіленген сөздердің ұғымдық шендестігі бар ма, әлде денотативтік «ойықтар» лакуналар туа ма деген сұрақ туындайды.

Біздің ойымызша, реалиялар эквивалентсіз сөздер, басқа тілде эквиваленттері болмағандықтан оларды лексикалық лакуналар ретінде қарастыру керек. Сондай лакуналар табылғанда басқа тілдің сөздері түрінде эквиваленттің жоқ екені, сол сөзге тұрақты сөз тіркесі формасында эквиваленттің жоқ екенін жайлы айтуға болады. Өр тіл ұлттық-айрықша болғандықтан сондай лакуналар пайда болады, сондықтан, А. Вежбицкаяның сөзімен айтқанда, «әр тілде тек қана табиғи жағдаймен мәдениеттің өзгешеліктерімен қоса тіл иегерлерінің ұлттық сипатының ерекшеліктері де көрініс береді. Сондықтан да эскимос тілінде қардың, араб тілінде түйенің, қытй тілінде күріштің атауларының көп болғаны ешкімді таңдандырмайды. Тіл тек ғана халықтың хал-ахуалын табиғи жағдайларын сипаттаумен шектелмейді, онда осы халыққа тән атаулармен қоса реалиялар да кездеседі» [А. Вежбицкая, 1996, 21].

Арнайы ұғымдарды, халықтың тұрмысына, мәдениетіне тән құбылыстарды білдіретін реалиялар аударылмайды, сондықтан оларды аударғанда «денотативтік ойықтар»-лакуналар орын алады. Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина лакуналарды былайша түсіндіреді: «лакуна – мәтіннің түсінікті емес, қате, оған, «түсінікті/түсініксіз», «үйреншікті/үйреншікті емес», «таныс/бейтаныс», «қате/дұрыс» шәкілдер бойынша бағалайтын фрагменттері» [Сорокин, Марковина, 1988, 77].

Бастапқы тіл мен аударма тілін салыстырғанда лакунаның екі типі -1) мағыналық «скважина» мен 2) лакунаның өзінің анықталатынын көрсетті.

Ю.А. Сорокин мен И.Ю. Марковина мағыналық скважиналарға келесі анықтаманы береді; «олар мәтіннің бір бейтарап фрагменттері. Сол фрагменттердің шеңберінде денотаттардың кеңістігі 1) кейбір фрагменттердің денотаттық құрылымдарының элементтері толық көрсетілмегендіктен; 2) қабылдайтын коммуниканттардың денотаттық бейнесі басқа тілдің иегері – коммуникантпен сәйкес келмегендіктен; 3) десигнаттардың жалған ұқсастығы, оларды әртүрлі ұғымдық – мәндік кеңістікке жататын денотаттар екенін дұрыс тануға кедергі жасайтынның салдарынан бұлдырланып, көмескі болады» [Сорокин, Марковина, 76].

Аудармада «мағыналық скважиналар» терминін басқа мәдениеттерде жоқ ұлттық-айрықша ұғымдарды білдіретін денотативтік реалияның өзі деп түсіну керек. Олардың ұғымдарының басқа мәдениеттерде болмауының өзі жарықшақтардың, денотативтік «ойықтардың» пайда болуына соқтырады. Сөздің семантикалық құрылымында коннотативтік мәндері бар коннотативтік реалияларды «лакуналардың» өзі деуге болады. Мұндай лакуналар кейбір ой әлемнің жағдайы туралы толық мәлімет бермейді. Ондай толық емес лакуналар бөлшектік деп аталады. Ондайларға түпнұсқа тілінде семалардың толық болып, алайда аудармада толық айтылмайтын семалар жатады. Түпнұсқаның кейбір үзіндісін құрайтын семалардың саны сол үзіндінің аудармасындағы семалардың санынан артық болады, мысалы, Э. Хемингуэйдің шығармасынан мәтін үзіндісінің аудармасында: «He always thought of the sea as *la mar* which is what people call her in Spanish when they love her» (E. Hemingway), «Мысленно он всегда звал море *la mar*, как зовут его по-испански люди, которые его любят» (Э. Хемингуэй. Старик и море, с.347). *la mar* –бөлшектік лакуна, себебі аударған түпнұсқада мәтінде автор көрсететін *she –sea, she –la mar (она -море)* байланысы жоғалады. Орыс тілінде «море» средний ротағы сөз ретінде аударылады, ағылшын тілінде род категориясы жоқ, сондықтан бұл тілде жыныс нышаны белгілі бір жансыз заттарға еркін телінеді. Қазақ тілінде де род категориясы жоқ, сондықтан оларды орыс тіліне аударғанда олар қосымша семантикалық компонент –семантикалық көбейткіш (жыныс нышанын) алады. Аудармада түпнұсқаның семантикалық құрылымындағы семалар санына артық сема қосылады, салыстырыңыз: «Бірақ биылғы мамырдың *жұтынан* кейін осы бір топ жігіт елден ерекше жарым көңіл болып жүрді. Қалың елмен бірге жігітек көпшілігі де қатты жұтаған. Жер аз болған тапшылықтан жұтады. Сол көпшіліктің ішінде «ақ сирақ» болып қалғанның бірі – осы Қараша, Қаумен ауылдары, Базаралы, Балағаз, Абылғазы, Әділхан сияқты жігіттерде тек қана

бір-бір ат қалды» (М. Өуезов. Абай жолы, т.3,361 б.). «Джут, как и везде, разорил большую часть рода жигитек, у которого мало пастбищ. «Ауылы Каумена и Караши оказались разоренными дотла. У таких жигитов, как Базаралы, Балагаз, Абылгазы и Адильхан осталось по одному коню» (М. Өуезов. Путь Абая, с 272). Аудармада, «жұт» мағыналық скважинасының орны толтырылады. Ол транскрипцияланады. Аударма мәтінде оның сема саны көбейіп, род категориясы сияқты семантикалық көбейткіш қосылады. Мына жағдайда лақунаның орны толтырылған. Түпнұсқа семаларының саны түпнұсқа үзіндісінің семаларының санынан асып түссе, орны толтырылған болып есептеледі. «Жұт» семасының аудармасын талдау түпнұсқа үзіндісі семаларының санының жаңа семантикалық көбейткіш - род категориясының (род нышаны –муж) қосылуының есебінен көбейіп отырғанын көрсетеді. «Ақ сирак» коннотативтік лақунасы «разорить дотла» айтылымы менен толтырылған. Аудармашы сол жарықшақтықты толтыруға тиіс, себебі сөздің ұлттық айырылықшығы жоқ.

Егер түпнұсқа мәтінінің құрылымына енген кейбір семалар жиынтығы аударма тілінде мәтінде болмаса және орнын толтыру мүмкін болмаса, сондай ұғым лақуна деп есептеледі. Түпнұсқа семаларының саны түпнұсқа сөзінің құрамына енген семалардың санынан артық болса, орны толған лақуналар деп аталады. «Ақ сирак» коннотативтік лақунасының орны аударма «разорить дотла» айтылымымен толтырылып тұр. Онда донотативтік ойық айдан анық. Аудармашы сөздің ұлттық айырықшылығы болмағандықтан сол жарықшақтықты толтыруға тиіс болған.

Түпнұсқа мәтінінің құрамына енетін семалардың кейбір жиыны аударма тіліндегі мәтінде болмаса және ештеңемен орны толтырылмаса, лақуналар сондай болып есептеледі. Түпнұсқа семаларының саны түпнұсқа сөзінің құрамына енетін семалардың санынан көп болса, орны толтырылған лақуналар болып есептеледі. Орны толтырылған лақунада бастапқы мәтінде жоқ жана семалардың белгілі бір саны пайда болады, мысалы: «He plied her with scones and jam (Qalsworthy)», «Он угощал ее оладьями с вареньем». Ағылшын тағамы орыс реалиясымен алмастырылған. Соның нәтижесінде *scone* сөзі семаларының бір бөлігі жоғалған (сектор ретіндегі формасы, дайындау рецепті, дәмі). «Оладья» реалиясы рецепиенттің мәтінінің сол үзіндісін түсінуін жеңілдеткенмен, түпнұсқалық ұлттық айырықшылықтан айырып отыр.

Аударматануда реалияларды жіктеу, толығынан болмау (мағыналық скважина) – ішінара болмау (лақуна) критерийінің негізінде жүргізілуге тиіс. Мағыналық скважина жағдайында эквивалентсіз сөздер реалиялар болып саналады. Оларға басқа тілде эквивалент табуға болмайды, себебі аударма тілінде түпнұсқалық үзіндісінде бар ұғым жоқ.

Лақуна –түпнұсқа сөзімен бірдей заттық-объективтік мәні бар, алайда өз құрамына субъективті көз қарасты, субъективті-бағалау мағынасын білдіретін коннотативтік мәнді қосқан сөз. Бұл - мәнің экспрессивті, эмоционалдық компоненті. Бастапқы және аударма тілін салғастыру кезінде аударматануда байқалған реалиялар типологиясы № 13 нобайда көрсетілген

борщ, квас, оладьи, сарафан, валенки, варезки, сажень, аршин, верста, золотник, фунт, пуд, коробейник, баярин, городничий, вече, челобитная, сословие, прислуга, халоп, кабала, добрый молодец, красная девица, сивка-бурка, жар-птица, кисельные берега, бить челом, бить в набат, коломенская верста және т.б.

Реалияларға сол сияқты атаулы есімдер мен ономастикалық лексика енеді.

Лексиканың келесі қабаты- коннотативтік реңктегі лексика, яғни мазмұн тұрғысында білдіретін ұғымдар салыстырмалы мәдениетте сай келетін, алайда сол ұғымды білдіретін сөздер қосымша (коннотативтік) мәнге ие болып, тіл иесінің санасында белгілі бір мәдени-тарихи ассоциация тудыратын сөздер, мысалы, *петух, лиса, орел, науқ, свинья, волчица бөрі, қой, бөлтірік, ат* және т.б, мұндай сөздер түрлі ассоциациялар тудырады, мысалы, орыс және қазақ тілдерінде «петух-этеш» сөзі «тек» денотативтік және бір-екі коннотативтік мәнге ие болса, Францияда «этеш»-символ, Францияның ресми эмблемасы - ерлік пен жауынгерлік қасиетінің символы. «Cest le cog du village» бұл ауылдың қоразы- «первый парень в селе»), «Cest un bean cog» (Бұл әдемі қораз)-донжуан туралы, «Le se bat comme un retit cog» (Ол этеш сияқты - соққар)-мәтел) мақалдарында сөздің коннотативтік мәні көбіне жағымды, ал басқа мәдениеттерде субъективті көзқарас кейде ұнамды, кейде ұнамсыз болып толқып тұрады.

2.1.3 Реалияларды аудару амалдары

Реалияларды аударма тілінде жеткізудің негізгі амалдарын авторлар әр түрлі қарастырады. Мәселен, В.С.Виноградов реалия- сөздерді аударудың мына тәсілдерін бөледі:

- 1) транскрипция (транслитерация),
- 2) гипо- гиперонимикалық аударма;
- 3) лайықтау;
- 4) перифастикалық аударма;
- 5) қалькалау (Виноградов, 2006, 119-120)

С.И.Влахов пен С.П.Флорин реалияларды аудармада жеткізудің бірнеше амалдарын қарастырады:

- 1) транскрипция (транслитерация);
- 2) аударманың өзі; оған енетіні;

а) неологизмдер (қалық, жартылау қалық, меңгеру, семантикалық неологизм);

ә) реалияны алмастыру; түр-түсті алмастыру;

б) жуық аударма (функционалды аналог, сипаттау, түсіндіру, ұқтыру);

в) контекстуалды аударма.

С.И.Влахов пен С.П.Флорин ұсынған тосын сөз аудармалары тым бұлыңғыр, аудару кезінде пайдаланылуы қиын көрінеді. Авторлар амалдарды таңдағанда реалияларды тыңғылшыты іздемеген, себебі, біріншіден, олар тосын сөз алмасуларын (аудармада транскрипция мен транслитерацияға ұшырағандар) да, қабылдаушы тілдің лексикалық жүйесінің элементіне

айналған, тіл-рецепторда меңгеріліп, ассимиляцияланған сөздерді де бір топқа қосады; екіншіден, түпнұсқа мен аудармада реалия - сөздерді дифференциалды зерделеу керек. Аудармада пайда болған жаңа реалия - сөздер әрдайым сәтті бола бермейді, түпнұсқалық реалияның орнын толық өтемейді; үшіншіден, «жуық аударма» терминін сәтсіз деп мойындауға болады.

Реалия - сөздерді жеткізуде көптеген аудармашылар сынаған негізгі амалдарды пайдаланған жөн:

- 1) транскрипция (транслитерация)
- 2) лайықтау
- 3) лакуналардың орнын толтыру
- 4) сипаттап аудару
- 5) калькалау
- 6) түр-түсті алмастыру
- 7) функционалдық ұқсастықты сақтау
- 8) аудармашылық түсініктеме беру

Лайықтау – гипогиперонимикалық алмастыруға жуық аудару амалы. Олардың арасындағы айырмашылық лайықталған сөздердеп көбіне басыңқы және бағынықы ұғымды емес, тектік ұғымға қатысты қоса бағынышты ұғымдарды атайды, мысалы, *болбаш-шаровары, боличе-кегли*.

Реалияны транскрипциялау бастапқы тілдегі реалияларды аударма тіліне графикалық құралдармен түпнұсқаның фонетикалық формасына барынша жақындатып, механикалық көшіруді ұсынады, мысалы, орысша *пельмени- болгарша пельмениш*.

Лакунаның орнын толтыру – реалияны аудару амалы, онда аударылатын сөзде семалар саны ұлғаяды, ол түпнұсқа сөздің семантикалық құрылымындағыдан көп, мысалы, *scones*-олады, *milk* орысша «молоко». «Ұғымдар сай», олайда оның сақталу ерекшеліктеріне қарай АҚШ- та былайша бөлінеді: *homogenized milk* (гомогенизированное молоко), *chocolate milk* (шоколадное молоко) *vanilla milk* (молоко с ванилином) *butter milk* (пахта) *oghurt* (йогурт, продукт типа варенца). Орыс ақиқатында *сүт, кілегей, қаймақ, қатық* айтылады. Сондықтан реалиялардың орнын толтырғанда ұлттық ерекшелік берілмейді.

Сипаттап аудару- реалияны сипаттап жеткізілетін амал, аудармашы сол құбылысты сипаттай, түсіндіреді, мысалы, Қанзастық *cyclone*-жай циклон емес, шаңды аспанға көтеріп, жолындағының бәрін қирататын құйынды (*Cyclone state* -Қанзастың атауларының бірі осыдан шыққан).

Аудармашылық түсініктеме ақпарат алушыға түпнұсқа реалиясы бейтаныс болғанда қажетті түсіндіру амалы. Аудармашы жақпа ішінде не беттің соңында реалияны түсіндіреді, мысалы, *canyon wind*-каньонный ветер-каньонның желі. Аудармашы бұл сөзді мәтіннен тыс түсіндірмедеде түсіндіреді, оның каньонда қабырғалары суығанда пайда болатын түнгі жел екенін айтады «Сиверко» - суық желді білдіретін орыс реалиясы, ал *Chinook*-АҚШ- тың мұхит жағалауының солтүстік батыс бөлігінің ылғалды желі.

Калькалау – бұл амалда реалияның ішкі құрылымы аударылады, оның құрылымы аударма тілінің материалдық элементтерінің негізінде тұған жаңа

сөз-неологизмде сакталмайды, мысалы, *subdivision-подразделение, raffine-тонченнный, bear-медведь, bull-бык* т.б.

Функционалдық ұқсастық – аударма тілінде ұқсас сөзді іріктеу амалы, мысалы, *Ordnung-порядок, тәртіп*.

Осылайша түпнұсқа реалиясын аударма тілінде жеткізудің тәсілдері мен амалдарын талдау, коннотативтік реалияларды аудару барынша қиындық тудыратынын көрсетті. Олардың халықтың рухани мәдениетімен және тілімен өте тығыз байланысты болуы аудармашыны орнын толтыруға (компенсация), сипаттап аударуға, аудармашылық түсініктемелерге жүгінуіне мәжбүрлейді.

Қорытынды

1. Реалиялардың анықтамаларын талдау әлдебір халықтың ұлттық колоритін және өмірінің, тұрмысының, мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін білдіретін бұл сөздердің анықтамаларын осы кезге дейін барабар емес екенін көрсетеді, бұл олардың түрлерінің дәл сипаттамалуынан туып отыр. Реалиялар экзотизмдерден, варваризмдерден нақты ажыратылмаған: коннотативтік реалияларға бірде ассоциативтік, бірде субъективті-бағалау реалиялары аталып, түрлі анықтама берілуде. Тілде оларды жіктеу сөздің семантикалық құрылымында мәннің ұлттық-мәдени компоненті бар, фондық білімді білдеретін қосымша семантикалық үлестің болуына қарай жүргізілді, бұл олардың екі түрін-денотативтік және коннотативтік реалияларды болуге мүмкіндік береді.

2. Аудармада реалияларды тақырыптық принцип бойынша жіктеу онша қолайлы емес, себебі аударғанда аудармашының негізгі назары түпнұсқа сөздің ұлттық айырықшылығын жеткізу үшін сол сөздің ауларылатынын, аудармайтынын анықтауда болады. Сондықтан аударматануда аударылу-аударылмау және сол ұғымдардың аударма тілінде болу-болмауына қарай эквивалентсіз сөздер-реалиялар (мағыналық скважиналар), лакуналар (семантикалық жарықшақ, сөздің семантикалық құрылымының түрлі тілдерде сәйкеспейтін коннотативтік мәндерінде ғана болады) бөлінеді.

3. Реалияларды аудару көзінде пайдаланылатын негізгі амалдар: лайықтау, транскрипция (транслитерация), лакунаның орнын толтыру, сипаттап аудару, аудармашылық түсіндірме, калькалау, функционалдық ұқсастық.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. «Реалия» терминін қалай түсінесіз?
2. Неге реалиялар денотативтік деп аталады?
3. Қандай реалиялар денотативтік деп аталады?
4. В.С.Виноградовтың ассоциативтік, ал Г.Д.Томахиннің коннотативтік реалиялар туралы айтуы неліктен?
5. «Субъективті-тұлғалық мағына», «сөздің объективті-заттық мәні» айтылымдарын қалай түсінесіз?
6. Лигнвоелтанымда реалия - сөздер қандай принцип бойынша жіктеледі?
7. «Мағыналық скважина» терминін қалай түсінесіз?

8. Аударматануда лакуналардың қандай типтері бөлінеді?
9. Реалияны басқа тілде жеткізудің қандай амалдарын білесіз?

Негізгі әдебиет:

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1973.
2. Виноградов В.С. Перевод: общие и лексические вопросы. 3-е изд. – М.: КДУ, 2006.
3. Влахов С.И., Флорин С.П. Непереводимое в переводе. – М., 1980.
4. Влахов С.И., Флорин С.П. Непереводимое в переводе. Реалии //Мастерство перевода 1969. – М., 1970.
5. Томахин Г.Д. Реалии – американизмы. – М.: Высшая школа, 1988.

Қосымша әдебиет:

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Словари русской культуры, 1996.
2. Верещагин Е.М. Роль и место страноведения в практике преподавания русского языка как иностранного //Роль и место страноведения в практике преподавания русского языка как иностранного. – М., МГУ, 1969.
3. Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. – М., 1977.
4. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М., 1972.
5. Сорокин Ю.А., Марковина И.Ю. Текст и его национально-культурная специфика //Текст и перевод. – М.: Наука, 1988.
6. Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алма-Ата: Мектеп, 1989.
7. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986.
8. Томахин Г.Д. Фоновые знания как основной предмет лингвострановедения //Иностранные языки в школе, 1980, №4.
9. Томахин Г.Д. Лингвистические аспекты лингвострановедения //Вопросы языкознания, 1986, №5.
10. Жакупов Ж.А. Аударматануды андату. – Алматы: InnoPRESS, 2004.

Студенттердің өздік жұмысына арналған тапсырмалар (СӨЖ)

1. «Ұлы Британия», «Қазақ реалиялары» тақырыбына реферат жазыңыз.
2. Г.Д. Томахиннің «Реалии-американизмы» кітабына (М.,1988) андатпа жазыңыз.
3. С.М. Влаховтың, С.П.Флориннің еңбектерінде берілген жіктемеге сүйене отырып, орыс және қазақ тілдерінде реалиялар жіктемесін құрастырыңыз.

Оқытушының бақылауымен студенттің өздік жұмысына арналған тапсырмалар (СОӨЖ)

1. Төмендегі контексте коннотивтік реалия-лакуналардың қандай түрінің берілгенін анықтаныз:

Шамфордың кітабының аудармасында былай делінеді: «Две придворные дамы, проезжая по новому месту, за какие-нибудь две минуты успели увидеть

там и монаха, и белую лошадь. Тогда одна из них, толкнув подругу локтем, заметила: «Что до шлюхи, то уж нам ее-то высматривать незачем»».

2. Төмендегі реалиялардың қай халықтың мәдениетін сипаттайтынын анықтаңыз: «Овальный кабинет», «Честный Эйб», «Bane Bunyan», «Blue ox», «cent stones».

3. «Файф-о-клок» реалиясының қандай халықтың мәдениетін сипаттайтынын анықтаңыз. Бұл дәстүр орыс пен қазақ халықтарының дәстүріне сай келе ме?

4. Төмендегі контексте қандай коннотативтік реалиялардың бар екенін анықтаңыз: «Майбасар бұл үйге ашулы пішінмен кірді. Белін шешпей, көк елтірі *тымақтың бір қулағын жымырайта киіп ап, қамшысын қос бүктеп, мықынына таянып отырып, Құлыншаққа қарады*».

5. Реалиялардың тақырыптық жіктемесін зерделеу негізінде реалиялар тобын анықтаңыз: *пончо, пала, самбреро, альпаргаты, чирипа, саране* т.б.

6. Мына реалиялардың қандай топқа жататынын анықтаңыз: *марака, гуиро, кена, фатута, маримба, чато, куэка, бамбуко, видашпа, самба, уарача, маламбо, коридо* т.б.

7. Төмендегі мысалда қандай аудару амалының қолданылғанын анықтаңыз:

«Mel guessed that his regular dispatcher had been relieved the time being, perhaps for some sleep in the “Blue Room” as Airport standing orders with a Hace of humor –called the snow crew’s bunk house»(Haily A. Airport – Moskow, 1978, p.8).

«Мел понял, что диспетчера сменили, возможно он пошел спать в «вытрезвитель», как не без юмора называли в аэропорту общежитие для людей, занятых на снегоуборке»(А. Хейли Аэропорт-М., 1978, с.310). Мил диспетчерді ауыстырғаннан түсінді. Ол орнынында жоқ екен, мүмкін, ол «көгілдір бөлмеге» (аэропортта қар күреу жұмыстарымен шұғылданатын адамдар демалатын бөлмеге) ұйықтауға кеткен шығар деп ойлады.

8. Төмендегі реалияларды аудару амалын анықтаңыз:

New-York, Daniel Boone, Honest Abe, David Crockett, cent stores.

9. The Commonwealth(Канада) «But there’s supposed to be a big scene between two girls from French Canada who want independence from the Commonwealth» реалиясын аударғанда аудармашылық түсініктеменің қандай түрі керек.

10. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің реалияларын салғастырғанда «мағыналық скважина» орын ала ма? Салғастыруға реалияның екі тобын (саяси және этнографиялық) алыңыз.

2.2 Көп мағыналысөздерді аудару мәселелері

2.2.1 «Көп мағыналы сөз» ұғымының анықтамасы

Р.А. Будагов былай дейді: «сөздің қоры сан жағынан гөрі сапа жағынан көбейеді, себебі ескі сөздерде жаңа мағына пайда болады, сөздің ескі және жаңа мағыналарының арақатынасы қайтадан жаңартылып, жаңа мәндерге ие болады» [Будагов, 1975].

Полисемия немесе сөздің көп мәнділігі – бір сөзде өзара байланысты бірнеше мәннің болуы. Сөздің көп мәнділігі әлдебір сөздің түрінің өзгеруінің және алғашқы мәнінің дамуының салдарынан шығады. Мәні тік сызық бойымен емес негізгі мәннің төңірегінде дамып, өз кезегінде екінші тарапты мәннен семантикалық қолданыстың жаңа ортасына айналуы мүмкін [Карцевский, 1965, 85-90].

Осы принципті қабылдай отырып, әр таңбаның артында белгілі бір мазмұн тұратынын, ал әрбір мазмұнның міндетті түрде белгілі бір таңбада айтылатынын мойындаймыз. Алайда қазір мазмұн жоспарының элементтері айтылым жоспарының элементтерімен әрдайым айтыла бермегенде және олардың болуы сөздік айтылымын тапқан мазмұн компоненттерінің салдары, қорытындысы немесе алғышарты ретінде шарттасқанда мазмұн мен айтылым жоспарының арақатынасын түсініп, түсіндіру үшін жеткіліксіз.

Сондықтан сөздің семантикалық құрылымында астартын жете түсінудің салдары ретінде имплицитті болатын мәндерді, сол сияқты екінші номинациялау нәтижесінде туатын мәндерді актуалдендіруге назар аударылады. Г.П.Мельников нақты ұғымдық сол бірліктің тілдік таңбасының мәні болып табылатын абстракты өкілді ажыратады. Сөздік таңба, тілдік таңбаны, ал тілдік таңба мәнді білдіру үшін қызмет етеді. Мән мағынаны білдіру үшін қызмет етеді. Мағынаның сөзде эксплицитті айтылып, имплицитті қалуы мүмкін. Егер эксплицитті айтылған, ой сол мәнді имплицитті мағыныға байлауыш ретінде көрсетсе, онда тілдік таңба тағы белгілеуші деңгей, яғни мидің бір мезгілде идеялар кешенін тудырып, дамуы үшін уақыт (жазбада кеңістік те) керек тілдік таңбаларды желілі ұйымдастыру қабілетімен түсіндіретін ойлау бейнелерінің көп өлшемді жүйесінің арасындағы таусылмайтын, карама-қарсылықтан туатын имплицитті мағына деңгейін алады. Соның салдарынан мазмұн жоспары мен айтылым жоспарының барлық сәйкессіздіктер, яғни айтылым жоспарына аз тіл таңбаларымен көп мағына бірліктерін сыйдыруға ұмтылыстың бәрі туады. Көп мәнді сөз бір тілдік таңбаға көптеген эксплицитті айтылған және имплицитті өмір сүретін мағына бірліктері сыйған жағдайды да білдіреді.

Сондықтан Л.А.Новиков полисемия (көп мәнділік) деп сөздің бір мезгілде бірнеше мәнге (семаға) ие болу, яғни заттардың, іс-әрекеттердің, үдерістердің, нышандар мен қатынастардың түрлі кластарын сөздің ерекшелік қасиеті деп түсіндіреді [Новиков, 1989, 189]

Полисемияны зерттеу барысында бірнеше бағыт қалыптасты. Бірінші бағыттың өкілдері көп мәнді сөз контексте сол сөздің қолданылу санымен көрінеді деп есептейді. Ондай жағдайда түрлі контекстер бұлыңғыр, бастапқы мәннің түрін өзгертіп, сөздің түрлі мәндерінің көрінісін тудырады. Ортақ мән контексте ғана өткерілетін жекелеген мәндердің санын білдіреді [Русский язык и советское общество, 1968, 121]. Ондайда полисемия контекстер сомасына сияды, ал полисемиялық сөздер өзалдына емес, контекстердің түрлі мәндер тудыру дәрежесінде ғана көп мәнді бола алады. Полисемияны бұлайша ұғындыру көп мәнділіктің жоққа шығарады.

Екінші бағыттың өкілдері (А.А. Потебня, Л.В.Щерба) көп мәнді сөздің әр мәнін дербес сөз деп есептейді. Бұл жолдың қателігі бұндайда: полисемия проблемасы омонимия мен контекст проблемасымен алмастырылуында [Щерба, 1958].

Үшінші бағыттың жақтаушылары көп мәнді сөздің мәндері тілдік жүйенің бірліктері болып табылады, олар контекстен тыс болады, контекст оларды тудырмайды дегеннен бастау алады. Полисемия-толықтыру нәтижесі, бір сөздің шегінде түрлі мәндерді топтастыру мән тарихи өсіру нәтижесі [Будагов, 1976, 242].

Көп мәнді сөз (яғни тілдік құрылымның элементі ретінде сөздер) алдын ала түрлі мәндер тоғысқан контекстте актуалденетін бірнеше өзара байланысты, мәндердің жиынтығын білдіре алады. Бұл жағдайда контексттің рөлі сол сәтте керекті мәнді таңдап, оны актуалдендіруде [Васильев, 1975, 4].

Көп мәнді сөзді саны жекелеген мәндердің санына тең ЛСВ (лексико - семантикалық варианттар) бірлігі ретінде қарастыратын Л.А. Новиков пен И.А. Стерниннің көзқарасы полисемияны түсінуде жаңа жол болып табылады. Тілдік таңба-сөзді лексикалық-семантикалық варианттардың жиынтығы ретінде түсуіне оның семантикасына «сөздің семантикалық құрылымы» терминінде баруды ұсынады.

И. В. Арнольдтың пайымдауынша, сөздік семантикалық құрылымы деп сөздің семантикалық құрамында қолдану контекстінде пайда болатын саналуан мағыналарының, олардың варианттарының, реңктерінің, эмоционалдық және стилистикалық бояуларының жиынтығын айтамыз [Арнольд, 1969].

Көп мәнді сөздің семантикалық құрылымына негізінде мағына өзіне тарайтын семемалар топтасқан жалғыз басты семема жатқан семантикалық желілер тән. ЛСВ өзара туындау қатынастарында-эпидигматикалық қатынастарда болады. Сол қатынастарда тым болмаса екі лексико – семантикалық варианттар байланыста болу керек, соның біреуі әлдебір үшінші ЛСВ-мен эпидигматикалық байланыста болуға тиіс, яғни солардың біреуін басқалар арқылы түсіндіруге болатын жағдайда болғандығын қарастыру керек. Эпидигматикалық қатынастарда әдетте басты және туынды ЛСВ-дан тарайтын негізгі және туынды мәндер болады. Біріншілерінің автосемантизмі, яғни контекстке аз тәуелділігі негізгі мәнді негізгі еместілерден айырықшылап тұратын басты нышан болып табылады. Негізгі емес мәндердің контекстен туындайтын синсемантикалық мәндер ретінде негізгілерге қарсы қойылуы мүмкін. Контекст нашар позиция құрып, негізгі мәнің танылу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Көп мәнді сөз ұйымдасқан құрылымды білдіреді, себебі сөздің жекелеген мағыналары сол мәндерді біріктіретін және көрсетілген мәнді басқаша түсіндіретін айырма ортақ семантикалық компоненттерінің болуы мағынасында өзара иерархикалық қатынастармен байланысты. К. М. Әбішева көп мағыналық сөзді эксплицитті – имплицитті құрылым деп санайды. Сондықтан да осындай сөздерді екі тұрғыдан сипаттау қажет: 1) сема жағынан, яғни мағыналарды көрсету деңгейі жағынан; 2) семалардың типтерін көрсету тәсілдері жағынан. Осы екі мезеттер өзара әрекеттесу үдерісінде сөздің семантикалық құрылымын

құрайды. Сөздің семантикалық құрылымы мағыналық жағынан мағыналардың жиынтығы болып көрсетілсе, екінші жағынан лексико – семантикалық варианттардың жиынтығы болып табылады [Абишев, 2000, 206].

Сөздің негізгі мәні мен лексикалық-семантикалық варианттар (ЛСВ) парадигматикалық қатынаста болады, себебі ЛСВ қосымша варианттары негізгі мәнмен ұқсас та, айырықша да, негізгі мәні бойынша ұқсас та, мәнінің қосымша реңктері бөлек.

Негізгі мән мен негізгі емес, қосымша мәндер (ЛСВ) өзара интегралды және дифференциалды нышандармен ерекшеленеді. Интегралдық – біріктіруші нышандар. Олар басты және қосымша мәндердің ұқсастығын көрсетеді. Дифференциалды нышандар ажыратушы, онда негізгі және қосымша мәндердің реңкі әр түрлі.

Сөздің жекелеген мәндерінің манифестациясы олардың әлдебір сөзбен үйлесімділігі жағдайында, яғни қосымша дистрибуция жағдайында танылады, онда сөздің әрбір лексикалық – семантикалық вариантынан бөлекшенеді.

Біздің ойымызша, көп мәнді сөздің жекелеген мәндерінің шектелуі қосымша дистрибуция жағдайларында: түрлі контекстер (айтудың эксплициттік тәсілі) мен көп мәнді сөздің өзінің семантикалық құрылымында (айтудың имплициттік тәсілі) өтеді.

Семантикалық құрылымның эксплициттілігі мен имплициттілігі сөздер функциялық шартты нышандарын ұқсастыру принципі, сол нышандардың ұқсасуы мен ажыратылуының өзара шарттылығы принципінің негізінде жиынтықта бірігіп, өзара жүйелі мазмұнды байланыстар мен жүйелі қатынастарға түседі. Мәселен, көп мәнді сөздің семантикалық құрылымында жекеленген Л.С.В. негізгі мәнімен, бір жағынан корреляциялық түрде байланысып, мәндердің ұқсасуы мен ажырауының негізінде инвариантты-импликациялық қатынастарға түссе, екінші жағынан бірінші, тура мәнінің негізінде туындаған туынды мәндер ретінде эпидигматикалық қатынастарға түседі.

Сөздің лексикалық-семантикалық варианттарын объектілендіру қосымша дистрибуция жағдайында контекстте өтеді. Мәселен, Ю.Д. Апресян полисеманттың жекелеген мәндерін талдағанда сымдастыру мен трансформациялау принциптерін ескеру негізінде ажыратуды ұсынады. Мазмұн жоспарындағы әрбір релевантты айырмашылыққа айтылу жоспарындағы айырмашылықтың сәйкес келетінін атап көрсетіп Ю.Д. Апресян мұндай айырмашылықтардың тілдің синтаксистік құрылымында болатынын, көп мәнді сөздің әрбір мәнінің арнайы синтаксистік нышандармен (дистрибуциялық, трансформациялық) шендесіп, мәндердің формальды ұқсастығы болып табылатынын айтады [Апресян, 1967].

Д.Н.Шмелев, К.П.Смолина жекелеген мәндер манифестациясы авторлар контексттік позиция деп атаған түрлі сипаттағы типтендірілген контекстерде-бірінші және екінші типті контекстерде өтеді деп болжам жасайды [Смолина, 1986].

Көп мәнді сөздің жекелеген мәндердің манифестациясы туралы мәселесі олардың ажырату критерийлері туралы мәселемен байланысты. Ұсынылып

отырған әдісімеде «типтендірілген контекстер» критерийын бөлу онша сәтті емес. Бұл критерийдің тұрақсыздығы мен субъективтілігі туралы көп жазылды.

Полисеманттың жекелеген мәндерін білу үшін барынша объективті, дәл әдістерін қолдануға талпыныс лексикологияда компоненті талдау әдісін қолдануға әкелді. М.М. Копыленко, О.Н. Селиверстова, М.Д., К.П. Смолина және басқалардың еңбектерінде көп мәнді сөздің жекелеген мәндерін, сондай-ақ оның семантикалық құрылымының құрамын анықтаудың әртүрлі әдістемесі ұсынылған.

Аударматануда көп мәнді сөздің әлдебір компоненті білдіретін ойды барынша дұрыс жеткізу үшін аудармашының бастапқы тілдің көп мәнді сөзінің семантикалық ерекшеліктерін білуі, оның жекелеген мәндерін – лексикалық-семантикалық варианттарын объективтендіруді, түпнұсқа сөздері мен аударма тілінің сөздерінің семантикалық құрылымындағы бастапқы мәндерін салыстыруды білуі маңызды болып саналады.

2.2.2 Бастапқы және аударма тілдерінің көп мағыналы сөздерін контрастивтік – салғастырмалы талдаудан өткізу және олардың құрылымындағы айырмашылықтарды табу.

Көп мәнді сөздердің семантикалық құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау аудармашылық қателіктер жібермеу үшін түрлі тілдердегі көп мәнді сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығы туралы мәлімет алу қажеттілігінен туған. Көп мәнді сөздер – тілдік эмбебаптылық, көп мәнділікті дамытудың эмбебап заңдарының нәтижесі. Алайда бұл заңдардың байқалуы әр тілдерде әртүрлі, сондықтан көп мәнді сөздерді салғастырмалы-контрастивтік талдаудағы мынадай айырмашылықтарды атап айту керек:

1) бастапқы тіл мен аударма тілінің сөздері өзінің мағыналық көлемі мен түрлі топтармен шендесу жағынан айырықшалаанады. Көп мәнді сөздің бір тілде жалғыз, басқа тілде көп мәнді болуы мүмкін. Мәселен, «бауыр», «печень», «liveg» сөзінің денотаттары бірдей, алайда соларды білдіретін сөздер бір мәнді және көп мәнді сөздің семантикалық құрылымының түрлі топтарымен шендеседі. «Бауыр» сөзінің көлемі орыс және ағылшын тілдеріндегі «печень» мен «liveg» сөздерінің мәндерінің көлемдерімен сай келмейді. Қазақ тілінде «бауыр» көп мәнді сөзі мынадай мәндерге ие:

Бауры жазық ат (широкобрюхий конь); *бала – адамның бауыр еті* (самое дорогое); *бауырыңа бас* (прижимать к передней части туловища), *бауырыңа қыс* (прижимать к себе), *переносное бауыр* (брат), *таудың бауырында* (на склоне горы), *бауыры жат* (не признающий своих родственников), *жылан бауыр* (гусеничный), *тас бауыр* (жестокий), *бауыры балқыды* (расслабиться), *бауыры бүтін – бас аман* (жив- здоров), *бауыры арық қара жер* (могила), *бауырыңа тарт* (привлекать на свою сторону), *бауыры тартылды* (натренированный конь), *ер – тоқымын бауырына алу* (подготовиться) и другие [Қазақша-орысша сөздік, Алматы, 2001,131-132]. Орыс тілінде «печень» сөзі тура мәнді ғана: «крупная железа человека и животных, вырабатывающая желчь и участвующая в процессах пищеварения,

обмена веществ, кровообращения» [Словарь русского языка, 1983,119]. Ағылшын тілінде «бауыр» - «live» сөзінің ауыспалы мәні жоқ. Үш тілде «бауыр» сөзі бір ұғым білдіргенмен «бауыр» қазақ тілінде көп мәнді сөз де, ал орыс пен ағылшын тілдерінде бір мәнді сөз.

Көп мәнді сөздердің контрастивті– салғастырып талдау көп мәнді сөздің құрылымындағы айырмашылықтарды парадигматикалық мәндер (сөздің негізгі және негізгі емес мәндері) жоспарында табуға ықпал етпей қана қоймай назарды көп мәнді сөздердің синтагматикалық қатынастарының ұқсастығына немесе айырықшалықтарына аударады.

Лексикада синтагматикалық қатынастар сөздердің тіркесу ережелерінде, лексикалық бірліктердің белгілі бір шеңберінен қосылу қабілетінен байқалады. Лексикалық тіркесімдердің өте ауқымды және шектеулі болуы мүмкін. Сөздердің шектеулі тіркесімдерін фразеологиялық байланысты мәндер ретінде қарастыруға болады. В.В. Виноградов былай дейді: «сөздердің көбісінің, олардың мағыналарының тілдің өзіндегі семантикалық қатынаста көрініс беретін байланыстарын тілдік жүйе үнемі шектеп отырады. Осындай лексикалық мағыналар тек ғана белгіленген ұғымдар және сөздік аталым шеңберінде ғана жүзеге асырылады. Сөздік аталымы бар заттардың, құбылыстардың логикалық және семантикалық табиғатында ондай шектеудің мүмкіншілігін тудыратын негіздер жоқ. Сөздің, мағыналардың байланыстарының шектелуі осы тілге тән сөздік мағыналардың байланыстар заңының нәтижесі» [Виноградов, 1978].

Түрлі тілдерде сөздердің тіркесімдік потенциясы сай келмейді. Мәселен, бір тілде лексема кең сипатты мәнді, тіркесімнің кең шеңберіне ие, ал басқа тілдерде сол денонатты білдіретін сол лексема тіркесімнің шеңберін салыстырыңыз.

Қазақ тілінде *ақ* сөзінің 46 тіркесімі бар: *ағынан жарылды, ақ адал малы, ақ ауыз қой, ақ бата, ақ бауыр тары, ақ безер де көк безер, ақ бейіл, ақ көңіл, ақ желек, ақ жем, ақ жаулық, ақ қаңбақ, ақ ниет, ақ өт, ақ сабақ, ақ тер, көк тер, болды (қара терге түсті), ақ түтек, ақ тілек, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты, ақ шағаладай, ақ собық (собықтың әлі қаптаған көзі), ақ сорпа (сүзбе, қатақ, құрт езіп қосқан сорпа), ақ тамақ, аузы аққа тиді, ақ бұйрықты өлім, ақ сөйле, аузынан ақ май ағызу, жұлдыздай ақ, ақ ұлпа, ақ үстінен қара таныды, ақ шарбы (жұқа бұлт), ақ шегір (бүркіттің түсі), ақтан күйді, ақ түн т.б.*

Орыс тілінде *белый* сөзінің төңірегін салыстырыңыз: *белый снег, белые ночи, светлые; белая горячка, белая кость, белое мясо, белые стихи, поражение белых, белый билет, средь бела дня, белым-бело, белый флаг, белый террор.*

Неміс тілінде салыстырыңыз: *weib, ein Blatt Papier* (чистый лист), *die weibler Fahne hissen* – поднять белый флаг, *ein weibler Fleck auf der Landkarte* – белое пятно(неисследованное место), *weibler Flub* – медицинские бели, *weibler Kohle* – белый уголь, энергия воды; *weibler schrecken* - белый террор, *weibe Sport* – 1) зимний спорт, лыжи; 2) теннис; *der weibler tod* – смерть среди льдов(снегов); *Weibe Woche* - неделя распродажи бельевого товара, *der weibler Sontag* –

религиозное воскресенье после пасхи, *die weibe Frau* – суев. Белая дама (призрак, привидение).

Weib – ақ сөзімен байланысты немісше тіркесімдер орыс және қазақ тіліндегі сондай тіркесімдерден өзгеше. Демек, қарастырылып отырған тілдерде «ак» сөзінен аралас дистрибуция байқалады, онда бір сөздің өрісінде ортақтан басқа өз төңірегіндегілер де болады.

3. Түрлі тілдердің көп мәнді сөздерінің семантикалық құрылымында белгіленген ауыспалы мағыналары сай келмейді, мысалы, «глаза» - «көз» сөздерінің семантикалық құрылымының көлемі әр түрлі. Қазақ тілінде «көз» сөзінің ауыспалы мәні орыстағыдан көбірек, мысалы, қазақ тілінде «көз» сөзі 54-тен астам мән білдіреді (*көзі тұр, көз суы, айнам көз, ала көз, бота көз, екі көзі төрт болу, жаудыр көз, көз ақы, көз ашады, көз аяқ, көз байланды* т.б.) Орыс тілінде 40-тан астам ауыспалы мәні бар (*дурной глаз, вороний глаз, глаза разгорелись, глаза на лоб лезут, проглядеть глаза, стрелять глазами, лезть в глаза, змеиные глаза* т.б.).

4. Адамның сезінуі мен қабылдауын білдіретін сөздердің ауыспалы қолданылуын салыстыру француз тілінде ауыспалықтың көбіне түс эсерінің атауынан шығатынын көрсетті: *examen blanc* – экзамен без оценки, *etre vert* – быть крепким [Гак, 1983, 242]. Орыс тілінде адамның түсті қабылдауына негізделген ауыспалы мәндер аз, мысалы, *белые ночи, камышовые глаза, изумрудная трава, вишневые губы* т.б., қазақ тілінде ауыспалы мәнді тудыруға түстің бәрі бірдей емес, кейбіреулері *көк, қара, сары, қоңыр, қызыл* ғана қолданылса да, түс эсеріне негізделген сөздердің ауыспалы мәндері едәуір көбірек, мысалы, *ақ пейіл, ақ жол, қара бауыр, қара бет, қара ниет, сары уайым, сары аяз, сары қарын әйел, қоңыр жел, қоңыр дауыс, қызыл (ет), қызыл ауыз, қызыл қарын, қызыл іңір, қызыл шұнақ аяз* т.б. Ағылшын тілінде *ақ* пен *қара* түр-түс сезімінің негізінде ауыспалы мәндер тудыру үшін де қолданылады. С.Г.Тер-Минасованың сөзімен айтқанда, «ағылшын халқының құрайтын әлемнің тілдік суретінің түр-түсті гаммасында қара және ақ түстер маңызды рөл атқарады. Солар арқылы ағылшын халқының нақты және мәдени ренктегі әлемнің тілдік суреті бейнеленеді» [Тер- Минасова, 2004, 95].

Ағылшын тілінде түсті анықтауыштар негізінде мынадай ауыспалы мәндер туады. *White tablecloth* (признак торжественного парадного), *white eu* (лишь в спасение), *black sheep* (черная овца), *black market* (черный рынок) т.б. Орыс тілінде ауыспалы мәндердің көпшілігі есту сезімдерінің негізінде құрылады: *глухая стена, глухой двор, глухое место, глухое окно, глухое платье* т.б.

5. Бастапқы және аударма тілінде көп мәнді сөздердің коннотативтік мәндері сай келмейді, себебі коннотативтік мәндер адамның, этностың әлдебір ой дүниесіне субъективті көзқарасын, жағымды не жағымсыз бағалауын білдіреді, аксиологиялы. В.Н.Телияның ойынша коннотация-бағалауды білдіру тәсілі. Субъектінің (жеке адамның, ұжымның) көзқарасы бағалауымен білінеді, «Бұл құндылықтың қатынас *par excellence* – деп жазады В. Н. Тэйлия. – олар ол тұлғаның, этностық бағасын, субъективтік қатынасын білдіреді, кім бағалайды. Қандай себеп-салдарынан, қай желісі негізінде, қай көзқарастармен байланысты осындай сұрақтарға жауап береді. *Ауыспалы* (қатынастар),

субъектілер (өз талғамы және көз қарасы бар жеке тұлға), *объектілер* (жүйелік байланыстары бар әлемнің кейбір фрагменттері) осындай құндылықты қатынастарда әлемге деген субъектінің қатынасын көрсететін бағалық пайымдаулармен біріктіріледі» [Телия, 1986].

Мәселен, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде коннотацияларда айтылған сөздердің бағалық мәндері сай келмейді. Коннотативтік мәндерде айтылған жағымды, жағымсыз бағалауларда бағалау мағынасы, мәдени және құндылық реңктері сай келмейді. Түспен қабылдау негізінде туған ауыспалы мәндерінде жалпы жағымсыз бағалаулар орыс, қазақ, және ағылшын тілдерінде сай келеді: *black armand* (черная нарукавная повязка), *black soul* (черная душа), *black mail* (черная почта), *черная весть*, *черный день*, *черный глаз*, *черный враг* дегенмен қазақ тілінде қара сөзімен жағымсыз бағалар көбірек: *қара жүрек*, *қара ниет*, *қара көңіл*, *қарабет*, *қара жүз*, *қара қазан (саран)*, *қара басқыр*, т.б. «Қара» сөзі қазақ тілінде жағымды мәнге де ие: *қара шай*, *қара нөпір*, *қара қол*, *қара күз*, *қара қоныс*, *қара шаңырақ*.

6. Түрлі тілдерде мәндерді ауыстырудың жалпы заңдылықтарының түрлі қолдану саласы бар. Антропоморфизм-эмбебапты, семантикалық заң, онда заңды заттардың қасиеті жансызға көшіріліп тілдерде әр түрлі көрініс табады. Мәселен, көшіру орыс тіліне қарағанда француз тілінде жиірек те, кеңірек те жүзеге асырылады [Гак, 1983], салыстырыңыз, *la voiture mange* (потребляет, берет), *Leronge boit* (впитывает воду). Орыс және қазақ тілінде де кейіптеу амалы (*боран соқты*, *жер көтерілді*, *черемуха колышется*, *метель разыгралась*, *месяц величаво поднялся*, т.б.) қолданылады, алайда француз тілінде жанды заттарға тән іс-әрекетті білдіретін етістіктер жансыз заттарға телініп, жиі қолданылады. Неміс тілінде антропоморфизм өзіне ыңғайлы. Дене мүшелерін білдіретін лексемалардың көбі тура мағыналарында сай келгенмен, ауыспалы мағыналарында сай келмейді. Мәселен, «голова», «кол», «бас» лексемаларды салыстырғанда атаудың орыс тілінде тек «форма семасы (*голова человека и голова сыра*)» көшірілетіні, ал неміс тілінде форма бойынша да, орналасу орны бойынша да көшерілетіні – *oberes verdicktes Enge*, *Blutenkopf*, *kopf liner stecknadel* (верхний утолщенный конец) анықталды. Қазақ тілінде формасы, орналасу орны бойынша көшіру, функциясы, ұғымның шектестігі бойынша байқалады, мысалы «*қойдың басы*, *бас тарту*, *бас агроном*, *бас бау*, *бас құда, ағаштың басы*, *таудың басы*, *сіріңкенің басы*, *басы бос*, *бас асауы*, т.б.» В.В.Дудченко неміс тілінде метафоралық көшірулер барынша кең антропоморфизммен сипатталатынын көрсетеді. Механизмдердің, оның бөлшектерінің іс қимылын білдіру үшін онда адамның немесе хайуанның дене мүшелерін білдіретін лексемалар жиі қолданылады [Дудченко, 1982, 73]. *Rucken* (спина) неміс лексемасының мәндері орыс тілінде түгелдей қолданылмайды. Орыс тілінде *спина руки*, *спина книги*, *ножа сияқты мәндер* жоқ. Орыс тілінде бұл денотатардың бөлшектерін атау үшін басқа лексемалар қолданылады, мысалы *тыльная сторона руки*, *подъем стопы*, *тупая сторона ножа*, *корешок книги*.

Сөйтіп, бастапқы тіл мен аударма тілінің көп мәнді сөздерінің семантикалық құрылымындағы айырмашылықтарды талдау, аудару кезінде

сөздердің көшірілімді мәндерін айтқандағы айырмашылықтарды, олардың жасалу тәсілдерін, тіркестік байланыстарын ескерудің қажет екенін көрсетті.

2.2.3 Көп мағыналы сөздерді аудару амалдары.

Көп мәнді сөздерді түпнұсқа тілден аударма тіліне аудару тәсілдері әр қилы. Солардың бірі – контекстпен ұштастырып аудару амалы. Б.С. Слепович көп мәнді сөздерді аударудың қиындығына назар аудара отырып, аудармауының қайсы бір көп мәнді сөздердің нақты не айтатынына, қандай контексте қолданылатынына жауап табуға тиіс екенін, жиі айтылатын мәнінде асығыс қолдана салуға болмайтынын көрсетеді. Орыс сөздерін ағылшын тіліне контекстпен ұштастырып аударудың мысалдары бар, мысалы, 1) *magazine*-периодическое издание; 2) *ournal-научный* журнал; 3) *log-book* - вахтенный журнал; 4) *register*-классный журнал; 5) *minute-book-minutes* - журнал протоколов заседаний [Слепович, 2006, 24].

Басқа тілге аударып, түсіндіргенде бастапқы тілдің көп мәнді сөздерін бірінші және екінші типті контекстік позицияларда талдаған жөн. «Контекстік позицияларды сөздің мағыналарының семалық құрамын айқындайтын сөзді қоршайтын орын деп түсінуге болады» [Смолина, 1986, 101]. Контекстік позицияның бірінші типі синтагматикалық байланыстарда нақты семантикалық компонент өткерілетін контекстік шеңбердегі сөздің орнымен анықталады. Контекстік позицияның екінші типі парадигматикалық шендескен сөздердің белгілі бір мағыналық позициясын анықтайтын контекстік шеңбердегі орнымен анықталады. Сөздердің синтагматикалық қатынастары- бірінші дәрежелі контекстік позиция ретінде қарастыруға болатын сөздердің минималды екі мүшелді тіркесін білдіретін жүйелі семантикалық контекст. Ондай синтагманың бір мүшесі семантикалық өткерілетін сөз, екіншісі-семантикалық көрсеткіш туындайтын тіркес сөзі болып табылады. Контекстік позицияның екінші типі кеңірек шеңберді (сөйлем, мәтін) білдіреді, онда сөз көптеген сөздермен парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарға түсіп, өзінің мағыналық байланыстарын кеңейтеді.

Дистрибутивтік талдау әдісін қолдану жолымен полисемалық сөздің мәндерін анықтау амалы.

Дистрибутивтік талдауды жүргізгенде түпнұсқа тілмен аударма тілінің көп мәнді сөздерінің тіркесімді модельдері салыстырылып, сай келетін қосымша, аралас және ішінара дистрибуция жағдайлары анықталады, одан соң салғастырмалы тілдерде сөздердің мәндері мен шеңберлеріне ұқсастыру өткізіліп, белгілі бір қорытынды жасалады, мысалы, салғастырмалы тілдерде көп мәнді сөздерді талдау мынаны көрсетті.

I. Бастапқы тіл мен аударма тілінің кейбір көп мәнді сөздерінде сай келетін немесе контрасты дистрибуция байқалады. Ондай жағдайларда конституенттерде тек ортақ шеңбер болады, салыстырыңыз: *жаңа-новый, неи*

II. Сөздер қосымша дистрибуция қатынасында болады, онда талданылатын сөздердің төңіректерінде ортақ мүшелер, тән қиысулар жоқ.

Мәселен, *жез-медный* сөздің төңірегінде ауыспалы мәнінде қылысатын тіркестер жоқ дерлік.

Салыстырыңыз:

1. *Жез бұйдалы* (әдемі, әсем бұйдасы бар).

Новый	Жана	neu
-------	------	-----

2. *Жез аяқ* (қыдырымпаз, жүрдек), Мысалы: төртіншісі бір ұятсыз, *жез аяқ*, құр сылындап жүр.

3. *Жез ық* (погонды, окалық).
4. *Жез кірпік* (кірпігі тікелейген, өрімдей жас).
5. *Жез қанат* (канаты әдемі, сұлу).
6. *Жез өкше* (жеңіл жүрісті).
7. *Жез мойын* (иілген ұзын мойын).
8. *Жез тырнақ* (нәпсі құмар әйел).

Орыс тіліндегі *медный* сөзінің мәнін салыстырыңыз:

1. *Медный голос* (звонкий, резкий)
2. *Медный лоб* (о бессмысленно упрямом, бестолковом человеке)

Неміс тілінде сөз тіркестерінің мәндерін салыстырыңыз: *eherne Stirn engstiger (beschränkter)*, *Mensch* (узкоголовый, тупой человек).

II. Конституенттерінде ортақ және өзіндік шеңбер болғандықтан шеңберлері қылысса, орыс, қазақ және неміс тілінің сөздері ішінара дистрибуцияларда болады: «мозг» пен «ми» сөздеріндегі қылысатын және өзіндегі шеңберлерді салыстырыңыз

«Мозг»	«Ми»	Das Qehirn, das Hirn
1.Центральный отдел нервной системы человека и животных-вещество, наполняющее череп и канал позвоночника, орган мышления у человека	1.Адамның және жан жануардың орталық нерв жүйесінің бас мүшесі	Ein langsames Qehirn haben ihm haben sie, das Qehirn gerlaut, er hat kein Qehirn
2.Основное ядро, руководящий центр чего-нибудь	2.Ақыл, ой, сана, мысалы: «Есек миын жеген, көк ми, миға қонды, миы айналды, миы ашылды»	Das stammt nicht aus seinem Cehirn, sein gehirn, treibi Blasen, Cehirnakrobat
3.Мягкая ткань, заполняющая полости костей	3.Батпақты, балшықты жер, мысалы: <i>Ми батпақ, ми қылып жіберді</i>	Der Hirnfatzke Die Hirnfuqe Das Hirnfespinst Sich mit Hirngespinsten qualen
4.Ум, умственные способности		
5.Кушанье из мозга некоторых животных		
6.До мозга костей, до последней степени, всем своим существом Человек с мозгами Спинальный мозг Головной мозг		

1.Вновь сделанный или вновь приобретенный, или мало бывший в употреблении	1.Өңі түспеген,бұрын ұсталмаған	Qanz neu, die neuere literatur
2.Вновь открытый, изобретенный	2.Жуықта, жуырда, жақында	Die neue Welt das neue Testament
3.Незнакомый, малоизвестный кому-либо	3.Әлгінде, әлгі бір әзірде	Mit neuen Krafen an die Arbeit gehen
4.Появившийся вместо прежнего, ранее бывшего, заменивший собой прежний или такой, который появится, заменит собой прежний	4.Алғаш рет, жап-жана,енді-енді	
5.Относящийся к ближайшему времени, эпохе	5.Тың, соңғы	
6.То, что недавно возникло, появилось	6.Жаңалық, өзгешелік	
7.То, чего не было, что-либо вновь открытое, услышанное	7.Кейінгі, соңғы	
Новый	Жаңа	neu
1.Вновь сделанный или вновь приобретенный, или мало бывший в употреблении	1.Өңі түспеген,бұрын ұсталмаған	Qanz neu, die neuere literatur
2.Вновь открытый, изобретенный	2.Жуықта, жуырда, жақында	Die neue Welt das neue Testament
3.Незнакомый, малоизвестный кому-либо	3.Әлгінде, әлгі бір әзірде	Mit neuen Krafen an die Arbeit gehen
4.Появившийся вместо прежнего, ранее бывшего, заменивший собой прежний или такой, который появится, заменит собой прежний	4.Алғаш рет, жап-жана,енді-енді	
5.Относящийся к ближайшему времени, эпохе	5.Тың, соңғы	
6.То, что недавно возникло, появилось	6.Жаңалық, өзгешелік	
7.То, чего не было, что-либо вновь открытое, услышанное	7.Кейінгі, соңғы	

Біз өткізген талдау жоғарыда аталған тілдерде сөздер дистрибуцияның үш типті бола алатынын көрсетті:

1. Сай келетін дистрибуция: онда сол конституенттерінде өзіндік, арнайы шеңберлері болмайды да, тек ортақ шеңберлері болады.

2. Қосымша дистрибуция, онда талданылатын сөздердің төңіректерінде орта мүшелер болмайды, қиысулар жоқ.

3. Аралас дистрибуция, онда семантикалық өрістің бір сөзінде ортақтан басқа өз шеңберлері болады.

Қорытынды

1. Көп мәнді сөздер мен олардың құрылымын талдау көп мәнді сөздің құрамына өзара парадигматикалық қатынаста тұратын көптеген мәндер дифференциалдық нышандары бойынша ажыратылатын және интегралдық нышандарының арқасында бір тұтас құрылымға бірігетін негізгі және негізгі емес мәндер енетін күрделі семантикалық құрылымды білдіретінін көрсетті. Сөздің көп мәнділігі-интегралды нышандардың негізінде біріккен және дифференциалды нышандарымен ажыратылатын сөздің лексикалық-семантикалық варианттарының жиынтығы, себебі соның негізінде туындайтын тура, негізгі мәнмен ортақ ұқсастықтың болғанына қарамастан көшірмелі лексикалық-семантикалық варианттары жасалады, негізгі мәннің семантикалық обертондарында-мағынасының реңктерінде айтылатын тура мәннен кейбір өзгешеліктері бар.

2. Бастапқы тіл мен аударма тілінде көп мәнді сөздердің семантикалық құрылымдарын салғастыру түрлі тілдерде сол сөздердің семантикалық құрылымдарының барабар болмайтынын көрсетті, сөздердің семантикалық құрылымның өзінде айырмашылықтар (сөз бір тілде көп мәнді, ол басқасында бір күрделі құрамды болады) бар, көп мәнді сөздің лексикалық-семантикалық варианттарының тіркесімді мүмкіншіліктері сай келмейді, ол салыстырушы тілдегі түрлі дистрибуциясын дәлелдейді, қосымша көшпелі мәндерді түзгенде көшіру сипатының өзінде айырмашылықтар антропоморфизмі байқалады, түс, есту және дәм сезімдері мен қабылдаулардың негізінде көшпелі мәндер түзгендегі айырмашылықтар бар. Көп мәнді сөздердің мәндерінде мағынаның коннотативтік реңктері сай келмейді.

3. Аудару кезінде түрлі тілдердегі көп мәнді сөздердің семантикалық құрамының ерекшеліктерін, олардың құрылымдық эквиваленттілігі-эквивалентсіздігін, көшпелі мәндердің түзілу сипаты мен тәсілін ескеру, олардың шеңберін (дистрибуциясын), әлдебір лексикалық-семантикалық вариант актуалденелетін контекстін талдаған жөн, сондықтан контекстпен ұштастырып аудару, дистрибутивтік талдау әдісі, компоненттік талдау әдісі, калькалау көп мәнді сөздерді аударудың негізгі амалдары бола алады.

Өзіндік бақылауға арналған сұрақтар:

1. Тіл лексикасының сан жағынан гөрі сапа жағынан ұлғаятыны неліктен?
2. «Сөздің семантикалық құрылымы» терминін қалай түсінесіз?
3. Лексикалық-семантикалық вариант ұғымын қалай анықтайсыз?
4. Қандай нышандар интегралды деп аталады?
5. Қандай нышандар дифференциалды деп аталады?
6. Бастапқы тіл мен аударма тілінің көп мәнді сөздерінің семантикалық құрылымындағы қандай айырмашылықтарды атай аласыз?
7. «Қосымша дистрибуция» терминін қалай түсінесіз?
8. Түрлі тілдерде антропоморфизм тәсілі сай келе ме?
9. «Контекстпен ұштастырып аудару» амалының мәні неде?
10. Компоненттік талдау амалы неге өзіне назар аударады?

Негізгі әдебиет:

1. Абишева К.С. Казахско-русские языковые контакты и вопросы ассимиляции слов в системе языка-реципиента. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000.
2. Арнольд Н.В. Полисемия существительного и лексико-грамматические разряды // Иностранные языки в школе, 1969 №5.
3. Гак В.Г. Сравнительная типология французского и русского языков. – М., 1983.
4. Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., Высшая школа, 1982.
5. Слепович В.С. Настольная книга переводчика с русского языка на английский = Russian-English Translation Handbook. –Мн.: ТетраСистема, 2006.

Қосымша әдебиет:

1. Апресян Ю.Д. Экспериментальное исследование семантики русского глагола. –М.: Наука, 1967.
2. Будагов Р.А. Человек и его язык. – М.: Наука, 1975.
3. Васильев Л.М. Полисемия // Исследования по семантике. – Уфа, 1975.
4. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография. М., Наука, 1978.
5. Дудченко В.В. Лексико-семантический анализ эквивалентности значения одной тематической группы в русском и немецком языках // Аспекты лексического значения. – Воронеж, 1982.
6. Русский язык и советское общество. Лексика современного русского литературного языка. – М.: Наука, 1968.
7. Смолина К.П. Компонентный анализ и семантическая реконструкция в истории слов // Вопросы языкознания, 1986, №4.
8. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики коннотативных единиц. – М.: Наука, 1986.
9. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. –М.: Изд-во МГУ, 2004.
10. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. –Л.: ЛГУ, 1958.

Студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар (СӨЖ)

1. «Көп мәнді сөздерді аудару тәсілі» тақырыбына реферат жазу.
2. В.С.Слеповичтің «Настольная книга переводчика с русского на английский-Russian-English Translation Handbook» кітабының (Мн: 2006, 23-31бб) «Перевод многозначных слов и омонимов» бөлімін конспекттеңіз.

Оқытушының басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Төмендегі контексте коннотативтік мәнді жеткізу үдерісінде аударманың қандай тәсілі қолданылған (француздан орысшаға аудару), соны анықтаңыз. Athanase, ne dans la banliene rouge de Trelaze, Athanase lintpide, alerta directement larcheche. – Атаназ, уроженец Трелязе, красного поместья Анжера, бестрашный Атаназ обратился непосредственно в управлении иерархии.

2. «Писать» сөзін орыс тілінен ағылшын тіліне аударғанда аударманың қандай тәсілін қолданған жөн. Ағылшын тілінде көп мәнді етістіктің эквивалентсіздігі неден көрінеді, салыстырыңыз:

Писать (общее значение) - *write*

Писать (музыку) - *compose*

Писать (картины) - *paint*

Писать, составлять (проект, программу) - *design*.

3. Компоненттік талдау әдісін қолдана отырып, «твердый», «қатты», «hard», «solid» сөздерінің компоненттік құрамын анықтаңыз.

4. Дистрибутивтік талдау әдісінің көмегімен «твердый», «қатты», «hard», «solid» сөздерінің төңірегін талданыз.*

5. Контекстпен ұштастыру амалын қолдана отырып, төмендегі контексте көп мәнді сөздің лексико-семантикалық вариантының мәнін анықтаңыз: «Пошлость всегда находила в нем жесткого и острого судью» (А.М. Горький, собр.Соч.в 6 т.М,1979,16,с.51).

6. Төмендегі контекстерде «бауыр» сөзі орыс тілінде дұрыс аударылған ба? «Первым заговорил Берден. Он за целое лето ничего не нашел и теперь вылез раньше других-Ошаков, *печень моя*, аллах нынче обещает тебе удачный год» (Г.Мусрепов, Пробужденный край, с.79); «Сугураш-белая душа-от таких слов в ноги упал Буланбаю, *печень моя*, родной мой, заново жить начинаю» (Г.Мусрепов. Пробужденный край, с111).

7. «Мелкий» мен «shallow» сөздерінің тіркесім шеңберінің сай келетін-келмейтінін анықтаңыз.

8. «Острый» көп мәнді сөзінің лексико-семантикалық вариантының мәнін өткеретін бірінші позициялы контекстердегі көшіру тәсілін анықтаңыз:

Острые звезды, острые носки сапог, острый холод, острая боль, острый слух, острые глаза, острый ум, острая шутка, острый смех, острый вопрос, острый судья, острая ненависть, острое внимание, острая память, острый запах и т.б.Бұларды қазақ және ағылшын тілдеріне аударыңыз.

9. Түрлі тілдерде «dewiss», «конечно», «эрин», «haturally» сөздерінің мәндерінің сай келетін-келмейтінін анықтаңыз. Мұндай жағдайда қандай әдісті қолдануға болады?

10. «Der Arm» (верхняя конечность человека от плеча до пальцев), «die Hand», «от запястья до пальцев» сөздеріндегі көшіру тәсілін анықтаңыз. Орыс пен қазақ тілдерінде «қол», «рука», «hand» сөзінің мағынасында қолданылады. Түрлі тілдердегі ұғымдардың семалық құрамының ұлттық айырықшылығы неден көрінеді?

2.3 Фразеологизмдерді аудару

2.3.1 Тіл білімінде және аударматануда фразеологизмдердің жалпы сарапталуы

Бұл проблеманы қарастырмас бұрын «фразеологиялық бірлік» ұғымы мен фразеология көлеміне көзқарасымызды анықтап алайық.

Қазіргі кезеңде фразеологиялық материалға қатысты кең және тар үш жол байқалады. Бірінші көзқарас А.И.Ефимовтың, Е.М. Галкина-Федоруктің, А.А.Реформатскийдің, В. Виноградовтың еңбектерінде айтылған.

Мәселен, А.И. Ефимов, Е.М. Галкина-Федорук, А.А.Реформатский фразеологияға кез келген тұрақты сөз тіркесін, мақалдарды, мәтелдерді, ертегінің басын, афоризмдерді, қанатты сөздерді жатқызады. В.В.Виноградов фразеологизмдерді кең мағынасында түсініп, фразеологизмдерді басқа критерий бойынша бөледі: олар анықтаушы нышан ретінде фразеологиялық тіркестерді бөлу үшін негіз болып танылады. В.В.Виноградов осы критерийлердің негізінде фразеологиялық тұтастықты, фразеологиялық бірлікті, фразеологиялық тіркестерді бөледі [Виноградов,1978]. Алайда фразеологиялық тіркестер фразеологиялық тұтастық пен бірліктен өзге негіздер бойынша бөлінген. Фразеологиялық бірліктерді бөлуде бірдей принциптің болмауы «бить баклуши», «держат камень за пазухой», «щекотливый вопрос» және басқа сол сияқты айтылымдарды фразеологизмдер ретінде түсінуге соқтырады. Фразеологияға компоненттерінің бірінің көшпенді мағынасы белгілі бір сөздермен (зло, досада, оторопь берет т.б.) тар үйлесімде байқалатын сөз тіркестері де қосыла бастайды.

М.М.Копыленко да фразеология объектісіне кең көзқарасты қолдап, фразеология шеңберінде лексемалардың индивидуалды және топтық тіркестерінің барлық түрлерінің зерттелуі мүмкін екенін атап көрсетеді. М.М.Копыленконың айтуынша, фразеологияға жатпайтындар: 1) *до нитки, в ногу, в нос, под спудом, под боком, не по зубам* тәрізді құрылымдар; 2) мақалдар, афоризмдер; 3) композиттер-құрылымдар, оларда лексема тіркестері тұтастай рәсімделуге соқтыратын өзгерістерге ұшырайды. Алайда, фразеология объектісін «лексемалар тіркесі» ретінде М.М.Копыленко мен З.Д.Попова ұсынған кең түсініктен алар болсақ, фразеологияға, фразеологиялық сөздікке енетін фразеологиялық материал шексіз болмақ [Копыленко, Попова, 1989] А. Молотковтың, М.Т. Тағиевтің, И.А.Федосовтың және басқалардың еңбектерінде фразеология объектісінің тар түсінігін табуымыз. Мәселен, А.И. Молотков фразеология объектісі ретінде тұрақты сөз кешендерінің разрядын ғана бөледі, бұл еш дәлелді себепсіз сандаған фразеологиялық бірліктерді фразеологиялық сөздікке енгізбей тастайды (Молотков, 1974). И.А.Федосов (Федосов, 1987) фразеологиялық бірлік деп тұтастық пен бірлікті ғана түсінеді.

Н.М.Шанскийдің, О.С.Ахманованың, В.П.Жуковтың еңбектерінде фразеологиялық бірліктерді болудың негізгі критерийлері келтіріледі: 1). Жаңғырылуы. Фразеологизмдер қатынас кезінде жасалмайды, дайын күйінде жаңғырады; 2).Семантикалық тұтастық. Ақиқатпен шендесу сипаты, номинацияның тұтастығы фразеологиялық бірліктерді сөз жасаудан ажыратудың негізгі критерийі болып табылады, семантикалық тұтастық көп жағдайда еркін сөз тіркесін метафоралық қайта пайымдаудан туады.3). Семантикалық тұрақтылығы. Тұрақтылық деп семантикалық тұтастықтың компоненттердің ажырамауының өлшемі, дәрежесі түсініледі; 4). Компоненттердің-фразеологиялық бірліктердің болуы; 5) Бірліктік; 6). Экспрессивтік, эмоциялық; 7) Акцентологиялық рәсімделуі.

Осы айырым белгілеріне сүйене отырып, фразеологизмді сөз бен сөз тіркесінен ажыратуға болады. Солардың ішінде компоненттердің семантикалық тұтастығы мен олардың бөлек рәсімделуі анықтаушы немесе релевантты ретінде бөлінеді. Басқа нышандар мен белгілі бір лексикалық, грамматикалық құрамның тұрақты ара қатынасы олардың сөйлегенде жаңғыруы сөз компоненттерінің семантикалық байланысытығымен анықталады. Фразеологизмге тән дифференциалдық нышандарды ескерту негізінде мынадай анықтама беруге болады: фразеологиялық бірлік-семантикалық тұтастығымен және идиоматикалығымен сипатталатын сөздердің дайын күйінде жаңғырған семантикалық жағынан еркін емес сөз тіркесі.

Семантикалық тұтастығы тұрғысынан фразеологизмдер В.Виноградов пен Н.М.Шанскийдің еңбектерінде әр түрлі жіктелінеді. В.В.Виноградов «Об основных типах фразеологических единиц» мақаласында фразеологизмдерді семантикалық тұтастық тұрғысынан мынадай үш типке бөлінеді.

- 1) Фразеологиялық тұтастық
- 2) Фразеологиялық бірлік
- 3) Фразеологиялық тіркестер

Фразеологиялық тұтастықтар-фразеологизмнің компоненттерінің мәні негізінде туындамаған ортақ бейнелі мәнді айтатын фразеологиялық бірліктер, мысалы, *сломя голову, сесть в калошу, сесть на бобы, собаку съесть*, т.б.

Фразеологиялық бірліктер жалпы мәні ішінара фразеологиялық бірліктердің компоненттерінің мәндерінен туындайтын фразеологизмдер, мысалы: *положить зубы на полку, семь пятниц на неделе, море поколено, первый блин комом* т.б.

4) Фразеологиялық тіркестер – компоненттері еркін қолданыста кездесетін сөздерден тұратын фразеологиялық тіркестер, мысалы *тоска зеленая, заклятый враг*, т.б.

Н.М. Шанский фразеологизмдердің төртінші түрін – фразеологиялық айтылымдары бөледі. Оларға компоненттері байланысты, сондай-ақ еркін қолданыста кездесетін фразеологизмдер жатады: *а воз и ныне там; волков бояться, в лес не ходит*, т.б. [Шанский, 1985].

Аударматануда фразеологизмдер семантикалық тұтастық критерийі негізінде (А.В. Федоров) және прагматикалық мәселелерді шешу бойынша жіктелінеді. А.В. Федоров В.В. Виноградов пен Б.А.Лариннің 1) ауытқымалы тіркестер; 2) «стереотиптілікті болуымен», дәстүрлігімен, метафоралық қайта пайымдалуымен, бастапқы қолданысына алшақтауымен айқын көрінетін тұрақты метафорлық тіркестерімен; 3) алдыңғы топтан «өзгертілген, қысқартылған, бастапқы құрамынан айырмашылығы бар (лексикалық және грамматикалық мағанасымен)» [Ларин, 1977, 148] айырықшаланатын идиомаларды бөлетін жіктемесіне сүйенеді. Оның ойынша, аударматануда осы жіктемеге сүйену керек, себебі «аудармалық көзқарас тұғырынан фразеологиялық бірліктердің мағыналық тұтастық деңгейін, компоненттердің бірге, не бөлек айтылатынына, ішкі желісінің анықтығы – бұлдырлығына, ішкі форманың бейнелігіне-бейнесіздігіне, стилистикалық бояуына қарай

фразеологизмдерді сипаттайтын белгілерін білу аудармашы үшін ең қажетті біліктілік.

Сондықтан А.В. Федоров идиомаларды (фразеологиялық тұтастықтарды) аудару мүмкіндігін қарастырады, оның ойынша, оларды аударылмайды деу негізсіз. Ондай идиомаларға сай басқа тілдерде дұрыс аудармасы болатын тұтас идиомалар болады.

В.С. Виноградов фразеологизмдерді үш үлкен топтарға бөлу барысында фразеологизмдерді аудармалық тұрғыдан жіктейді: 1) лексикалық фразеологизмдер; 2) предикативтік фразеологизмдер; 3) компаративтік фразеологизмдер [Виноградов, 2006].

Лексикалық фразеологизмдер семантикалық жағынан тікелей сөздермен сәйкеседі, бейнелейтін ұғымдары бойынша ұштасады, мысалы, *синий чулок, кәрі қыз, стреляный воробей – тәжірибелі*, т.б.; предикативтік фразеологизмдер дайын түрде қолданылатын тұрақты формулалар, олар сөйлем ретінде жүзеге асырылады: *лучше синица в руках, чем журавль в небе, көктегі тырнадан гөрі қолдағы шымшық артық*. Компаративтік фразеологизмдер тілде тұрақты теңеулер ретінде қолданылады, *твердый, как камень, тастай қатты, хитрый как лиса, түлкідей қу*.

2.3.2 Фразеологизмдердің ұлттық айырықшылығы

Тілдің фразеологиялық бірліктері ұлттық айырықшылыққа ие, ол, біріншіден, ұлттың психикалық қырлары мен ұлттық сана ерекшеліктерін көрсетуде, танылады; екіншіден, түрлі халықтардың өзіндік фразеологиялық бейнесінде көрінетін белгілі бір халықтың мәдениетінің ұлттық формасы мен ұлттық колоритінің өзгешелігін танытады; үшіншіден, фразеологизмдердің ұлттық айырықшылығы түрлі халықтарда фразеологиялық бейне жасау тәсілдерінің бір-біріне сәйкестеуінен танылады; төртіншіден, олардың ұлттық айырықшылығы фразеологизмдер мазмұнының сәйкеспейтін коннотациясынан танылады; бесіншіден, олардың тілдік құралдардың көмегімен рәсімделінетін ұлттық айырықшылығында танылады.

Ю.С. Масловтың пікірінше, фразеологизмдердің ұлттық-мәдени өзгешелігі оларда халық тұрмысының айырықша қырларының көрінуінде: фразеологизмдер туралы айтқанда олардың ұлттық өзгешелігіне назар аударылады. Әрине, әр тілде тұлғасы, желісі, мағынасы бойынша айырықшаланатын фразеологизмдер көп. Ұлттық ерекшелік көбінесе халықтың тұрмысын, хал-ахуалын, тарихын бейнелейтін фразеологизмдерде көрініс береді» [Маслов, 1987, 119].

В.З. Черданцеваның сөзімен айтқанда, «фразеологизмдердің ұлттық өзгешелігі олардың тілдік ұжымның танымдық әрекетін білдіру қабілетінде көрініс береді, себебі олар әлемді тану барысында бір-біріне қатынасын, осы әлемде өздерімен болған оқиғаларын, хал-ахуалын үнемі көрсетіп отырады» [Черданцева, 1990, 66].

К.К. Дүйсекованың ойынша, прототиптерді, архаизмдерді, әлемдегі тәуелділіктердің үдерістері мен типтері туралы түсініктерді өзіне сіңірген

фразеологиялық картинаның ерекшеліктері түрлі тілдерде фразеологиялық жүйелердің түрліше болуының себебі болып табылады. «Сонғы фактор, - деп жазады К.К. Дүйсекова, - этникалық, көзқарастық, ұлттық, мәдени ренкте таңбаланған фразеологиялық бейнелердің типологиясын және жүйесін алдын ала айқындайды. Осы компонент бойынша әлемнің фразеологиялық суреті барлық тілдерде бір-бірінен айрықшалады» [К. К. Дүйсекова, 2006,29].

Фразеологизмдердің ұлттық таңбалануы – бейнелеу негіздері мен коннотативтік коннотенттерінде жатқан мәдени-коннотативтік ақпараттың сәйкеслеушілігінің нәтижесі. Осыған байланысты В. Г. Гак былай деп жазады: «ең алдымен әлемдік прототиптік жағдаят қалыптасады. Сол ситуацияға фразеологизмнің «тура мағынасы» сәйкес келеді. Сол ситуация мен белгілі фразеологиялық мазмұн сәйкестенеді. Осы мазмұн кейін өзгертіледі, ауыспалы түрде сол жағдаятта болған оқиғаға баға беріп, адамдардың қатынасын білдіреді. Прототиптік жағдаятта жүзеге асырылған тура мағыналар фразеологизмдердің ауыспалы, тұрақты, бейнелі мағынасын құруға себін тигізеді, фразеологиялық бейнеде өз мағынасын қалтырады. Фразеологизмдердің ішкі тұлғасы осылай қалыптасады. Сондықтан фразеологиялық бірліктердің ішкі формасында мәдениетпен байланысты ақпарат сақталады» [Гак, 1999, 104].

Көріп отырғанымыздай, ұлттық таңбалану ең алдымен фразеологизмнің ішкі формасының айырықшылығында және оны түрлі тілдерде айрықша рәсімдеуде танылады. Мәселен, оларды контрастивтік-салғыстырмалық талдау әдісімен салғастыру үдерісінде фразеологизмдердің ұлттық-мәдени таңбалануының көрінісін талдау фразеологиялық жүйелердің айырмасының мынадай жағдайларда көрінетінін көрсетті: 1) антропоморфизм негізінде ақиқатты сәйкессіз бейне-соматикалық мүшелікте.

1) соматикалық фразеологизмдер орыс тілінде жақын, қазақ тілінде алыс-жақын туыстық қатынастарды білдіреді, мысалы, *бауыр, жат бауыр, бел баласы, бел құда* т.б. 2) этноәлеуметтік дифференциацияны туралы мәлімет береді: *ақ сүйек, қара сүйек*. 3) орыс тілінен гөрі қазақ тілінде соматикалық фразеологизмдер адамды бағалау мінездемесінің айтылуымен көбірек байланысты: *ақ жүрек, тас бауыр, без бүйрек, ауызы жеңіл, желім ауыз, ала аяқ, бет моншағы түсу*. 4) орыс тіліне қарағанда қазақ тілінде соматикалық фразеологизмдердің мәндерінде үлкен позитивтік этнокұндылық бағдар көрінеді: *аршын төс* (высокая грудь), *грудь колесом*: (негативтік мағына); *сглазить - көз тию* жағымсыз, ал *көз көрген, көзін табу*- жағымды).

2) Адамның сырт бейнесін сипаттайтын ұлттық нақышты фразеологизмдер адамның сұлулығы туралы өзінше құндылық бағдармен, түсінікпен шарттас. Онда әр халықтың бағамдау ойының айырмашылығы байқалады, салыстырыңыз, *нұрлы бет, бетінен қан тамған – кровь с молоком; маков цвет – қызыл шырайлы, қарақат көз, оймақ ауыз, алма мойын, құралай көз – красная девица, писаная красавица, лебединая шея, бирюзовые глаза, стройная, как стельга* т.б.

3) ұлттық мінездің фразеологиялық бейнесі де сәйкеспейді. Адамның мінезін сипаттайтын фразеологизмдер тіл құралдарында қолданылатын

рәсімдеу формаларымен ерекшеленеді, мысалы, *ақ жүрек, бұқа мойын, ала аяқ, ветер в голове, рта не раскроем, не взирая на лица, гусь лапчатый, тертый калач т.б., без бүйрек, тесік бауыр және т.б.*

4) халық тұрмысын, дәстүрін, шаруашылық қызметінің түрін бейнелеп көрсететін ұлттық накыштағы фразеологизмдер: *куда түсу, ұрын бару, бие сауым уақыт, тұсау кесу, ат шаптырым жер, сиыр сәске уақыт, молотить языком, варить кашу, ободрать как липку, баклуши бить, хлеб-соль, выделывать кренделя, ни рыба, ни мясо, тянуть конитель, ни сучка, ни задоринки, хоть кол на голове теши, т.б.*

5) ұлттық айырықшылық халықтардың ұлттық санасының ерекшелігінде де байқалады, мысалы, қазақтардың ұлттық санасының айырықшылығы көшпенді тұрмысының көзі- төрт түлік малмен тығыз байланысты, сондықтан оның этностық құндылық жүйесінде хайуандар әлемінің бейнелеріне тіркелінетін фразеологизмдер елеулі орын алады. Ондай фразеологизмдер саласына, біріншіден, метафоралық түрде фразеологиялық айналымның құрамына енетін хайуанның мал атауы бар: *ат ізін салу, ат құйрығын кесісу, ат құлағында ойнау, ала қозыдай құлпыру, кәрі қойдың жасындай, мысық тілеу, ат үсті* т.б. Екінші, жансыз заттар мен ақиқат құбылыстарымен, хайуандардың дағдыларымен және сыртқы бейнесімен шендесетін адамның мінез-құлқын, сыртқы бейнесінің ерекшеліктерінің атауларын білдіретін: *маймақ қағу, арыстандай ақыру, түлкі бұлғақ, итше ұру және басқа фразеологизмдерді жатқызамыз.*

Осылайша, фразеологизмдердің ұлттық айыршылығын талдау олардың мәдени-бейнелік және тілдік накышының әлемді өз мәдениетінің, тұрмысының, өмір салтының, дүниетанымының тұрғысынан әр қилы қабылдауының нәтижесін білдіретінін көрсетті. Осылардың бәрі идиомалардың сәйкеспейтін фразеологиялық бейнелерінде көрініс табады.

2.3.3 Фразеологизмдерді аудару амалдары

Фразеологизмдерді толық мәнінде аудару үшін семантикалық тұтастық дәрежесі бойынша жіктеуді бастапқы қағида ретінде қабылдау керек, себебі фразеологиялық бірліктердің негізгі типтерін (фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктер) басқа тілде идиомалардың көмегімен аударуға болады. Мұндай жағдайда аударма тілінде тиісті эквиваленттерді іріктеу жолымен фразеологиялық аудару амалын қолдануға болады. Зерттеушілер эквиваленттердің келесі типтерін бөледі:

1) семантикасы, стилі, лексикалық-грамматикалық формасы және синтаксистік құрылымы бойынша абсолютті ұқсас фразеологизмдер, мысалы, *душа болит-жан ауырды;*

2) толық фразеологиялық эквиваленттер - орыс және ұлт тілдерінің морфологиялық және синтаксистік сипаты бойынша сай келетін фразеологизмі;

3) толымсыз және ішінара:

Первый шаг – алғашқы қадам

Открывать рот- ауызды ашу.

4) фразеологиялық ұқсастықтар (аударма фразеологизмдердің аударылғанмен мағынасы мен стилі жағынан сай келуі)

Язык хорошо подвешен – аузына сауысқан түкірген.

5) фразеологиялық жартылай калькалар (орыс және ұлттық фразеологиялық бірліктердің мағынасы мен стилистикалық сипаттамасы, ішінара фонетикалық жағынан сай келуі)

Проводить параллель-параллель өткізу.

6) кірме фразеологизмдер

Демьянова уха- Демьян ухасы (Байрамова, 1989)

М.Т.Сабитова түрлі тілдердегі фразеологизмдердің тіларалық шендесуін қарастыра келіп, тіларалық тұрғыда шендесетін фразеологизмдердің мынадай типтерін бөледі: 1) сәйкес эквиваленттілік тіл туыстығынан гөрі тілдік мәдени-тарихи байланыстың салдары болып табылатын салғыстырмалы фразеологизмдердің материалдық, мазмұндық-функционалық ортақтастығы. Мұндай фразеологизмдер формальды семантикалық және стилистикалық ұқсастығының жоғары дәрежесімен сипатталады; 2) тура эквиваленттілік – шендесуші фразеологизмдердің мәндері мен функцияларының ортақтығы, формасының құрылымдық ұйымдасуының ұқсастығы сияқты. Бұл фразеологизмдер толық немесе ішінара семантикалық және стилистикалық сай болуымен, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымының шендесуімен сипатталады [Сабитова, 2000].

Бұл амалды қолданғанда бірнеше жағдайды көрсету керек. Абсолютті эквиваленттерді іріктеу жолымен аудару, мысалы, *жив – здоров – Safe and Sound, жить как кошка с собакой – lead a cat dog life, почить(почивать) на лаврах –rest one one's laurels, соль земли – the salt of the earth, израть с огнем – to play with fire, час настал – one's hour has struck, нет дыма без огня – there is no smore without fire, белая ночь – ақ түн, золотые наручники – алтын бұғаулар, черный рынок – қара базар, белый слон – ақ піл, ұсыныс беру – вносить предложение және т.б. 2) Ішінара эквиваленттілік. Ішінара фразеологиялық эквиваленттер мәні, стилистикалық бояуы жағынан сай келеді, ал лексикалық құрамы жағынан айырылысады, мысалы, сулить золотые горы – *to mpromise wonders, to promise the moon*, в гостях хорошо, а дома лучше – *East or West, home is the best*, купить kota в мешке – *to le a pig in a poke*, первая ласточка – *the first porlent (sign)*, овчинка выделки не стоит, *the game is not worth the candle*, притча во языцех – *the talk of the town*, избиеение младенцев - *the massacre of the innocents, нет дыма без огня* – тутін отсыз болмайды, балықшы балықшыны алыстан кореді - *рыбак рыбака видит издалека*.*

3) Сипаттап аудару. Сипаттап аудару аударма мәтінінде дербес тілдік бірлік болудан қалып, контекстке сініп кеткендей болатын мақалдарды ұғындыруға, түсіндіруге бағытталады; *чем дальше в лес – тем больше дров – орманға кірген сайын отынды көп кездестіресің*. Сипаттап аударғанда бастапқы тілдің фразеологиялық бірлігінің мағынасы еркін сөз тіркестерінің көмегімен жеткізіледі, мысалы, *казанская сирота – a manipulative weasel*.

4) Фразеологиялық калькалау рецепиент – тілде сөздердің синтаксистік байланысты мен семантикалық қатынастары конвергенцияланушы

тілдің қолданысындағы ережелер мен заңдарған сәйкеспейтін фразеологиялық тіркестердің тууына соқтырады. Оның пайда болатыны, біріншіден, шет тілдік фразеологизмдерді аударғанда қабылдаушы тілге жаңа құрылымдық модель көшіріледі; екіншіден, шет тілдік фразеологизмнің ішкі формасының көшірілуі туған тілде жаңа фразеологиялық тіркестерінің компоненттерінде семантикалық жылжулар тудырады.

Фразеологиялық кальканы түпкі тілдің шет тілдік үлгідегі құрылымдық моделінің жаңғыруы мен оның ішкі формасын көшіру кезінде туатын, соның нәтижесінде калькаланатын фразатіркестерде семантикалық өзгерістер болатын фразеологиялық бірлігі ретінде түсінеміз, мысалы, *кең қолданыс табу – найти широкое применение, тірі қаржы – живые деньги, бір медальдің екі жағы – две стороны одной медали, сатып алушының мінез – құлқы (buyer behavior), келісім бойынша сатып алу (lump – sum purchase), тауар бейнесі (image of a product), өзгерту желі (the wind of change), шығынға ұшықтыратын тауарлар (loss making communities), өндіргіш күштер (forces of production), feating voter – дубара сайлаушы, еркін дауыс (frel vote), бауқала қозғалысы (garden city movement), баршаның тілегі (general will), мемлекет басшысы (head of state), шығар жердегі сауалнама (exit poll), мәжбүрлеп шеттему (eminent domain), сайлау жүйесі (electoral system), мемлекеттік сайлау (civie servise) т.б. Контексте салыстырыңыз: «Болса ше! Ақшадан иіс шықпайды» [А. Иванов шырмауық, 36]. «Орманда тұрамын, сауысқан құйрығына ілігін жеткен хабар – деді қожайын» [Б.Полевой, Алтын, 4476]: «Ауылға келген күннің ертеңінде ол Назаровқа қайта барды. – Мен ғой, алар жазамды алдым. Ал енді тағы беретінің болса, маған енді қызмет бер! – деп мәселені қабырғадан қойды» [С. Бакбергенов. Адам және көлеңке, 1246]; «Құрыш тістерімен қара алтынды бордай үгіткен машинаның алдыңғы жағы тау өзенінше бұрқылдай қайнап жатыр» [Т.Сүлейменов. Күн сынығы, 776]. «Әр күнін есептеп, күнделікті көрген-білгендерін, атқарған жұмыстарын жіпке тізе береді екен» [С.Омаров. Бықыт шынары, 72 б]. «Әйтпесе жүр, бірге барайық. Ауылды көрерсің, аралайсың, демеймін бе? Ол «ойбай, құдайы құлдық», - дейді ғой. Онда бір оқпен сонда екі қоянды атуға болады» [М. Сүндетов. Ескексіз қайық, 1816].*

5) **Функционалдық ұқсастық.** Бұл амалдың мәні аударма тілінің түпнұсқа тілінде де сондай функция атқарған фразеологизмдерді іріктеуде, мысалы, *ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге бүйде бере бермес дегендей – ни с того ни с чего он набросился на человека*; есті Байсал, белді бекем бу түге (М. Әуезов. Путь Абая, с 80).

Осылайша, фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аударғанда олардың ұлттық айырықшылығының сақтауына, ұлттық бейнені дәл жеткізуге назар аудару маңызды, бұл аударма тілінде солармен эквивалентті, ұқсас, ойды бейнелеп, әдеміленіп сипаттайтын, белгілі бір әсер тигізетін идиомаларды тыңғылықты іріктеуді қажет етеді.

Қорытынды

1. Фразеологизмдер жіктемесін талдау (лингвистикада да, аударматануда да) фразеологизмдерді бастапқы тілден аударма тіліне аударғанда В.В.Виноградов пен Н.М. Шанский құрастырған баршаға мәлім жіктеменің қолайлы екенін көрсетті. Ғалымдар бөлетін фразеологиялық бірліктердің негізгі типтерін (фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірлік) сәйкес эквиваленттерді іріктеу жолымен аударуға болады, ал фразеологиялық тіркестер мен айтылымдарды аудару үшін басқа амалдарды қолданған жөн. Сондықтан аударматануда фразеологизмдерді жіктеудің қажеттілігі жоқ, себебі олардың лингвистикалық жіктелімі көптеген тілдерде фразеологиялық бірліктерінің типтерінің сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Аудару кезінде фразеологизмнің 1) фразеологиялық бейне; 2) этностық ұжым мүшелерінің субъективті бағасын, дүниетанымын, құндылық бағдарын білдіретін жалпы ауыспалы мәнінде коннотацияның болуы; 3) өмір жағдайларында ұшырасатын түсініктермен, нормалармен, бейнелермен байланысты прототиптердің, архетиптердің негізінде фразеологияға айналу шарттарымен де байланысты фразеологиялық бірліктердің айырықшылығы сияқты нышандарын жасайтын фразеологиялық бірліктердің ұлттық – мәдени ерекшелігіне, ұлттық нақышына назар аудару керек. Дәлме – дәл қабылданатын прототиптік жағдайдың бірінші қабатының негізінде фразеологизм бейнесі жасалады, халық аңызының, мәдени – тілдік бейнелердің қалыбы идиоманы қалыптастырады, осы әлемнің фразеологиялық суретінің ерекшелігін білдіреді.

Фразеологизмдерді аударудың негізгі амалдары эквиваленттерді іріктеу амалы, функционалдық ұқсастық, калькалау, сипаттап аудару. Фразеологизмдердің ұлттық айырықшылығын сақтаушы – идиомалардың фразеологиялық бейнесін толықтай жеткізуге, оларды мәні ұқсас және сондай функция атқаратын тең дәрежелі идиомалармен алмастыруға мүмкіндік беретін фразеологизмдерді бастапқы тілден жеткізудің негізгі амалдары осы.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. В.В.Виноградовтың семантикалық тұтастық дәрежесі бойынша аудармада фразеологиялық жіктемесін кім жасады?

2. Аударматануда фразеологизмдер жіктемесін кім жасады?

3. Фразеологизмдердің ұлттық айырықшалығы неден көрінеді?

4. Неге фразеологизмдердің ұлттық нақышы туралы түсінік болу керек?

5. «Эквиваленттілік» терминін қалай сипаттайсыз?

6. Эквиваленттердің қандай жіктемесін білесіз?

7. Калькалау амалының мәні неде?

8. «Функционалдық ұқсастық» терминін қалай түсінесіз?

9. Жарты калькалардың қандай типтерін атай аласыз? Жарты калька деген не?

10. «Калькалау» терминін қалай түсінесіз?

Негізгі әдебиет:

1. Байрамова Л.К. Изучение русской фразеологии в национальной аудитории // Проблемы педагогической лингвистики.- Казань: Казан. ун-т., 1989.
2. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография. – М.: Наука, 1977.
3. Виноградов В.С. Перевод: Общие и лексические вопросы. – М.: КДУ, 2006.
4. Дүйсекова К. Некоторые особенности фразеологической картины мира французского и казахского языков // Тілтаным, 2006, №4.
5. Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по фразеологии.- Воронеж, 1989.
6. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

Қосымша әдебиет:

1. Буслаев Ф.И. О преподавании отечественного языка.- М., 1980.
2. Гак Г.В. Теория языковых преобразований., - М., 1999.
3. Ларин Б.А. История русского языка и общее языкознание (избранные работы).- М., 1977.
4. Маслов Ю.С. Введение в языкознание,- М., 1987.
5. Молотков А.Н. Основы фразеологии русского языка.- М.: Наука, 1977.
6. Сабитова Т.К. К вопросу о межъязыковой соотнесенности фразеологизмов в разноструктурных языках // Вестник КазГУМО и МЯ, 2000, № 1.
7. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы).- СПб.: Филологический факультет СПбГУ; М.: ООО «Издательский дом «Филология», 2002.
8. Федоров И.А. Функционально-стилистическая дифференциация русской фразеологии. – Ростов, 1987.
9. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка.- М., 1985.
10. Черданцева В.З. Идиоматика и культура // Вопросы языкознания, 1996 №1.
11. Сатенова С.К. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства на казахском языке. Автореферат дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1990.

Студенттің өздік жұмысына арналған тапсырмалар (СӨЖ)

1. «Фразеологизмдердің ұлттық айырықшылығы» тақырыбына реферат жазыңыз.
2. Бастапқы тілі мен аудармасында І. Есенберлиннің «Көшпенділер» кітабы мен С.Мозмнің «Луна» кітабынан үзінділерді салыстырыңыз, фразеологизмдерді аудару тәсілін жазыңыз.
3. А. Амбражейчиктің «2000 русских, 2000 английских идиом, фразеологизмов, словосочетаний» кітабынан (Минск, 2007) 50 фразеологизмді көшіріп алып, эквиваленттерін салғастырыңыз.

Оқытушының бақылауымен дербес жұмысқа арналған тапсырма (СОӨЖ)

1. Қазақ орыс және ағылшын тілдерінен 10 фразеологизмнен іріктеп алып, салғастырып, олардың ұлттық айырықшылығының неден байқалатынын анықтаңыз.

2. «Фразеологический словарь русского языка» сөздігінен (Спб., 2006) 30 фразеологизмді көшіріп алып, В.Виноградов пен Н.М. Шанскийдің семантикалық тұтастық дәрежесі бойынша жіктемесінде бөлінген топтарға бөліңіз.

3. С.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» кітабынан (Алматы, 1977) кітабынан 50 фразеологизмді көшіріп алып, І. Кеңесбаевтың семантикалық тұтастық дәрежесі бойынша жіктеуіне сәйкес топтарға бөліңіз. Сол сөздіктегі С. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркестер» мақаласын (600-601б.б) оқыңыз.

4. Орыс тілінен қазақ және ағылшын тілдеріне келесі 10 фразеологизмді аударып, аудару амалын анықтаңыз.

Кишмя кипеть, купчая крепость, брать на пушку, вешать собак на кого – либо, вот так клюква, глас вопиющего в пустыне, всякое лыко в строку, втирать очки, выносить сор из избы, реветь белугой.

5. Қазақ тілінің 12 фразеологизмін орыс және ағылшын тілдеріне аударып, аудару амалын анықтаңыз:

Бес биенің сабасындай, бесік құда, ат үстінде кун көрді, ат-шапан айып, ат қара тер болғанда, ат байлар, жылқы мінезді адам, көкжал бөрі, көк етік, құдай басқа салды, құдай берді, өрімдей жас.

6. Мына жағдайда фразеологизмдерді аударудың қандай амалының қолданылғанын анықтаңыз: Елена: Мы заставили Бородина раскрыть карты. Біз Бородинге өзінің ішкі сырын ықтиярсыз айтқыздық.

7. Мына контекстте фразеологизмдерді аударудың қандай тәсілінің қолданылғанын анықтаңыз:

Бородин: *Час от часу не легче!* Милейший человек, мухи не убьет и вот...
Что делается с людьми что делается!

Басқан сайып ауырласын. Қандай жақсы жан. *Тышқан мұртын қанатпайды.* Ендігісі мынау ма? Бұл адам не болып барады?

8. Фразеологизмдер қолданылған сөйлем – контекстерді орыс және ағылшын тілдеріне аударыңыз. Коннотацияларын анықтаңыз. Жас шамаларын анықтаңыз: а) Ал, енді әлгі баласының бір күні *ігірі де жоқ, мігірі де жоқ*, білегінен жетектеп әкеп кіргізетін *шүйке басы қайда?* (Ә. Кекілбаев. Құсқанаты, 83б): «Әке – шешесі әбден қартайып барады. Шай суларын дайындайтын бір *шүйкебас* алып бермей ме?» (І. Есенберлин. Маңғыстау майданы, 110б); «Қарасұр сұсты Ақпанға ұстамдылық жетпей. – Эй, давай қозғал! Сенімен тәжікелесуге уақыт аз маған, абзалы, ылғи ескертуінді қой, - деді» - Сергей. Сендей *ішкі өкпелерді* тәртіпке шақыруға менің әліде құзырым мол (М. Сундетов. Бітуажа, 231 б); б) егде жастағы жанның жағымсыз мінездемесі: *сақалды басымен, сақалын сатып*, т.б. «Алыпқашты өсек - өтірікші деген осындайдан шығады – ау. Бала емес, *сақалды бастарымен* сонша урікпесе несі

кетеді екен? (Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, 449 б); *Сақалын сатқан* кәріден еңбегін сатқан бала артық (Абай).

9. Контрасты – салғастырмалы әдістің көмегімен орыс және неміс тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстырың. Коннотациялардың сипатын тауып, олардың сай келетін – келмейтінін анықтаңыз:

Ein Wolf im Schlafpelz – волк в овечьей шкуре

Der Bock zum Gärtner machen – пустить козла в огород

Der Hund an dem Hen – собака на сене

10. Семантикалық тұтастық дәрежесі бойынша неміс тілінің фразеологизмдерінің типін анықтаңыз:

Jehem den Kopf waschen – (намылить, намыливать кому – либо голову);
keinen Finger krummen – не ударить палец о палец; *auf Eis legen* – заморозить, не давать ходу.

2.4 Синонимдерді аудару проблемасы

2.4.1. Синонимдерді жіктеу

Синонимдерді мәні ұқсас, алайда айтылуы әртүрлі сөздерді аудару өте қиын, себебі тәжірибесіз аудармашы аударма тілінде бастапқы сөзді дәлме-діл алмастыра алмайтын, белгілі бір жағдайға сәйкесетін сөзді әрдайым таба бермейді. Сондықтан синоним сөздердің мәніндегі айырмашылықтарды, экспрессивтік сипаты мен стильдік тұлғасын ескеруі қажет. Осыған байланысты синонимдер, олардың түрлері, синонимдік қатарларда оларды өзара корреляциялау тәсілдері туралы нақты түсінік болуға тиіс.

Арнайы әдебиетте синонимдер анықтамасы қиындық туғызады, себебі синонимдер анықтамасы мәселесі жөнінде бірнеше көзқарас бар. Ең көп тараған анықтамаларды екі топқа біріктіруге болады: 1) семантикалық бағыт; 2) құрылымдық бағыт. Семантикалық бағыт синонимдер анықтамасының үш негізгі шағын тобының болуымен сипатталады: 1) денотат, яғни зат немесе құбылыс; 2) ұғым; 3) мән. Синонимділіктің шарты ретінде денотативтік қауымдастық критерийін А.И. Галич, С.И. Абакумов, Ф.Н. Буслаев, А.А. Реформатский, В.Н. Ключева, В.А. Сиротина тәрізді бірқатар ғалымдар ұсынды. Мәселен, В.Н. Ключева синонимдерді бір ғана құбылысты жан жақты сипаттайтын жақын сөздер және мағыналарының қосымша реңктерімен айырқшаланатын сөздер мен ұғымдарды жатқызады.

Екінші топтың өкілдері синонимділіктің критерийі етіп ұғымдардың жақындығын ұсынады. Ондай жағдайда синонимдер әртүрлі, бірақ мағына жағынан ұқсас, бір ғана ұғымды білдіреді [Брагина, 1981,3]

Үшінші семантикалық бағыт синонимдерді анықтағанда сөздердің мәндерінің жақындығының синонимділіктің критерийі екендігін мойындайды, мағынасы бойынша өте жақын, барабарлы сөздерді синонимдер деп есептейді.

Құрылымдық бағыт өкілдері синонимдер анықтамасын бірін-бірі алмастыру критерийінен бастайды. В.П. Галаванованың сөзімен айтқанда, өзара алмастыру, жақын семантикалық қатынастарға кіру, лексикалық

тіркестері ұқсас сөздердің бір-біріне жақын қоршаулары құрылымдық синонимдердің негізгі нышандары болып саналады [В.П. Галаванова, 1972,113].

Синонимнің табиғатын әртүрлі көзқараста талдау тілдің лексикалық құрамында мәні бойынша мағыналық, экспрессивтік және стилистік реңктерімен ерекшеленетін әртүрлі сөздердің болуы зерттеушілердің сөз мәндерінің жақындығын түрліше түсінуіне соқтыратынын көрсетті. Солай бола тұрса да, ғалымдардың көпшілігі түрлі сөздерге бекітілген ұғымдардың ұқсастығы немесе тең мәнділігі, олардың мәндерінің жақындығы мен өзара алмасушылығы синонимдік сөздерді тілдің лексикалық жүйесінің басқа құбылыстарынан айырықша, ерекше лексикалық құбылыс ретінде анықтағанда негізгі критерийлер болып табылады. А.П. Евгеньева берген анықтамада өзінің қолданылуы мен мәні жағынан бір бірімен шендесетін сөздерді ғана синонимдер деп санауға болады деп атап көрсетіледі [Евгеньева, 1964,10]. Синонимдердің мынандай анықтамасы да дұрыс болып танылады: синонимдер мағыналары жақын немесе бірегей, бір ғана ұғымды жан-жақты сипаттайтын, бірақ бір-бірінен мағыналық реңктермен немесе стилистикалық бояулармен айырықшаланатын сөздер [Евгеньева, 1964,10].

Көріп отырғанымыздай, синонимдер мәндерді жүйелі ұқсастығына, бірін-бірі өзара алмастыру қабілетіне ие. Сондықтан тең мәнді ұғымдарды білдіретін, мәнді жағынан жақын, бірін бірі өзара алмастыра алатын, бір бірінен мәнінің реңктерімен және қолдану саласымен айырықшаланатын сөздерді синонимдер деп түсінеміз.

Синонимдерді жіктеу иерархиялы және түрлі аспектілі. Негізгі, барынша ортақ типтер ретінде лексикалық, грамматикалық (морфологиялық), синтаксистік типтердің бөлінуі мүмкін [Половникова, 1961]. Лексикалық синонимдер мәнінің жақындығымен немесе ұқсастығымен, ұғымдардың тең мәнділігімен біріккен қатарларға енетін сөздер, мысалы, *наводнение – потоп, сен; вывод-заклучение – умозаключение, резюме, тұжырымдама, қорытынды*. Лексикалық синонимдер айырмашылық сипатына қарай үш типке бөлінеді: 1) зияткерлік, мағыналық мазмұны бойынша айырықшаланатын синонимдер (абсолютті синонимдер немесе дублеттер), мысалы, *доктор – врач, языкознание – лингвистика*; 2) формальды құрылымы бойынша айырықшаланатын синонимдер. Бұлар – мағыналық және экспрессивтік мәндері бар синонимдер. Мағыналық айырықшылықтары бар синонимдер мағыналық немесе идеографиялық деп аталады. Олар бір-бірінен мәнінің реңктерімен бөлінеді, мысалы, *громкий – оглушительный, қатты, холодный – ледяной, мұздай, смелый – храбрый, батыл*. Ұғымдық синонимдер бір ұғымның реңктерін білдіреді, мысалы: *улыбаться – ухмыляться, работать – корпеть, идти – брести*. Экспрессивті синонимдер заттық-бейнелік (*год – година, лоб – чело, умереть – скончаться*) және эмоциялық-бейнелік айырмашылықты (*лошадь – кляча, построить – воздвигнуть*) бола алады.

2) Формальды айырмашылықты синонимдер өздік-лексикалық, мысалы, *смелость-храбрость*: лексикалық сөзжасаушы (*старик – старец, лентяй – ленивец, неграмотный – безграмотный*), лексикалық-фонетикалық, мысалы, *шкаф-шкан*, т.б. бола алады.

3) Реляциялық айырмашылықты синонимдер – стилистикалық синонимдер. Олар қолдану саласы бойынша, сондай-ақ стильдік нышандарымен айырықшаланатын, мысалы, *сообщение* (жалпы қолданыстағы) – *дряхнуть* (ауызекі айталатын); жанрлық, мысалы, *лицо* (жалпы қолданыстағы) – *лик* (кітаби), *фейс*, *морда*, *харя*.

Морфологиялық синонимдер – сөз тұлғаларымен айырықшаланатын синонимдер: *народа* – *народу*; *тихи* – *тих*; *враждовать* – *быть на ножах*.

Морфологиялық синонимдер – бір-бірімен қатысты (яғни бір ойды білдіретін) конструкциялар, мысалы, *Мать просила сына купить хлеба* и *Мать просила сына, чтобы он купил хлеба*.

Синонимдердің негізгі типтері № 14 нобайда көрсетілген



14 сурет – Синонимдерді жіктеу

Синонимдер өз құрамына мәні жақын, бір ұғымды білдіретін, алайда мағыналық реттерімен және қолдану аясымен бөлшектенетін сөздерді қосатын синонимдік қатарларға қосылады. А.А. Брагина синонимдік қатарға мынадай анықтама береді: «синонимиялық қатарлар танымалық үдерісте әлемнің заты туралы қалыптасатын ұғымдар әлемі мен сөздердің арасындағы көпірге тәрізді» [Брагина, 1981,6].

Синонимдік қатарда ортақ мән доминанта (синонимдік қатардың басты сөзі) мен жеке мәндерді осы қатардың мүшелерін актуальдендіреді. Мұндай қатарда сөздер лексикалық мәндердің ұқсастығымен немесе мейлінші ортақтығымен бірігіп, әртүрлі қатарлы дифференциалды нышандарымен (мәнің реткі, қолданыс аясы, эмоциялық-экспрессивтік қасиеті) айырықшалады. Прагматикалық жоспарда сөздердің корреляциясын әртүрлі негіздеме-лерді ұқсастықтың айырмашылық мүшелері ретінде көрсететін корреляциялық байланыстарға негізделген жалпы мен жекенің өзара байланысы синонимдердің басты нышаны болып табылады. Микрожүйенің –

синонимдік қатардың ішкі құрылымы негізгі мәнге қатысты байланыстарды біртіндей кемитін элементтердің сабақтастығы тәрізді. Сабақтастықтың әр элементі элементтер тобының басқа элементтер нышанының құбылмалылығымен айырықшаланатын базальқ семасын таңытатын ортақ элементпен (жетекші синоним-доминантпен) байланысты. Синонимиялық қатарлардың жүйелік байланыстары негізінде синонимдер ұқсас, бір-бірімен сабақтастық сақтайтын, өзара бір-бірін жабатын элементтерден құралады [Әбішева, 2000,224]. Мұндай қатарларда синонимдерді ортақ ұғым байланыстырады. Синонимдік қатардың барлық мүшелеріне ортақ мән барынша нақты айталған сөз, ұйымдастырушы орталығы доминанта синонимдік қатардың болып табылады.

2.4.2 Синонимдердің байланыстарының, функцияларының типтері және синонимдері аударма тілінде дәлме-дәл жеткізу мәселесі

Синонимдік қатарда синонимдік парадигма доминантасы мен перифериялық синонимдер арасында әр түрлі байланыстар мен қатынастар бар: 1) иерархиялық; 2) инклюзивтік; 3) корреляциялық; 4) коллокативтік қатынастар.

Синонимдік парадигмада генерализациялық және арнайы, тар түрлі мәнді сөздер синонимдік қатынасқа түскенде доминанта мен перифериялық синонимдердің арасында қатынастардың иерархиялығы байқалады. Бұл айырмашылықтар ұғымдық мәні синонимдік қатардың мүшелеріне қарағанда нақтылаусыз бейтарап басты сөзде жоқ мәннің мағыналық реңкін кіргізеді. В.Л. Силиннің ойынша, синонимиялық қатынастарға түр мен түс білдіретін, генерализациялық және арнайы мағыналарды білдіретін сөздер кіреді. Логикалық тепе-теңдікке қарағанда, лексикалық бірліктердің семантикалық бірегейлігі стилистикалық немесе идеографиялық айырмашылықтары да сақталады [Силин, 1987,95]. Соңғылары ұғымдық мазмұны түр мәнді шендес сөздерге қарағанда нақтылаусыз, доминантада жоқ лексикалық мәнге мағыналық реңк енгізеді, мысалы, *собака - охотничья собака (гончая), волкодав, овчарка, цепная, ищейка, фокстерьер, шавка, пудель, дог, борзая, легавая, дворняжка, такса*, т.б.

Инклюзивтік қатынастар – «кірістірмелік қатынастарға жатады, олар бір элементтің көпшілікке, жиынтыққа қосылатынын көрсетеді. Қосылудың мұндай анықтамасы тәжірибе мен объектілердің мәнін тану негізінде анықталатын тілдік емес ақиқат объектілерінің арасындағы байланыстар пайымдауына сәйкес келеді. Қосылу қатынастары қоршаған ақиқат объектілерінің мәні туралы білімді жеткізу тәсілі болып табылып, солардың қасиеттерін тануға сүйенеді, бұл объектіні өзіне ұқсас әртекті объектілердің қатарында пайымдауға, оларды салыстыруға, жинақтап біріктіруге мүмкіндік береді. Негізгі қосу тәсілдері: 1) бірлі жарым объектінің немесе объектілердің көпшілікке жататынын көрсету; 2) белгілі бір толымдылық пен көпшіліктің құрамын аша отырып, оны құрайтын элементтерді санамалау; 3) объект пен көпшілікті салғастыру; 4) объектіні, сондай-ақ көпшілікті сипаттайтын нышандарды бөлу [Кириченко,1987,7]. Синонимдік қатар біріктіруші

(корелляциялық) нышандар мән ұқсастығы негізінде жекелеген элементтер қосылатын көпшілікті білдіреді, мысалы, *угловатая, шероховатая, безалаберная, добрая, недобрая, шумная, неукладистая; жанұя, отбасы, үйелмен, түтін, үй іші, шаңырақ, ебедейсіз, икемсіз, қобалақ, епсіз, бейімсіз, енетейсіз, ерепейсіз, қолайлысыз, қорбаң, епті, ептейлі, ебдейлі, епсекті.*

Синонимдік қатар – элементтері семантикалық ұқсастық пен қарама қарсылық нышандары негізінде қосылатын синонимдік-антонимдік парадигма.

Коллокативтік байланыстар – қиылысу қатынастары, онда бір синоним өзара қиылысатын бірнеше синонимдік қатарға қосыла алады, мысалы, *обмануть – обыграть, околпачить, обмишурить, оболванить; обмишуриться – ошибиться; показной – мишурный.* Коллокативтік байланыстар қиылысу қатынастары ретінде де қарастырылатын өзара алмастыру қатынастарына негізделген.

Корелляциялық байланыстар – шендес байланыстар. Бұл байланыстардың негізінде өзара шарттастық пен ұқсастық, сондай-ақ айырмашылық принципі жатыр, мысалы, синонимдік қатардың доминантасы мен сол қатардың мүшелерін корелляциялық қатынастар мен байланыстар білдіреді, ол доминанта мен қатар мүшелерінің семантикалық ұқсастық негізінде бір қатарға бірігуінен, бір-бірімен өзара шарттас болуымен, алайда, мән ренктерінің бөлектенімен байқалады, мысалы, *громадный, огромный, грандиозный, аршинный; рақым, мейірім, қайыр, шапағат, кәремет.*

Синонимдер бірқатар функцияларды атқарады. Солардың ішінде ең маңыздылары: а) алмастыру функциясы; 2) нақтылау функциясы; 3) ұқсастық функциясы; 4) дифференциялау функциясы. Алмастыру функциясы сөйлемде немесе мәтіннің үзіндісінде бірінен соң бірі келген синонимдерді алмастырудан тұрады, мысалы, *стачка – ереуіл, мұнай – қара алтын, мақта – ақ алтын; сезімдік, қоңдылық, толықтық, еттілік, ет жеңділік, жуандық, күйлілік.*

Нақтылау функциясы ақиқаттың айтылып отырған затына тән түрлі қасиеттер мен сипаттарды ашу ретінде өткеріледі. Алмастыру функциясынан айырмашылығы бар синонимдер мәтіннің белгілі бір мәтін үзіндісінің ішінде бір-біріне тақау, жанаса орналасқанда байқалады. Айтылып отырған заттың, құбылыстың ерекшелігі көбіне бір сөзбен ашылмайды. Сондықтан бірнеше синонимді бірден бір мезгілде қолдануға тура келеді, мысалы: *нашла она обоих поляков в страшной бедности, почти в нищете, без кушанья, без дров, без папирос, задолжавших хозяйке; дене бітісі мығымырақ, жауырыны жалпақ, кең иық, төртбақ, денелі жігіт.*

Ұқсастық функциясы бар синонимдер заттар туралы ұғымдардың, мәндердің семантикалық ұқсастығы негізінде синонимдік қатарға біріге алғанында байқалады, мысалы *Fleisch (em) – Schweintfeish, Rindfleisch, Kalbfleisch, Hammelfleisch, Hirschfleisch, Hühnerfleisch, Gaubenfleisch, Qänselfleisch, Entenfleisch, Pferdefleisch, Salzffleisch,* т.б. Негізгі «ет» ұғымы синонимдік қатардың доминантасымен ұқсастық қатынаста тұрып, ұқсастық функциясын атқаратын түр ұғымдарында нақтылана түседі, салыстырыңыз: *мясо – свинина, баранина, говядина, конина, зайчатина, курятина, голубятина* т.б.

Синонимдік қатарда дифференциациялық функциясы синонимдік қатар мүшелерінің мәні доминантада айтылатын негізгі мәнмен сәйкеспегенде байқалады, мысалы, *уладится – утрастись, темя – макушка, оговориться – обмолвиться*, т.б.

Синонимдердің саналуан түрлерінің болуы, және олардың әрқилы функциялар атқаруы, ауыспалы мәндердің қалыптасуы және соған байланысты бастапқы тілдің синонимиясының баюы аударғанда қиындық тудырады. Синоним сөздердің кейбір ауыспыл мәндері синонимдік сөздіктерде ескерілмеген, мысалы, *аккорд, арсенал, двигатель, гармония, мишень, авангард* сияқты көптеген терминдердің ауыспалы мәндері бар. Бейтарап лексика сөздерінің де ауыспалы мәндері бар, мысалы, *основа, глубокий, арена, акула, вооруженный, фон, основание*, т.б. *Алдамашы нышандары бар, бұлдыр*, қиялда жаратылған, нақты әлемге сәйкес келмейтін «сағым» сөзін «фантазия» сөзімен синонимдік қосақ құрып тұр.

Сөйлеу сипатындағы сөздерде де ауыспалы мән бар. П.Я. Черемисин сөйлеу синонимдерін екі үлкен топқа бөледі: 1) адамдардың бейнелік мінездемесін көрсететін ауыспалы мән қалыптасқан хайуандардың атаулары – сөздер, мысалы, *заяц, овца, курица, крокодил, баран*, т.б. 2) ауыспалы, бейнелеу, сөйлеу мәндеріне ие ортақ және бейтарап сөздердің екінші үлкен тобына әртүрлі, көбіне тұрмыстық заттардың атаулары енеді: *тюфяк, каланча, бревно, трещотка, кисель* т.б. [Черемисин, 1976].

Ондай синонимдерді аударғанда коллокативтік байланыстарын басқа синонимдік қатармен қиылысу байланысын ескеру керек, мысалы, *каланча – высокий, заяц – трусливый*, сондай-ақ олардың тіркесімін ескеру керек: *построили каланчу – Володя был высокий, каланча, Заяц – белое пушистое животное. Он был зайцем, трусливым человеком.*

Аударғанда стильдердің шендестігін, бастапқы тілдің стилістік синонимдерін аударма тілінде сондай стильге жататын синонимдермен аударуды ұстануға тиіс, мысалы, *девушка, девица, девка* сөздерін аударғанда стильдік сипаттарының шендестігін сақтаған жөн, себебі бастапқы тілде бұл сөздер түрлі функционалдық стильдермен шендесіп, түрлі стильдік сипаттарға ие, сондықтан да «девушка» сөзіне синоним ретінде «девка» ұғымын қолданып, аудармауға жол берілмеуге тиіс. Дәл сол сияқты орыстың «старец» сөзін аударғанда ағылшынның сәйкестіктері:

1. elder (venerable old man);
2. elderly monk;
3. spiritual adviser жарамайды.

Осы «старец» сөзін аударғанда мынадай контексті: *старец, отпуская меня, благословил и сказал, чтобы я, учась молитве, ходил к нему с чистосердечным исповеданием и откровением, ибо без проверки наставника самочинно заниматься внутренним делом неудобно и мало*, түсініп, сол сөздің ақапараттық қарқындылығын ұғыну керек. Т.А. Қазақованың пікірінше, ағылшын сөздердің мағыналары «старец» сөзіне сәйкес келмейді, сондықтан осы сөзді аударғанда *starets* транскрипция амалын қолданып, аудармашылық толықтырма жасау керек [Қазақова, 2006, 110]. В.С. Слепович те аударма

үдерісінде синонимдерді барабар аударудың қажеттілігіне назар аударып, екі тілдегі синонимдердің қай стилистикалық топтарға жататындарын анықтап, барабарлықты сақтау керек дейді [Слепович, 2006,31].

Сондай-ақ синонимдердің экспрессивтік – бейнелеу, эмоционалдык бейнелеу, идеографиялық түрлерінің, зияткерлік мазмұны бойынша айырықшаланатын синонимдердің ерекшеліктерін ескеру керек. Бұл синонимдер түрлі функция атқарады. Егер идеографиялық синонимдер бір мәнде болып, бірақ түрлі мағыналық реңк берсе, онда олар семантикалық ұқсастық функциясын атқарады. Осындай функцияны зияткерлік мазмұнымен айырықшаланатын синонимдер де атқарады. Алайда олар сонымен бірге терминдер, әлдебір ғылым саласынан белгілі бір білімдер туралы мәліметтерді жеткізіп, когнитивтік функцияны да атқарады. Экспрессивтік-бейнелеу және эмоционалдык-бейнелеу синонимдерінің негізгі функциясы – ықпал ету функциясы. Сондықтан аударғанда синоним сөздердің функциясының пендестігіне назар аудару қажет.

2.4.3 Синонимдерді аудару амалдары

Алмастыру, функционалдык ұқсастықты іріктеу, синонимдік қатардың гипо-гиперонимиялық парадигмасының мүшесімен аудару, генерализация мен нақтылау синонимдерді аударудың негізгі амалы болып табылады.

Бастапқы тілдің синонимдерін аударма тіліндегі синонимдермен алмастыру амалы сол тілдерде идеографиялық, стилистикалық және экспрессивтік сипаты бойынша бір-біріне сәйкесетін синонимдер болғанда өткеріледі, мысалы, орыс тілінің *лиц, лицо, физиономия, харя, морда* синонимдеріне қазақ тілінде сәйкестіктер табыла бермейді. С. Бизақовтың «синонимдер сөздігінде» [Алматы, 2004], мына синонимдер ғана көрсетілген: *бет-әлпет, бет-бейне, бет-жүз, бет-пішін, кескін-келбет, кескін-кейін, тұртүс* [Бизақов, 2007, 139]. «морда», «харя» стилистикалық синонимдерінің бейтарап синонимдермен жеткізілуі олардың мәнінің экспрессивтік-бейнелеу және эмоциялық-бейнелеу реңктерін солғындатады.

Функциялық ұқсастықты іріктеу – бастапқы тілде синоним атқаратын функцияны аударма тілінде атқара алатын барабар синонимді іріктеу амалы, мысалы, *растяпа, колпак, шляпа, нерасторопный, растеряха*; синонимдерді ұқсас бағаламалық қызметтік орындайтын *бос, болбыр, босақ, мәнжұбас, маубас, бұлжыр, боласаң, босаңдау* синонимдері арқылы аударылады.

Генерализациялау немесе нақтылау амалдары

Нақтылау, яғни синоним сөздің жалпы мағынасын тарылту синонимиялық қатардағы доминанта сөздің орнына түсті білдіретін мағына қолданады, мысалы, «роза» - «раушан» гүлдерді атайтын синонимиялық қатардың бастапқы сөзі – доминанта болып отыр. Ол түрді білдіреді. Сол доминантаның жалпы ұғымын синонимиялық қатардың, мүшелері нақтылайды, мысалы, *Rose* неміс тіліндегі синонимиялық қатардың доминантасы *Rose Alpenrose* («альпийская»), *Apfelrose* («яблочное»), *Bengalrose* («китайская»), *Dornrose* («собачья»), *Daftrose* («эллиптическо-лиственная»), *Essigrose*

(«французская»), Heidenrose («степная»), Kohlrose («провансальная»), Teerose («чайная») түсті білдіретін синонимдер арқылы айқындалады және нақтыланады. Ал қазақ тілінде осындай ұғымдардың бәрі де жалпы ұғымдық «Раушан» сөзімен алмастырылады.

Қорытынды

1. Аудармада барабарлықты сақтау үшін тәржімашы тек қана синонимдер туралы мәліметтермен шектелмей, олардың түрлерін білу керек. Синонимдердің жіктелу түрлерін қарастыру нәтижесінде олардың негізгі үш топқа (лексикалық, грамматикалық, синтаксистік) бөлінетіні айқындалады, лексикалық синонимдердің үш түрі жіктелінеді: 1) зияткерлік мәндігімен айрықшаланатын синонимдер; 2) формальдық нышандарымен бөлектенетін синонимдер; 3) реляциялық айырмашылықтары бар синонимдер. Осындай синонимдер синонимиялық қатынастарға кіреді. Сол қатарлардың мүшелері өздерінің мағыналарының ұқсастығы негізінде бір семантикалық парадигманы құрайды.

2. Синонимиялық қатарлардың құрамында синонимдер бір жағынан бір-бірімен жақындасып жалпы семантикалық парадигма құрайды, екінші жағынан өздерінің мағыналарының реңктерінің айырмашылығын айқындайды. Осындай ұқсастық пен айырмашылықтарын айқындау барысында синонимдер әртекті байланыстарға (иерархия), (басыңқы-бағыныңқы), инклюзивтік (жай мүшелердің (элементтердің) көпшілік санына (синонимиялық қатарға) кірістірілуі; колокативтік (қиысу), корреляциялық (жай, синонимдерді доминанта сөзімен арақатынастылықты асырады) кіреді. Сонымен қатар, синонимдер әртүрлі функцияларды орындайды: алмастыру, айқындау, айырмалықтарды табу (дифференциация), бірегейлікті сақтау.

3. Синонимдерді басқа тілге аудару үшін тәржімашы сан-алуан тәсілдерді қолданады. Солардың ішінде қолайлы амалдарға келесілерді: алмастыру, функционалдық аналогты іріктеу, гипер-гинонимиялық, гипо-гиперонимиялық атауға болады.

Өзіндік бақылау үшін берген сұрақтар:

1. Қандай сөздерді синоним деп атаймыз?
2. Синонимдер бір-бірімен қандай критерийлер негізінде жақындасады?
3. Синонимдерге анықтама беру барысында қандай ғылыми бағыттар белгіленеді?
4. Синонимдердің қандай түрлері жіктелінеді?
5. Лексикалық синонимдер қандай түрлерге жіктелінеді?
6. «Идеографиялық синонимдер» деп қандай синонимдерді атауға болады.?
7. Синонимдер қандай қызметтерді атқарады?
8. Синонимиялық қатарларда синонимдер қандай байланыстарға кіреді?
9. Синонимдерді аударғанда қандай қиындықтар кездеседі?
10. Синонимдерді аудару үшін қандай тәсілдерді қолдануға болады?

Негізгі әдебиет:

1. Брагина А.А. Лексика языка и культура страны в лингвострановедческом аспекте. – М.: Русский язык, 1981.
2. Галаванова Г.П. К вопросу о роли взаимозаменяемости при выделении и определении синонимов //Синонимы русского языка и их особенности. – Л.: Наука, 1972.
3. Евгеньева А.П. Проект словаря синонимов. – М., 1964.
4. Казакова Т.А. Практические основы перевода. English – Russian. – СПб.: Издательство «Союз», 2006.
5. Слепович В.С. Настольная книга переводчика с русского языка на английский. Russian - English Translation Handbook. – Мн.: ТетраСистемс, 2006.

Қосымша әдебиет:

1. Абишева К.М. Казахско-русские языковые контакты и вопросы ассимиляции иноязычных слов в системе языка-реципиента. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000.
2. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007.
3. Евгеньева А.П. Словарь синонимов русского языка. – М., 1975.
4. Кириченко Н.Л. Отношения включения и способы его языкового выражения. Автореф. дисс.канд.филол.наук. – Л., 1987.
5. Клюева В.Н. Словарь синонимов русского языка. – М., 1961.
6. Половникова В.И. Лексический аспект в преподавании русского языка как иностранного на продвинутом этапе. – М., 1981.
7. Силин В.Л. К проблеме синонимии //Вопросы языкознания, 1987, №4.
8. Черемисин П.Я. Стилистические синонимы в русском языке. – М., 1976.

Студенттердің негізгі жұмысы үшін дайындалған тапсырмалар (СӨЖ)

1. «Синонимдерді аудару тәсілдер» тақырыбына реферат жазыңыз.
2. С.Бизақовтың «Синонимдік сөздігі» (Алматы, 2007) кітабына пікір жазыңыз.

Оқытушының басқаруымен орындалатын студенттердің өзіндік үшін жұмысына дайындалған тапсырмалар (СОӨЖ)

1. С. Бизақовтың «Синонимдер сөздігі» (Алматы, 2007) кітабынан елу 50 синонимді алып, бірнеше топқа жіктеңіз. Оларды орыс, ағылшын тілдеріне аударыңыз.
2. Синонимиялық қатарға кіретін синонимдердің доминанта сөзімен арақатынастығын зерттеп, нобайын жасаңыз.
3. «Әдемі» сөзге орыс, ағылшын тілдерінде синонимдер табыңыз.
4. Келесі стилистикалық синонимдерді орыс және ағылшын тілдеріне аударыңыз: *вредить, наносит ущерб, поставит ногу, подложит свинью; жена, супруга, моя половина, моя хозяйка, баба; окулист, глазной врач, глазник; красивый, недурен, хорош, как картинка, пригожий.*

5. Келесі синонимиялық қатарлардағы синонимдерді: *ер, батыр, қаһарман, қаһарлы, жауынгер, айыпқыран* орыс, ағылшын тілдеріне аударыңыз.

2.5 Терминдер және оларды аудару мәселелері

2.5.1 Терминдерді біріздендіру және аудару мәселелері

Қазіргі қазақ тілінің жете шешілмеген мәселерінің бірі – термин мәселесі. Осы мәселенің анықталмағаны күнделікті тәжірибеде көптеген кедергіге душар етіп жүргені белгілі. Сонда да болса, бұл жөнінде әлгі күнге дейін жұртшылық пікірлері ортаға салынған емес. Әлі күнге дейін мемлекеттік терминологиялық комиссиясының термин жөніндегі әр мезгілдегі шешімдері ғылыми принципке негізделген емес.

Соңғы жылдар үкімет және ғалымдар, мекемелер тарапынан терминология ісін қолға алып, дұрыс бағытқа салу мақсатымен бірқатар шаралар тындырылды: ғылым – техникалық салалар бойынша терминологиялық жүйелер қалыптасып, әр ғылым саласы бойынша терминологиялық сөздіктер шыға бастады; орыс және шетел тіліндегі терминдер қазақ тіліне аударылды, ұлттық тіл негізінде жаңа терминдер пайда болды. Бірақ, екіншіше орай, осы уақытқа дейін терминологиялық шығармашылықта орын тепкен азды-көпті оғаштық байқалынады: біріншіден, ғылым салалары бойынша қалыптасқан терминологиялық жүйелерде орыс тілінде сомдалған терминдердің саны басым болады; екіншіден, орыс немесе шетел тіліндегі терминдер қазақ тіліне дұрыс аударылмайды, олардың баламалары терминнің ғылыми мазмұнын дұрыс көрсетпейді, және ғылыми техникалық ұғымдарға нақты анықтама бермейді; үшіншіден, көп ғылыми ұғымдардың атаулары әлі тұрақталмаған және қалыптаспаған; төртіншіден, ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру жұмысы назардан тыс қалмаса да, термин шығармашылықта бұл іс өтеу баяу түрде орындалып жатыр; бесіншіден, термин жасау және терминді аудару әдістемесі әлі орнықталмаған.

Терминді тұрақтандыру оны қазақ тіліне аудару ісіндегі кемішіліктің барысы – термин деген ұғымды ғылыми негізінде түсінбей, оған жалаң, схоластикалық тұрғыдан келуде жатыр. Сол үшін, ең алдымен «термин» деген сөздің мәнін ұғынуымыз керек. Онсыз қазіргі аудармада кездесіп жүрген былықтардан құтыла алмаймыз. Термин деген не? Оның жай сөзден қандай айырмашылығы бар? Осы сұрақтарға жауап беру үшін терминге анықтама беріп, оның негізгі қасиеттерін және белгілерін көрсетейік. Терминді белгілі бір ғылыми ұғымды білдіріп, оған нақты анықтама беретін сөз деп қарастыруға болады. Жай сөз затты, құбылысты атап, номинативтік, яғни атау қызметін орындаса, термин дефинитивтік қызметті орындайды, яғни ұғымға ғылыми анықтама береді. Оның негізгі белгілеріне бірмағыналылықты, жүйелілікті, нақтылықты, синонимдердің жоқтығын, эмоционалдық қасиеттерінің болмауын жатқызуға болады. Сондықтан термин шығармашылығында және аудармада осындай қасиеттеріне назар аударып, оларды сақтау қажет. Мысалы, термин

деп танылған, қабылданған сөздің бірақ мағынасы болуы керек. Ал аудармада терминнің негізгі белгісі сақталынбайды. Аудармашылар терминді әртүрлі түрде аударып, көпмағыналықты тудырады, мысалы «кондиционер» сөзі біресе *желдеткіш*, біресе *әуебаптағыш*, немесе *салқындатқыш* болып аударылады. «Коммуникация» термині де бірнеше мағынаға ие: 1) ақпаратпен алмасу; 2) байланыс желісі; 3) транспорт жүйесі.

Біздің ойымызша, көп мағыналы сөздерді терминдеу кезінде олардың мағынасын ғылыми саланың шеңберіне қарай сәйкестендіріп, әр мамандықтың, кәсіптің тар шеңберлік өзгешелігін ескертіп отыру керек. Ол үшін термин шығармашылықта және терминдердің басқа тілдерде баламаларын іздестіргенде, баламаларды, біріншіден, біріздендіру қажет; екіншіден, терминнің баламаларын сол ғылыми салада істейтін мамандар ақылдасып отырып, іздестіру керек. Сонда ғана кәсіптеніп, белгілі ғылыми саладағы жүзеге асатын әрекет туралы, сонымен байланысты ұғымдарға толық түсініктеме береді, мысалы, гидромелиорация саласында «канал» деген сөзді жалпы «арық» деген балама арқылы аударуға болмайды, себебі арықтың әр түрі болады. Екіншілік кәсібі дамыған облыстарда арықтың әр түрлі атаулары бар, мысалы: «бас арық», «оқ арық», «құлақ арық», т.б. Аударма үдерісінде терминнің баламасын тек ғана әдеби тіл шеңберінен алу дұрыс емес, өмір мұқтаждығы балама ретінде ауызекі сөздерді, диалект сөздерді де пайдалануға мүмкіншілік тудырады. Мысалы, диалект сөздері арқылы бұршақтың әр түрін атауға болады. «Горох» деген екіншілік кәсібімен байланысты терминді тек ғана «бұршақ» деген балама арқылы аудару жеткіліксіз. Бұршаққа байланысты қазақ тілінің қазынасының қалтарыстарынан диалект сөздерін шығарып, бұршақтың әр түріне нақты ұғымдарды беруге болады, қараңыз: «асбұршақ», «жембұршақ», «жасымақ», «ноқат», «қара құмық», т.б.

Диалект, ауызекі, күнделікті қолданыста кездесетін сөздер де ғылыми ұғымға нақты, дәлме – дәл балама бере алады және мамандықтың, кәсіптің өзгешелігін көрсетеді. Бұл жағдайда термин ғылым, маман саласына орай бірізденіп, ұғымның тар шеңберлігін сақтай алады, өйткені жарыса қолданып жүрген кейбір терминдердің ара-жігі ажыратылып, әрқайсысына жеке терминдік мағына жүктелінеді, мысалы: *долг* – *борыш*; *долг* – *қарыз*; *расход* – *шығыс*; *убыток* – *шығын*; *задолженность* – *берешек*; *выручка* – *кіріс*, *поступление* – *түсім*, *потеря* – *ысырап*, *ущерб* – *залал*, *вред* – *зиян* и др.

Сонымен қоса, жеке терминге берілген қазақша баламаларда бірізділіктің жоқтығы байқалынады. Терминдердің қазақша баламасын табуда алатын қағидаларың болмауының нәтижесі. Сондықтанда О.Ж.Әлиев терминдерді бірізділікке келтіретін негізгі қағидаларды айтады. Олар; 1) әр ғылым саласы бойынша, ғылымның тезаурусын құру; 2) әр терминнің ғылыми табиғатын терең түсіну, мәнін анықтау және терминнің түбегейлі ерекшелігін көрсету. Ғалымның пайымдауынша, осы принциптердің бәрінің ғылым салаларындағы терминдерге қатынасы бар, мысалы, экономикалық терминдердің баламаларын іздестіргенде келесі қағидаларға сүйену қажет: біріншіден, ең алдымен, экономикалық ғылымның тезаурусы (кез келген ғылымның, субъектінің белсенді сөз қоры) түйінді сөздерден (ключевые слова), тіректі терминдерден

(опорные термины), негізгі ұғымдардан (базовые понятия), іргелі категориялардан (фундаментальные категории), тұратынын ескеріп, оларды бір-бірінен ажырата отыра, термин – жасау ісінде орындалу ләзім. Мысалы, «рынок» терминін экономика ғылым тұрғысынан алғанда, оны іргелі категориялық термин деуге болады, ал «базар» әрі кеткенде – ұғымдардың, түйінді сөздердің бірі ғана (айталық, «балалық үй-базар»; «баласы жоқ үй – мазар», «үй – рынок» деп айту қисынсыз және ешкімнің ойына да келмейді. Екіншіден, ұлттық экономикалық термин жасау ісінде сол тезаурустың құрамдас элементтерінің әрқайсысының (сөздің, терминнің, ұғымның, категорияның) санаттары мен дәрежелеріне (мәртебелеріне деп те айтаға болады) сәйкес экономикалық табиғатың, терең түсіну, яғни олардың әрқайсысының экономикалық мәнін (сущность), мазмұнын (содержание) және басқа, бірақ өздеріне жақын, жарыспалы нұсқада жүрген терминдерден өзекті, (түбегейлі, сапалы, қайталанбас ерекшелігін, белгісін, қасиетін, қызметін «тайға таңба басқандай») етіп, айшықтап алу ең басты қағидаттардың бірі) [Әлиев, 2005]

Шетел терминінің қазақша баламасын іздестіргенде осы қағидаттарға сүйену жөн. Сондықтан да, біріншіден, терминдердің қазақша баламаларын сол ғылым саласындағы тезаурустың шеңберіне ыңғайлап, түйінді сөздерді тіректі сөдерден, негізгі ұғымдардарын ажырата білу керек. Ол үшін ең алдымен «тезаурус» ұғымын жете-білу қажет.

Тезаурус когнитивтік және семантикалық белгілер негізінде құрылады. Білімдерді тезаурус түрінде ұйымдастыру терең деңгейде өтетін когнитивтік үдерістердің және семасиологизация, номинация процестерінің нәтижесі. Жеке тұлға әлемді тану үдерісінде нақты болмыстың заттарын, құбылыстарын бір-бірімен ұқсатып, теңестіру арқылы ұқсас белгілерін тауып, категоризациялайды, яғни зат, құбылыс туралы ұғым құрайды. Қоғамдық тәжірибені бейнелейтін және сәулелендіретін әрбір ұғым, әртүрлі атауларда қалыптасады. Әр тілде ұғымдар атаулар бойынша жіктелініп, структуризация үдерісіне шалдығады. Категоризация және структуризация үдерістері тілдік қатар және нақты болмыстың бірінші деңгейдегі қатынастарында орын алады. Бұл жағдайда когнитивтік операциялар (қабылдау, категоризациялау, теңеу) орындалады.

Тілдік қатар мен объективтік болмыстың арасында жүзеге асырылатын қатынастардың екінші деңгейінде жеке тұлғалардың сөздік іс-әрекеті іске асырылатын тілдік бірліктер жандандыру және заттандыру операцияларына ұшырайды. Коммуникант ойлау объектісіне орай өзінің субъективтік қатынасын білдіреді [Жаналина, 1993]. Осы екі деңгейде өтетін қатынастардың нәтижесінде объективтік болмысты тану, ұғыну, категоризациялау және заттарды атау операциялары орындалады. Нақты болмыс туралы когнитивтік (қабылдау, категоризация, теңеу) және лингвистикалық, (атау, структуризация), операцияларды орындау нәтижесінде әлем туралы білім тезауруста жинақталады. Тезаурус әлем туралы білімдерді, ерекше сөздердің мағынасын кодтау және сөздерді тақырыптық кодтарға бөлу арқылы ұйымдастырады. Қолданысты пайда болған жана сөздер, терминдер, терминдердің баламалары,

тезаурустағы тақырыптық топтар бойынша санада қалыптастырады. Ғылым, техникалық салалардағы терминдердің жиынтығын – терминологиялық жүйені – тезаурус ретінде қарастыруға болады. Терминологиялық тезауруста терминдер ғылым аясы бойынша жинақталып, әртүрлі тақырыптарға орай терминологиялық топтарға кіреді. Сондықтан, терминдерді біріздендіру үдерісінде терминологиялық тезаурустарда да когнитивтік және семантикалық белгілер негізінде құру керек. Терминдердің қазақ тіліндегі баламаларын іздестіру үдерісінде де когнитивтік (басқа тілдегі терминнің мәні) мазмұнын, ғылым саласындағы іс-әрекетке орай қалыптасқан табиғатын терең түсініп, нақты, дәлме-дәл баламасын табу керек. Олардың қай ұғымның түріне (түйінді ұғым, тіректі термин, базалық ұғым, т.б.) жататынын анықтап терминологиялық тезаурустағы орнын белгілеу қажет. Терминологиялық жүйеде негізгі ұғымдар тақырыптық топтың доминантасы болады да, *түйінді, тіректі* терминдер осы тақырыптағы терминологиялық топтың қатарындағы мүшелері болады. Олардың әрқайсысының ғылыми мәні, мазмұны жақын болғанмен, мағыналары өзгешелеу болуы мүмкін, мысалы, «кредит» ұғымы С.Р. Тоқсанбайдың «Экономика, қаржы-несие, банк, салық-кеден сақтандыру, биржа және кәсіпкерлік атауларының орысша-қазақша сөздігінде» «несие» деген баламаға ие болып келесі түрде түсіндіріледі: *кредит-несие* (акшылай соманы, тауарлар мен басқа да құндылықтардың мерзімділік қайтару, пайдаланғаны үшін процент төлеу шарты мен уақытша табыстау) [Тоқсанбай, 1999]. О.Ж. Әлиевтың пікірінше, «кредит» терминін несие деп аударуға болмайды. Өйткені «несие» (араб тілінде несие) біреуге сенбеген, тіптен қайтарылмайтынын білген жағдайда да беріледі («өзінен болмаса да, Алладан қайтар») немесе сәудегер несиемен жия келгенде «тапқаным осы, біттім, - деп, - алсаңда ал, әйтпесе оған бола жерден мал қазам ба» - дейтұғыны болушы еді ғой. (Абай). Және ең бастысы, несие еш уақытта сатылмайды (пайызға берілмейді). Сондықтан да «кредит» кредит болып қалуы керек те, «несие» несие болуы шарт. Екеуінің экономикалық мәні мен мазмұны, қызмет жасау экономикалық аясы мен қатынастары айтарлықтай өзгеше» [Әлиев, 2005]

Шетел терминдерінің қазақ тіліндегі баламаларын іздестіргенде терминологияның негізгі принциптеріне сүйену керек. Ә. Қайдар қазақ тілі терминологиясын жаңаша бағдарлау, реттеу және ілгері дамыту тұжырымдамасының он бір принципін көрсетіп отыр. Олар: 1) терминологияны жан-жақты дамытудың, реттеудің қалыптастырудың алғы шарттарының бірі оған деген мемлекеттік қамқорлық жасау; 2) қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыру; 3) салалық (ғылыми-техникалық табиғаттық, қоғамды, саяси-әлеуметтік) терминдер мен атауларды жаңадан жасауда қазақ тілінің төл және байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану; 4) Термин шығармашылығында туысқан түркі тілдерінің озық тәжірибелерін пайдалану; 5) Аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау; 6) салалық күрделі терминдер мен атауларды кеңес интернационалдық термин атаулардың үлгісімен қысқартып, пайдалануды заңдастыру; 8) жаңа терминдік ұғымдарға тілімізде балама іздеуде, термин – атауларды жаңадан жасауда да жалпы

терминге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау; 9) тілімізде қабылданған терминдер мен атауларды мағыналық, тұрғылық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салалық жүйе бойынша жіктеу; 10) ұлттық және интернационалдық термин – атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру; 11) терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстіріне сәйкес реттеу [Қайдар, 1993]

Ө. Айтбайұлы бұл принциптерді талдай келе, өзінің пайымдауларымен толықтырылып, өз көзқарасын білдеріде: біріншіден, қазақ тілінде терминжасам барысында ұсынатын ең басты принцип – ана-тіліміздің сөз байлығын сарқа пайдалану; екіншіден, түбірі бір түркі тілдердің сөз қазынасына иек арту; үшіншіден, интертерминді негізінен қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу; төртіншіден, салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру; бесіншіден, көп жылғы тәжірибе негізінде қалыптаса бастаған шарттылықты мойындау; алтыншыдан, ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық, сапалық салмағын табиғи қалыптастыру; жетіншіден, терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Академик Ө. Қайдар және Ө. Айтбайұлының ұсынған терминологиялық принциптерін күнделікті қолданыста (термин шығармашылығында, терминнің қазақ тіліндегі баламаларын іздестіруде) пайдалана отырып, негізгі 3-4 принциптерді аударма үшін негізгі ұстанымдар ретінде қарастыруды өмір мұқтажы қажет етеді. Оларға келесілерді жатқызуға болады: біріншіден, белгілі бір ғылыми ұғымды дәлме-дәл беретін баламаларды іздестіру үшін қазақ тілінің, түбірі бір түркі тілдердің сөз қазынасын сарқа пайдалану; екіншіден, аударуға келмейтін интернационалдық терминдерді сақтай отырып, оларды қазақ тілінің фонеморфологиялық нормаларына икемдеп, адаптациялау; үшіншіден, салалық терминдерді терминологиялық тезаурустар бойынша топтастырып, ғылыми, кәсіби мағыналарын сол қоғамдық іс-әрекетке, оның мақсатына орай сәйкестендіру.

Қорыта айтқанда, шетел терминдері мен орыс тілінде сомдалған термин-атаулардың ұлттық тілде баламаларын іздестіргенде келесі ережелерді үнемі ескеру қажет: 1) дәлме-дәл берілген баламаларда аударма терминнің мәні, мазмұны, ғылыми ерекшелігі, тар шеңберлігі, бірмағыналылығы сақталу керек; 2) аударма терминдердің қазақша баламасын табуда бірізділікті сақтауға назар аудару қажет; 3) әр ғылыми сала бойынша терминологиялық принциптерге сүйенсе отырып, ұстанымдар ретінде қабылдау, мойынадау керек.

2.5.2 Терминологиялық концепт: негізгі нышандары

Соңғы он жылдықтарда терминологиялық жұмыстың кең қанат жайғанымен осы уақытқа дейін негізге алынатын терминдер мен ғылыми пәндер мен арасындағы жалпы терминология теориясының орнын бірдей

түсінушілік жоқ. Осының бәрі бұл білім саласының өсуі мен дамуын, метатілінің қалыптасуының аяқталмағанын көрсетеді.

Терминдерге өскелең қызығушылық ең алдымен лингвистика мен аударматану саласында байқалады. Лингвистерді терминнің тілдік табиғаты, әлдебір ғылыми ұғымды жеткізу қабілеті, дара мәнді болуы, дефинитивтік функция атқаруы қызықтырады. Термин, бәрінен бұрын, тілдік бірлік. Аударматануда терминдерге қызығушылық, біріншіден, аударма қызметінің мамандырылған бірліктері ретінде байқалады, себебі, осы ғылым шеңберінде аудару үдерісінің мәнін сипаттайтын және осы пәннің негізгі ұғымдары туралы түсінік беретін арнайы терминдер пайдаланылады. Екіншіден, аудармашылар тарапынан терминология проблемасына қызығушылық терминнің табиғаты, қасиеттері, функциялары туралы білім деңгейін көтеру қажеттілігімен байланысты. Сондықтан да аударма туралы ғылымның терминтанумен конструкциялық әрекеттестігі қажет болып көрінеді, себебі, терминдердің барабар аудармасына қол жеткізу үшін аудармашылардың терминологиялық білімдер, мәтіндердің терминологиялық құрылысының ерекшеліктері, терминдердің нышандары туралы түсінігі болуға тиіс. Аударматану мен терминтанудың әрекеттестігі ғылыми-техникалық аударма (іскерлік қатынас саласында жазбаша немесе ауызша сөз аудару) саласында байқалады. Сондықтан терминнің негізгі қасиеттерін сипаттап, оған дәл анықтама беру керек.

Термин – арнайы ұғымдарды дәл айту және арнайы заттарды дәл білдіру үшін жасалған немес басқа тілден ауысқан арнайы (ғылыми, техникалық т.с.с) тілдің сөзі немесе сөз тіркесі [Ахманова, 1960].

Терминнің сөзден айырықша басты ерекшелігі – олардың белгілі бір терминологиялық жүйенің мүшелері болып табылады. Терминнің мәні жүйеде тіркеліп, сонда пайдаланылатын параметрлермен ұсталынады. Белгілі бір терминологияның – терминдер жиынтығының шегінде терминологиялық жүйенің әр мүшесінің өз мәнділігін алуы терминдердің жүйелілігін табытады, мысалы, синонимдер, антонимдер, паронимдер, полисемия, денотат, коннотация – бір терминологиялық өріске жататын сөздер. Олардың денотаттарының жақындығы оларды жасанды түрде бір номенклатураға жинақтайды, соның шегінде олар өзінің терминологиялық мәнділігіне ие болады. Терминнің мәні ұғымдардың бүкіл жүйесімен анықталып, дефиницияның көмегімен телінеді. Термин үшін жүйе бірінші кезекте терминологиялық өріске қызмет ететін арнайы сөздердің лингвистикалық реттілігі. Соның салдарынан жекелеген терминологиялар ұлттық тілдің лексикалық шағын жүйесінің ішінен лексикалық шағын жүйе құрайды.

Дара мәнділік – терминнің анықтаушы қыры. Термин жалғыз ғана ғылыми немесе техникалық ұғымды білдіруге тиіс, ал соңғысы тек бір терминге сәйкесуге тиіс. Бұл принцип «өріс» ұғымын тартудың көмегімен жүзеге асырылады. Бұл өрісте термин жалғыз мәнді. Бір сөздің түрлі білім салаларының термині бола алады, алайда бұл полисемия емес омония, мысалы, «волна» термині гидравликада, радиотехника мен оптикада қолданылады, алайда білімнің әр саласының шегінде, белгілі бір ғылыми терминологиялық

өрісте әр термин сол ғылым саласында жүйеде анықталған ұғымда жалғыз мәнге ие.

Терминнің дәлдігі, терминнің ұғымдылығы әр ұғымды білдіруге және оны аралас немесе сондай терминдер қатарынан бөлуге жеткілікті болуға тиіс дегенді білдіреді. Терминнің дәл мәні сол терминологиялық өріс терминдерінің жүйесінде ғана қабылданады. Дефинициясы терминді қысқа, алайда дәл етіп сөзбен ұғындыруға қызмет етеді.

Терминдерде синонимдер, омонимдер болмайды. Терминологизациялау нәтижесінде сөз синонимдері мен антонимдерін жоғалтады. (*черная оспа, бледная спирохета* тәрізді медициналық таңбаларда антонимдер жоқ; жазылған және жазылмаған жаралар бір терминологиялық қатарға түседі). Жалпы қолданыста сөздерге тән синонимдермен ара жігін ажырата отырып («мысалы электротехникадағы *большой, громадный, огромный, великий, гигантский, но гигантские импульсы* немесе музыкадағы *октава* осы синонимдердің ешбірі арқылы алмастырылмайды), терминдердің өзінің терминологиялық синонимдерін табу керек [Суперанская, Подольская, Васильева, 1989].

Терминнің келесі қасиеті – когнитивтік толықтығы. Бұл қасиет терминнің дефиницияның дәлдік дәрежесі, оның толықтық дәрежесі, терминнің мәні енетін білім (теория) жүйесінің болуы, ғаламдық немесе арнайылық дәрежесі бойынша білім деңгейі, сол бірліктің танымның тарихи даму тізбегіндегі орны сияқты қырларын біріктіреді. Терминнің когнитивтік табиғаты терминнің кәсіби ғылыми білімдерді концептуализациялау мен вербализациялауын тұжырымдайтын когнитивтік қызметінің нәтижесі ретінде көрінуінен байқалады. Белгілі бір салада білімнің құрылымы белгілі бір иерархиямен біріккен және терминде концепттің аты ретінде вербализацияланған концепттердің жиынтығын көрсетеді. Терминнің анықтама беретін қасиеті мен жүйелілігі арнайы ұғымның белгісі ретінде термин жүйелерінің фреймдік ұйымдастырылуын болжайды. Терминді ғылыми концепттерге жатқызуға болады, себебі, біріншіден, термин ұғымдық құрамы сияқты барлық концепттерге тән құрылым компонентіне ие. Термин- концепт сияқты ғылыми ұғымға анықтама береді. Екіншіден, термин-концепт сияқты белгілі бір салада білімнің қажетгі деңгейін ұстайды. Классикалық когнитивтік лингвистикада концепттерде білім құрылымы көрініс тапқан деген пікір мақұлданады. Е.С. Кубрякованың ойынша, әр сөзді барлы сипаттау, жан жақты түсіндіру үшін оны когниция мен коммуникация тоғысу жерінде қарастыру керек [Кубрякова, 2004,16].

Білімнің басқа типтерінен (халықтық, тілдік, прагматикалық, когнитивтік-ментальдық, экстралингвистикалық, аксиологиялық білімдерден) терминнің айырмашылығы келесіде: термин – концепте адам қызметінің әр саласына тән ғылыми білімдерді айқындалады.

Ғылыми білімдерді білдірумен қоса термин ақпарат пен танымды жеткізудің құралы болып табылады. Тілдің бөлігі болып табылатын терминдер әлемді тану жүйесіне қосылған. И.П. Сусов атап көрсеткендей: термин тілдің бірлігі ретінде адамның танымдық іс-әрекетінде қолданады. И.П. Сусов жалпы

тілді сипаттағанда, оның танымды іс-әрекеттегі маңызды ролін қарастырады: «Тіл әлемді тану күрделі ақпаратты-когнитивтік жүйеге кірістірілген. Осы жүйенің шеңберінде ой, сана, жады, тіл бір-бірімен арақатынас әрекеттеседі. Осы жүйе сырттан ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау, басқа жеке тұлғаларға жеткізу үдерісті жүзеге асыру үшін тағайындалған» [Сусов, 2002].

Терминдер адамның когнитивтік тезаурусына қосылған. Терминдер семантикасы оларды талдағанда когнитивтік тезаурусты жолды қолдануға мүмкіндік береді. Когнитивтік тезаурустық жол үдерісінде терминология жүйесіндегі білімді тезаурустың ұйымдастырудың қалай өтетіні анықталады.

Терминологиялық тезаурустар (терминологиялық жүйелер) когнитивтік және семантикалық нышандардың негізінде жасакталады. Когнитивтік нышан индивид объективті әлемді атай отырып, бір затты басқалармен салыстырғанда, олардың елеулі нышандарын бөліп, сол зат туралы ұғым қалыптастырғанда байқалады, мысалы, «стул» заты туралы ұғым қалыптастыру үшін оны «мебель» тобына жатқызатын *диван, кресло, кереует, кушетка, софа* денотаттармен салыстыру керек, сол заттарды салыстыру негізінде ғана «орындық» затының мынадай елеулі нышандары анықталады: «адам отыру үшін арналған қатты немесе жұмсақ аспап», «шынтак таянатыны жоқ», «бір ғана адам отыру үшін тағайындалған, арқасы бар, бірақ қолтық сүйеніштері жоқ аспап». Осы нышандардың негізінде «орындықтың» анықтамасы – дефинициясы қарастырылады: «орындық – бір адам отыру үшін тағайындалған, арқасы бар, бірақ қолтық сүйеніштері жоқ аспап». Осы жағдайда елеулі нышандарының негізінде зат туралы ұғым қалыптастыру мәні болып табылатын концептуализация туралы айтуға болады. Одан соң индивидтердің қоғамдық тәжірибесі мен танымдық қызметінің нәтижесін көрсететін әр ұғым тілдің өзінде категориялау үдерістері мен оны тілде семантикалық құрылымдау нәтижесінде объективті ақиқаттың әрбір үзіндісіне белгілі атау берілгенге түрлі номинацияларда бекиді.

Қатынастардың бірінші және екінші түрінің үдерісінде ментальды операциялар мен когнитивтік әрекеттер (қабылдау, категориялау, салыстыру, концептуализация) орын алады. Қатынастың екінші түрін актуальдендіргенде коммуникацияда тілдің таңбаларды заттандыру мен қайта заттандыруды білдіретін индивидтердің сөйлеу, ойлау қызметі мен ой затына қатынасты субъективті көзқарас пен мағынаның айтылымы жүзеге асырылады. Тілдік қатар мен объективті әлем арасындағы қатынастардың бірінші және екінші түрінің нәтижесінді ғылыми білім саласында когнитивтік (концептуализация) мен семантикалық (тақырыптың қатарларды құрастыру) нышандардың негізінде терминологиялық тезаурус жасалады. Бұл жағдайда тезаурустың лингвокогнитивтік нышандары туралы айтуға болады, себебі тезаурус тілдің шоғырландырушы және көрсетуші функцияларын өткере отырып, әлем туралы білімді жүйелі, адамның қоршаған ақиқатпен өзара қатынасын танытатын әлем суреті түрінде береді. Қоршаған әлем туралы білім жады мен санада өңделінген, ауызша қолдануға дайын мәтін ретінде сақталмай, тек қана реттеулі түрде қалыптасқан тақырыптық топтар түрінде қалыптасады.

Тезаурустың когнитивтік нышаны сөздердің тақырыптық шендесуінен байқалады, онда ұғым категориялау мен концептуализациялау нәтижесінде тәжірибеге жинақталады, яғни танылған, таныс ұғым тақырыптық қатарлар мен топтарға жинақталады. С.Г. Шафиковтың сөзімен айтқанда, «категоризациялау - әлемнің құрамдық компоненттерін топшылдау, бір тәжірибенің рубрикасына кіргізу. Типизациялау, яғни белгілі типпен шендестіру үнемі, тоқтамсыз, адамның санасынан тыс өткеріледі. Адамның барлық сезімдік іс-әрекеттерімен: көру, есту (ағашты, үйді), іс-қимылдармен (қайыққа жүзу, велосипед тебу), ойлану үдерістерімен (сөйлем туралы ой-пікірін топшылдау, оның нышандарын көрсету, т.б.), өзінің призмасы арқылы бағалайтын әрекеттің нәтижелері – бәріде топшылдау үдерісіне ұшырайды» [Шафиков, 2007,3]. Терминдердің тақырыптық қатарында басты сөз – номинативтік-тақырыптық бірлік «негізгі ұғым – ұғымның реңктері, әрбір жеке номинацияға жақын ұғымдарға» қатысты қарсы қойылады, мысалы, терминология жүйесінде фундаменталды терминдер (номинанттық-тақырыптық бірліктер) согипонимдер ретінде әлдебір ғылыми ұғымды ашатын базалық, тірек және басқа жеке терминдерге қарсы қойылады. Басшы термин – текстік ұғымды атайтын гипоним, тақырыптық қатардағы жеке терминдер – гиперонимдер.

Д.М. Фрумкина, А.К. Звонкин, О.Н. Ларичев, В.Б. Касевич жаңа білімнің миымыздың қызметінің нәтижесі екенін анықтап көрсетеді. Сөздік құрастырушы енгізгенді ғана сақтайды.

Сөздіктің өзін деректердің базасы ретінде қарастыруға келмейді, себебі ол жаңа білім тудырмайды. «Жаңа білім сөздерді басқа сөздермен ассоциациялау үдерісінде, олардың ассоциативтік байланыстарын түсінгенде ғана пайда болады» [Фрумкина, Звонкин, Ларичев, Касевич, 1990].

Осылайша, терминнің дәлдік, дара мәнділік, синонимдердің, омонимдердің болмауы, жүйелік сияқты негізгі қасиеттерін талдау оны ғылыми ұғымын анықтап, когнитивтік функцияны атқаруға қабілетті бірлік ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Когнитивтік толықтық, тезауруста ғылыми білімді көрсетудің когнитивтік-семантикалық тәсілі – терминнің бұл қасиеттерін аударма тілінде де сақтағанның жөн екенін көрсетеді.

2.5.3 Терминдерді аудару тәсілдері

Калькалау амалы терминдерді аударудың негізгі тәсілі болып табылады. Ең алдымен осы ұғымның негізіне алынатын басты нышанды бөліп алу керек, ол – аударма. «Калька, - деп жазады Л.Н. Семенова, - кірме сөздер мен аудармадан өзінің мәндік және структуралық ұқсастығымен ерекшеленеді. Аударма тек қана шетел бірліктерінің мағынасын басқа тілде жүзеге асырады, кірме сөз шетел сөзін дыбыстық (әріптік) форманы жаңғыртады, ал калька шетел сөзімен семантикалық жағынан ұқсастығымен қоса оның құрылымын да ендіреді» [Семенова, 1973,136].

Көптеген ресми-іскери терминдер қазақ тіліне калькалау жолымен аударылады, мысалы, *кеңес* (заседание), *ереже* (положение), *арыз* (прошение),

бұйрық (распоряжение), *төмендегі* (нижеследующий), *жоғарыда көрсетілген* (вышеуказанный), *тазаайын болды* (назначается), *атына* (на имя), *қазна есебіне* (на казенный счет), *шаралар қолдану* (принять меры), *мұқтаж болып отыру* (ощущать потребность), *өтініш жасау* (подавать заявление), *ұсыну* (предлагать) т.б.

«Большой англо-русский экономический словарь» (М., 2005) сөздігінде ағылшын терминдерің аударғанда калькалау амалының қолданылғаны байқалады, мысалы, *administration, abatement tax* – налоговая скидка, *aviseof* – кредит, злоупотребление кредитом. И.С. Муратбаев, Б. Момынова, Г. Ақылбекова және басқалардың еңбектерінде орысшадан қазақшаға калькалау амалдарының қолданылуын салыстырыңыз. Сети интернета – *интернеттің дәліздері*; живые деньги – *тірі қаржы*; твердая валюта – *қатты валюта*, компьютерные сети – *компьютер жады*, войти в файл – *файлға кіру*, активный сейф – *актив темір сандығы*, белый рыцарь – *ақ сері*, вялый рынок – *сылбыр рынок*, зонтик цен – *баға қолшатыры*, корзина валют – *валюта қоржыны*, т.б.

Терминдерді аударғанда семантикалық, сөз жасаушы және фразеологиялық калькалар белсенді қолданылады. Семантикалық калькалау – амал, онда басқа тілдің термині қайта пайымдалып, басқасының ықпалымен қосымша мәнге ие болады. Семантикалық калькалау – сондай-ақ өзге тілдік үлгідегі семантиканың соңынан уәжді ілесу үдерісі.

Тілде орныққан семантикалық калька өзге тілдің үлгісімен қолданылатын сөздің семантикалық жүйесіне жеке мәні жағдайында кіреді, мысалы, *толқын* (волна рабочего движения), *қызыл* (красный), *ақ* (белый), *орта* (среда), *дауыс* (голос), *әуен, сарын* (мотив), *жарыс* (соревнование) *күрес* (схватка) т.б.

Сөз жасаушы калькалар тілдердің, мысалы, қазақ және орыс тілдерінің құрылымдық-семантикалық модельдерін ұқсастыруда танылатын басқа тілдің конвергенттік ықпалының нәтижесінде жасалады. Сөз жасаушы калькалау жағдайларында жаңа сөздер оларды басқа тілдің, соның ішінде орыс тілінің құрылымдық-семантикалық моделі бойынша құрастыру нәтижесінде пайда болады. Мәселен, орыс тілінің сөздерінің көпшілігі қазақ тілінде сөз тіркестері мен сөз тіркемі, түбір мен қосымшаны тіркеу жолымен калькаланады, мысалы, *жұмыссыздық* (безработница), *қолтаңба* (рукопись), *бейнежазба*, техникалық (стихийный), *әлсіздік* (бессильный) т.б.

Аударма тілінде эквивалент ретінде үлгілерді, штамптарды, клишені пайдалану терминдерді аударудың келесі амалы болып табылады. Г. Ақылбектің айтуынша, мұндай амал моноэквивалентті амал деп аталады. Іс жүргізуде терминдерді аударғанда осы амалды пайдаланған жөн. Аударма тілінде эквиваленттері бар бастапқы тілдің ондай терминологиялық тіркестері мекемелердің атын, құжаттардың, лауазымдардың атауларын аударғанда пайдаланылады, мысалы, свидетельство о рождении – *туу туралы куәлік*, департамент финансов – *қаржы департаменті* т.б. [Ақылбек, 2000].

Аударма тілінде синонимдерді алмастыру немесе таңдау амалы. Бұл амалдың мәні бастапқы терминді немесе терминологиялық тіркелімді аударма тіліндегі мағынасы немесе мәні жақын терминмен, терминологиялық тіркеспен алмастыруда, мысалы, на основании вышеизложенного – *жоғарғы*

баяндалғанның негізінде, в соответствии с действующим законодательством – қолдынылып жүрген заңдарға сәйкес, венчур (venture – тәуекелшіл кәсіпорын, demurrage – демеридж – бос тұрғаны үшін төлем т.б.

Сипаттық аударма. Бұл амалдың мәні терминді түсіндіруінде, оның мәнін ұғындыруында, мысалы, Р.К. Токсейітовтың «Экономикалық сөздік анықтамалық. Экономикалық словарь – справочник» [Қарағанды, 1999] сөздігінде мына сөздерді аударғанда осы амал қолданылған: андеррайтер – (ағыл. underwriter) сақтандыру комиссиясының тәуекелділіктің барлық түрлерін сақтандыруға немесе қайта сақтандыруға қабылдайтын уәкілетті тұлғасы, басқыншы қоржын (агрессивный портфель), бағамдық құжынының күрт көтерілуі, күтіліп отырған бағалы қазғаздардың пакеті; агенда (agenda) – күн тәртібі кеңесте, іскерлік кездесуге талқылануға тиіс тізбесі» [Токсейітов, 1999].

Транслитерация – аударма тілі әріптерінің көмегімен сөздің графикалық тұлғасын жеткізу тәсілі, мысалы barter – *бартер*, бизнес – *бизнес*, venture – *венчур*, underwriter – *андеррайтер*, spicer – *спикер*, averaging – *авераж*, конъюктура рынка – *рынок конъюктурасы*, титульный список – *титульдік тізім*, форвардные операции – *форвард операциялары* т.б.

Осылайша терминдерді аударудың негізгі амалдарын пайдалану жолымен бастапқы тіл терминдері аударма тіліне адарылатын ғылыми ұғымның мазмұнының, ғылыми мәні мен дефинитивтілігін сақталуына назар аудару керек. Сондай-ақ термин жасаудың, өзіне тән нышандарымен сөзден айырықшаланатын терминдерді қолдану мен қызметінің негізгі принциптерін сақтаған жөн.

Қорытынды

1. Терминдерді бастапқы тілден аударма тіліне аударғанда жіберілетін аудармашылық қателіктерді талдау терминнің лингвистикалық табиғатын, ғылыми білімнің анықтамасында берілетін мағынасын білмеу соларға себеп болатынын көрсетті. Термин объективті ғылыми ұғымды білдіреді. Терминді аударғанда ғылыми ұғымды дәл жеткізуге, дара мәнділігіне ұмтылған жөн, терминнің жүйелілігі мен функциясының айырмашылығын ескеру қажет.

2. Гуманитарлық лингвистика мен оның жаңа салаларының дамуының қазіргі кезеңінде терминді лингвокогнитивтік аспектіде қарастырған жөн. Мұндай жағдайда терминді терминологиялық концепт ретінде зерделеуге болады, себебі ол әлдебір ғылыми ұғымды сипаттайтын білім бірлігі ретінде көрінеді. Ол белгілі бір терминологиялық жүйенің когнитивтік және семантикалық нышандардың негізінде құрастырылған ғылыми тезаурустың мүшесі ретінде көрінеді. Ғылыми термин – объективті ақиқаттың денотаттарының нышандарын концептуализациялау мен жинақтаудың нәтижесі, заттың нышандарын жинақтау үдерісінде зат туралы ұғым қалыптасады. Одан әрі бұл ұғымдар категорияланып, типтеніп, адам санасында ғылыми білімдердің, терминдердің жиынтығы тезаурус формасында реттелген түрінде сақталып, белгілі бір тақырыптық қатарларға бөлінеді.

3. Терминдерді аударудың негізгі амалдары – калькалау (бастапқы сөздің құрылымдық бөлімдері мен ішкі формасын аудару), клишелеу әдісін пайдалану, алмастыру амалы (аударма тілінде синоним таңдау) сипаттау аудару (терминнің сөзін түсіндіру, ұғындыру), транслитерация (түпнұсқаның терминін аударма тілінде әріппен жеткізу).

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. Терминнің сөзден айырмашылығы не?
2. Термин қандай функция атқарады?
3. Терминнің қандай нышандарын атай аласыз?
4. Терминдерді аударғанда неліктен аудармашылық қателіктер жіберіледі?
5. «Тезаурус» терминінің мазмұнын қалай түсінесіз?
6. Қандай нышандардың негізінде тезаурус жасалады?
7. Терминдерді аударудың қандай амалы негізгі болып табылады?
8. Семантикалық калька деген не?
9. «Сөз жасаушы калька» терминін қалай түсінесіз?
10. Клишелеу амалының мәні неде?

Негізгі әдебиет:

1. Алиев О.Ж. Экономика терминдерін біріздендіру мәселелері // Терминдерді біріздендіру мәселелері. – Астана, 2005.
2. Жаналяна Л.К. Номинация и словообразовательные отношения. – Алматы, 1993.
3. Кайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
5. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева А.П. Общая терминология: Вопросы теории. – М.: Наука, 1989.

Қосымша әдебиет:

1. Ақылбек Г. Құжаттарды аудару тәжірибесінен // Ана тілі, 11, 18.05.2000.
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1969.
3. Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М., 1981.
4. Кубрякова Е.С. Об установках когнитивной науки и актуальных проблемах когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивной лингвистики, 2004 №1.
5. Кудияр Мамырбек. Іс қағаздарын жүргізуде кездесетін кейбір терминдер мен аудармалар туралы // Салалық терминология: бүгін мен болашағы. Республикалық ғылыми практикалық семинардың материалдары. – Астана, 2003.
6. Құрманбайұлы Ш. Салалық терминологияны қалыптастыруда орын алып жүрген кемшіліктер // Салалық терминология: бүгін мен болашағы.

Республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары - Астана, 2003.

7. Семенова Л.Н. К вопросу о фразеологическом калькировании в русском языке (фразеологические галлицизмы) // Проблемы русского фразеобразования. – Тула, 1973.

8. Сусов И.П. Когнитивные процессы и язык // Введение в теоретическое языкознание. – М., 2002.

9. Токсанбай С.Р. Экономика, қаржы-несие, банк, салық-кеден сақтандыру, биржа және кәсіпкерлік атауларының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Сөздік – словарь, 1999.

10. Фрумкина Р.М., Звонкина А.Ж., Ларичев О.Н., Касевич В.Б. Представление знаний как проблема // Вопросы языкознания, 1990, № 6.

11. Шафиков С.Г. Категории и концепты в лингвистике // Вопросы языкознания, 2007 №2.

Студенттердің жұмысына арналған тапсырма (СӨЖ)

1. «Аударматану саласындағы терминологиялық тезаурус» тақырыбна реферат жазыңыз.

2. А.В. Суперанскаяның, Н.В. Подольскаяның, А.П. Васильеваның «Общая терминология Вопросы теории» (М.: Наука, 1989) аңдатпа құрастырыңыз.

Оқытушының бақылауымен студенттердің өздік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Бірнеше, екі тілді терминологиялық сөздіктердің әрқайсысынан 15 аударылған терминді көшіріп алып, соларды талдаңыз.

2. С.Р. Токсанбайдың «Большой экономический русско-казахский словарь экономической, финансово-кредитной, банковской, налогово-таможенной, страховой, биржевой и предпринимательской терминологии» (Алматы, 1999) сөздігіне қарап «кредит» сөздің терминдер мен термин тіркестерін көшіріп алып, терминдерді орыс тілінен қазақшаға аударылу тәсілдерін талдаңыз.

3. Г.Б. Ақылбектің «Казахско-русский и русско-казахский словарь слов и словосочетаний официально-делового стиля» (Павлодар, 2001) сөздігінен алынған төмендегі терминдерді талдаңыз. Аудару тәсілін анықтаңыз:

айыппұл – штраф

артықшылық – привилегия

аэролаң – аэродром

әкімшілік шаруашылық – административно-хозяйственный

бәсеке – конкуренция

бопса – угроза

берешек – задолженность

мақұлдама – декларация.

4. Төлемдегі сөздерді аударғанда қандай амал қолданылған?

(method) - әдіс-тәсіл; (mode) сән; (licence) рұқсат; (leader) лидер; (protocol) хаттама; (instrument) құрал-сайман; (instruction) нұсқау; (information) хабар т.б.

5. Төмендегі терминдер қандай калькалардың көмегімен аударылған?

Incompet (ence) – *некомпетентный* – білімсіз; inhuman (негуманный) *адамгершіліксіз*; interpretation (интерпретация) *түсініктеме*; lead ship (руководство) *басшылық*; commanding (командование) *әскери басшылық*; publik (опубликование) *жарыққа шығару*; ovation (овация) *қол шапалақтау*, т.б.

6. Төмендегі терминдердің дұрыс аударылған – аударылмағанын анықтаңыз: алгоритм – *бағдаржол*; двигатель машины «сухарик» - *келтірілген нан*; генерал-майор – *қыран*; капитан – *қаршыға*.

7. «Репродукциялық аудармашылық қызмет», «түсіну», «түсініктеме», «транслитерация», «транскрипция» терминдеріне түсінік беріңіз.

8. *Қорғаушы, басылым, зияпат, баспабас, күтім терминдерін* орыс, ағылшын тіліне аударыңыз.

9. Сөздердің морфемалық құрамында айырмашылықтар болса, термин тіркестерін орыс тілінен қазақшаға аударудың қандай ерекшеліктерін сақтаған жөн: *надводный, подводный, привокзальный, внеплановый, гиперзвуковой, ультрафиолетовый*.

10. Термин тіркестері орысшадан қазақшаға қандай тәсілмен калькаланады?

капитальное вложение – күрделі салым, встречный план – үстеме жоспар, горькая соль – ащы тұз, драгоценное изделие – құнды бұйым.

3 тарау Аударманың стилистикалық проблемалары

3.1 Метафораны аудару мәселелері

3.1.1 Метафораның лингвистикалық теориясы

Аударматануда сөзді бейнелеу – стилистикалық пайдалану амалдарын зерделеу, біріншіден, түпнұсқа тілі мәтіндерінің түрлі типтерінде метафоралауға өкसेлең тенденцияның байқалуымен байланысты, бұл мәтін продуценттерінің адресатқа пәрменді ықпал етуге ұмтылуымен байланысты. Метафора теориясына қызығушылық, екіншіден, аударманың мұқтаждығынан: метафораның тегіктері, көшіру принциптері, оның қызметтері туралы білімнің қажеттілігімен байланысты. Үшіншіден, аудармашының метафораларды аудару амалдары туралы түсінігі болуы керек, ол үшін троптар теориясын зерделеуге тиіс. Кең мағынасында троп-семантикалық ауыстырудың иерархиялы ұйымдастырылған, уәжделінген, салғастырылмайтын елеулі элементтердің жүйесі (мысалы, әдебиеттегі, суреттегі, музыкадағы, кинодағы, пантомимадағы, психоанализдегі т.с.с. троптар) [Лютман, 1999]. Троп мағынасында троп – араларында белгілі бір контекст шеңберінде барабар қатынас орнататын екі өзара салғастырылатын елеулі элемент [Желтухин, 2004,31].

Троп үшке бөлінеді: 1) метафора; 2) метонимия; 3) синекдоха.

Метафора – сөздің бірінші мағынасы айқындалып, нышан білдіретін мәнді сөйлеу практикасында сөзге бекіген, екіншісі, сөз қолданудың сол нақты жағдайында айықталатын екі заттың кейбір нышандарының ұқсастығы негізінде контекстуалды-сөйлеу ауыспалы мәнін құраудан тұратын троп. Метафора жаңа, актуалды лексикалық бірлік жасау тәсілі болып, көркем сөзде кенінен пайдаланылады.

Метафораны зерделесудің психологиялық, семантикалық, формальды, когнитивтік бағыттары бар. Психологиялық бағыттың өкілдері, соның ішінде Ф.И. Буслаев, метафораны ұқсастығы бойынша объектілерді, құбылыстарды, ұғымдарды барабар етуге негізделген тұспал, сөздік троп ретінде қарастырылады. Бұл бір сөздің атауын нышандары мен функцияларының ұқсастығы бойынша басқаға ауыстыру. Э. Кассирер, Е.Т. Черкасова метафораның мағыналық ұқсастығы бойынша есімдерді ауыстыру екенін көрсете отырып, метафораға мынадай анықтама береді «бір заттың аталымын басқа салаға – басқа, сол бірінші ұғыммен ұқсас қасиеттері бар ұғымға ауыстыру» [Черкасова, 1968,36], [Кассирер, 1990,35].

Семантикалық қырынан метафораны ауыспалы мән жасау үдерісінде (атауды нышандарының ұқсастығы немесе функцияларының ұқсастығы бойынша ауыстырғанда): 1) ұғымды аудару нышанының (*пульс общественной жизни; плач президента; аппетиты монополии*); 2) экспрессивтік нышанының (*шупальца, спрут, изнанка политического мира*); 3) семантикалық қабаттылық нышанының (*тура және ауыспалы мәндері қосылады*) негізінде семантикалық жылжылулар жүретін троп ретінде сипаттауға болады.

Метафораның синтаксистік сипаттамасы әлдебір сөзді метафоралаудың типтік синтаксистік шартын табуды болжайды. В.В. Виноградов сөздердің лексикалық мәндерін парадигматикалық және синтагматикалық тұрғыда қарастыра келіп, сөздің синтагматикалық және конструктивті шарттас мәндерін зерделесудің маңыздылығын атап көрсетеді. Мәселен, сөздің синтаксистік шарттас мәні әрқашан метафоралы. Ол әлдебір сөздің өзіне жай функцияны, мысалы, зат есімнің баяндауыш ролін атқару жағдайларында байқалады, мысалы: *мороженое* (мясо) (прилагательное) – *мороженое* (существительное), *заяц* (животное) – *заяц* (трусливый человек) [Жаналина, 1993].

Метафораны зерттеудегі құрылымдық бағыт форманың ерекшеліктерін, яғни метафораны айту тұғырын назарға алады. Ондай жағдайда метафораларды талдау кезінде метафоралық бейне (сөздік метафоралар) *вертеть мужем*, метафораланған сөз тіркестері: *острый запах яблок*; фразалық метафора: *на ловца и зверь бежит иеси болып* көрінетін бірліктің деңгейлік қатысы, сондай-ақ оның ішінара сөздік қатысы ескеріледі. Субстанциялық (*путь, контейнер*), объективтік (*острые отношения*), етістікті метафоралар (*встряхнуться, закрукнуться*) және басқаларын бөлуге болады.

Сөздік метафоралардың синтаксистік функциясы бойынша предикативтік метафоралар, мысалы, *молчание – золото, твои руки – настоящий лед*, грамматикалық формасы бойынша – сөз тіркестері, субстантық метафорада генетивтік метафоралар, мысалы, *лед твоих рук* бөлінеді [Москвин, 2006,140].

Метафора жіктелімінде функциялық бағыт метафораны тұтас аспектіде, яғни метафора атқаратын функциялар тарапынан қарастырады. Мәселен, әлдебір ұғымды айшықтау үшін қызмет ететін номинациялық метафора бөлінеді. Мұндай жағдайда екінші номинация туралы айтуғы болады, онда сөз жасаудың семантикалық тәсілінің жолы мен атауы жоқ әлдібір ұғымды айшықтау үшін пайдаланылатын метафора туады, мысалы, спутник (жер *серігі*), молния (*застежка*). Метафора әлдебір ой дүниесіне баға бергенде бағалау функциясын атқара алады. Ондай метафораны аксиологиялық метафора деп атауға болады, мысалы, *алтын адам, алтын қол, сұр жылан, түлкі*, т.б. Ақиқаттың эстетикалық көрінісінің құралы болып қызмет ететін декорациялық, түр-түстік метафора да бөлінеді, мысалы, *қоңыр дауыс, алтын шап* т.б.

Төртінші – когнитивтік бағыт. Бұл бағыттың өкілдері метафораны ақиқатты тану құралы ретінде, танымдық мақсаттарда – жалпыға мәлім феноменмен салыстыру жолымен зерделенуші объектінің қасиеттерін түсіну, болжау, анықтау үшін, яғни эвристикалық (танымдық, гносеологиялық) функциясында зерттейді [MacComas, 1985, 36-37]. «Когнитивтік метафоралар салыстырылып жатқан объектілердің ұқсастықтарын тіркелумен шектелмей, сол ұқсастықты табуға бағыт береді, осы саладағы объектілерге бұрын табылған қасиеттері қосып қояды, соның нәтижесінде ғылыми зерттеудің үдерісін сол қасиеттерді табуға, көрсетуге бағыттайды» [Гусев, 1984].

Метафора ой дүниесі туралы жаңа ұғымның қалыптасуына ықпал ететін концептуализациялау формаларының бірі ретінде көрінеді.

Барынша жалпылама келгенде метафора бір объектіні баскасы арқылы көру ретінде қарастырылады, бұл мағынасында білімді тілдік формада таныстыру тәсілдерінің бірі болып табылады. Метафора әдетте жекеленген оқшауланған объектілерге емес, күрделі ойлау кеңістіктеріне (сезімдік немесе әлеуметтік тәжірибе салаларына) жатады. Танымдық үдерістерде осы күрделі, тікелей қадағаланбайтын ойлау кеңістіктерімен шендестіріледі (мысалы адам эмоциялары отпен, экономика мен саясат салалары ойындармен, спорт жарыстарымен салыстырылады). Мұндай метафоралық таныстырылымдарда қадағаланатын ой кеңістігінің концептуализациялануының осы үдерісте концептуализацияланып, сол тілдік қауымдастықтың жалпы концептуалдық жүйесіне қосылатын тікелей қадағаланбайтын кеңістікке ауысу жүреді. Онда бір ойлау кеңістігінің бір немесе бірнеше концептуалдық метафоралар арқылы көрінуі мүмкін.

Когнитивтік метафора жаңа факты ашып, құбылыстарды сипаттау үдерісінде жаңа ұғымды қалыптастырып, соған аталым іздестіреді [Ортега-и-Гассет, 1991, 203]. Метафора ондай жағдайда екі функцияда пайдаланылады, біріншіден жөнді түсінбеген саланың білімдерін көбейту мақсатын көздейді [Петров, 1990, 139]. Екіншіден, метафора әзірше атауы жоқ объектіні атау үшін пайдаланылады.

Когнитивтік метафораның тілдік метафорадан айырмашылығы – ол номинациялық, танымдық функцияны, ал тілдік метафора характерологиялық, бейнелік функцияны атқарады. Н.Д. Арутюнова метафораға барынша тән

ретінде дәл осы функцияларды көрсетіп, оған бейнелікті де қосады [Аругюнова, 1979].

Осылайша, метафораның негізгі бағыттарын талдау нәтижесінде метафора ақиқатты меңгеру мен танудың мәнерлі айту құралдарының бірі болып табылады деген қорытынды жасауға болады; метафоралық ауысу ақиқаттың екі функциясының арасында формалардың немесе функциялардың ұқсастығы бойынша жүзеге асырылады; метафора екінші номинацияның нәтижесі, онда сөзге тура және ауыспалы мәндер енеді.

3.1.2 Метафораның негізгі типтері және метафорализациялау тәсілдері

Әлемді когнитивтік шартты қабылдау, біріншіден, белгілі бір өмір сүрудің табиғи-географиялық жағдайында айырықша шаруашылық еңбек қызметтерін өткеру үдерісінде жинақталған өзінің ұлттық шартты дүниетанымы мен әлеуметтік тәжірибесі тұрғысынан әр этностың объективті қабылдауынан; екіншіден, объективті әлемнің тануға мүмкіншілік беретін ұлттық-шартты механизмдерінде – лингвокреативтік ойлаудың когнитивтік модельдерінде ұйғарылуында байқалады.

Ментальдық немесе лингвокреативтік қызмет – тілдік сананың маңызды компоненті. Ол Б.А. Серебренниковтың айтуынша, қосарлы бағытқа ие, себебі, бір жағынан, адамды қоршаған ақиқатты көрсетеді, екінші жағынан, тілді сол ресурстармен аса тығыз байланыстырады. Б.А. Серебренниковтың ойынша, лингвокреативтік ойлау – ассоциациялық ойлау. Тағы бір ерекшелігі «лингвокреативтік қызмет әртекті тілде қоршаған ортаның континуумын өзгеше түрде жіктейді. [Серебренников, 1983,169].

Лингвокреативтік ойлау әлем бейнесін әр тілде көрсету тәсілі бойынша жасайды. Лингвокреативтік ойлау – көріністік – гносеологиялық қызметтің нәтижесі, ол әлемді түрліше когнитивтік – шартты қабылдаудың салаларынан сан-қилы тіл иелерінде әртүрлі болатын ассоциацияларға сүйенеді. Бұл – тілде бар бірліктерді (ең алдымен мағыналық) трансформациялау жолымен жаңа тілдік мағыналар «тудыруға» бағытталған ойлау. Метафора семантикалық трансформация үдерісінде – бір заттың атауын ол туралы лингвокреативтік тұрғыда ойлау үдерісінде ассоциациялық нышандары ойынша жақындайтын басқа затқа ауыстыруды тудырады.

Когнитивтік метафора бір объектіні басқаның ұғымында модельдендіреді. Сондықтан оның сан-алуан когнитивтік және лингвистикалық модельдері бар, атап айтқанда:

1. Құрылымдық (structural) метафоралар жекелеген салаларды оларға басқа саланың құрылысын ауыстыру жолымен концептуалдандырады.

2. Онтологиялық (ontological) метафоралар абстрактылы мағыналарды кеңістікте шекараларын белгілеу жолымен категорияландырады.

3. «Байланыс арнасы / ақпарат жеткізу» метафорасы (conduit metaphor) тілдік айтылымдарды «толықтыратын» айтушы мен тындаушыны мағына

жағынан байланыстыратын «арна». Осы арнаның қозғалысы ретінде коммуникация үдерісін сипаттайды.

4. Бағдарлық (orientational) метафоралар. Олар бірнеше саланы ұқсас құрылымдар арқылы біріктіреді, концептуализациялауын бір бағытта өткеруге бағдарлайды. Оларға орғақ концептуализация береді. Олар негізінен кеңістіктегі бағдармен «жоғары-төмен», «ішкі-сіртқы», «терең-таяз», «орталы-шеткі» сияқты қарама-қарсы қоюлармен байланысты.

5. «Контейнер» метафорасы (container metaphor) мағыналарды нақты тілдік бірліктерді – «контейнерлерді толтыру» ретінде көрсетеді.

6. «Құрастыру» метафорасы (blockbuilding metaphor) ірі сөз шығармаларының мазмұны ұсак мағыналардың құрастырмасы ретінде көрсетеді [Кубрякова, Демьянков, Панцкрац, Лузина, 1996,55-56].

Лингвистикада метафоралар тақырыптың нышаны бойынша топтастырылады. Ондай жағдайда 1) анималистикалық (хайуанмен салыстыруға негізделген), 2) антропоморфикалық (заттарды, өсімдіктерді, хайуандарды адаммен салыстыру), 3) түбірлік метафоралар (тақырыптың аймақ-дерек көзін айтады) бөлінеді.

Метафоралаудың негізгі тәсілдері:

- 1) кейіптеу;
- 2) метафора генетиві;
- 3) сөзді бір тұрғыдан басқасына алмастыру;
- 4) сөздің синтаксистік позициясы – синтаксистік шартты мән.

Кейіптеу, әдетте заттарға, өсімдіктерге, хайуандар мен табиғат құбылыстарына сөйлеу, ойлау, белгілі бір іс-әрекет жасау тәрізді адамдарға тән нышандарды таңу амалы ретінде қарастырылады. Ол жан иесі – адамның қасиетін жансыз заттарға, табиғат құбылыстарына тәнатын антропоморфикалық модельге әкеледі, мысалы, *табиғат ояну барысында жылдық таңын күлімсіреп қарсы алады*.

Метафора генетиві – метафоралау тәсілі, онда метафоралық сөз тіркесіндегі бір ілік септікте тұрады: *оттың жалыны*.

Үшінші тәсіл – сөзді бір семантикалық тұрғыдан басқасына көшіру, мысалы, әдебиет тілінде терминдер жаңа мәнге ие болады: *фракция, диапазон, пульс терминологиялық саладан тыс қолданымды жаңа мағыналар дамытады: қоғамдық өмірдің пульсі, апта пульсі, т.б.*

Төртінші тәсіл – синтаксисті шартты мән. В.В. Виноградов «Основные типы лексических значений» мақаласында синтаксистік шарттылы метафораларды сипаттайды. Осындай метафоралық мағына сөздердің сөйлемде өздеріне үйреншікті емес қызметті орындағанда пайда болады [Виноградов, 1978]. Расында да, туынды бағалық мәтіндерінде зат есім көбіне предикативтік позицияда қолданылады, ал баяндауыштың позициясы бірінші орында тұрады, мысалы: ол сұлу болмаса да мінезі – *жібек: (жұмсақ, таза, мейірімді)*. Екі сөз – *алтын*, төрт сөз – сылдыраған су.

3.1.3 Метафораларды аудару амалдары

Метафораларды бастапқы тілден аударма тілінде құрылымдық түрлендіру. Егерде байырғы тіл мен аударма тілдердің комбинаторикалық принциптері сәйкес немесе, түпнұсқаның сөздік және грамматикалық метафоралары өзгертілуге шалдығады, мысалы:

«I woke early to see the kiss of the sunrise summoning a rosy flush to the western cliffs which sight never fails my spirits».

«Я встала пораньше и видела, как от солнечного поцелуя на востоке вспыхнули румянцем западные скалы – зрелище которое меня неизменно вдохновляет» [Казакова, 2006, 241].

Бұл мысалда бастапқы стилистикалық бірліктердің құрылымдық түрленуі ағылшын және орыс тілдерінде грамматикалық кейіптеу дәстүрлеріндегі айырмашылықтан туған. Бастапқы құрылым сөзбе-сөз жаңғыртылса, сөйлем орыс тілі үшін жасанды комбинациялық тіркес алады: «увидеть поцелуй восходящего солнца, вызывающий розовый румянец у западных скал, зрелище, которое никогда не перестает поднимать мне настроение».

Бастапқы тіл мен аударма тілінің грамматикалық немесе синтаксистік формалды айырмашылықтары болғанда, метафораның құрылымдық элементтерінің орнын ауыстыру амалы пайдаланылады, мысалы, ағылшын тілінде метафоралық эпитет атрибутивтік және субстантивтік сөз тіркестерімен айтылады, ал орыс тілінде метафоралық генетив қолданады, қазақ тіліне – атрибутивті-субстантивті тіркес табыс септігінде рәсімделеді, қараңыз: *on the opposite lay the desert, the Red land of the ancient texts*.

Өзеннің қарсы беттегі жасағы ағаштардың және егін алқабының жасыл көгімен жиектелінген. Олардың артында көне жазбаларда Қызыл жер деп аталатын, шөл дала созылып жатыр.

Противоположный берег реки окаймляла изумрудная зелень полей и деревьев; за ними раскинулась пустыня, в древних свитках именуемая Красной Землей.

Метафораны алмастыру. Бұл амал бастапқы тілдің анималистикалық немесе антропоморфикалық метафораларын аударма тілінде соған ұқсаспен алмастырылған жағдайда пайдаланылады, мысалы, ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде «black», «қара», «черный», метафоралық эпитеттерінің кейбір жағдайларда сөзбе-сөз аударылуы мүмкін, мысалы, *black day*, *черный день*, *қара күн*; *black deed*, *черное дело*, *қара іс*. Алайда көп жағдайларда бұл тілдірде эпитеттің метафоралық функциялары әртүрлі болады, себебі қазақ тілінде «қара» эпитеті жағымсыз бағалау функциясын *black sheep*, *black frost* (черный мороз) айтылымдары алмастырылады, мысалы, *паршивая овца*, *қотыр қозы*, *койдай қырды*, *койдай шулады*, *сильный трескучий мороз*, *қызыл шунақ аяз*, т.б.

Дәстүрлі сәйкестік. Хайуанаттар метафорасы негізінен екінші номинация бойынша сәйкеседі, мысалы «қу» мәнінде *түлкі*, *лиса*, *fox*, *жыртқыш қатыгез* мәнінде *қасқыр*, *волк*, *wolf*, зұлымдық мәнінде – *сұр жылан*, *змея*, *serpent*, *қыңыр* мәнінде – *өгіз*, *бык*, *bull* пайдаланылады. Алайда түрлі мәдениеттерде әлдебір хайуан түріне байланысты эмоциялық - бағалау

ассоциациялар сәйкеспейді, мысалы ағылшын тіліндегі *horse* сөзі «асыл тұқымды», «денсаулықты», «сәнді» сияқты жағымды эмоциялармен байланысты, қазақ тілінде де оң бағалау бағдарлары *ат* сөзімен байланысты, мысалы, *ат жақты*, *ат байлар*, (эвфемизм - еркек) т.б. Орыс дәстүрінде «лошадиная» метафорасы өзгеше, тіпті тікелей қарама қарсы ассоциациялармен байланысады: «ебдейсіз», «күшті», «өңсіз», «дөрекі», «ірі» т.с.с. Егер «лошадиная» метафорасы әйелге қатысты болса, бұл ассоциациялар айрықша айқын байқалады: «конь-баба» немесе «кобыла» - үлкен, күшті, ебдейсіз, өңсіз әйел.

Бастапқы тілдің метафорасын аударма тілінде де параллельді атау. Бұл әдістің мәні аударма тілінде сол бастапқы метафораның эквиваленттерінің іріктелуінде, мысалы, *гауһар*, *бриллиант*, *sparkler* метафоралары түрлі тілдерде эквиваленттер ретінде пайдаланады. Тек мұндай жағдайда денотаттың бір бейнелік атауы аударма тілінде басқа сөзбен алмастырылады, бірақ параллельді пайдаланылады.

Метафоралардың параллельді айтылуы объектілердің екінші номинациясының параллельді аталу жағдайында қолданылады, мысалы, түрлі тілдерде *заяц*, *қоян*, *медведь*, *маймақ аю*, *bear*, *жолбарыс*, *тигр*, *tiger*.

Бастапқы тіл мен аударма тілінің метафоралық құрылыстарында айырмашылықтар болған жағдайда толықтыру амалы пайдаланылады, мысалы, *өктемдік* (властный) ұғымы бейнелік түрде орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде түрліше беріледі. «Бүлік» жансыз ұғымына адамның қасиеті таңылғанда негізінен кейіптендіру амалы пайдаланылады. Орыс тілінде «власть» сөзі етістіктік метафорада өткеріледі. *Власть приказала*, *власть решила*, қазақ тілінде *билік* бейнелік номинациясында толықтыру бар: *ит аяқтан су ишкізу*. Ағылшын тілінде билік *dominante*, *rule*, *dominante role* сөздерімен айшықталынады.

Осылайша, бастапқы тілдің метафораларын аудару амалдарын талдау аударма тілінде метафоралық эквиваленттерді іріктеу жолымен тікелей алмастыру өте сирек пайдаланылатын амал екенін көрсетті, себебі, тілдердің тілдік бірліктерінің семантикасындағы, грамматикалық құрылыстарындағы, метафоралау объектілерімен байланысты бейнелік ассоциациялардағы тілдік айырмашылықтар құрамалы амалдары пайдалануды қажет етеді.

Қорытынды

1. Метафораны дамытудағы негізгі бағыттарды талдау лингво-когнитивтік құбылыс ретінде метафораның маңызын табудың қажеттілігін көрсетті. Метафора көптеген ғылымдарда (психология, лингвистика, когнитология) қарастырылатын троп. Метафораның маңыздылығы бір сөздің мәнін формасы, заттың атқаратын функциясы жағынан ұқсас басқа сөзге көшіруде. Ақиқат объектілерінің екінші номинациясы. Сонымен бірге метафораны ақиқатты тану құралы ретінде қарастыруға болады. Бұл ой дүниесі туралы жаңа ұғымдардың қалыптасуына ықпал ететін концептуализациялау формаларының бірі. Метафора – ойлаудың лингвокогнитивтік қызметінің нәтижесі, онда екі зат ортақ нышандарының негізінде ассоциацияланып, бір-

бірімен салғастырылады. Таным барысында тікелей қадағалауға болмайтын ой кеңістіктері қадағаланатын нақты ой кеңістіктерімен шендестіреді.

2. Негізгі метафоралық модельдер: 1) құрылымдық модельдер (жекеленген салаларға басқа саланы құрастыру жолымен оларды концептуализациялайды); 2) онтологиялық (нақты ұғымдар арқылы абстрактілі мағыналарды категориялайды); 3) *conduit metaphor* метафорасы коммуникация үдерісін мағыналар қозғалысы ретінде көрсету); 4) метафора – контейнер (мағыналарды контейнерлердің толуы ретінде көрсетеді); 5) бағдарлық метафоралар (кеңістіктегі бағадармен байланысты); 6) метафора – құрастыру (ірі шығармалардың мағынасын ұсақтардан құралған ретінде көрсету).

3. Метафоралаудың негізгі тәсілдері: кейіптеу (антропоморфикалық метафора, онда адамның қасиеттері жансыз заттарға, құбылыстарға таңылады); метафора генетиві (зат есімдердің сөз тіркестерінде бір сөз ілік септігінде тұрады); сөзді бір саладан басқасына ауыстыру (бір тұрғыда, сан алуан функционалдық стильдерде, терминологияларда қызмет ететін сөздерді басқаларына ауыстыру). Сөздің синтаксистік шартты позициясы – метафора – сөзге өзіне жат, мейлінше сирек атқарылатын функцияны таңу.

4. Бастапқы сөздің метафорасын аударма тіліне жеткізу амалдары әрі түрлі: бұл құрылымдық түрлену (аударма тілінде эквиваленттері болмаса немесе тілдер арасында айырмашылықтар болса, метафоралық сөз тіркесін трансформациялау); орын алмастыру (сөйлемде метафораның орнын алмастыру); дәстүрлі сәйкестік (метафоралық эквиваленттерді іріктеу); толықтыру (метафоралық сөз тіркесіне әлдебір элементтер қосу); метафоралық негізді параллельді атау (эквиваленттерді іріктеу). Метафораны аударудың әлдебір амалын пайдаланғанда сөздердің мағынасы, грамматикалық категориялары мен құрылысы, бейнелеу-ассоциациялық байланыстары бойынша айырмашылықтарына назар аударған жөн.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. Семантикалық бағыттың өкілдері метафораны қалай қарастырады?
2. Неліктен метафора троп ретінде сипатталады?
3. Неге метафораны синтаксистік шартты позицияда қарастыру қажет?
4. Неге метафораны екінші номинацияның нәтижесі ретінде көрсетеді?
5. Қандай метафоралық модельдерді білесіз?
6. Когнитивтік бағыт өкілдері метафораны қалай сипаттайды?
7. Метафоралаудың қандай тәсілдерін атай аласыз?
8. Дәстүрлі сәйкестік амалының мәні неде?
9. «Метафораны алмастыру» терминін қалай түсінесіз?
10. Аударма тілінде « құрылымдық түрлендіру» нені білдіреді?

Негізгі әдебиет:

1. Арутюнова Н.Д. Метафора //Русский язык: Энциклопедия. – М., 1979.
2. Виноградов В.В. Лексикология и лексикография. – М.: Наука, 1978.
3. Желтухин М.Р. Тропы и их функции //Русская словесность, 2004, №1.

4. Казакова Т.А. Практические основы перевода. English Russian. – СПб.: Издательство «Союз», 2006.

5. Петров В.В. Метафора: от семантических представлений к когнитивному анализу // Вопросы языкознания, 1990, №3.

Қосымша әдебиет:

1. Жаналина Л.К. Номинация и словообразовательные отношения. – Алматы, 1993.

2. Гусев С.С. Наука и метафора. – Л., 1984.

3. Кассирер Е.С. Сила метафоры // Теория метафоры. – М., 1990.

4. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузин Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996.

5. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек – текст – семиосфера – история. М., 1999.

6. Москвин В.П. Стилистика русского языка. Теоретический курс. – Ростов н/Д: Феникс, 2006.

7. Ортега-и-Гассет Х. Две главные метафоры. – М., 1991.

8. Серебренников Б.А. О материалистическом подходе к явлениям языка. – М., 1983.

9. Черкасова Е.Т. Опыт лингвистической интерпретации тропов // Вопросы языкознания, 1968, №2.

10. MacCormac E.R. A cognitive theory of metaphor. – Cambridge, 1985.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. «Метафора теориясын жасаудағы когнитивтік бағыт» тақырыбына реферат жазыңыз.

2. Ю.А. Бельчиковтың «Олицетворение» деген мақаласын («Русский язык. Энциклопедия». (М., 1977, 285б.) кітабында оқып, конспектілеңіз.

Оқытушының басшылығымен өздік жұмысқа (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Метафоралық сөз тіркесі бар сөйлемді қазақ және ағылшын тілдеріне аударыңыз. Аудару амалын атаңыз: *Мутная толпа всадников понеслась в горы.*

2. Антропоморфизм үдерісінде табиғат құбылысы адамның іс-әрекетімен жақындасады, адамгершілік және психикалық құбылыстар физикалық құбылыстармен алмастырылады. Төмендегі мысалдан антропоморфикалық метафораны табыңыз:

Мешади глядел ему (сыну – А.К.) вслед, ему было жалко сына, но он, сложив на широкой своей груди руки, видел горы, такие же непреклонные и гордые, как он сам.

3. *Красная девица, добрый молодец тәрзіді* орыстың метафоралық айтылмдарын дәстүрлі сәйкестік амалының көмегімен қазақ және ағылшын тілдерінде жеткізуге болатын-болмайтынын анықтаңыз. Орыс тіліндегі метафоралар қазақ және ағылшын тілдеріндегі аудармалармен сай келеме?:

шырайлы қыз, сұлу қыз *red maiden* (рыжая девица), бозбала, жігерлі жас, *fine fellow* (замечательный парень).

4. Ағылшынның метафоралық айналымдарын қазақ және орыс тілдеріне аударыңыз. Бұл жағдайда құрылымдық түрленудің орын алған-алмағанын анықтаңыз: *a dream of a dress, a beast of a car, a barrel of a man, an angel of a girl*.

5. *Сливки общества* метафоралық айтылымын қазақ және ағылшын тілдеріне аударыңыз.

6. *Черная дыра, загар пустыни* когнитивтік метафораларын қазақ, неміс және орыс тілдеріне аударыңыз.

7. Когнитивтік метафораны көркем метафорадан айырмашылығын анықтаңыз. *Груз воспоминаний, багаж знаний, бегущее время, поезд идет, время идет, дождь идет*. Лингвистикалық метафораларды қазақ, неміс және ағылшын тілдеріне аударыңыз.

8. *Генеалогическое древо языков, родословное древо, языковая ветвь, генетическая связь языков, генеалогическая классификация түбірлік* метафораларының басқа метафора түрлерінен айырмасының неде екенін анықтаңыз?

9. Мына метафоралардың функциясын анықтаңыз: *хроническая безработица, желтая газета, раковая опухоль преступности*.

10. Метафоралаудың амалын анықтаңыз: *земля стонет – стонет мать – сыра земля, березки шепчутся, солнце смеется, кисть его хладела и тупела*.

3.2 Метонимияны аудару проблемалары

3.2.1 Метонимия сөйлеу – ойлау қызметінің лингвокогнитивтік тетігі ретінде

Лингвистикада метонимия екінші номинациялық тәсіл заттарды қайта атау, бір заттың атауын ұғымның араластығы бойынша басқасына көшіру функциясын атқаратын троптардың негізгі түрлерінің бірі ретінде қарастырылады. Тіл мамандары метонимияны бір класта тұратын объектілердің аталымын басқа кластың объектілерін шектес ұғымдарды білдіретін, бір ситуацияда пайдалануды көрсететін, іргелес қасиеттері бар сөздердің аталымымен алмастыру» [Лингвистический энциклопедический словарь, 1990,300] механизмі ретінде зерделейді. Бір объектінің атауын басқасына олардың нақты немесе ассоциативтік шектестік, бірегейлік, өзара бағынушылық принципі бойынша біріктіру [Morier,1981,743] «кеңістік, уақыттың, каузальдық байланыстар негізінде» [Пауль, 1960,117] көшіру метонимикалық болып саналады.

Метонимикалық көшірудің негізінде сыртқы фактордың ықпалы – нақты әлемнің екі түрлі затының немесе құбылысының нышандарының ұқсастығы немесе араластығы жатыр. Көшіру метонимияның түрінің негізінде де жүзеге асырылады, ол сөздің семантикалық байланыстарының нығаюы мен дамуында, тілдің дамуының негізгі тенденцияларына – экспрессивтілік пен жүйелілік тенденциясына бағыныштылығынан көрінеді. Атаудың араластығы бойынша көшіру кезінде тілдің жүйелілікке тенденциясы семантикалық жылжытуға

ұшыраған жаңа сөздердің ұқсас қолдану мүмкіндігін ала отырып, тиісті лексико-семантикалық топқа қосылуынан байқалады. Метонимикалық көшіру – заттардың аралас нышандарының ассоциациялық байланысы және атауды бір заттан басқасына көшіруді жинақтау мен жақындастыру негізінде екінші номинация жолымен жаңа сөздер жасауға ықпал ететін ассоциациялық ұқсастық түрлерінің бірі. Метонимия сөз жасаудың семантикалық тәсілі ол жаңа сөздердің пайда болуына ықпал ете отырып, екінші номинация жолымен жаңа сөздерді жасауға ықпал ететін ассоциациялық ұқсастық түрлерінің бірі. Тілдің жүйелікке бағдарланған тенденциясы метонимияның сөз жасаудың семантикалық тәсілі жолымен жаңа сөздердің пайда болуына ықпал ете отырып, екінші номинацияның жүйелі механизмі ретінде көрінуінен байқалады. Метонимиялық көшіруде тілде бар номинациялық құралдар «жаңа аталым функциясын атқарады» [Жаналина, 1993].

Метонимияны талдағанда сөздің осы екі механизмін ажыратуға көңіл бөлу керек, егер метафора тұспалы түрде объектілерді, құбылыстарды жақындастырса, ұғымдар ұқсастығы бойынша ұқсастандыруға негізделсе, метонимия тұспалы заттардың (объектілердің, құбылыстардың, ұғымдардың) байланысына (шектесуіне) негізделген. Метонимия дегеніміз бір затты онымен араластығы бойынша ассоциацияланатын басқа зат арқылы қайта атау нәтижесі. П. Рикер метафора мен метонимия арасындағы қатынасты зерттеу барысында, метафора мен метонимия арасындағы қарама қарсы қатынасқа барынша ортақ мағына беру мүмкіндігі туралы айтады, бұл ойлаудың метафоралық және метонимикалық үдерістерінің қарама қарсылығын дәлелдейді.

Р. Якобсонның пікірінше, метафоралық және метонимиялық модельдердің бәсекесі әртүрлі символикалық (сөздік, жеке тұлғалық, элеуметтік әрекеттерде) көрінеді [Якобсон, 1990, 129].

Соңғы кезде метафора мен метонимия оларды сөйлеу-ойлау мен сөз тудыруда маңызды рөл атқаратын сөздің когнитивтік механизмдері ретінде қарастыратын когнитивтік лингвистикада зерделенеді. Метонимия осы ғылымның шеңберінде ментальды механизм ретінде зерделенеді. Дж. Лакофф пен М. Джонсон метонимияны метафора сияқты күрделі ой кеңістігі (сезім мен элеуметтік тәжірибе саласы) ретінде қарастырады. Танымдық үдерістерде бұл күрделі ой кеңістіктері нышандардың араластығы негізінде қарапайымдау, нақты қадағаланатын кеңістіктермен шендеседі. Қадағаланатын ой кеңістігін концептуализациялауды тікелей қадағаланатынға көшіру ортақ, аралас нышандар негізінде өтеді. Онда тікелей қадағаланбайтын концептуализацияланып, сол тілдік қауымдастықтың ортақ концептуалдық жүйесіне қосылады. Метонимиялық механизмнің іс-әрекетін көрсету үшін Дж. Лакофф пен М. Джонсон ментальды модельді «сыйымды орын», деп «адам» концептосферасының шегінде сипаттайды.

Зерттеушілер «метальдық модель» терминін әлем туралы білімдерді шоғырландыратын, сөйлеу-ойлау үдерісіне қатысатын когнитивтік бірлік үшін текстік ұғым ретінде пайдаланады. Бұл категория ақиқаттың үзіндісімен (сол туралы білімді шоғырландырады) шендесіп, оны практикалық және мәдени

менгерудің нәтижесі болып табылады. Перцептивтік тәжірибе (эмпирикалық бейне, концептуализациядан бұрын тәжірибе) менталдық модельдың негізгі көзі болады. Бұл бірлік тілдік жүйеге (ассоциациялық-вербалды деңгей) ассоциациялық-вербалды өрістің шеңберінде жобаланады. М. Джонсон, Дж. Лакофтың пайымдауынша, бейне (менталдық модель), әр түрлі бейне сөз тараптарына жататын, сан-алуан лексико-семантикалық және тақырыптық топтарға жататын лексикалық тәсілдер арқылы экспликацияланады.

Метонимияны сондай-ақ метафораға қатысты Дж. Лакофф пен М. Джонсон ұсынған когнитивтік өмір шеңберінде қарастыруға болады. Авторлар айтуынша, дерексөз саласын сигнификативтік және денотативтік дескрипторлар ақырғы көпшіліктерді құрайды. Олар тезистік иерархияларға ұйымдастырылу керек. Сол иерархиялар тиісті салалардың құрылымын бейнелейді. Сондай иерархиялар базаға кіретін жолды ашады» [Лакофф, Джонсон, 1990].

Расында, метонимияны иерархиялы ұйымдасқан өріс ретінде сипаттауға болады, онда бастапқы мән (сигнификативтік дескриптор) екінші туынды мәнді (екінші денотат – екінші денотативтік дескриптор) тудырады. Бастапқы бірінші мәнді екінші номинация кезінде екіншіге көшіру араларындағы ассоциативтік байланыс негізінде түрлі ұғымдарды жақындататын метонимикалық көшірудің ментальдық моделінің негізінде жүзеге асырылады. Араластық нышанының негізінде түрлі денотаттардың жақындасуы – субъектінің сөйлеу-ойлау қызметі үдерісінде ассоциациялық ойлаудың нәтижесі. Субъект өзінің лингвокогнитивтік танымдық қызметінің үдерісінде ассоциация негізінде түрлі ұғымдарды жақындастырады, ортақ нышандар табады, оларды салғастырып, екі денотаттың арасындағы ортақ нышандардың негізіндегі әртүрлі денотаттарды ортақ концепт аясында түйістірудің қажеттілігі туралы қорытынды жасайды. Екінші концепт – заттың бірінші номинациясы – дерек көзі түрінде ассоциативтік-вербалдық деңгейде көрініс табатын концептке дейінгі тәжірибені көшіру нәтижесі. Метонимиялау кезінде зат – дереккөзінің атауы субъектінің сөйлеу-ойлау және лингвокогнитивтік қызметінің үдерісінде денотативтік дескрипторға көшеді. Мұндай жағдайда араларындағы ассоциативтік байланыстың негізінде сигнификативтік және денотативтік дескрипторлардың атауларының жалғыз ортақ ұғымның аясында түйісуінде байқалатын екінші концептуализация жүзеге асырылады. Сөйлеу-ойлау метонимиялық механизмі сезімдік концептке дейінгі тәжірибе негізінде ассоциативтік-вербалдық желідегі екі номинацияны жақындататын бір концепт аясында номинацияларды түйістіру мен ассоциативтік ойлау барысында екі заттың атауларының жақындасуынан байқалады.

Метонимия жаңа айшықтың екінші номинациясының нәтижесінде пайда болуына ықпал ете отырып, номинативтік функцияны атқарумен қатар экспрессивтік функцияны да өткереді. Бұл жағдайда сөзді мәнерлеуге ықпал ететін бейнелік метонимия туралы айтуға болады, мысалы, *месяц бледно луч наводит, на печальное лицо* (И. Козлов), *изумрудные глаза, атласная кожа, чужунный цвет*. Сол сияқты: «Он и теперь продолжает работать с утра до

вечера. Теряя одну работу, подыскивает другого, так что «каторга» остается в полной силе» [М. Салтыков-Щедрин, т.9, с.199].

Осылайша, метонимия лингвокогнитивтік табиғатқа ие. Оны мағынасы ментальдық метонимиялық модельдің шеңберінде екі аралас ұғымды жақындастыратын бір концепт аясында түйістіру және екі денотаттың атауларын ассоциативтік ойлау негізінде жақындастыру нәтижесінде сигнификативтік дескрипторлардың атауларын көшіруге (дереккөзін денотативтік дескриптор – мақсат саласында) ықпал ететін сөйлеу-ойлаудың лингвокогнитивтік механизмін көрсетуінен байқалады.

3.2.2 Ментальдық метонимиялық модельдер

Ментальдық метонимиялық модельдер тіл мен сөзге метонимиялық ойлауды актуальдендіреді. Тілде метонимия жаңа сөздердің тууына ықпал ететін семантикалық сөз тудырудың өнімді тәсілі ретінде қарастырылады. Стилистикада метафора мәнерлеуші троп ретінде зерделенеді. Когнитивтік лингвистикада метонимиялық ментальдық модель аса күрделі ойлау кеңістігін күрделілігі төмендеу ойлау кеңістігі арқылы концептуалдандыру тәсілі ретінде зерделенеді. Метонимияны әртүрлі, алайда аралас ғылымдарда зерделенетініне қарамастан метонимиялаудың ментальдық модельдері барлық ғылымдарда пайдаланылады. Солардың ішінде зат есім мен сын есім саласында метонимиялаудың ментальдық модельдері құнарлы болып көрінеді.

Зат есім үшін ең құнарлы болып табылатын ментальдық модельдер: ішіндегі ұстаушы (құрылым – мемлекеттік немесе коммерциялық мекеме, кәсіпорын), мысалы, банк, экономика, білім беру құрылымдары т.с.с.; рынок-товар айналымы саласындағы экономикалық көрініс; *белочки, зайчики, волки* – белорустық ақша белгілері т.б.; қимыл – қимыл орны (кеңістік – белгілі бір аумақтағы әлдебір шаралардың тұтас кешені, мысалы, *бір тұтас, экономикалық, ақпараттық құқықтың кеңістік, литературная гостиная – әдебиет тақырыптарына кештер, пікір таластар өткізу т.б.*) [Черникова, 2001,87-88].

Бұл модельдің «сыйымды - сыйғызатын» деп аталуы да мүмкін. «Адам» концептосферасында бұл модель елеулі рөл атқарады. М.П. Одинцова адамды «сыйғызатын орын» деп сипаттап, сол ұғымға келесі анықтама береді: «адам – ақыл-есі, еркі, сөзі бар, белсенді, өзінің талғамына қарай қимыл-әрекетін реттейтін «мен» тұлғасы да бар. Сонымен қоса, ол салғырт зат – кеңістік, сол кеңістікке әртүрлі субстанцияларды, материалдық (физикалық) және идеалдық (рухани) заттарды, құбылыстарды сыйғызуда болады, мысалы, жады, ақыл, сана, қиял; жеке тұлғаның қасиеттерін: махаббат, мейірімдік, саналық, қызғаншақтық, жеккөрушілік, уайым, қуаныш, т.б.» [Одинцова, 1991,65].

Сыйымдылық моделінің экспансиясы «адам» концептосферасында метонимиялық модельдер негізінде реттеледі: бүтін-бөлімдік құрылым. «Бүтін» - адам (ақылы, көзқарасы, эмоциялары бар): *басында, мыында, кеудесінде, жүрегінде, сезімінде әңгі-тәңкілік* [Илюхина Н.А., 2002].

Зат есімнің метонимия саласында мынадай модельдер тараған: 1) *материалдан содан жасалған бұйымға көшіру*, мысалы, *жез және жез ақша*,

медяки, грош; 2) елдің, мекеннің орнының атауы, сол жердің тұрғындарын жалпылама атауға, немесе сол жерге байланысты уақиғаға көшіру, мысалы, *Бородино* (Бородино селосындағы шайқас) *Фили кеңесі* (Фили деревнясында өткен); 3) іс-әрекеттен оның нәтижесіне, орнына немесе іс-әрекетте қолданылған затқа (субъект, объект, зат, қару), мысалы, *остановка* (белгілі әрекет, транспорт тоқтайтын жер); *ысқырық* (ысқыру үшін тағайындалған аспап); 4) мазмұнын айту немесе оның мазмұнының материалдық айналу формасы, мысалы, *жуан кітап* затқа, ал *қызық кітап* мазмұнға қатысты; 5) ғылымның білім саласынан ғылым дүниесіне, мысалы «тілдің грамматикалық құрылысы» және соны зерделейтін тіл білімінің бөлімі; 6) әлеуметтік уақиғадан, шарадан, оған қатысушыларға, мысалы «конференция мамырда болады және *конференция маңызды шешім қабылдады*. 7) әлеуметтік ұйымнан, мекемеден оның жалпы қызметкерлері мен ғимаратына, мысалы, *фабриканы жөндеу* немесе *фабрика ереуілге шықты*; 8) тұтастан бөлшекке – *ағаш – алмұрт – жеміс*; 9) эмоциялық күйден себебіне, мысалы, *масқара, қорқыныш – масқара жай*; 10) автордың есімі шығармасына немесе жасаған моделіне беріледі, мысалы, *Буль* – «мастердің аты және сол мастердің стилінде жасалған жиһаз» [Лингвистический энциклопедический словарь, 1990,300].

Жалқы есімі жалпы есімі. Модель әр түрлі: 1) өз есімі – шебердің есімі мен аталатын бұйым, мысалы, Калашников (өнертапқыш) калашников (автомат), Кольт (өнертапқыш) – кольт (қару). 2) өз есімі – жекеменшік, имене, жер, мысалы: Мария Новохацкая – 3000 десятин. Ф.М. Плеваконың сөзінен: «когда Марию Новохацкую увезли в Москву лечить, кто писал на имя жены Вагнера что Новохацкую увезли в сумасшедший дом. При этом в письме писалось прямо: «Спасите ее 3000 десятин, ее имене из рук братьев».

Сын есімнің метонимиясында мына модельдер құнарлы: 1) объектінің нышаны бірінші объектімен, содан жасалғанмен немесе оны пайдаланғанмен әлдеқалай байланысы басқа объектінің нышаны болып табылады, мысалы, *таза технология, экологиялық тәрбие, компьютерлік сауаттылық*. 2) объектінің нышаны объектімен байланысты іс-әрекет нышаны (*лазерлік хирургия, құрылыс экспорты*).

Сын есім метонимиясын нышандық метонимия деп атайды. Нышандар метонимиясының күрделілігі зат есімге және көшіруге қатыстырушылардың санының көптігіне қарай болуында (зат есім метонимиясында – екі зат, мысалы, *аудитория* (ғимарат) *аудитория* (сол ғимараттағы адамдар); сын есім метонимиясында екі зат – бір нышан, *батыл адам – батыл жасауан* (батыл адамның жауабы) [Бирих, 1987,63].

Сын есім метонимиясының механизмі номинация механизмі ретінде олардың объектісінің айырықшылығымен шарттас. Заттардың сапасы, қасиеті, нышаны сын есімнің денотаты болып табылады. Алайда затсыз сапа, қасиет болмайды, сондықтан да «сын есімнің мағынасына ылғи да қасиетке иегердің мағынасы ауыстырылады» [Вольф, 1973,7].

Аударматануда ментальды метонимиялы модельдерді тыңғылықты сипаттау, олардың адамның лингвокогнитивтік қызметінің үдерісіндегі функциясын, өзін түрлі тілдерде сәйкесетін-сәйкеспейтінін түсіну қажет.

3.2.3 Метонимияны аудару амалдары

Бастапқы метонимияны аударма тіліне аудару көп жағдайларда қиындық тудырмайды, себебі түрлі тілдерде метонимияның модельдері сай келеді. Мәселен, қазақ және ағылшын тілдерінде «бөлшек-тұтастық», «сыйғызушы орын – сыйғызатын», «материал – содан жасалған бұйым», «өз аты - шығарма», «іс-әрекет – нәтиже», және басқалары сияқты модельдер тараған. Сондықтан бастапқы тілдің бастапқы ментальдық моделін аударма тілінде ментальдық метонимиялық модельге алмастыру метонимияны жеткізуге негізгі амал болып табылады, мысалы, ментальдық модель: *Белый дом, Ақ үй – Ақ үй* (Ақ орда), *White house* осы үш тілде де бар, тек қазақ тілінде «үй» ұғымы «ханның тұрағы», «көшпелілердің мекені», «*әскери әкімшілік ұйым*» мәніндегі ұлттық айырмашылығы бар «орда» сөзімен алмастырылған.

Солай дегенмен, бастапқы тілдің метонимиясын аударғанда қиындық кездеседі. Т.А. Казакованың айтуынша, ассоциациялық метонимиялық ауыстырулар: а) зат және оның нышаны арасындағы ауыстырулар; 2) бүтін мен бөлігі арасындағы ауыстырмалар; жалқы ат және жалпы ат арасындағы ауыстырмалар аудармада қиындықты тудырады [Казакова, 2006].

Метонимияның түрлерін аудару кезінде пайдаланылатын ықтималды тәсілдерді жан-жақты қарастырайық.

Ортақ нышан негізінде бір ұғымның атауын басқаға көшіру жағдайында туатын нышандық метонимия шынында да қиындық тудырады, себебі екінші номинацияда мағынасы басқа тіл мен мәдениет иесіне түсініксіз ауыспалы мән пайда болады. Мәселен, ментальдық модель бойынша көшіру нәтижесінде пайда болатын сөз тіркесі: *қоңыр киім киетін* фашисттерді, неофашизмді жақтаушыларға алмастырады. Солар туралы мәдени мәліметі жоқ адресатқа киімнің түсін білдіретін нышан – сондай киімдегі адамды сипаттайтын *қоңыр шешендер, қоңыр адамдар, қоңыр қоқыс* тәрізді нышандар түсініксіз болады. Бұл жерде әңгіме *саяси ағымды* жақтаушылары туралы болып отыр. Сондықтан мұнда сөзбе-сөз аудару амалын қолдануға болмайды. Сөзге аудармашылық түсініктеме қажет. Аудармашылық түсініктеменің мәні сол сөз тіркесіне (қысқаша немесе жан-жақты) түсініктеме беріп, лексикалық фонын түсіндіруде. «Қоңыр» ұғымымен байланысты жағымсыз ассоциациялар туралы түсінік беру. «Қоңыр» сөзіне бағалық, не стилистикалық коннотацияның пайда болуы – бастапқы сөздің семантикалық құрылымында қосымша ықпалдың пайда болуы семаларды актуалендірудің нәтижесі. Кез келген сөздің семантикасына семантикалық құрылым лексикалық ұғым ғана емес, оны сан-алуан сөзде қолдану үдерісінде туындаған, сол сөзді қоршаған ассоциация да енеді. Осы ассоциациялар әр сөздің «лексикалық фоны» аталатынды құрайды [Верещагин, Костомаров, 1983]. Метонимияның сөздің лексикалық фонның

семантикалық құрылымына енбеген және тікелей контексте тұспалды пайда болған әлдебір компоненттерінің негізінде тууы мүмкін. Метонимиялық ауысулардың жасалуы осы принципке негізделген. Сөздің семантикалық құрылымының перифериясында бекіген ықтималды семалар мен сөздің құрылымында бекімеген тұспалды семалар имплициттік деңгейде айтылымның қосымша мағынасын құрайды. Мәселен, орыс және қазақ тілдерінде «джинсовая девица», «джинсы киген қыз» сөз тіркелімдерінде импликациялық деңгейде актуальдендірілген қосымша жағымсыз коннотация бар, бұл теріс баға әсіресе орыс тілінде күштірек байқалады. Ағылшынның «a denim girl» айтылымы орыс мәдениетінде бар, теріс бағалап пайымдауды жеткізе алмайды. Ағылшын тілінде ондай айтылым қолданбайды. Сондықтан ағылшын тіліне аударғанда метонимияның мәнерлігі жоғалады. «Джинсы киген қыз» айтылымын ағылшын тіліне аударғанда, джинсы киген жастарға жақтырмай қараудың себебін түсіндіретін мәтіннен тыс аудармашылық түсініктеме қажет. Кеңес заманында джинсыны жастар, манекенщицалар мен жұмыс істемейтін еркектоғайлар киген. Ондайларды адамдар ұнатпаған. Ал Батыста джинсы кәдімгі жұмыс киімі болып есептеліп, джинсы киген қызды ешкім сөкпеген. «Атауды әлеуметтік уақиғадан, шарадан, соған қатысушыларға көшіру» моделі де фондық білімдерді, мысалы, ағылшын тілінен *Jhatcherland, Reagonomics. Watergate* айтылымдарын аударғанда сол бейнелік айтылымдардың (рейганомика, страна Тетчер, Уотергейтский скандал) шығуына байланысты аллюзияларды, лексикалық фонды білуді қажет етеді.

«Бөлшек-тұтас», «тұтас-бөлшек» ментальдық моделі бойынша жасалған бастапқы тілдің метонимиясын аударудың күрделілігі осы категориялардың айтылымдарындағы тәсілдер мен шектеулер әр тілде әртүрлі болуында. Орыс тілінде басқа бірқатар құралдар, ең алдымен копармалы негізде туатын метонимиялық тендеу болғандықтан, мұндай метонимиялық көшіру салыстырмалы түрде шектеулі. Ағылшын тілінде синекдоха метафора сияқты табиғи, көбіне әлдебір стилистикалық жүктемесіз болып, ең алдымен белгілі бір сөздің стилистикалық функциясына берілуге тәуелді болады. Осы сәйкессіздік аударманы қиындатады [Казакова, 2006]. «Бөлшек-тұтастық» ментальдық моделін аударғанда бастапқы айтылым функциялық, стилистикалық және семантикалық түрлендірілуін қажет етеді, мысалы, ағылшынның *These wheels will drive you at your pleasure* айтылымын орыс және қазақ тілдеріне аударғанда ағылшын тілінің мәнерлеу құралдары орыстың «колеса», қазақтың «дөңгелектер» - імен алмастырылады, мысалы, «эти колеса гарантируют вам езду с удовольствием», «Осы дөңгелектер сіздердің риза болып жүріңіздің кепілі болады». Алайда аудармада сөздің стилистикалық қатыстылығы жоғалады. Егер ағылшынша айтылымында бейтарап болса, қазақ және орыс тілдерінде «колеса», «дөңгелектер» сөздерінің пайдаланылуы қарапайым сөйлеу сипатына тән. Төменгі сөйлемді қазақ тілінен орыс тіліне аударғанда да сөздің стилистикалық қатыстылығы мен стильдік реңкі, сол сияқты метонимияның құрылымы дәл солай өзгереді, салыстырыңыз: «Ізгі перзент, ақ жсаулық, қорада жатар жүз саулық»; «Шұбар бастаған ақ сақал, қара сақалы жиылып, баталасып аттанысыпты», «Мұндағы жұрт қызыл қарын жас бала

емес. Өлмесін білетін болды, - деді Абай», «Святой ребенок, жена, сто овец в овчарне», «Белобородые и чернобородые во главе с Шубаром уехали, получив благословение», «Абай все еще не мог успокоиться. Вам объяснять не нужно. Вы и так меня поняли. Здесь не грудные дети! Раз там наслаждаются своим новым счастьем, пусть и нам дадут жить спокойно».

Көріп отырғанымыздай, аудармада метонимия бұзылады. *Ақ жсаулық, ақ сақал, қара сақал, қызыл қарын* метонимиялық қолданысы аударма үдерісінде құрылымдық тұрғыда алмастырылады. Мұндай жағдайларда айтылымдарды құрылымдық түрлендіру амалы пайдалынылады.

Әлдебір істің, іс-әрекеттің жалқы есімі – жалпы атауы ментальдық моделін аудару да қиындық тудырады. Белгілі бір Плюшкин, Манилов, Обломов тәрізді жалқы есімдер мен ұнамсыз коннотация тудыратын, әлдебір мінезді білдіретін жалпы есімге айналған *плюшкин, манилов, обломов* – метонимиялық көшірулер адресаттың мәдениетінде беймәлім болуы мүмкін, сондықтан ондай жағдайда бастапқы метонимияны толық түрлендіру амалы қажет. Тура атау қалпына келтірілетін жағдайда оның неге жалпы есім болғаны түсіндіріледі. Сол метонимиялық есіммен берілген сапаны ажырату амалын да қолданған жөн.

Салыстырмалы тілдерде жеке қасиеттерді айтудың тілдік және мәдени дәстүрлері сай келген жағдайы байқалса, аудармада көбіне толық, барабар аудару амалы қолданылады, мысалы, қазақ, неміс, ағылшын тілдерінде «бас» сөзінің метонимиялық қолданылуы ұқсас, мысалы: *умная голова – голова; бас (бастық), бас болды, der Kopf (бас), the head (бас)*. Бұл метонимиялық көшірулер көп тілде алғашқы «әлдененің басында болу» мәнінде сай келеді, алайда қалған дифференциалдық нышандарында айырмашылықтардың болуы мүмкін. Орыс және қазақ тілдерінде «бөлшек-тұтастық» ментальдық метонимиялық моделі көп жағдайларда сай келеді, мысалы, шляпа (растяпа) – *қалпақ* (бос, болбыр адам), *ушанка – тымақ*, салыстырыңыз: «Поезд толды *тымаққа, өзгіз тобы сияқты* тиеліп»; Поезд запомнился ушанками, словно стадом воллов»; «Сол атаудың ішінде кіршіксіз екі *жүрек* асау тайдай *тулайды*»; В том доме, словно необузданные жеребята, бьются два чистых сердца»; «Каншама әнші, күйші сұлу сезімді *қара көздердің* күл астында қалып қойған моншақтай бай босағасында жүзі солмады»; Сколько одаренных, с прекрасными чувствами, черных глаз, завяли в домах баев, как жемчуг, потускневших в золе».

Осылайша, аударма тілінде метонимиялық қолданыстарды талдау метонимияны аударудың барабар ментальдық модельдер бойынша толық эквивалентті аудармадан бастап функциялық және семантикалық тұрғыда құрылымдық түрлендіруге дейінгі сан алуан аударма амалдарын пайдалануды қажет ететінін көрсетті.

Қорытынды

1. Метонимия – мағынасы әлдебір ой дүниесін бейнелеп жеткізетін, сондай-ақ екінші номинация моделі бойынша жаңа сөз жасаудан тұратын троп. Метафора нақты ойлау нышандарын күрделі ой кеңістігіне көшіру және оны араларындағы ассоциациялық ұқсастықтың, аралас нышандары бойынша бір ұғымның нышандарын басқасына көшіру негізінде түсіндіру жолымен затты екінші концептуализациялауға ықпал ететін лингвокогнитивтік мағынаға ие. Метонимия – заттардың екінші номинациясының нәтижесі. Ол лингвокреативтік, ассоциативтік ойлаудың салдары.

2. Метонимия – 1) сыйғызу орны - сыйғызатын; 2) материал – одан жасалған бұйым; 3) іс-әрекет орны – сол уақиға орнымен байланысты жалпы тұрғындар; 4) іс-әрекет – нәтиже; 5) айтылу формасынан мазмұнына көшіру; 6) ғылым білімінің саласынан ғылым тақырыбына көшіру; 7) әлеуметтік уақиғадан, шарадан қатысушыларына; 8) әлеуметтік ұйымнан, мекемеден қызметкерлерінің жиынына; 9) тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа, эмоциялық күйден-себепке; 10) автордың, адамның есімі мен шығармасына, бұйымына, өнертабысына; 11) жалқы есім – қам-қарекет және тағы басқалары сияқты белгілі бір ментальдық модельдерді өткеру негізінде туындайтын көшіру. Бастапқы ментальдық модельдердің типтерін білу мен аударма тілінде ұқсастарын іріктеу метонимияны толық аудару амалдарын актуальдендіруге ықпал етеді.

Өздік бақылауға арналған сұрақтар

1. «Метонимиялық көшіру» терминін қалай түсінесіз?
2. Метафора мен метонимия сөйлеу механизмі мен нәтижесі ретінде қарастырылуы неліктен?
3. Метафораның екінші номинациясының механизмі мен нәтижесі ретінде қарастырылуы неліктен?
4. Метонимия қандай функцияларды атқарады?
5. Метонимияның қандай типтерін білесіз?
6. «Ментальдық метонимиялық модель» терминін қалай түсінесіз?
7. Қандай ментальдық метонимиялық модельдерді атай аласыз?
8. Бастапқы тілдің метонимиясын аударуда қандай қиындықтар кездеседі?
9. Бастапқы тілдің метонимиясын аударуда қандай қиындықтар кездеседі?
10. Түрлі тілдердегі метонимиялау үдерісінде тілдердің арасындағы айырмашылықтары бар ма?

Негізгі әдебиет:

1. Бирих А.К. Метонимия прилагательных в современном русском языке // Вестник ЛГУ. Сер.2, Вып. 1(2), 1987.
2. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1983.
3. Вольф Е.М. Грамматика и семантика прилагательного. – М., 1973.

4. Жаналина Л.К. Номинация и словообразовательные отношения. – Алматы, 1993.

5. Казакова Т.А. Практические основы перевода. English → Russian – СПб.: Издательство «Союз», 2006.

Қосымша әдебиет:

1. Илюхина Н.А. Роль метонимии в интерпретации концептосферы «человек» (на материале ментальной модели «вместилище») // Языкознание, 2002, №3.

2. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // Теория метафоры. – М., 1990.

3. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990.

4. Пауль Г. Принципы истории языка. – М., 1960.

5. Одинцова М.П. Образы человека – пространства в языковой картине мира и русской поэтической речи // Художественный текст: единицы и уровни организации. – Омск, 1991.

6. Рикер П. Конфликт интерпретаций: Очерки о герменевтике. – М.: Медиум, 1995.

7. Черникова Н.В. Метафора и метонимия в аспекте современной неологии // Филологические науки, 2001, №1.

8. Якобсон Р. Два аспекта языка и два типа афатических нарушений // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990.

9. Morier H. Dictionnaire de poétique et de rhétorique. Udition augmentue. – Paris, 1981.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. «Метонимияны орыспадан қазақ тіліне аудару амалдары» тақырыбына реферат жазыңыз.
2. «Ментальдық-метонимиялық модельдер: айырмашылығы мен ұқсастығы» тақырыбына реферат жазыңыз.

Оқытушының бақылауымен студенттердің өздік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. Ментальды метафоралық және метонимиялық модельдердің арасындағы айырмашылық неде?
2. Қазақ тілінде қандай ментальдық метонимиялық модельдердің бар екенін анықтаңыз
3. Ағылшын тілінде қандай ментальдық метонимиялық модельдердің бар екенін анықтаңыз.
4. Контрасттық-салғастырмалы талдаудың көмегімен үш тілдегі метонимиялық модельдерді салғастырыңыз. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңыз.

5. Қазақ тілінде «бөлшек-тұтастық» моделі бойынша метонимиялық көшіру мысалдарын келтіріңіз. Метонимиялау үдерісін сипаттаңыз. Қазақ тіліне аударыңыз.

6. Ағылшын тілінде метонимиялық көшіру мысалдарын келтіріңіз. Метонимиялау үдерісін сипаттаңыз. Қазақ тіліне аударыңыз.

7. «Жалқы есім - жалпы есім, материал – бұйым, іс-әрекет, кейіпкердің қасиеті – жалпы есім» метонимиялық моделдерін сипаттаңыз. Үш тілде осы модель бойынша сөздерді метонимиялау мысалдарын салыстырыңыз.

8. Метонимияны аударудың қандай тәсілі құнарлырақ екенін анықтаңыз.

9. Аударма тілінде бастапқы тілдің метонимиясын семантикалық түрлендіру амалын сипаттаңыз.

10. Аударма тілінде бастапқы тілдің метонимиясын құрылымдық және функциялық түрлендіру амалын сипаттаңыз.

3.3 Теңеулер және оларды аудару тәсілдері

3.3.1 Теңеулердің лингвокогнитивтік табиғаты

Теңеу – түрлі ғылымдарда түрлі көзқарас тұрғасынан зерделенетін күрделі феномен. Логикалық көзқарас тұрғасынан теңеу – ақиқат заттары мен құбылыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау. Логикада мазмұнда әртүрлі нышандардың болуымен қатар, негізінде сол ұғымдарды салыстыруға болатын оларға ортақ нышандар бар, ұғымдар салыстырмалы деп аталады [Кондаков,1971,49]. Логикалық салыстыру субъектісіне де объектісіне де бірдей дәрежеде тән сапаны білдіретін салғастырудың барын көрсетеді.

Логикалық салыстыру тіл арқылы ғана байқалады, ал тілдің салыстыру-теңеу логикалық құрылымға негізделіп, сол арқылы өзінің компаративтік семантикасын жүзеге асырады. В.М. Огольцев салыстыруды логикалық амал ретінде қарастыра келе, былай дейді: «салыстыру қоршаған ортаны тануға себін тигізетін маңызды құралдардың бірі. Салыстыру әрекетсіз талдау да, анализ де, синтез де, топшылау да, дерексіздену де мүмкін емес» [Огольцев,1978,16]. Салыстыру танымның логикалық амалы ғана емес, когницияның ақиқатты танудың ерекше тәсілінің құралы да. Бұл күрделі феномен «білім, сана, ақыл-ес, ойлау, көрініс беру, шығармашылық, жоспар құру, ойлану, тұжырымдама жасау, мәселелерді шешу сәйкестендіру, қиялдау, армандау құбылыстарымен ғана байланысты емес, ол солармен қоса қабылдау, түсініктерді құру, еске түсіру, назар аудару, тану үдерістерін де қамтиды» [Маслова, 2005,15].

Когниция қызметі адамның тіршілік ету үдерісінде тану компоненттері жүзеге асыратын барлық үдерістердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі [Утебәлиева,2006,144].

Қабылдау, ой бейнелерін жасау, тану, салыстыру қызметтері арқылы жүзеге асырылатындықтан салыстыру когницияның компонентін білдіреді. Салыстырудың өзі таным үдерісін өткеруге ықпал етеді. Тану үдерісі әрқашан әлдебір танысқа сүйеніп, бейтанысты білуді алдына мақсат етіп қояды.

Салыстыруда тану әрекетін көрсететін элементтер, атап айтқанда: 1) мәлімет элементтерді, 2) ізделіп отырған шама элементтері, 3) нәтиже бар.

Екі затты (берілген және іздестірілетін) салғастыру барысында осы екі затты байланыстыратын ортақ нышан (тану мен қабылдау) табылады. Одан соң ортақ нышанның негізінде заттар салыстырылады. Осы кезеңде нақтылау атаулары (зат туралы ұғымдарды) жақын ұғымдардың ортақ категориясының аясында түйістіру, нышандарын жинақтау жүзеге асады. Когниция қызметін (қабылдау, тану, категориялау, жинақтау) тілмен салғастырудың логикалық амалының байланысы былайша байқалады: біріншіден, сөйлеу-ойлау қызметінің нәтижелері тілде рәсімделеді; екіншіден, зат пен құбылысты салғастыру туралы айтуға келмейді, себебі адам оларды салғастыра алмайды, сондықтан олардың мәнін қабылдау арқылы, яғни адамның санасында сол заттың нышандарының кешені туралы синтезделген түсінікті қалыптастыру жолымен анықталады. Демек, салғастыру үдерісінде адам объективті түрде бір заттардың өзіне емес, солар туралы түсінікке сүйенеді. Салғастыру адамның ойлау үдерісі. Ал ойлау ұғымға сүйенеді, сондықтан заттар туралы ұғымдар салғастырылады. Осыған байланысты салыстыру логиканың категориясы ретінде үш элементтің болуын қажет етеді. а) түсіндіруді қажет ететін ұғым (comparandum); ә) түсіндіру үшін қызмет ететін ұғым (comparatum); б) аралық, екі ұғымның арасындағы «көпір» болатын байланыстырушы элемент... жаңадан танылатын мен бұрын танылғанның арасындағы ортақтық латынша tertium comparations, яғни екі салыстырмалы кезіндегі үшінші шама, үшінші салыстыру деп аталады [Потебня, 1976].

Лингвистикада салыстыру мазмұны да, формасы бар диалектикалық бірлік ретінде қарастырылады. Лингвистикалық құбылыс ретінде салыстыруды анықтағанда, оның мазмұнын және құрылымын салғастыру, яғни сол құбылыстың мазмұны ретінде де, яғни сол құбылыстың тілдік формасы ретінде де көрініс табады. Форма мен мәнің бірлігі ретінде көрінетін салыстыру логикамен де, тілмен де тығыз байланысты. Сондықтан тілдік салыстыруда логикалық құрылым бар, алайда формасы тілдік. В.М. Огольцевтің ойынша, тілдік салыстырудың теңеудің құрылымы мынадай: «Бейнелі компаративтік құрылым өз құрамына ең алдымен теңеудің логикалық элементтерін кірістіреді: А түсінікті қажет ететін, затты білдіретін компонент; В түсіндіретін компонент, басқаша «бейне» (осы екі элементтерді теңеудің мүшелері деп атайды). Үшінші компонент теңеудің С элементін білдіреді. Ол теңеудің негізіндегі белгіні, яғни теңеудің нышанын көрсетеді. Солармен қоса, теңеуде т элементі бар. Сол компоненттің теңеудің бірінші компоненті екінші компонентке ұқсас екенін білдіреді» [Огольцев, 1978, 34].

Тілдік бейнелік салыстыру логикалықтан бірнеше нышандармен айырықшаланады: біріншіден, бейнелік салыстыруда зат затпен емес, нақты жеке зат ұғыммен салғастырылады. Элементтердің осы ара қатысы бейнелік салыстыруға тілдік айтылым функциясын қамтамасыз етеді. «Біз дерексіз ұғымдарды сезім арқылы танытын әлемнің заттарына ұқсатамыз, - дейді Ш. Балли, себебі, теңестіру, салғастыру дерексіз ұғымдарды түсіндірудің, басқалармен таныстырудың жалғыз ғана қолайлы амалы» [Балли, 1961, 221].

Екіншіден, бейнелік салыстыру мүшелері логикалық салыстыру мүшелеріне, керісінше, әртекті элементтер (заттар) болып табылады. Зерттеушілер компаративтік элементтердің логикалық арақатысының дәп осы ерекшелігін «бейнелік салыстырудың» айырықшылығы ретінде көрсетеді. «Салыстырудың бейнелігінің, - деп дұрыс атап көрсетеді А.В. Кунин - сөзде пайда болуының себебі: бірінші салыстыратын компонент (зат, құбылыс) сөзде теңеудің екінші компоненті жататын кластарға тілде кірістірілмейді, *смелый как лев*; ал сөзде екі ұғым теңестіріледі. Екінші компонент «бейне» ретінде алынады [Кунин, 1969, 803].

Үшіншіден, бейнелік салыстыруда берілген элементтер-ортақ нышандарымен салыстыру мүшелері емес, А мүшесі мен С нышаны. Өзге текті, алайда сол С нышаны бар В ұғымын тауып, таңдауда жатыр.

Төртіншіден, салыстырылып отырған А және В элементтеріне ортақ болмайды, тек айтылу мақсаты тұрғысынан актуальды нышан ретінде көрінеді. В элементі үшін С нышаны әрдайым елеулі болмағанмен айқын, айырықша тектік немесе түр нышаны болып табылады.

Бесіншіден, бейнелік салыстыруда А және В элементтерін салғастыру заттардың немесе құбылыстардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайтын өздік сипатында емес, А элементін В элементіне ұқсастыру сипатында болады.

Осылайша, салыстырудың күрделі онтологиялық табиғаты бар, оны әр түрлі ғылымдардың принциптері мен жолдарының негізінде танып білуге болады: 1) логикалық (салғастыру, логикалық құрылым); 2) когнитивтік (сезіммен қабылдау, тану құралы ретінде когнитивтік қызметке, концептуализациялау, категорияларға қатысу); 3) лингвистикалық (логикалық құрылымның өзгешелігінде, әр текті ұғымдарды салыстыруға, салыстырудың тілдік көрсеткіші болғанда танылатын бейнелеу табиғаты).

3.3.2 Бейнелік теңеулердің ұлттық айырықшылығы

Ойлау мен салыстырудың сөздік айтылымының ұлттық айырықшылығымен және соның негізінде туындайтын әлеуметтік қатынастармен анықталады. Түрлі тілдерде бар бейнелік салыстыруларда ұлттық айырықшылық салыстырудың бірінші компонентінде (А) емес, бейнеде (В) болады, ортақ нышан С (ортақ нышан) негізінде ол (А) турақты ұғым басқа ұғыммен (В, бейне) салғастырылады. Салыстыру көрсеткіші – m элементі де ұлттық айырмашылыққа ие. Ассоциациялық ойлау негізінде түрлі ұғымдарды жақындастыру (әр халықта әртүрлі, себебі олардың әрқайсысы объективтік әлемді өзінің мәдениетімен, айналысатын шаруашылық қызметінің тұрғысынан қабылдайды, соның нәтижесінде әр тілде әлемді концептуализациялаудың (тілдік форма) өз тәсілі және әлемді ұлттық танудың айырмашылығы көрсететін сөздердің ерекше мазмұны бар. Салыстыруда түрлі ұғымдарды жақындастыру тәсілдері өзгеше, бұл да ұлттық лингвокреативтік ойлаудың ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Э.С. Маркарянның ойынша, ұлттық мәдениеттердің өзгешелігі тәжірибенің элементтерін ерекше жүйелі түрде қисындатуда, олар сан-алуан мәдениеттерде қайталану мүмкін [Маркарян, 1978, 88].

Әлем тілде, лексикасында, грамматикасында, бейнелеу құралдарында әр әлеуметтік тарихи және географиялық ландшафтта өмір сүріп, белгілі бір кәсіп түрімен айналысатын әлдебір этностық қауымдастықтың шеңберінде қабылданып, өзінің әлеуметтік-мәдени тәжірибесінде лингвокреативті түсіндірілуіне, жинақталған тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуіне қарай түрліше суреттеледі. Тіл құралдарының ұлттық айырықшылығы, айту құралдарының өзіндік бейнелеу құрылымдары – сол тілде мән нормасында бекіген ұғымдарының, ұлттық колориттің реңкін білдіретін жаңа тілдік және бейнелік мағыналардың тууына ықпал ететін, бір-бірімен жақындасуының негізінде туындайтын ассоциацияларға сүйенуінде байқалатын этностардың ұлттық лингвокреативтік ойлауының нәтижесі.

Теңеудің ұлттық айырықшылығы ең алдымен салыстырудың екінші компоненті – салыстыру затын түсіндіретін бейненің өзгешелігінен байқалады. Салыстыруларда В элементін білдіретін тақырыптық топтарды салғастыру ғасырлар бойы халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін жинақтау үдерісінде жүзеге асыратын заттар мен құбылыс-бейнелердің барабар келмейтінін көрсетті. №4 кестеде орыс және қазақ тілдеріндегі В элементінің ұлттық айырықшылығы берілген.

№4 кесте – Түрлі тілдерді сағастырғанда В элементінің айтылу айырықшылығы

	Тақырыптық топтар	Салыстырмалы орыс тілінде В элементінің айтылуы	Салыстырмалы қазақ тілінде В элементінің айтылуы
1	«Адам» «Человек»	Родственные связи: как свекровка, как теща, как невеста, как жених, как отец, как мать Возраст: как ребенок, как дитя, как старуха, как старик Физическое состояние: как глухой, как немой, как слепой Социальная принадлежность: как барин, как вор, как гость Части тела: как перст, как бельмо на глазу.	Келіншек, келін, әйел, ене, ата, әже, ер, еркек Бала, қыз, бозбала, жігіт, кемпір, шал
2	Қару, еңбек құралдары	Дым коромыслом, как клещами вытаскивать, как шило из мешка, грудь колесом и др.	Біз, мойнағаш, күрек, балта
3	Тұрмыс, үй шаруашылығының заттары	Как самовар, как печь, как в бане, как на салазках, как блин, как сыр в масле, руки кренделем, как тертый калач	Арқан, жіп, шелек, саба, астау, кілем, мақпал, киіз үй т.б.

4	Үй жануарлары	Как корова, как кляча, как сивый мерин, как коза, как крыса, как кошка, как свинья, как боров, как мышка	Ат, жылқы, қой, тай, тұлнар, бота, түйе, нар, бұқа, қозы, тайыниша, сиыр, шошқа, мысық, ит
5	Үй құсы	Как курица, как петух, как голубь, как утка	тауық
6	Жабайы құс	Как сорока, как сова, как коршун, как орел, как журафль, как лебедь и др.	Қыран, сұңқар, қаршыға, лашын, бүркіт, ителгі, аққу, қаз, тоты, бұлбұл, торғай
7	Жабайы хайуандар, бауырымен жорғалаушылар, балықтар	Как волк, как слон, как зебра, как змея, как рыба, как рак в решете, как медведь	Қасқыр арыстан, жолбарыс, аю, құлан, бөкен, арқар, теке, жсылан, бүйі, шаян, құрт, құмырсқа, балық, бақа
8	Шыбын-шіркей	Как мухи, как тараканы, как блохи, как саранча, как жуки, как бабочка	Шыбын, көбелек
9	Табиғат, табиғат құбылыстары	Как огонь, как море, как гора, как небо и земля, как черная туча, гром, молния, ветер, ночь, день, звезды, горы	Бұлт, найзағай, жел, дауыл, түн, күн, жұлдыз, тау, шөл, дария, теңіз
10	Өсімдік әлемі	Как свекла, как вишня, как тополь, как липку и др.	Тары, ағаш, шөп, жапырақ
11	Заттар мен олардың сапалары	Как железо, как сталь, как стекло, как дерево, как серебро, как вакса, как янтарь, как рубин и др.	Тас, темір, алтын, күміс
13	Шіркеу қызметінің дүниелері, діни және ырым көріністері	Как в церкви, как икона, как у Христа за пазухой, как ладан, как демон, как ведьма, как в воду смотрел.	Ақырзаман, иман, періште, қор қызы, сайтан, пері

Қазақ және орыс тілдерінің салыстыруларында В бейненің айтылымын талдау қазақ тілінде бейненің (В элементі) «үй жануарлары», «тұрмыс

заттары», «діни қызмет заттары» тақырыптық топтарында өз айырмашылықтарының бар екенін көрсетті. «Үй құстары», «шыбын-шіркей», «барымен жорғалаушылар, балықтар» топтары мейлінші нашар көрінеді.

Э.А. Божеева неміс тілінде салыстыру семантикасын айту үшін түрлі тілдік деңгейдегі құралдарды атап көрсетеді: 1) лексикалық, оның мазмұнында салыстыру семантикасы бар сын есім, зат есім, етістік, үстеу, одағай болуы мүмкін; 2) салыстырудың морфологиялық құралдарымен: сын есім мен үстеуді салыстыру дәрежелерімен айтылуы мүмкін; 3) салыстыру синтаксистік деңгейде барынша толық беріледі, себебі салыстырудың элементтері мен оның логикалық құрылымы бойынша толық берілген [Божеева, 1992, 12-13].

(Т.К. Қоңыровтың ойынша, қазақ тілінде теңеуді айту тәсілдер әр түрлі, олар: 1) морфологиялық тәсілдер; 2) лексикалық-морфологиялық; 3) лексикалық-синтаксистік; 4) фразеологиялық тәсілдер [Қоңыров, 1985].

Салғастырмалы тілдерде теңеудің тілдегі көрінісін сипаттау (m элементі) тәсілдері әрқилы, №5 «орыс, неміс, қазақ тілдерінде салыстыруды айтудың грамматикалық тәсілдері» кестесін қараңыз.

№5 кесте – «Теңеулерді грамматикалық тұрғыдан элементтер»

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Неміс тілінде
1. рақ/реқ, ырақ/іреқ, лау/леу, ма/ме, шыл/шіл, ғылт/ғылым, ғыш/гіш, ғыл/қыл, ілдер, ақ, қай, нан/нен, дан/ден, сымақ тұлғажасам жұрнақтарының көмегімен салыстыруларды айтудың лексикалық-синтаксистік құралдары	1. Жалғаулық: <i>как точно, слышно, будто, как будто, гора с плеч, гол, как сокол</i> 2. Творительный падеждің тұлғасы: <i>извиваться ужом, стоят горой.</i> 3. винительный падеждің тұлғасы: а) негіздемесі етістік тұлғасында айтылады: <i>сognуть в дугу, разнести в прах.</i> ә) нышанның сапалық күйі негіздеме болады: «плечи» <i>в косую сажень</i> 4. винительный падеждің тұлғасы (көмекші сөзімен): <i>с гулькин нос;</i> 5. сын есімнің салыстырмалы дәрежесінің тұлғасы: <i>хуже горькой редьки, тише воды, короче воробьяго носа.</i>	1. Жалғаулықтар; 2. Шендесуші сөзбен: 3. салыстыру семантикасы бар сөздер: зат есімдер, етістіктер, үстеулер. 4) сын есім мен үстеудің салыстыру дәрежесі салыстыруды айтудың морфологиялық құралдары болып табылады.

Осылайша әр түрлі тілдердің теңеулерін (В мен m) элементтердің айтылуы бойынша салғастыруын талдау олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

3.3.3 Теңеулерді аудару амалдары

Теңеуді сипаттап аудару, салыстыруларды метафорамен алмастыру, салыстыруларды аударма тіліндегі эквивалентті салыстырулармен алмастыру бастапқы салыстыруларды басқа тілге аударудың негізгі тәсілдері болып табылады.

Ұлттық салыстырулардың аудармаларын талдау аудармада ұлттық реалиялардың жиі көрініс таппайтынын көрсетті. Бастапқы тілдің салыстырулары қалдырылып кетеді, салыстыруларды сөзбе-сөз тәсілі арқылы аударды, мысалы, Э. Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармасының аудармасында В және m элементтерінің қайырылуының ұлттық айырықшылықтарын білмеудің салдарынан туған кейбір аудармашылық қателіктер байқалады [Әбішева, 1997], мысалы, аудармашы салыстыруларды не ұқсастықтарымен, не сипаттау айналымдарымен алмастырмай жиі қалдырып кетіп отырған: «салыстырыңыз: «адамзаттан емес, көктегі перішtedен туғандай, гүлін жарған қызғалдақтай жадыраған сұлу және Шығыстың әйелге деген қыспағына қарамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген» (І. Есенберлин, Көшпенділер, 1266.) аудармасы: «неземной красоты была эта четырнадцатилетняя девочка. К тому же, вопреки установленным законам в отношении женщины, великий Улукбек – мырза отдал свою дочь с семи лет в медресе, учил ее персидскому, турецкому и арабскому языкам» [И. Есенберлин. Кочевники, с.93].

І. Есенберлин ұлттық реалиялардың бейнелік салыстыруларында дәстүрлі поэтикалық бейнелерді жиі қолданады. Алайда олар аудармада көрініс таппаған, салыстырыңыз: «Бұл онбес-он алты жасар қыз еді. Аққұба бетін күн сәулесіне шомылдырған, үлкен жаудыраған *бота көздері қарақаттай қап-қара, оймақ ауыз*, бүлдіршін еріндері тек ләззатқа ғана жаралғандай сүйкімді, қор қызынан кем емес, бір сұлу». Аудармада: «Это была девушка лет пятнадцати. Лучи солнца играли на белом лице, в маленькое сердечко были сжаты пунцовые губы, а черных глазах отражался батыр Кобыланды с неистественно расставленными руками». Қазақ халқында *бота көз, оймақ ауыз* қыз асқан сұлу болып саналады (И. Есенберлин. Кочевники, с.88). Аудармада түпнұсқаның бейнелік салыстыруларының толымсыз берілгені, яғни қалдырылып кеткені мен жекелеген компоненттерін алмастыру мен (оймақ ауыз - сердечко) тақырыптық-заттық мазмұнынан ауытқығаны байқалады. Бұл түпнұсқаның бұзылуына, ұлттық поэтика тұрғысынан алғанда бейненің солғындауына соқтырады.

Салыстыруларды алмастыру амалы

Егер В (бейне) екі тілде сай келсе, ал салыстырудың грамматикалық айту тәсілдерінің ұқсастығымен алмастыруға болатын болса, бастапқы тілдің салыстыруларын эквивалентті салыстырулармен алмастыруға болады, мысалы,

«Қобыланды батыр *алақандай көзінің қиығымен ханға қарап, ерлік көрсеткен кеуде соғар батырлардың атын атап келіп, кенет сәл кідірген*» [І. Есенберлин. Көшпенділер, 126 б.] Аудармада: «Қобыланды батыр начал перечислять отличившихся в походе батыров, но вдруг замолчал. Неистово подкрутил он кончики до ушей, черных усов. Глаза его, *величиной с ладонь*, переплеленные красными жилками уставились на хана» [И. Есенберлин. Кочевники, с.24].

Кейбір жағдайларда көп салыстыру бір салыстырумен алмастырылады, мысалы, «Ал қосып келіп қостарын тіккен Сейхун-дарияның тұсы *өркеш-өркеш асау сұрғылт толқындары жудырықтай тастарды жаңқа құрлы көрмей жұлып ала жөнелетін* долы еді. Екі жағы бірдей адам көрінбейтін қалың қамысана құрай. Бұлардан *әрі күйдей боп тұтасып кеткен тапал бойлы тораңғыл мен жиде ағашы*» (І. Есенберлин, Көшпенділер, 138б.). Аудармада: «Сейхундарья была здесь бурной и своенравной рекой. Берега ее поросли высокими зарослями камыша, стеной стояли тугаи, росли карагач и густая джида» (И. Есенберлин. Кочевники, с.108).

Салыстыруды аударма тіліне аударғанда гиперболаға амалы қызықты көрінеді. Мәселен, қазақ тілінде моңғолдарды суға тасталған бір уыс тұзға ұқсастырады. Салыстырыңыз: «Қазақ жерінде қалған моңғол басқыншылары сан жағынан жүздің біреуіндей-ақ аз-тұн. Шыңғыс хан жаулап алған жерінде төрт баласына төрт ұлыс бөлгенінде, моңғол әскеріне әрқайсысына он санадан бар бергені төрт мың әскер берген деген ақпарат бар. Моңғол нояндары да, *бір шелек суға салынған бір уыс тұздай* қалың қазақ арасына кіріп, біржолата оның тілін, дінін алып, өздері де қазақ болып кетті» (І. Есенберлин «Көшпенділер», 27 б.). Аудармада: «Монгольские завоеватели, захватившие казахские земли, были немногословны. Один на одного приходилось их по отношению к коренным обитателям степи Дешт-и-Кипчак, и они быстро растоворились в общей массе, как *горсть соли, брошенной в реку*» (И. Есенберлин. Кочевники, с.22).

А.Н. Жантикованың ойынша, аудармада теңеуді дұрыс көрсету үшін көбінесе метафора қолданады (жалғызданған метафора, генетивтік метафора) [Жантикина, 1982], мысалы:

Аласы аз қара көзі айнадайын

Жүрекке ыстық тиіп салған сайын.

Посмотришь в *зеркало очей* дорогой

Загорится сердце – будешь сам не свой.

Осы амалды пайдаланғанда аудармашы перифразамен алмастырып, салыстыруды түрлендіреді. Бастапқы салыстыру аударма тілінде функционалдық-эквивалентті салыстыруды іріктеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Генерализациялау, нақтылау шегінде алмастыру сәттірек. Онда бейненің ортақ деңгейі өзгеріссіз қалады, салыстырыңыз:

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас

Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас

Сердце – *море*, где радость – *жемчуга*

Отбери их и выцветут берега (М. Тарановский).

Аударма тілінде денотативтік эквиваленттерді іріктеу амалы

Амалдың мәні ұлттық бояудағы салыстыруларды салыстыру бейнесін сақтап аудару керектігінде. Салыстыруды басқа тілге жеткізгенде салыстыру тақырыбын түсіндіруге көмектесетін тиісті денотаттардың, ұғымдардың атауларын сақтай отырып, салыстыру құрылымында В бейнесін сақтау керек, мысалы, ұлттық бояудағы, аударма тілінде параллельдері жоқ арнайы құралды, оның мағынасын, неше мәртті қайталануын, бейнелілігін сақтай отырып, сөзбе-сөз аударған жөн (*қарақаттай көз – глаза, как смородина, шаңқай түстей жарқыраған сұлу – красавица, подобная полуденному солнцу, қоңыр қаздай тізбектелген – как перелетные птицы*) және т.б.

Сипаттар аударма тәсілі

Бұл әдістің мәні бастапқы салыстыруды бұзып, оны аударма тілінде перефразалармен, сипаттық айтылымдармен алмастырылуында, мысалы, «Әбілқайыр жауап *бұлттай ашулы* қайтты» (І. Есенберлин «Көшпенділер», 80б.). Аудармада: «*Полный мрачных мыслей, вернулся в ставку хан Абулхаир, и в его глазах сверкали молнии*» (И. Есенберлин. Кочевники, с.57). Бұл жағдайда салыстыруды метафорамен (сверкали молнии) алмастыруға назар аударған жөн болғанмен, салыстырудың тек логикалық мазмұны беріліп отыр.

Салыстыруларды сипаттап аударғанда аудармашылардың түпнұсқада жоқ салыстыруларды қосуына болады, мысалы, «Әбілқайыр арғынның би батырларының алдыңғы жағында отырған сұлу мұртты Жәнібек пен *жалаңаш қанжардай түсі суық Керейге* көз қиығын аударды» (І. Есенберлин «Көшпенділер», 37б.) Аудармада: «неподвижимо сидели впереди своих аргинов черноусый красавец Джанибек и *квадратный, похожи на гранитную скалу, Керей. Как холодные отточенные кинжалы были их лица*» (И. Есенберлин. Кочевники, с.27). Бұл жағдайда аудармашы аударма мәтініне жаңа салыстыру қосып қана қоймай, Керейге ғана қатысты айтылған салыстыруды бұрып жіберген. Осы күйінде салыстыру романда баяндалатын уақиғаға тамаша үйлесіп тұр.

Осылайша, салыстыруларды аудару амалдарын талдау оларды бастапқы тілден аударма тіліне жеткізгенде В бейнесінің лексикалық айтылуы мен салыстырудың грамматикалық рәсімдеу (элементі) тәсілдеріне назар аударатын, бейнесінің ұлттық айырықшылығын сақтаудың жөн болатынын көрсетті.

Қорытынды

1. Теңеудің онтологиялық табиғатын талдау салыстырудың табиғатының күрделі екенін көрсетті, сондықтан ол танудың логикалық амалы ретінде, суреттеу құралы ретінде, таным субъектісінің категориялау, қабылдау, тану үдерісінде когнитивтік функцияны білдіретін таным құралы ретінде түрлі ғылымдарда зерделенеді. Сондықтан теңеу лингвокогнитивтік феномен ретінде қарастырылады. Теңеудің логикалық нышаны тілдік бейнелік салыстыруларының өз құрылымында логикалық салыстыру элементтерін өткерінен байқалады. Салыстырудың лингвистикалық маңызының заттарды логикалық салғастырудан айырмашылығы бейнелі салыстыру затын

(тақырыптың) бейнеге (ұғымға) ұқсастығына назар аудартады, сол арқылы ұқсастыруды, түсіндіруді қажет ететін затты түсіндіреді. Салыстырудың когнитивтік нышаны тану субъектісі объективті ақиқат заттарын қабылдап, тану үдерісінде оларды ортақ нышандары негізінде жақындастырып, ұқсастығын немесе айырмашылығын тауып, нышандарды жинақтай, сол ой дүниесі туралы бейнелі ұғым қалыптастырғанда салыстырудың когницияны жүзеге асыратын құралы ретінде көрнуінен байқалады. Ондай жағдайда күрделі ой кеңістігі (зат) субъектіге үйреншікті, таныс бейне (нақты ой кеңістігі) арқылы түсіндіріледі. Бұл ақиқатты тиімді тануға ықпал етеді.

2. Түрлі тілдерде теңеулердің ұлттық айырықшылығы болады, ол ұлттық тұлғасының болуымен және ұлттық колориттің ерекшеліктерін білдірумен байланысты. Салыстыру құрылымындағы айырықшылық В элементінде және салыстыруды грамматикалық рәсімдеу тәсілдерінен (элементі) байқалады. Түрлі, соның ішінде қазақ және орыс тілдерінде В элементін танытатын тақырыптық топтарды талдау бейнені лексикалық толықтырудың айырықшылығы болатынын көрсетті. Мәселен, қазақ тілінің салыстыруларында В элементін «үй жануарлары», көбіне «төрт түлік (жылы, сиыр, қой, түйе), «адам», «тұрмыс заттары», мал шаруашылығымен айналысатын көшпенділердің тұрмыс ерекшеліктерін көрсетін «реалиялар атауы» топтары толтырады. Орыс тілінің салыстыруларында В элементінің көп бөлігі «өсімдіктер», «үй құстары», «жер өңдеп, дәнді дақылдар өсірумен айналысатын диканның тұрмыс заттары», «адам, оның мінезінің қырлары» тақырыптың топтарымен толған.

3. Салыстыруларды аудару амалдарын талдау функциялық ұқсастығы іріктеу, аударма тілінде эквивалентті салыстыруды іріктеу, салыстыруды алмастыру, сипаттау аудару олардың негізгілері болып табылатынын көрсетті.

Өздік бақылауға арналаған сұрақтар

1. Теңеудің метафорадан айырмашылығы неде?
2. Салыстырудың логикалық құрылымына не кіреді?
3. Неге теңеу логикалық салғастыру ретінде қарастырылады?
4. Бейнелі теңеудің логикалық салыстырудан айырмашылығы неде?
5. Теңеудің ұлттық айырмашылығы неде?
6. Байырғы тілдің теңеулерін аударудың қандай амалдарын атай аласыз?
7. Бастапқы салыстыруды алмастыру амалының мәні неде?
8. Салыстыруды бейнелеп аударудың мәні неде?
9. Функциялық ұқсастықты іріктеу амалының мәні неде?
10. Бастапқы тілдің салыстыруларын аударма тіліне жеткізгенде қандай аудармашылық қателіктер туады?

Негізгі әдебиет:

1. Абишева К.М. Сравнения – социальные компоненты языка как этнического признака и проблема адекватной передачи образных средств //Компоненты структуры русского языка и методика его преподавания. – Аркалык, 1997.

2. Божеева Е.А. К сопоставительному исследованию языковых средств выражения сравнения в немецком и казахском языках //Функционально-семантический аспект исследования языковых единиц. – Алма-Ата, 1992.

3. Кунин А.В. Устойчивые адъективные сравнения в русском и в английском языках (Опыт сопоставительного анализа) //Русский язык за рубежом, 1969, №3.

4. Огольцев В.М. Устойчивые сравнения в системе русской фразеологии. – Л.: Изд-во Ленинград.ун-та, 1978.

5. Кобыров Т.К. Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алма-Ата: Мектеп, 1985.

Косымша әдебиет:

1. Балли Ш. Французская стилистика. – М., 1960.

2. Жантикина А.М. Образное сравнение в казахском языке и способы его перевода на русский и английский языки (на материале переводов поэзии Абая Кунанбаева на русский и английский языки) //Известия АН КазССР, 1982, №1.

3. Кондаков Н.И. Логический словарь.- М., 1971.

4. Маркарян Э.С. Культурная традиция и задача дифференциации ее общих и локальных проявлений //Методологические проблемы исследования этнических культур. – Ереван, 1978.

5. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика – Мн.: ТетраСистемс, 2005.

6. Потеня А.А. Из записок по теории словесности. Эстетика и поэтика. – М.: Из-во «Искусство», 1976.

7. Утебалиева Г.Е. Язык как средство доступа к процессам когниции //Вестник КазМУ. Серия филологическая, №6(96), 2006.

Кобыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

Студенттердің өздік жұмысына (СӨЖ) арналған тапсырмалар

1. «Салыстырудың ұлттық айырықшылығы» тақырыбына реферат жазыңыз.

2. «Бастапқы тілдің теңеулерін аударма тіліне аудару амалдары» тақырыбына баяндама жазыңыз.

Оқытушының бақылауымен студенттердің өздік жұмысына (СОӨЖ) арналған тапсырмалар

1. С. Мозмнің «Луна и грош» кітабынан түпнұсқа мен аудармадағы 10 салыстыруды көшіріп алып, салыстыруларды аудару амалдарын анықтаңыз.

2. В.И. Бартонның салыстыру мен метафораны когнитивтік (эвристикалық) функцияда, яғни «нақты элементтің жалпы қасиеттері мен тұлғасы», «сол ақиқаттың қасиеттері мен қатынастарымен таныстыратын құрал ретінде» (Бартон В.И. Сравнение как средство познания М., 1978,486) пайдалануға болатын теңеу жайлы қағидаларын талдап, салыстырудың лингвокогнитивтік маңызы туралы қорытынды жасаңыз.

3. «Война для страны подобна физическим упражнениям для человека» айтылымындағы «жалған ұқсастық» қателігін табыңыз.

4. Төмендегі мысалдан салыстыруды тауып, оны қазақ, ағылшын тілдеріне аударыңыз: *Ира – хитра как лиса, Ира – хитрая лиса.*

5. Орыс тілінде В элементінің айтылуының тақырыптық топтарын анықтап, оларды бағанмен көшіріп, ұлттық ерекшелігін анықтаңыз: *проце пареной репы, как горькая редька, как об стенку горох, как озурчик, как капуста, как грибы, как мокрый петух, как кур во щи, как с гуся вода, как курица с яицом, как сивый мерин, как бык, как кролик, как блин, как квашня, как на печи, как плотно, как медный самовар, как бревно, в косую сажень в три короба* (наговорить)и др.

6. В элементінің айтылуының тақырыптық тобын атаңыз, қазақ тілінің салыстыруларының айырмашылығын табыңыз. Ұлттық тұлғаның байқалу ерекшеліктерінің немен байланысты екенін анықтаңыз: *бес биенің сабасындай, жүйрік аттай, қасқыр емген тайдай, нардай үлкен, кәрі қойдың жасындай, тұлпыққа боздаған інгендей, тойған қозыдай томпаю, өгіздей ірі, сиырдың тіліндей, жолбарыстай жұлқысу, арыстандай жүректі, аюдай ақыру, тары көрген тауықтай, бәйтеректей тұлғасы*, т.б.

7. Түпнұсқа шығармадан 10 салыстыруды көшіріп алып, оларды аудармада салыстырыңыз. Салыстыруларды аудару амалдарын анықтаңыз.

8. Орыс және ағылшын тілдерінде салыстыруларды грамматикалық рәсімдеу тәсілдерін өзара салыстырыңыз және салғастырудың нәтижелерін көрсететін кесте жасаңыз.

9. 9. Б. Қоңыровтың «Тұрақты тенеулер сөздігі» сөздігінен 10 тенеуді көшіріп алып, орыс тіліне аударыңыз.

10. В.М. Огольцевтің «Устойчивые сравнения в системе фразеологии» (Л.1978) кітабынан 10 тұрақты тенеуді көшіріп алып, қазақ, ағылшын тілдеріне аударыңыз. Бейнелі тенеуді дәл беру үшін қандай аударма амалының тиімдірек болатынын анықтаңыз.

Қорытынды

«Аударма теориясы» ғылымның категориялық құрылысын сипаттаумен және аудармадағы «аударылмайтын», ұлттық айрықшылық мәселелерін сипаттаумен байланысты проблемаларды талдау аударма теориясын өзінің категориялық аппараты бар жаңа пән, сондай-ақ аударманың бара-барлық теориясын жасаушы ғылым ретінде қалыптастыруды қажет ететінін көрсетеді. Сондықтан өткізілген зерттеудің нәтижесінде анықтағанмыз: - «Аударма теориясы» ғылыми түрде институцияланып, өзінің ғылымының категориялық аппараты, теориялық проблемалары мен мәселелерінің шеңбері бар басқа пәндердің арасынан өз орнын алуға тиіс. Екінші репродукциялық аудармашылық қызмет, оны зерттеудің объектісі, сол қызметтің нәтижесі, сондай-ақ аудармашының аудармашылық қабілеті-пәні болып табылады. Бұл қызметтің субъектісі – аудармашы.

- бұл ғылымның әдістемелігі күрделі. Ол – бірқатар жалпы ғылыми принциптер мен әдістер, сол сияқты аудармашылық қызмет практикасында пайдаланылатын жеке ғылыми әдістер енетін кешенді парадигма іспетті; - аударманың коммуникативтік- қызметтік маңызы бар. Оның, біріншіден,

функция (сөйлеу қызметі) ретінде сипатталып, динамикалық табиғатқа ие болғандықтан, екіншіден, қызмет атрибуты (аударма үдерісінде аудармашылық лингвокоммуникативтік қызметті ұйымдастыру құралы ретінде қолданылатын бірінші және екінші тілдер) ретінде қарастырылады; үшіншіден, субстанция (адамзат тәжірибесін вербализациялау тәсілі және сол қызмет субъектілерінің тіршілігінің айналдырылған тұлғасы) ретінде қарастырылатындықтан екінші репродукциялық қызмет ретінде сипаттала алады. Аударманың сондай-ақ заттандыру және қайта заттандыру үдерістерінің диалектикасының өткерілуі, сол сияқты барлық қызмет нышандары болғандықтан заттық қызмет түрлерінің бірі ретінде таныстырылуы мүмкін. Сонымен қатар аударма мәдениетаралық коммуникация әктісі және мәтіндік қызмет ретінде сипатталады;

- аудармашының тілдік тұлғасының табиғаты күрделірек. Оның құрылымында жеті параметр (вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, функционалдық, социомәдени, кәсіби, мотивациялық, прагматикалық) бөлінеді. Аудармашы – белгілі бір тілдік қабілеті бар және аудармашылық біліктілік деңгейі жоғары билингвалды тұлға;

- аудармашылық қызмет барысында аударма субъектісіне мәдениеттердің әр түрлі болуына байланысты ұлттық айырмашылық проблемасы мен тіл жүйелерінің айырмашылықтары кездеседі, сондықтан меңгерілуі қиын мәдениет компоненттері анықталып, лингвоэтностық кедергілер мен лакуналардың түрлері сипатталған;

- аударманы анықтау проблемасы осы саладағы терминологиялық ретсіздіктерді «аударма» ұғымының анықтамасындағы бұлыңғырлықты жоюға талпыныспен байланысты. Еңбекте аудармаға нысанды, қоғамның қос тілді коммуникацияға сұраныс қанағаттандыратын репродукциялық-аралық қызмет ретінде анықтама беріледі, аудармашылық қызметтің үш кезеңінің бойында бірінші және екінші мәдениетаралық коммуникация орын алып, бастапқы мәтінді түсініп, пайымдауға, оны аудармашы қызметінің айналдырған тұлғасы – екінші мәтін адресатының мәдениетінің шеңберінде түсіндіруге байланысты белгілі бір функциялар өткеріледі, белгілі бір іс-әрекеттер жасалынады;

- аудару кезінде аудармашыға түрлі критерийлер (рухани-практикалық қызметті жүзеге асыру формасы, аударма үдерісінде актуальдендірілетін ой механизмдерінің қызметі, жанрлық-стистикалық түрлердің критерийі, психолингвистикалық критерий, аударма үдерісінде тілдірдің қатынас дәрежесінің критерийі) негізінде бөлінетін аударманың әр түрлері ұшырасады. Аударудың негізгі амалдарының аударудың үш тәсілінің – трансформациялық, интерлинеарлық, прагматикалық тәсілдердің шеңберінде сипатталуы мүмкін;

- реалияларды аудару белгілі бір қиындық тудырады. Осы кезге дейін реалияларды дәл жіктемесі (денотативтік және коннотативтік) жоқ, топтары, лакуналардан айырмашылығы анықталмаған. Сондықтан еңбекте реалиялардың, типтері мен басқа тілге аудару амалдарын сипаттауға назар аударылған;

- аудармада көп мәнді сөздерді аударумен байланысты қиындықтар бар, себебі аударма үдерісінде түрлі тілдердегі сөздердің семантикалық құрылымдарының айырмашылығына байланысты еңбекте көп мәнді сөздің

семантикалық құрылымы жан-жақты сипатталып, анықтамасы берілген, түрлі тілдердегі сөздердің семантикалық құрылымындағы айырмашылық типтері анықталып, оларды аудару амалдары жазылған;

- Фразеологизмдерді аударғанда да қиындық кездеседі. Сондықтан еңбекте лингвистика мен аударматануда фразеологизмдерге салыстырмалы сипаттамасы беріліп, олардың ұлттық айырықшылығы көрсетіліп, фразеологизмдерді аударудың негізгі амалдары сипатталған;

- синонимдерді аударғанда да қиындықтар туындайды, себебі тәжірибесіз аудармашыға бастапқы тілдің сөздеріне бірден алмастыратын сөз табуы қиындыққа сағады. Ол үшін синонимдердің жіктемесі, синонимдік қатардың доминанты мен сол синонимиялық парадигма мүшелерінің арасындағы байланыс типтері туралы түсінігі болуы керек, синонимдерді аудару амалдарын білуге тиіс. Сондықтан еңбекте синонимдерді жан-жақты сипаттауға, оларды басқа тілге жеткізу амалдарына назар аударылды;

- Терминдерді аудару да елеулі қиындықтармен байланысты, себебі аудармашылар терминнің лингвокогнитивтік маңызын, қасиеттерін дiттемейдi, бұл басқа тілде эквиваленттерін іріктеуде қиындықтар тудырады. Осыған байланысты еңбекте терминологиялық концепт қарастырылған, қасиеттері сипатталып, терминдерді аударудың негізгі амалдары баяндалған;

Метафора, метонимия, салыстыру (теңеу) тәрізді стилистикалық құралдарды аудару да елеулі қиындықтар тудырады. Сондықтан олар еңбекте олар лингвокогнитивтік мағыналар ретінде сипатталып, лингвистикалық және когнитивтік табиғаты анықталған, аудармашылық қателіктердің себептері сипатталады., ментальдық, метафоралық және метонимиялық модельдердің жіктемесі беріледі, оларды басқа тілде жеткізудің негізгі амалдары сипатталады.

«Аударма теориясы» ғылымның негізгі қарастырушы категориялық құрылысын тыңғылықты сипаттау мен зерттеушілердің, студенттердің, магистранттардың назарын аударма теориясының проблемаларына аудару гуманитарлық лингвистиканың осы ғылыми саласының тіл теориясының өзекті проблемаларын шешіп, қарқынды дамып, жетілдіріп келе жатқанын көрсетті.

Тестік тапсырмалар

(№1 вариант)

1. Аударма теориясы пәнінің объектісі не?

А) Аударманың жүйелілік-тілдік, функционалдық-сөздік, семиотикалық қыры

В) объект – аударманың идеясымен бірігуге тиіс конгломерат (ортақ заңдылықтар, маңызын жүйелі зерделеу, аудармашылық үдерісті зерттеу, аударманың барабарлығы проблемасы), оның рухани қызметінің басқа түрлерімен ара-қатынасы, т.б.

С) Тілралық коммуникация шеңберінде аудармашылық үдерістің нәтижесінде көрініс тапқан, яғни тікелей (үдеріс), сондай-ақ аралық ретінде көрінетін аралық аудармашылық қызмет

Д) Адамдардың тілралық вербалды қатынасының үдерісі

Е) Екінші репродукциялық аралық аудармашылық қызмет.

2. Аударманың пәні не?

А) Аудармашылық қызмет үдерісі мен оның нәтижесі

В) Кең социомәдени контексте аударма үдерісі

С) Түрлі аспектілерде ашылатын мағынасын табу үдерісі;

Д) Бастапқы және аударма мәтіндері, білімдер, аудармашының тәжірибесі, адамдардың өздеріне арналған мәтінді қабылдау ерекшеліктері

Е) Аралық аудармашылық қызметтің нәтижесі.

3. Типологиялық ілеспе салыстыру әдісінде талдаудың әдістік құралы ретінде қандай әдіс қолданылады?

А) Компоненттік

В) Дистрибуциялық

С) Контрастивтік-салғастырмалық

Д) Түсіну мен түсіндіру әдісі

Е) Трансформациялық талдау әдісі.

4. Мына элементтің кездесуі мүмкін шеңбер жиынтығын зерделеу үшін қандай әдіс қолданылады?

А) Компоненттік;

В) Дистрибуциялық;

С) Контрастивтік-салғастырмалық;

Д) Түсіну мен түсіндіру әдісі;

Е) Трансформациялау талдау әдісі.

5. Ғалымдардың қайсысы мәтіндер мен мәдениет құбылыстарын тұтас контексте түсіндіру туралы пікір айтты?

А) Х.Г. Гадамер

В) А.А. Потебня

С) А.А. Ивин

Д) М.М. Бахтин

Е) И.А. Зимняя.

6. Аудармашылық қызметте заттандыру және қайта заттандыру үдерістерінің диалектикасының қалай байқалатынын анықтаңыз.

А) Сөз (тілдік таңбаларды қайта заттандыру) – тілдік материал (заттандыру)

В) Тіл (фонемалар, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер туралы мәліметтер бар тіл жүйесі), сөйлеу-айту мен түсіну үдерісі, тілдік материал (айту мен түсіну үдерісінің нәтижесі).

С) Тіл – сөз сөйлеу қызметі

Д) Б.М. (бастапқы мәтін) – шет тілдік мәтінді қабылдау – бастапқы тілдің құралдарымен Б.Т. (басқа тілге аудару).

Е) Себеп (аудармаға сұраныс), қабылдау (қайта заттандыру), бір тілдегі мәтінді басқа тілдегі мәтінге түрлендіру (заттандыру)

7. Мәдениетаралық коммуникацияның актісі ретінде аударманың срекшелігі неде?

А) K_1 (айту) K_2 (түсіну)

В) K_1 (айтушы) ортақ тіл K_2 (тыңдаушы)

С) K_1 (айтушы)

Тілдің ортақтығы әлеуметтік-мәдени тәжірибенің ортақтығы

 K_2 (тыңдаушы)

Д) K_1 (айтушы)

K_2 (тыңдаушы)

Тілдің ортақтығы әлеуметтік-мәдени тәжірибенің ортақтығы коммуникация актісін этностық стереотиптермен және қағидалармен реттеу

Е) K_1 (хабар көзі $Y_1 + K_2$ (аралық реципиент $Y_1 + K_1$ (хабар жөнелтуші Y_2 K_2 (мәтінді алушы Y_2))

8. Ғалымдардың қайсысы мәтінге мәтін құрастырушы продуценттің нақты реципиентке бағыттаған қызметтің нәтижесі ретінде анықтама берді

А) Т.Ж. Дридзе

В) А.В. Щерба

С) М.М. Бахтин

Д) И.Р. Гальперин

Е) Т.А. ван Дейк

9. Мәтіннің қандай нышаны бөлшектер арасында бар қатынастарды білдіреді?

А) Байланыстылық

В) Құрылымдық

С) Хабарлылық

Д) Тұтастық

Е) Модальділік

10. Қандай мәтін түрі екі функцияны – ықпал ету және эстетикалық қызметті атақарады?

- A) Ресми-іскерлік мәтіндер
- B) Қоғамдық-ақпараттық мәтіндер
- C) Көркем мәтіндер
- D) Әңгіме мәтіндері
- E) Діни мәтіндер

11. Ғалымдардың қайсысы тілдік тұлғаға мынадай анықтама берді: а) әртүрлі құрылымдық – тілдік күрделілік деңгейімен; б) ақиқатты бейнелеуді нақтылығымен және тереңдігімен; в) бір мақсатты көздейтін бағыттылығымен, бір-бірінен айрықшаланатын қасиеттері мен қабілеттіліктерінің жиынтығымен сипатталатын адам?

- A) В.П. Конецкая
- B) В.В. Воробьев
- C) Ю.Н. Караулов
- D) А.Г. Баранов
- E) М.Р. Кондубаева

12. Лингвистердің қайсысы толық қос тілдікке мынадай анықтама берді «Екі тілді бірдей білетін кәсіптік сирек кездесетін феномен»?

- A) Б. Хасанұлы
- B) Э.Д. Сүлейменова
- C) А.Е. Карлинский
- D) М.К. Исаев
- E) М.Ж. Джусупов

13. Аудармашыны тілдік тұлғаның қандай типіне жатқызуға болады?

- A) Коммуникативтік тұлға
- B) Ұлттық тұлға
- C) Тілдік тұлға
- D) Билингвалды тұлға
- E) Кәсіби тұлға

14. Төмендегі тілдік тұлға типтерінің қайсысы мотивациялық, вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық, кәсіби, функционалдық, әлеуметтік-мәдени сияқты құрылым параметрлерімен сипатталады?

- A) Коммуникативтік тұлға
- B) Ұлттық тұлға
- C) Тілдік тұлға
- D) Билингвалды тұлға
- E) Кәсіби тұлға

15. Көшіру (ауыстыру) біліктілігі аудармашылық біліктілікке сәнді дегенді ғалымдардың қайсысы айтты?

- A) В. Вильс
- B) Д. Хаймс
- C) Н. Хомский
- D) А.Д. Швейцер
- E) Ю. Найда

16. Ғалымдардың қайсысы аудармашылық біліктілікке мынадай анықтама берді: «аударма деңгейінде екі тілді білу (байырғы тілді рецептиптік түрде, ал аударма тілін репродуктивтік деңгейде). Бұл жағдайда екі тіл бір-бірімен тығыз байланыста болады; «түпнұсқалық мәтінді аудармашы деңгейінде талдау қабілетіне ие болу», яғни түпнұсқалық мәтін басқа тіл мен мәдениеттің иегері көзімен көру; аударманың технологиясын білу (яғни аудармада түпнұсқаны дәліме-+дәл беру тәсілдерін игеру...»:

- A) В. Вильс
- B) Д. Хаймс
- C) Н. Хомский
- D) А.Д. Швейцер
- E) Ю.Найда

17) Зерттеушілердің қайсысы «ұлттық форма» ұғымына мынадай анықтама берді: «бейнелерде көрініс берген бүкіл ұлттық ойлау тәсілдерінің жүйесі. Ол әр халықтың тарихының, күнделікті тұрмысының, наным – сенімдерінің, әдет – ғұрыптарының, дағдыларының, талғамдарының өзгешелігінен туындайды».

- A) Р. Файзуллаева
- B) П. Скосырев
- C) А.Д. Шмелев
- D) А. Вежбицкая
- E) В.П. Козловский

18) Ғылымдардың қайсысы мәдениеттің ұлттық ерекшелігі туралы толық түсінік берейін ұлттық айырықша компоненттерін бөлген?

- A) А.Д.Шмелев
- B) А. Вежбицкая
- C) С.Г. Тер-Минасова
- D) Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина
- E) И.А. Стернин

19) Қай ұлттық мәдениетте «уақыт» циклдік, мифологиялық, ситуациялық, генеалогиялық, экологиялық ретінде қарастырылады?

- A) Орыс
- B) Ағылшын
- C) Қазақ
- D) Неміс
- E) Испан

20) Зерттеушілердің қайсысы «мәдениеттің тірек сөзі» ұғымын енгізді?

- A) А.Д.Шмелев
- B) А. Вежбицкая
- C) С.Г. Тер-Минасова
- D) Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина
- E) В.П. Козловский

21) Лексиканың ұлттық мәдени айырықшылығы мазмұны бойынша немесе мәртебесі бойынша салыстырылатын тілдің лексикалық сәйкестіктеріндегі шектесетін семалардан айрықшаланатын, не басқасында

(басқаларында) бар, ал салыстырылатын семалардың біреуінде (бірнешеуінде) толығынан жоқ компоненттердің болуында,- деп қай зерттеуші жазған?

- А) А.П. Комаров
- В) В.Г. Гак
- С) А.Д. Шмелев
- Д) И.А. Стернин, Г.В. Быкова
- Е) Ю.С. Степанов

22) Лакуналарды тілдің семантикалық картасындағы «ақ таңдақтар» сияқтандырып айтқан ғалым кім?

- А) Ю.С. Степанов
- В) И.А. Стернин
- С) З.К. Темірғазина
- Д) Ю.А. Сорокин
- Е) И.Ю. Марковина

23) Ғалымдардың қайсысы лакуналар туралы ұғымды ғылыми айналымға «мығыналық скважиналар» ретінде енгізді?

- А) Ю.С. Степанов
- В) И.А. Стернин, Г.В. Быкова
- С) Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина
- Д) З.К. Темірғазина
- Е) В.Г.Гак

24) Аудармалық білімдер кедергісі ерекшелігі неден көрінеді?

- А) Мінез – құлықтық мәдени стереотиптерін білмеуден
- В) Мәдени – тарихи мәліметтер деңгейінің жетімсіздігінен
- С) Аудармашының біліміндегі олқылықтан
- Д) Бастапқы тіл мен аударма тілінің сөздерінің барабар болмауынан
- Е) Сөздерді гипонимиялық немесе гиперонимиялық нақтылау

ерекшеліктерін білмеуде

25) Ғалымдардың қайсысы аудармаға тілдік делдал ретінде анықтама берген?

- А) В.Н. Комиссаров
- В) А.Н. Федоров
- С) С.В. Тюленев
- Д) В.Ю. Розенцвейг
- Е) Р.К. Миньяр-Белоручев

26) Зерттеушілердің қайсысы аударманың екі түрін – көркемдік және ақпараттық түрлерін бөле отырып, аударманың түрлерін жанрлық – стилистикалық критерий бойынша бөледі?

- А) В.Н. Комиссаров
- В) Л.С. Бархударов
- С) Р.К. Миньяр-Белоручев
- Д) Т.А. Казакова
- Е) В.В. Сдобников, О.В. Петрова

27) «Сөйлем құрылымында компоненттердің орнын өзгерту» деген анықтамада қандай аудару амалы туралы айтылып отыр?

- A) Орын ауыстыру
- B) Алмастыру
- C) Қалдырып қалу
- D) Тольқтыру
- E) Сипаттап аудару

28) «Мәні аударма тіліне мағынаны жеткізу үшін қажетті артық сөздерді қысқартуда жатқан амал» анықтамасында қандай амал сипатталады?

- A) Орын ауыстыру
- B) Алмастыру
- C) Қалдырып қалу
- D) Тольқтыру
- E) Сипаттап аудару

29) Тастапқы тілдегі тектік ұғымды аударма тіліндегі түр ұғымына алмастырған жағдайда қандай амал туралы айтуға болады?

- A) Орын ауыстыру
- B) Алмастыру
- C) Генерализация
- D) Нақтылау
- E) Сипаттап аудару

30) Аударма тілінің фонемаларының көмегінен бастапқы лексикалық бірлікті формальды-фонемалық қалпына келтіруге қандай амал ықпал етеді?

- A) Транслитерация
- B) Транскрипция
- C) Антонимиялық аударма
- D) Бастапқы мәнді эвфемизациялау
- E) Нақтылау

Тестік тапсырма

(№2 вариант)

1) Қандай амал «аудару тілінің құралдарын пайдалану көмегімен сөздің ішкі тұлғасын, құрылымын аудару» деп сипатталады?

- A) Транслитерация
- B) Транскрипция
- C) Калькалау
- D) Тарыту
- E) Генерализация

2) Калькалаудың қандай түрі сөзді кеңейтіп қолдануға ықпал етеді?

- A) Семантикалық калька
- B) Сөз жасаушы калька
- C) Фразеологиялық калька
- D) Жартылай калька
- E) Дәл емес калька

3) Қандай калькалар кальқаланушы сөздердің морфологиялық құрылысын жаңғыртады?

- A) Семантикалық калька

- В) Сөз жасаушы калька
- С) Фразеологиялық калька
- Д) Жартылай калька
- Е) Дәл емес калька

4) Кальканың қандай типі тұрақты сөз тіркестері мен олардың тұтас мәнінің құрылымдық моделін алмастыру жүретін синтаксис саласындағы тілдік қатынастардың нәтижесі болып табылады?

- А) Семантикалық калька
- В) Сөз жасаушы калька
- С) Фразеологиялық калька
- Д) Жартылай калька
- Е) Дәл емес калька

5) Қандай аударма теориясы сәйкестіктің үш тобының: 1) эквиваленттер сәйкестігінен; 2) ұқсастықтар сәйкестігінен; 3) барабар алмастырулар сәйкестігінің сақталуына назар аударады?

- А) Трансформациялық модель
- В) Семантикалық модель
- С) Заңды сәйкестіктер моделі
- Д) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі
- Е) Денотативтік модель

6) *Fair* сөзінің – *честный* и *справедливый*, әділ, адал аудармасы заңды сәйкестіктер теориясының қандай амалының арқасында жасалып отыр?

- А) Эквиваленттерді үйіктеу амалы
- В) Барабар алмастыру амалы
- С) Варианттық сәйкестер - ұқсастықтар
- Д) Дифференциалданған және абстрактілі ұғымдарды нақтылау амалы

Е) Антонимиялық аудару амалы

7) Мына амал қандай аударма теориясына тән?

Аудармашы түпнұсқаның мәнін қабылдай, бастапқы тілдің тілдік бірліктерін тиісті әлем денотаттарымен байланыстырады. Одан соң денотаттарды анықтап, оларды аударма тілінің құралдарымен сипаттайды, тиісті денотаттардың атауларын алмастырады.

- А) Заңды сәйкестіктер теориясы
- В) Аударманың трансформациялық моделі
- С) Аударманың денотативтік моделі
- Д) Аударманың семантикалық моделі
- Е) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі

8) Келесі қағидадан қандай модель шығады: барлық тілдік таңбалардың мазмұны нақты ақиқаттың әлдебір заттарын, құбылыстарын, қатынастарын білдіреді. Тілдік таңбаларда көрініс тапқан нақты ақиқат заттары денотаттар деп аталады. Нақты ақиқаттағы жағдай дегеніміз денотаттар мен олардың арасындағы қатынастардың жиынтығы

- А) Заңды сәйкестіктер теориясы
- В) Жағдайлық – денотативтік модель

- A) Орын ауыстыру
- B) Алмастыру
- C) Қалдырып қалу
- D) Толықтыру
- E) Сипаттап аудару

28) «Мәні аударма тіліне мағынаны жеткізу үшін қажетті артық сөздерді қысқартуда жатқан амал» анықтамасында қандай амал сипатталады?

- A) Орын ауыстыру
- B) Алмастыру
- C) Қалдырып қалу
- D) Толықтыру
- E) Сипаттап аудару

29) Тастапқы тілдегі тектік ұғымды аударма тіліндегі түр ұғымына алмастырған жағдайда қандай амал туралы айтуға болады?

- A) Орын ауыстыру
- B) Алмастыру
- C) Генерализация
- D) Нақтылау
- E) Сипаттап аудару

30) Аударма тілінің фонемаларының көмегінен бастапқы лексикалық бірлікті формальды-фонемалық калпына келтіруге қандай амал ықпал етеді?

- A) Транслитерация
- B) Транскрипция
- C) Антонимиялық аударма
- D) Бастапқы мәнді эвфемизациялау
- E) Нақтылау

Тестік тапсырма

(№2 вариант)

1) Қандай амал «аудару тілінің құралдарын пайдалану көмегімен сөздің ішкі тұлғасын, құрылымын аудару» деп сипатталады?

- A) Транслитерация
- B) Транскрипция
- C) Калькалау
- D) Тарыту
- E) Генерализация

2) Калькалаудың қандай түрі сөзді кеңейтіп қолдануға ықпал етеді?

- A) Семантикалық калька
- B) Сөз жасаушы калька
- C) Фразеологиялық калька
- D) Жартылай калька
- E) Дәл емес калька

3) Қандай калькалар кальқаланушы сөздердің морфологиялық құрылысын жаңғыртады?

- A) Семантикалық калька

- В) Сөз жасаушы калька
- С) Фразеологиялық калька
- Д) Жартылай калька
- Е) Дәл емес калька

4) Кальканың қандай типі тұрақты сөз тіркестері мен олардың тұтас мәнінің құрылымдық моделін алмастыру жүретін синтаксис саласындағы тілдік қатынастардың нәтижесі болып табылады?

- А) Семантикалық калька
- В) Сөз жасаушы калька
- С) Фразеологиялық калька
- Д) Жартылай калька
- Е) Дәл емес калька

5) Қандай аударма теориясы сәйкестіктің үш тобының: 1) эквиваленттер сәйкестігінен; 2) ұқсастықтар сәйкестігінен; 3) барабар алмастырулар сәйкестігінен сақталуына назар аударады?

- А) Трансформациялық модель
- В) Семантикалық модель
- С) Занды сәйкестіктер моделі
- Д) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі
- Е) Денотативтік модель

6) *Fair* сөзінің – *честный* и *справедливый*, әділ, адал аудармасы заңды сәйкестіктер теориясының қандай амалының арқасында жасалып отыр?

- А) Эквиваленттерді үйктеу амалы
- В) Барабар алмастыру амалы
- С) Варианттық сәйкестер - ұқсастықтар
- Д) Дифференциалданған және абстрактілі ұғымдарды нақтылау амалы

Е) Антонимиялық аудару амалы

7) Мына амал қандай аударма теориясына тән?

Аудармашы түпнұсқаның мәнін қабылдай, бастапқы тілдің тілдік бірліктерін тиісті әлем денотаттарымен байланыстырады. Одан соң денотаттарды анықтап, оларды аударма тілінің құралдарымен сипаттайды, тиісті денотаттардың атауларын алмастырады.

- А) Занды сәйкестіктер теориясы
- В) Аударманың трансформациялық моделі
- С) Аударманың денотативтік моделі
- Д) Аударманың семантикалық моделі
- Е) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі

8) Келесі қағидадан қандай модель шығады: барлық тілдік таңбалардың мазмұны нақты ақиқаттың әлдебір заттарын, құбылыстарын, қатынастарын білдіреді. Тілдік таңбаларда көрініс тапқан нақты ақиқат заттары денотаттар деп аталады. Нақты ақиқаттағы жағдай дегеніміз денотаттар мен олардың арасындағы қатынастардың жиынтығы

- А) Занды сәйкестіктер теориясы
- В) Жағдайлық – денотативтік модель

- С) Денотативтік модель
- Д) Трансформациялық модель
- Е) Аударманың семантикалық моделі

9) Аударма кезіндегі үш фазалық қос тілді коммуникацияның моделін жасаған кім?

- А) Дж. Кэтфорд, В.Г. Гак
- В) В.Н. Комиссаров
- С) О. Каде
- Д) Д. Селескович
- Е) В.С. Виноградов

10) Қандай модельде аударма аудармашылық қызметтің коммуникативтік, мәтіндік – тілдік қызметтік маңызды, оның репродукциялық сыпайы, аудармашының когнитивтік қызметі ескерілген тұтас үдеріс ретін көрсетеді?

- А) Занды сәйкестіктер теориясы
- В) Жағдайлық – денотативтік модель
- С) Денотативтік модель
- Д) Ақпараттық модель
- Е) Когнитивтік – қызметтік модель

11) Аударманың қандай моделінің шеңберінде мұндай аудармашылық, іс-әрекеттердің болуы мүмкін?

I. Талдау үдерісінде түпнұсқаның құрылымдары бастапқы тілдің ядролық құрылымдарына айналады.

II. Ядролық құрылымдарды аударма тіліне көшіру

III. Синтез (қайта құрастыру)

- А) Аударманың семантикалық моделі
- В) Трансформациялық модель
- С) Денотативтік модель
- Д) Занды сәйкестіктері моделі
- Е) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі

12) Қандай аударма теориясы компонентік талдау мәліметтеріне сүйенеді?

- А) Аударманың семантикалық моделі
- В) Трансформациялық модель
- С) Денотативтік модель
- Д) Занды сәйкестіктері моделі
- Е) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі

13) Аударманың қандай теориясы тең мәнділіктің бірнеше деңгейлеріне (мақсат деңгейі, хабар деңгейі, жағдайды сипаттау деңгейді) жетісуге назар аударады

- А) Аударманың семантикалық моделі
- В) Трансформациялық модель
- С) Денотативтік модель
- Д) Занды сәйкестіктері моделі
- Е) Эквиваленттік деңгейлерінің моделі

14) Реалияларға мынадай анықтама берген зерттеуші кім: бір халықтың өміріне, мәдениетіне, әлеуметтік және тарихи дамуына тән, басқа халыққа жат объектілерді атайтын сөздер немесе сөз тіркестері

- A) В.Г. Гак
- B) В.Н. Телия
- C) С.И. Флорин, С.П. Влахов
- D) А.И. Федоров
- E) В.С. Виноградов

15) Төменде аты айтылатын авторлардың қайсысы реалияларды аудармадағы аудармалмайтын сөздер деп есептеген?

- A) В.С. Виноградов
- B) В.В. Виноградов
- C) В.С. Слепович
- D) А.Д. Швейцер
- E) В.С. Влахов, И. Флорин

16) Төмендегі анықтама сөздердің қандай топтарына жатады: «оның айрықшаланатын белгілері ретінде, бір жағынан, заттық мазмұнының ерекшелігін атауға болады, яғни референттің – бейнелейтін заттың, ұғымның халықпен (елмен), румен, басқа қауымдыстықпен байланысының болуы, екінші жағынан, тарихи дәуірлермен сәйкестенуін атауға болады»

- A) Алмастыру
- B) Калька
- C) Реалия
- D) Экзотикалық сөз
- E) Варваризм

17) Мына реалиялар ономастикалық сөздердің қандай тобына жатады: *Oval Cabinet, the Hill, Honest Abe*

- A) Топонимдер
- B) Антропонимдер
- C) Фитонимдер
- D) Зоонимдер
- E) Гидронимдер

18) Коннотативтік реалиялар қандай мән білдіреді?

- A) Грамматикалық мән
- B) Лексикалық мән
- C) Бағалау мәні
- D) Денотативтік (заттық) мән
- E) Тура мән

19) А.Вежбицкаяның айтуынша, әр сөздің этнографиялық және антропоцентристік, яғни сол этносқа бағдарланған мәндері бар, сондықтан денотаттар түрлі тілдерде сай келгенмен, бәрібір денотаттық ойық болады деп есептеген. Ағылшын тіліндегі *snowstorm* ұғымның қай тілде түр ұғымдарымен беріледі?

- A) Қазақ
- B) Орыс

С) Испан

Д) Неміс

Е) Түрік, қазақ

20. *Инки, айлар, кечуа, гуарани, майя, ацтеки, арауканы* сөздері реалияның қандай топтарына жатады?

А) Табиғат әлемінің құбылыстары

В) Әкімшілік бірліктер мен мемлекеттік институттар

С) Ономастикалық

Д) Этнографиялық

Е) Географиялық

21. Қандай халықта «файв-о-клок» сияқты реалия бар?

А) Француз

В) Ағылшын

С) Орыс

Д) Қазақ

Е) Венгер

22. Ғалымдардың қайсысы реалияны аудару барысында қолданатын келесі тәсілдерін, атайды:

А) транслитерация немесе транскрицияны; В) жаңа сөз жасауды; В) функциясы жағынан өзге тілдік реалияға әлдебір жақындықты (сайма сай болмасада) білдіретін сөзді қолдануды; Г) түр ұғымдарын білдіретін бастапқы тілдің сөзі тек ұғымды атайтын аударма тілінің сөздерімен жеткізілетін жинақтап-тақап аудару тәсілдерін ұсынған:

А) А.В.Федоров

В) В.С. Виноградов

С) С.И. Влахов, С.П. Флорин

Д) Л.К. Латышев

Е) И.С.Алексеева

23. Ғалымдардың қайсысы көп мәнді сөзді лексико - семантикалық варианттардың бірлігі ретінде қарастырады?

А) Л.А. Новиков

В) Р.А. Будагов

С) И.В. Арнольд

Д) К.П. Смолина

Е) Д.Н. Шмелев

24. Түрлі тілдердің «бауыр», «печень», «liver» сөздеріндегі сәйкесіздікті сөздердің семантикалық құрылымдарындағы айырмашылықтардың қандай түріне жатқызуға болады?

А) Көп мәнді сөздердің мағыналық көлемі бойынша айырмашылық

Б) Сөздердің тіркеліс потенциаларының сай келмеуі

С) Көп мәнді сөздердің дистрибуциясының сай келмеуі

Д) Сөздердің ауыспалы мәндерінің сай келмеуі

Е) Сөздердің коннотативтік мәндерінің сай келмеуі

25. Ғалымдардың қайсысы полисемияға мынадай анықтама ұсынған:

Полисемияны (көп мағыналықты) сөздің бір мезгілде бірнеше мағынаға ие болатын қабілеті деп түсінуге болады. Ол ішкі байланыста болатын сөздің мағыналарының семантикалық қатынастарын жүзеге асырады:

- А) В.В. Виноградов
- В) Л.А. Новиков
- С) О.С. Ахманова
- Д) В.И. Кодухов
- Е) А.И. Смирницкий

26. Көп мәнді сөздің қандай мәні контекстке бағыныңқы және синсемантиялы?

- А) Тура
- В) Автосемантикалық
- С) Ауыспалы
- Д) Лексико -семантикалық вариант (ЛСВ)
- Е) Негізгі

27. Ғалымдардың қайсысы мынадай тұжырымды айтқан: аудармада орыстың тілінде бірнеше эквиваленті бар көп мәнді сөздер ағылшын тілінде ерекше қиындық тудырады. Ондай жағдайда аудармашы мынадай сұраққа жауап беруге тиіс: көп мәнді сөз нақты не білдіреді? Ол қандай контексте қолданылады?

- А) В.В. Виноградов
- В) Л.А. Новиков
- С) О.С. Ахманова
- Д) В.И. Кодухов
- Е) В.С. Слепович

28. «Мелкий» және «shallow» көп мағналы сөздерінің қандай мәндері салғастырғанда сай келеді?

- А) мелкий ручей – shallow stream, мелкий залив- shallow lagoon, мелкая лужа- shallow puddle
- В) мелкие корни, мелкая вода(англ)
- С) shallow wetlins (дыхание)
- Д) shallow ular «язва» (анг.)
- Е. мелкая морщина (рус)

29. Ағылшын тілінде орыстың «писать» сөзінің қандай эквивалентін көрсете аласыз?

- А) писать(общее значение)-write
- В) писать (музыку) – compose
- С) писать (картины)-paint
- Д) писать (состояние проект)-dosing
- Е) писать (составлять программу)-design

30. Қазақтың «таза» сөзіне ағылшын тілінде жеті сын есім (clean - таза); spotless (таңлақсыз); antiseptic (антисептикалық); neat (ұқыпты); immaculate (кіршіксіз); pure (мұнтаздай); clear (айқын) сәйкес келеді. Мына сөздер қандай ұғымды айтатынын көрсетіңіз

- A) Тектік, жалпы ұғымдық
- B) Түр
- C) Бөлшектелген
- D) Гипонимиялық
- E) Гиперонимиялық

Тестік тапсырмалар (№3 вариант)

1. Нақтылаудың үш типін кім бөлген?

- A) В.С. Слепович
- B) В.Г.Гак
- C) В.С..Виноградов
- D) С.С. Кузьмин
- E) Т.А. Казакова

2. Ғалымдардың қайсысы архаикалық сөздері аудару үшін тілдік архаиландыру немесе темпоральды уақыттық стильдендіру амалын өткенмен шендестірудің ерекше стилистикалық бояуы бар жерін жасау мақсатындағы заманауи аударма тілінің байланысының лексикалық морфологиялық және синтаксистік құралдарының көмегімен көне заман сөздерін сақтауды ұсынады?

- A) В.С.Виноградов
- B) В.В.Виноградов
- C) В.С. Слепович
- D) И.С. Алексеева
- E) С.В. Тюленев

3. Орыстың көп мәнді «отпустить» сөзіне ағылшын тілінде көберік бөлшектенген ұғымдар сәйкес келеді. Ағылшын сөздері қандай ұғымдарды айтады?

- 1. Его отпустили из школы раньше
He was allowed to leave....
 - 2. Холодильник отпускают со склада
Fridges are sold in the warehouse
 - 3. Мороз отпустил, стало не так холодно
The frost has fallen
 - 4. Может, отпустим их на все четыре стороны?
Why don't we let them go wherever they want?
- A) Гиперонимиялық мәндер
 - B) Тек-түр мәндегі
 - C) Гипонимиялық мәндер
 - D) Гиперонимиялық – гипонимиялық мәндер
 - E) Негізімен шендесетін ауыспалы мәндер

4. Ғалымдардың қайсысы сөздің семантикалық құрылымына мынадай анықтама берді:

«сөздің семантикалық құрылымы деп біз оның лексикалық мағыналары мен лексико – семантикалық варианттарының жиынтығын айтамыз. Олар әр түрлі контексттерде қолдану салдарынан қосымша дистрибуциялық қатынастарда болады»

- А) В.В.Виноградов
- Б) И.В. Арнольд
- В) Г.А.Будагов
- Г) Ж. Вандриес
- Д) А.В. Федоров

5. Компоненттік талдаудың негізінде үш принцип жатыр»; 1) сөздердің мәндерін элементарлық семантикалық бірліктердің немесе компоненттердің жүйелікті жиыны ретінде сипатау; 2) осы компоненттерінің әмбебапты репрезентациялардың нақты тілдеріне тәуелсіз ретінде көрсету; 3) оларды концептуалдық жүйенің компоненттерінің сапасы ретінде түсіндіру.Алайда екі принцип жиірек қолданылады: а) әрбір сөздің мәні минималды мағыналық элементтердің жиынтығынан тұрады; б) тілдің бүкіл сөздік құрамы осы бірліктердің санаулы санының көмегімен сипатталады. Компоненттік талдаудың көмегімен қандай тілдік бірліктерді талдауға болады?

- А) Омонимдер
- В) Архаизмдер
- С) Көп мәнді сөздер
- Д) Реалиялар
- Е) Тосын сөздер

6. Ғалымдардың қайсысы фразеологиялық бірліктерді семантикалық тұтастық дәрежесі бойынша жіктейді, фразеологиялық түйдектерді, фразеологиялық бірліктерді, фразеологиялық тіркестерді бөледі?

- А) В.С. Виноградов
- В) Н.М. Шанский
- С) В.В.Виноградов
- Д) О.С. Ахманова
- Е) В.И. Кодухов

7. Ғалымдардың қайсысы аударматануда лексикалық және предикативтік фразеологизмдер бөлінгенде фразеологиялық бірліктерді жіктеген?

- А) В.С. Виноградов
- В) Н.М. Шанский
- С) В.В.Виноградов
- Д) О.С. Ахматова
- Е) В.И. Кодухов

8. Аударматануда фразеологизмдердің қандай типі мынадай сипаттарға ие: біріншіден, түрлі сөз таптарының ұқсастықтары негізінде тілдің сөздік құрамына енеді; екіншіден, олар семантикалық тұтастығымен сипатталады, себебі әр бірліктің сөйлегенде өткерілетін нақты мағынасы бар; үшіншіден,

қарастырылып отырған тұрақты бірліктерде сөздік-айтылымдық ішкі тұлға бар; төртіншіден, сөздермен сәйкеседі:

- А) Лексикалық фразеологизмдер
- В) Компаративтік фразеологизмдер
- С) Предикативтік тұрақты тіркестер
- Д) Мақалдар
- Е) Мәтелдер

9. Қайта жасаудың ұсынылып отырған төрт тәсілі атап айтқанда:

А) түпнұсқаның фразеологизмімен бірдей, яғни сондай мәнге, сондай стилистикалық реңкке және сондай ішкі тұлғаға ие фразеологизммен аударылмайтыны;

Б) мәні жақын эквивалентті фразеологизммен аударылатыны;

В) мәні жақын болғанмен ішкі тұлғасы өзгеше стилистика жағынан эквивалентті фразеологиялық тіркестен айрықшаланатыны;

4) аударма тілінде өзінің мәнімен стилистикалық реңкі бойынша сәйкестін сөздері болуымен:

- А) Лексикалық фразеологизмдер
- В) Компаративтік фразеологизмдер
- С) Предикативтік тұрақты тіркестер
- Д) Мақалдар
- Е) Мәтелдер

10. Келесі «мәселені қабырғадан қою» тәсіл арқылы аударылған:

- А) Тиісті эквиваленттерді іріктеумен
- В) Ішінара сөзбе-сөз сәйкесуімен
- С) Фразеологиялық калькалаумен
- Д) Тиісті эквиваленттерді іріктеу жолымен
- Е) Сипаттап аудару жолымен
- А) Лексикалық фразеологизмдер
- В) Компаративтік фразеологизмдер
- С) Предикативтік тұрақты тіркестер
- Д) мақалдар
- Е) Мәтелдер

11. Келесі фразеологизмдер «Аузына сауысқан түкірген» қандай фразеологиялық эквиваленттердің түріне жатады.

- А) Абсолютты эквиваленттер
- Ә) Калькалаумен жасылынады
- В) Толық фразеологиялық эквиваленттер
- С) Толымсыз фразеологиялық эквиваленттер
- Д) Фразеологиялық ұқсастықтар
- Е) Сипаттап аудару

12. Фразеологиялық түйдектерді аударуда - бір тілдің идиомаларын басқа тілдің идиомаларымен аудару тәсілін ұсынған ғалым кім?

- А) А.С. Виноградов
- В) А.В. Федоров
- С) С.С. Кузьмин

Д) Т.А.Казакова

Е) И.С.Алексеева

13. Ғалымдардың қайсысы түпнұсқа фразеологизмдерін аударма тіліне аударудың төмендегі амалдарын ұсынды;

а) аударылатын тілде сайма-сай келетін фразеологиялық бірлікті іздеу;

ә) ұқсас фразеологиялық бірлікті іздеу

б) калькалау

в) бір фразеологизмді фразеологиялық бірлік (мысалы калькалау арқылы аударылған) үйлессе, фразеологизмдерді параллельді аудару, оның мәнін мүмкіндігінше қысқаша түрде түсіндіру

г) аударма-фразеологизмнің ауыспалы мәнін түсіндіру, яғни еркін түрде турақты сөз тіркесін трансформациялау арқылы түсіндіру:

А) А.С. Виноградов

В) А.В. Федоров

С) С.С. Кузьмин

Д) Т.А.Казакова

Е) И.С.Алексеева

14. Ғалымдардың қайсысы фразеологизмдерді аударудың төменгі тәсілдерін ұсынды:

а) Абсолютті эквиваленттермен

ә) толық емес эквиваленттермен

б) мүлде басқа лексикалық құралдармен

в) сипаттай аударудың көмегімен

А) А.С. Виноградов

В) А.В. Федоров

С) С.С. Кузьмин

Д) Т.А.Казакова

Е) И.С.Алексеева

15. Ғалымдардың қайсысы синонимдерді бір ұғымды білдіретін, мәні жағынан жақын немесе ұқсас, алайда бір-бірінен не мәнінің реңктері, не стилистикалық бояуы, не екі нышанымен де бөлекшенетін сөздер ретінде қарастырады?

А) А.П. Евгеньева

В) В.Н. Клюева

С) Г.П. Галаванова

Д) А.А. Брагина

Е) Ю.Д. Апресян

16. Қандай байланыстар арақатыстылыққа жатады?

А) Коллокативтік

В) Корреляциялық

С) Инклюзивтік

Д) Иерархиялық

Е) Қарама-қарсылық бойынша байланыстар

17. Аудару үдерісінде негізінен синонимдердің қандай функциялары ескеріледі?

- А) Ұқсастыру функциясы
- В) Дифференциалау функциясы
- С) Нақтылау функциясы
- Д) Алмастыру функциясы
- Е) Когнитивтік функциясы

18. Тілдің қандай бірлігі ғылыми ұғыммен ілесіп, дефинитивтік функция атқарады?

- А) Синоним
- В) Термин
- С) Фразеологизм
- Д) Антоним
- Е) Пароним

19. Терминологиялық тезаурусты қалыптастыру туралы қай ғалым айтты?

- А) Ю.Н. Караулов
- В) Л.К. Жаналина
- С) У.Ж. Әлиев
- Д) И.П. Сусов
- Е) С.Г. Шафиков

20. Ғалымдардың қайсысы метафораға «бір ұғымның аталымын басқа, сол ұғыммен ортақ нышандары бар ұғымға ауыстыру» деп анықтама берді?

- А) В.В. Виноградов
- В) Ф.Н.Буслаев
- С) Е.Т. Черкасова
- Д) Н.Д. Арутюнова
- Е) Ю.М. Лотман

21. Қандай бағыттың өкілдері метафораны ақиқатты танудың құралы ретінде қолданады?

- А) Семантикалық
- В) Психологиялық
- С) Формальды
- Д) Когнитивтік
- Е) Функциялық

22. Бастапқы және аударма тілдерінің грамматикалық немесе синтаксистік тұлғаларында айырмашылықтар, болғанда қандай аудару амалын қолдануға болады?

- А) Орын алмастыру амалы
- В) Құрылымдық түрлендіру
- С) Тольқтыру
- Д) Метафоралық негізді параллельді атау
- Е) Дәстүрлі сәйкестік

23. Тілдің мәнерлі құралдарының қандай түрі екінші номинацияның жүйелі тетігі ретінде көрінеді?

- А) Метафора

- В) Метонимия
- С) Теңеу
- Д) Синоним
- Е) Фразеологизм

24. Төмендегі мысалда көшіру метонимияның қандай ментальдық моделі бойынша жүзеге асырылды: *аудитория баяндаушыны тыңдап отырды*

А) Сыйғызу орны - сыйғызатын

В) Тұтас – бөлшек

С) Іс-әрекет орны – нәтиже, бір немесе бірнеше іс-әрекетке тартылған зат

Д) Материал – одан жасалған бұйым

Е) Жалқы есім – бұйым, шығарма, мүлік – жалпы есім

25. Аудару кезінде қандай метонимиялық модельді өткеру қиындық тудырады?

А) Сыйғызу орны - сыйғызатын

В) Тұтас – бөлшек

С) Іс-әрекет орны – нәтиже, бір немесе бірнеше іс-әрекетке тартылған зат

Д) Материал – одан жасалған бұйым

Е) Жалқы есім – бұйым, шығарма, мүлік – жалпы есім

26. Салыстыруға ғалымдардың қайсысы мынадай анықтама берген: «бейнелі компаративтік құрылымға ең алдымен теңеудің логикалық элементтері кірістіріледі: А элементін білдіретін компонент, басқаша «тақырып»; В элементін білдіретін компонент, «бейне» Осы екі компоненттерді теңеудің мүшелері деп атайды; С элементін білдіретін компонент, яғни теңеудің негізіндегі белгі, теңеудің критерийі»?

А) А.А.Потебня

В) В.М. Огольцев

С) Т. Қоңыров

Д) В.А. Маслова

Е) А.В. Кунин

27. Қандай жағдайда бастапқы тілдің теңеулерін аударғанда қателіктер жіберіледі?

А) Дәлме – дәл

В) Сөзбе – сөз

С) Теңеуді қалдырып кету

Д) Теңеудің құрылымында реалияны тастап кету

Е) Сипаттап аудару

28. Мына жағдайда салыстыруды аударудың қандай амалы қолданылған: «Қобыланды батыр *алақандай көзінің* қиығымен ханға қарап, ерлік көрсеткен кеуде соғар батырлардың атын атап келіп, сәл кідірген. Қобланды батыр начал перечислять отличившихся в походе батыров, но вдруг замолчал. Неистово покрутил он кончики длинных, до ушей, черных усов. Глаза его, *величиной с ладонь*, переплетенные крчсными жилками, уставились на хана».

А) Салыстыруды алмастыру амалы

- В) Функциялық ұқсастық
- С) Сипаттап аудару
- Д) Салыстыруды метафорамен алмастыру амалы
- Е) Салыстыруды гиперболизациялау

29. А) Аз құнарлы

Ә) Нормативті емес

Б) Ілеспелі – жентекті

В) Экспрессивті

Г) Сөздікте тіркелмеген осы нышандары бар қандай сөздерді сипаттайды?

А) Біқтималды сөздер

В) Тосын сөздер

С) Неологизмдер

Д) Историзмдер

Е) Архаизмдер

30. Қандай сөздер ұғымдардың өзінің жоғалуының салдарынан тілден шығады?

А) Архаизмдер

В) Историзмдер

С) Неологизмдер

Д) Тосын сөздер

Е) Ауысып келген сөздер

ГЛОССАРИЙ

Антонимиялық аударма	лексикалық – грамматикалық түрлену, онда болымды түр болымсыз түрмен алмастырылады, онда бастапқы тілдің сөзі аударма тілінің қарама – қарсы мәнді бірлігіне алмастырылады.
Аралық аудармашылық қызмет	аудармашының қатысуымен өтетін аударма үдерісі.
Архетип	этностардың санасында нормативтік қондырғыларының алғашқы үлгісі, сол сияқты адамдардың әу бастағы мәдени тәжірибесінің түрі ретінде ұжымдық, санадан тыс орнығуы.
Аударма қос тілді коммуникацияға ретінде	мәдениетаралық коммуникативтік актілер үдерістерінің жиынтығы, онда ақпарат алмасу коммуникацияның бірнеше кезеңдерінің бойында бірінші және екінші тілдерде жүзеге асырылады.
Аударма теориясының объектісі	аударма субъектісінің танымдық – зерттеушілік қызметін зерттеуге бағытталған нысан. Екінші репродукциялық аудармашылық қызмет.
Аударма теориясының пәні	аралық аудармашылық қызметтің нәтижесі (яғни аударылған мәтін), сол сияқты аударма субъектісінің аудармашылық біліктілігі мен тілдік қабілеттері.
Аударма теориясының субъектісі₁	аудармашылық қызметті жүзеге асыратын аудармашы.
Аударма теориясының субъектісі₂	аудармашылық қызметті өзінің танымдық қызметінде зерттеу объектісі етіп алған ғалым.
Аударма тіліндегі мәтін	адресаттың тілінде заттанған, аудармашы қызметінің айналдырылған формасы ретінде көрінетін және өзінде аудармашының жеке басының ерекшеліктері шеберлігінің біліктілігі мен қабілетінің нәтижелері сақталған мәтін.
Аударманың интерлинсарлық	аудармашыға аудармаға кірісерден бұрын таныс, ақпатын ала берілген сәйкестіктер бойынша аудару.

тәсілі

Аударманың когнитивтік- қызметтік моделі

аударманы тұтас үдеріс сияқты көрсететін модель, осы үдеріске енетін қызметтің кезеңінде бастапқы мәтінді түсініп, пайымдау, оны адресаттың мәдениетінің шеңберіне түсіндіріп, заттанған еңбек – аударма тіліндегі мәтінге, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация актілеріне айналдыру жүзеге асырылады.

Аударманың прагматикалық тәсілі

мәтінді прагматикалық бейімдеу тәсілі, онда бастапқы мәтін аударма тілінің нормаларына бейімделеді.

Аударманың трансформациялық тәсілі

бір тілдің бірліктерін басқа тілде түрлендіру үдерісі.

Аудармашылық транскрипция

аударылатын тілдің фонемаларының көмегімен бастапқы лексикалық бірлікті формальды фонемалық жасау.

Аудармашының біліктілігі

тілдік (бірінші және екінші тілдердің бірліктерін білу), коммуникативтік (тілдік құралдарды пайдалана білуі, коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды білу), социолінгвистикалық (стратификациялық және жағдайлық құбылмаларды, әлеуметтік нормаларды, рөльдік эспектацияларды, әлеуметтік қатынас типтерін білу), мәдениетаралық (өзінің және басқа халықтың принциптері мен компоненттерін білу), кәсіби біліктілік (аударманың амалдары мен технологияларын білу) шеңберіне енетін түрлі типті білімдерді меңгеру.

Аудармашының тілдік қабілеті

тілдік жүйелердің (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық) барлық деңгейлерінде бірінші, сондай-ақ екінші тілдердің таңбаларын меңгеруде, қайта жасауда және бірдей қабылдауда байқалатын қабілет.

Әлемнің тілдік суреті

субъектінің әлем туралы әлеуметтік – мәдени тәжірибені жинақтау барысында өзінше концептуализацияланып, тілде көрініс тапқан білімнің жиынтығында атқаратын, өңдеу нәтижесінде қалыптасқан түсінігі.

Барабар аударма

автордың интенциясын, оның субъективті ойы мен бағасын жеткізетін лексико – грамматикалық бірліктердің эквиваленттерін дәл іректеу жолымен

	бастапқы айтылымның мағынасын аударма тілінде толық мәнінде қамтамасыз ететін амал.
Бастапқы мәтін	түпнұсқа тілдің аралық аудармашылық қызмет үдерісінде аударылатын мәтіні.
Бастапқы сөздің мәнін генерализациялау	сөздің мәндерін жинақтау, оны жинақталған түрінде пайдалану.
Бастапқы мәнді эвфемизациялау	сөздің күшті, әсерлі – бағалау мәнін бейтарап мәнмен алмастыру жолымен бастапқы мәнді бейтараптандыру.
Билингвалды тілдік тұлға	тілдік тұлғаның екі тілді жете меңгеруімен, екінші тіл иесі – халықтың мәдениетін білумен, өзінің ғана емес өзге мәдениет жүйесінің шеңберінде де әлеуметтік – мәдени тәжірибені жинақтап, дұрыс пайдалануымен байқалатын жеке қабілеттері мен қасиеттерінің жиынтығымен анықталатын қырларының бірі.
Денотативтік реалия Дискурс	аударма тіліндегі эквивалентсіз лексика. сөздер легінде жасалатын және субъектінің мінезінің, ділінің, қасиеттерін, әлеуметтік – мәдени тәжірибесінің ізін заттанған өзінде сақтайтын тілдік материал.
Дистрибуциялық талдау	бастапқы тіл мен аударма тілінің сөздерінің төңірегін салғастыру әдісі, олардың үйлесімділік ықтималдықтарын талдау.
Екінші репродукциялық қызмет	аудармашы қызметінің көзге көрінетін желісі саналатын екінші өнім – басқа тілде мәтін жасау қызметі.
Затталған еңбек	субъектінің қызметінің, қасиеттері мен қабілеттерінің статикалық өріске айналған формасы.
Заттандыру	субъектінің еңбегін, субъектінің қызметінің барысында алынған нәтижесін тұрақтандырылған қалыпқа айналдыру.
Интерпретация	алынған ақпараттың мағынасын өз қабылдауының негізінде ашып, оны түсініректірек тілге аудару.

Калькалау	калькаланатын тілдің құралдарын қолдану көмегімен сөздің ішкі тұлғасын, құрылымын аудару, бұл аударма тілінде сөздердің пайда болуына соқтырады.
Компоненттік талдау	дифференциалды нышандарды пайдалану жолымен интегралды нышандар мен түрлі компоненттердің негізінде ортақ семаларды табу, сөздердің семантикалық құрылымын семантикалық көбейткіштерге бөлу жолымен бастапқы тіл мен аударма тілінің семантикалық құрылымындағы сема-компоненттерді ұқсастандыру әдісі.
Коннотативтік реалия	аударма тілінде объективті – заттық мәні жағынан сай келетін, алайда мәнінің ұлттық-мәдени компонентімен айырықшаланатын сөз.
Контрастивтік – салғастырмалық әдіс	ұқсас және контрасты бірліктерді табу мақсатында түрлі тілдердің элементтерін қосарлы және жүйелі салғастыру әдісі.
Концепт	этнос мәдениетінде әлем туралы мәдени-ұлттық түсінігін көрсететін, халықтың санасында ментальдық түрде сақталған тірек сөзі.
Көп мәнді сөз	семантикалық құрылымында бірнеше (негізгі және қосымша) мән бар сөз.
Қайта заттандыру	сөйлеу қызметі үдерісінде тілдік статикалық таңбаларын динамикалық таңбаларға айналдыру үдерісі.
Қалдырып кету	аударғанда аудармашы бастапқы тілдегі артық мағынасы жеткізуге қажеті жоқ деп санаған жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін, тіпті бағыныңқы сөйлемдерді тастап кету немесе қысқарту амалы.
Қос тілділік	екі тілді айтылымның мағынасын түсініп, өзінің пікірі мен ойын екінші тілде жеткізе алатындай дәрежеде меңгеру.
Лакуна	түпнұсқа сөзімен заттық – объективтік мәні бірдей, алайда өзінің семантикалық құрылымында бағалау мәні мен этностық мәдени мағынаны білдіретін коннотативтік мәндерінің болуымен айрықшаланатын сөз.

Лингвоэтностық кедергілер	әр текті факторлардың (мәдени және тілдік жүйелердің айырмашылықтары, басқа мәдениеттегі қатынас қағидаларын білмеу, білімнің мол ақпараттық қорынын болмауы, этностық стереотиптерді білмеу) танылуының салдарынан аудармашылық қызмет барысында туындайтын кедергілер.
Мәдени қос тілдік	жазба арналары бойынша мәдени қатынастар жағдайында өткерілетін қос тілдік. Қоғамның жекелеген жігінің мәдениет мүддесіне, кәсіби қажеттілігіне, тілді саналы таңдауына қарай екінші тілді меңгергенде қатынасыз кәсіптік типінің нәтижесі.
Мәдени мағына	этнос үшін белгілі бір мәні мен өмірлік мағынасы бар құнды ұстанымдары, бағдарлары, қондырғылары.
Мәтін	продуценттерінің мәтін жасау қызметінің нәтижесі ретінде көрінетін, тұтастығымен, ақпараттылығымен, байланыстылығымен, модальдігімен, концептуальдығымен, белгілі бір құрылымы мен тақырыбы бар сөз үзіндісі.
Мәтінді түсіну және интерпретациялау	бастапқы мәтіннің мағынасын ажыратып, ұғындыру, екінші тілде оны кодқа түсіру барысында адресаттың құндылық қондырғыларының, ұстанымдарының және мәдениет нормаларының шегінде аударылатын мәтінді ашу әдісі.
Метафора	атауы тілде бар нақты ой кеңістігінің атауын ассоциациялар мен екі заттың нышандарын, тұлғалары мен функцияларын салғастыру, негізінде күрделі ой кеңістігіне көшіру үдерісінде байқалатын лингвокогнитивтік маңызы бар троп.
Метонимия	түрлі ментальды метонимиялық модельдер негізінде ұғымдардың араластығы бойынша жүйелі көшіру үдерісінде заттардың екінші номинация функциясын атқаратын троп.
Орын ауыстыру	аударма тілінде бастапқы тілдің сөйлемінің құрылымын өзгерту, онда бастапқы тілдің сөйлемінің компоненттері аударма үдерісінде орнын ауыстырады.
Практикалық транскрипция	өзге тілдің сөздерін айтылуын ескере отырып, ұлттық алфавит құралдарымен жазу.

Реинтерпретация	әлем суретін толық көрсету мақсатында бір тілдің тілдік құралымын басқа тілдің тілдік көрінісінің үзінділерімен толықтыру тәсілі.
Реципиент₁	айтушының бастапқы хабарын, жөнелтушінің хабарын қабылдаушы коммуникант ₁ .
Реципиент₂	адресаттың мәдениет нормаларына сәйкес аудармашының екінші тілде (басқа тілдік кодта) заттандырған еңбегі түрінде рәсімделген хабарды қабылдаушы коммуникант ₂ .
Салыстыру	бір мезгілде ақиқатты танудың логикалық құралы да, эстетикалық, когнитивтік және номинативтік функция атқаратын танымдық қызмет үдерісінде когниция аспабы да болып табылатын тілдің суреттеу құралы.
Синонимиялық қатар	иерархиялық қатынастарда тұрған доминант пен сол қатардың мүшелері енетін парадигма.
Сипаттап аудару	сипаттап аударудың мәні сөзді түрлендіруде, онда сөз аудару кезінде сөз тіркесімен, перифразамен, сипатты айтылыммен, кей жағдайларда эвфемизмдермен алмастырылады.
Сөз таптарын алмастыру	аударма тілінде жоқ, тұлғасы мен құрылысы сай келмейтін сөз таптарын алмастыру амалы. Егер бастапқы тұлғасы аударма тілінде болмаса, не өзге функциялар атқарса оның басқасымен алмастырылуы немесе өз сипатының өзгертілуі мүмкін.
Сөзбе – сөз аудару	бастапқы тілдің элементі мен аударма тілінің сөзінің арасындағы өзара бір мәнді сәйкестік.
Толық қос тілдік	координативтік қостілділік, онда екі тіл мүлде автономды және әр тілдің өзінің ұғымдар жиыны мен өзінің айту арнасы бар.
Толықтыру	аударғанда сөйлемнің құрылымына қосымша сөздер енгізу амалы.
Транслитерация	аударылатын тілдің алфавитінің көмегімен бастапқы лексикалық бірлікті формалды әріппен қайта жасау, бастапқы сөз тұлғасының әріптік имитациясы.

Трансформатылық талдау	бастапқы тілдің лексикалық және грамматикалық бірліктерінің белгілі бір трансформациялау ережелеріне сәйкес аударма тілінде түрлендіру әдісі.
Ұлттық колорит	әлдебір ұлттың тілі мен мәдениетінде көрініс тапқан өзіне тән ерекшеліктерінің жиынтығы.
Ұлттық тұлға (түр)	әлдебір халықтың тарихының, сенім – нанымының, әдеп - ғұрпының, дінінің ерекшелігімен шарттас бейнелерде, түсініктерде көрініс тапқан ұлттық ойлау жүйесі.
Фразеологизм	бейненің тұтастығымен, компоненттерінің тұрақты құрамымен сипатталатын тұрақты тіл бірлігі.
Эквивалентсіз лексика	бастапқы тілдің аударма тілінде сөздік сәйкестегі жоқ лексикалық бірліктері.

ӘБІШЕВА Клара Мухамедиярқызы
РАХЫМЖАНОВ Қанат Хисматулы

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

Шығарушы редактор Байкадамова М.С.
Компьютерде беттеген Аманжолова А.Д.

Басылуға 12.09.2011 ж. қол қойылды.
Пішімі 1/16. Көлемі-15,31 Офсеттік қағаз.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №656

Баспа орталығы «Профи-Полиграф»
010000, Астана қ., Ташенов көшесі 1-9, тел. 8(7172) 22-81-30